

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көрнекті ақын
Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығына орай өткізілген
«ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ:
ӘДЕБИ БОЛМЫС ЖӘНЕ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
19 қазан 2018 жыл

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«ТВОРЧЕСТВО ОТЕЖАНА НУРГАЛИЕВА:
ЖИЗНЬ В ЛИТЕРАТУРЕ И ПРАВДА ЭПОХИ»,
посвящённой 80-летию известного поэта Отежана Нурғалиева
в рамках программы «Рухани жаңғыру»
19 октября 2018 года

MATERIALS
of international scientific-practical conference
«CREATION OF UTEZHAN NURGALIYEV:
LIFE IN LITERATURE AND REALITIES OF THE ERA»,
devoted to the 80th anniversary of prominent poet UtezhanNurgaliyev
in the framework of the program «Rukhani zhangiry»
Oktober 19, 2018

Ақтөбе қаласы

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Ө 79

Редакция алқасының төрағасы:

Б.А.Ердембеков, Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ ректоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

Бекназаров Р.А. – Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; *Садирова К.К.* – филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор; *Балтымова М.Р.* – қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; *Исбек Б.* – ғылыми-инновациялық бөлім директоры, педагогика магистрі; *Ұлықпанова Ә.Ж.* (жауапты хатшы) – қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

Ө 79. Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: әдеби болмыс және дәуір шындығы. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығына орай өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік материалдары. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2018. – 276 бет.

ISBN 978-601-7959-43-2

Бұл жинаққа «Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: әдеби болмыс және дәуір шындығы» тақырыбында өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда талқыланған қазіргі қазақ лирикасы және Ө.Нұрғалиевтің әдеби мұрасы, ақын туындыларындағы дүниетаным және руханият мәселесі, қаламгер шығармашылығының тіл білімі парадигмасында талдануы, аймақтық әдебиеттанудың өзекті мәселелері туралы баяндамалар енгізілген.

Жинақ филолог ғалымдарға, оқытушыларға, мұғалімдерге, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге арналған.

ISBN 978-601-7959-43-2

© Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

АЛҒЫ СӨЗ

Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлы
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің ректоры

Құрметті әдебиетті сүйер қауым, конференция қонақтары!

Қазақ әдебиеті атты қара шаңырақтың қайратты бір уығына баланатын жерлесіміз Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығына арналған конференцияға қош келдіңіздер!

Өтежан Нұрғалиевтің ақындығы – буырқанған мінез және ұшан-теңіз біліммен өрліп жатыр. Кейде тіпті осы екі қасиет бір арнаға сыймай, асып, төгіліп, шамырқанып жатады:

Күн батса да, таң атса да ояумын,

Сенсің, Отан, ұйқымды ашқан, аяулым.

Нұх мұхитын сабасында сапырып,

Картамыздың ақ жерлерін бояймын.

Қарағайдың қарсы біткен бұтағы, өр кеуде ақынға тынымсыз еңбекқорлықты қосыңыз:

Отыз мәрте толғай салған жыр-әннен,

Жығылмайтын жалғыз отау құрам мен.

Ақынның 80 жылдығы Ақтөбе жұртшылығы, зиялы қауым назарында. Айтулы дата бір күнмен, бір конференциямен шектелген жоқ. Бірнеше ай бойы ақынды еске алу, ұлықтау шаралары үлкен-кішінің араласуымен айтарлықтай жоғары деңгейде өтіп жатыр. Ақтөбе облысының әкімдігі, ақынның туған жері Байғанин ауданының әкімдігі, Қазақстан Жазушылар одағының Ақтөбе облыстық филиалы, «Ақтөбе-Медиа» ЖШС, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті бірігіп біраз шараларды өткізуде. Ақынның 80 жылдығына арналған Республикалық жыр мүшәйрасы, «Өтежан өлеңдері» атты бейнепоззия эстафетасы, «Өтежан-ғұмыр» атты поэзия марафоны, университетіміздің Н.Байғанин атындағы оқу ғимаратында «Өтежан Нұрғалиев атындағы конференц-залының» ашылуы, бірнеше жинақтардың шығуы, ақын туралы деректі фильм мен телебағдарламалардың түсірілуі, университет қабырғасында ашық лекциялардың оқылуы – осының бәрі ақынға деген жерлестері мен жас ұрпақтың ыстық ықыласы.

Ақынның 80 жылдығына орай ұйымдастырылып жатқан іс-шаралардың орталығы Жұбанов университетінде өтіп жатқан «Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: әдеби болмыс және дәуір шындығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға шетелдерден және елімізден келген ғалымдарға, зиялы қауымға, ақын ұрпақтарына қош келдіңіздер демекпіз! Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

I. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫ ЖӘНЕ ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ БІР ҒАСЫР БЕДЕРІНДЕ

Пангереев Абат Шамұлы
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
pan.abat@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ поэзиясының бір ғасырлық бедерінде қалыптасып, сатылап өсе дамуы қарастырылған. Соның ішінде Өтежан Нұрғалиевтің шығармашылығына жеке тоқталған. Қазақ поэзиясының тәуелсіздік кезеңіндегі жырлануы зерделенген.

Аннотация. В статье рассматривается формирование и развитие казахской поэзии в течение одного столетия. Автор анализирует творчество Отежана Нургалиева, а также особенности казахской поэзии в период Независимости.

Annotation. The article deals with the formation and development of Kazakh poetry over the course of one century. The author analyzes the work of Otezhan Nurgaliyev, as well as the peculiarities of Kazakh poetry in the period of Independence.

Тірек сөздері. Поэзия, тәуелсіздік әдебиеті, поэтикалық тіл қолданысы, көркемдік, идеялық және әдіс-тәсілдік сала.

Ключевые слова. Поэзия, литература периода Независимости, использование языка поэтики, художественность, идейность, методология.

Key words. Poetry, literature of the Independence period, the use of the language of poetics, artistry, ideological, methodology.

Ұлттың өркениеттілігі оның рухани құндылықтарымен тікелей байланысты. Халықтың бай фольклорлық мұрасы, ұлттық өнері, өмірлік ұстанымының біріне айналған поэзиясы осы рухани құндылықтың құрамдас бөліктері.

Бар ғұмыры табиғат аясында өткен, табиғатпен кіндіктес өмір сүрген қазақ халқы сол табиғаттың әрбір құбылысын бақылау арқылы, оның сырларын көңіліне тоқу арқылы өзінің поэтикалық зердесін қалыптастырған, жетілдірген, дамытқан. Ендігі кезекте осы табиғи байланыс поэтикалық тұтастықты таныта отырып, бедерлі ақын тілімен поэзия үлгілерін туғызды. Аз сөзбен-ақ өмірді өнерге айналдыра көрсетуге поэзия тілі оралымды екені белгілі.

«Сана мен тіл, эпос пен тайпа құрдас» [1, 95], - деп Ә.Қоңыратбаев айтқандай, халықтың поэзия өнері онымен бірге туып, сан ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатырған бірегей құндылығы. Басқасын былай қойғанда б.з.д. YI-Y ғасырлар деп есептелетін Орхон-Енисей өзендерінің бойынан табылған ескерткіш тасқа бәдізделіп жазылған жазбаның алғашқы ерлік жыры екені алдымен М.Әуезов пен Ә.Марғұлан, кейіннен И.Стеблева зерттеулер арқылы дәлелденген жоқ па? «Қай ұлттың болса да мәдениетінің белгісі-оның жазуының болуы» деген дұрыс айтылған қағиданы мойындайтын болсақ, онда басқа халықтармен салыстырғанда біздің шоқтығымыздың қаншалықты биік екені анықтық табады. Сонымен бірге поэзиялық туындыларымыздың да өте көне уақыттардан бері басталып, бүгінгі күнге желі тартып отырған ерекшелігі де көрініс табады. Сонау сақ, ғұн дәуірі, одан бергі Алтын Орда дәуіріндегі жыр жауһарлары, хандық дәуірдегі елдікті, ерлікті көксеп айтылған толғаулар, одан бергіндегі Ресей отаршылдығын сынап айтқан өлеңдері, кеңестік кезеңдегі поэзия үлгілері бүгінгі күнге ұласып, дәстүрлі жалғастығын тапты. Бұл дәстүр жалғастығы – ұлттың руханият дүниесінің жалғастығы деп есептеуге болады. Яғни, «сөз дегенім – қыз деген, рух – оның күйеуі» деп ұлы шайыр Хафиз айтпақшы өлең дегеніміз – руханият бесігі. Мәңгілік руханият. Әрине, рухы бар сөз, рухы бар өлең ғана қай кезеңде, қай қоғамда айтылсын мәңгілік болмақ. Мысалға алып айтсақ Абай өлеңдерінің уақыт ілгері озса да, қоғамдық формациялар өзгерсе де ескірмейтін сыры осында.

Қазіргі егеменді еліміздің кемел бейнесін бүкіл әлемге паш етіп жырға қосып отырған қазақ поэзиясының жазба дәуірмен есептегенде ғұмырына бір ғасыр толып отыр. Сонау қазан төңкерісінен кейін бостандықты, теңдікті жырлап бастаған қазақ поэзиясы әрқилы жолдардан өтті. Елдегі жағдай, қоғамдық формацияның өзгеруі әдебиетке өз әсерін тигізетіні анық. Бұл қай заманда да, қай қоғамда да болатын ақиқат. Бұл мәселеге ақындар, жазушылар, қоғам қайраткерлері, жалпы ұлт жанашырлары бей-жай қарамаған. Өз ойларын, ұсыныстарын жариялап отырған. Мәселен, қазан төңкерісінен кейінгі сонау жылдары ескі өкімет құлап, жаңа билік аяғына нық тұра алмай жатқанда, қазақ әдебиетінің жай күйі жайлы ой толғап, қалам тербеген алғашқы алаш азаматтардың бірі С.Садуақасов болды. Оның «Киргизская литература историко-критический очерк» атты зерттеу еңбегі «Трудовая Сибирь» (1919, №1) журналында орыс тілінде жарық көрді. Бұл еңбек қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті төмен деп түсінетін орыс оқырманына ұлттық әдебиеттің, әсіресе ауыз әдебиетінің дамыған түрі болғандығын, өзіндік ерекшеліктерін

таныстыруды мақсат тұтқан. Қазақ поэзиясында ақындық, жыршылдық, импровизаторлық дәстүр бар екендігі дәлелдене айтылған. Смағұл Сәдуақасов қазақтың жазба әдебиетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан, Абай Құнанбайұлынан бастап қарастырған. Қазақ әдебиетін дамытудағы «Айқап» пен «Қазақтың» атқарған қызметін жоғары бағалаған. М.Ж.Көпеевтің, А.Құнанбаевтың жолын қуған М.Дулатұлының, М.Жұмабайұлының, С.Дөнентайұлының, Ғ.Қарашұлының, Ш.Құдайбердіұлының, С.Торайғырұлының, С.Сейфоллаұлының, С.Шорманұлының, Б.Өтетілеуұлының шығармаларына тоқталып, әрқайсысының шығармашылық беттерін айқындап, сипаттамалар берген.

Смағұл Сәдуақасов сонымен бірге ел ішіндегі қоғамдық жағдайды да айтып өтеді. Бұл кезең заман өзгеріп соған байланысты көркем әдебиетке қойылар талаптар да өзгеріп жатқан алмағайып тұс екендігі баршаға белгілі. Қазақ қаламгерлерінің арасына жік түсіп, бірсыпырасы кеңестік идеология жағына шыкса, енді біразы ұлттық мүддені көздегендер болды. Қазақ кеңес әдебиетінің туын алғаш С.Сейфуллин көтеріп шықты. Заманының аңдысын аңдып, оған тез бейімделген Сәкендер төңкеріс әкелген өзгерістерді шындығында да халықты бақытқа жеткізер дұрыс жол деп түсінді. Сөйтті де, бірден революцияны жырлауға кірісіп кетті.

1920 жылдары көркем әдебиетке қойылатын талаптар өте ауыр болды. Жаңа мен ескінің көрінісін қалай жырлау керектігі басты мәселе еді, бұл кезде қазақ қалам қайраткерлеріне сын да, мін де көп еді. «Өзің комсомолсың, өзің тары жейсің» деп айтқан бір шолақ белсендінің сөзі елге тарап, күлкі шақыратын мәтел сөзге айналып кеткені де осы кез.Әдебиетті тапқа бөлу де осы кезден бастау алады, өмір де, өнер мен әдебиет те пролетариаттікі болу керек деген ұғым революциямен бірге еріп келген идея еді. Енді «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп аталған жаңа әдебиет қалыптаса бастады.

Жаңа әдебиеттің қалыптасу кезінде поэзия жанрлық жағынан да, форма мен мазмұн, тақырыптық жағынан да жаңаша бағытта дамуы тиіс болды. Рас, көркемдіктен гөрі жалаң үгіт, насихат жағы басым болды. Бұл тұста өз шығармашылық өнімдерімен поэзияда көрінгендер С.Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Сейфуллин, Б.Ізтөлин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ш.Иманбаева, А.Тоқмағамбетов, Ө.Тәжібаев, Ғ.Орманов, Ж.Сыздықов, сонымен бірге Ғұмар Қарашев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мақыш Қалтаев, Шәңгерей Бөкеев, Әріп Тәңірбергенов, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Нарманбет Орманбетов, Шәді Жәңгіров, Ығылман Шөреков, Бернияз Күлеев, Иса Байзақов, Нұрлыбек Баймұратов, Қуаныш Баймағанбетов, Қайып Айнабеков

және басқалары. Олар қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы дәуірінде поэзияның дамуына айтарлықтай үлес қосқаны анық.

Жалпы айтқанда, жиырмамыншы жылдар поэзиясы-жаңа орнаған Кеңес өкіметі тұсындағы екі ұдай күрестің, өмір үшін арпалыстың, от пен судың екі ортасында тұрғандай сезімді бастан кешірді [2, 87]. Дейтұрғанмен қазақ поэзиясы дамымады емес, дамыды. 30-шы жылдарда таныла бастаған жас ақындар үшін бұл жылдар жаңа өрлеу кезеңі болғаны анық. Ал, белгілі қазақ ақындары Ж.Жабаев, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Саин, Д.Әбілев, Қ.Бекхожиндердің осы тұста ақындық дарындары өзінің тың сипаттарымен, соны қырларымен танылды. Соғыс жылдарында қазақ ақындарының қатары өсіп, поэзияға тың күштер қосылды. Әдебиетке Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, С.Сейітов, Қ.Жармағамбетов, Қ.Шаңғытбаев, З.Қалауова т.б. сияқты ақындардың жаңа буыны келді.

Соғыс жылдарында жазба поэзиямен бірге қазақтың халық поэзиясы да қатар, жарыса дамыды. Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақов, Кенен Әзірбаев, Әбдіғали Сариев, Орынбай Тайманов, Қалқа Жапсарбаев, Қайып Айнабеков, Жаксыбай Жантөбетов, Төлеу Көбдіков, Омар Шипин, Шашубай Қошқарбаев, Ілияс Манкин, Доскей Өлімбаев сияқты халық ақындары өздерінің азаматтық рухтағы тың шығармаларымен халық поэзиясын жаңа белеске көтерді [3, 17].

Соғыс кезіндегі поэзияның әсерлі күші, саяси әлеуметтік мәні бұрынғыдан әлдеқайда артты. Өлеңдерде публицистикалық сипат, азаматтық сарын кеңінен көрініс бере бастады. Бұл тұстағы поэзияның тікелей орасан зор үгіттік роль атқарғаны сөзсіз.

1954 жылдың көктемінде бүкіл халықтың назарын аударған тың жерлерді игеру жорығы қауырт басталды. Тың тақырыбына қалам тартпаған ақын кемде-кем. Алайда, соның көпшілігінде сырттай тамашалау басым болып келеді де замандастардың дүниетанымы мен өмірге деген құштарлығы көрінбей көлеңкеде қалды. Ұран тастап, дурықпа таңдану, тамашалап сырттай шолып, партия басшылығына бас ұру әдетке айналды.

Елуінші-алпысыншы жылдарда қазақ поэзиясы жаңа сапада дамыды. Бұл ең алдымен жеке адамға табыну деген ілгергі дәуірдің нәубетінен арыла бастаған кезең еді де, шығармашылықта біраз еркіндік орын ала бастаған. 1960 жылдары Қадыр Мырзалиев, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, Мұхтар Шаханов, т.б. ақындар көріне бастады да, жаңаша ойлау қырын, көркем түсінік қабілеттерін танытты. Осы кезеңде әсіресе айқын көрінген ойы да

айқын, сөзі де айқын Өтежан Нұрғалиев – «бүкіл табиғаты: жүрген жүрісі, мінез-құлық, қимыл-қарекеті, бүкіл болмысы тек поэзия үшін жаралған. Ақын қандай болады десе, ақын мынадай болады деп Өтежанды көрсетуге болады» деп Мұқағали Мақатаев атап көрсеткен Өтежан Нұрғалиев болатын [4].

Қанды майданға әкелері қатысып, балалық шақтары тыл тағдырымен сабақтасқан, елдегі жетім-жесірлерді көздерімен көрген, сол тағдырды кейде өздері де тартқан ақындар толқыны соғыс пен бейбітшілік тақырыбына қалам тарта келді. Өлеңдерінде баланың-жетім, ананың жесір қалуын, майданнан оралмаған әкені күткен бала сағынышын, жар сағынышын жырлаған буын 60-жылдары әдебиетке жана бір леп әкелді. Олардың қатарында Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев, Өтежан Нұрғалиев т.б. ақындар бар. Бұл ұрпақ өкілдерінің соғыс тауқыметін, соғыс қасіретін көруі, оларды жырлауы әр түрлі. Тақырыптары бір болғанмен, лирика тілінде сойлету тәсілдері әр алуан.

Осы кездегі өмір суретін Жүмекен Нәжімеденовтің көруі тіпті басқаша:

Ел күзетті әкесі жоқ баланы,
Шал күзетті жесір қалған келінін.
Күзетті ана нәрестесіз бесігін,
Жар күзетті күйеуінің есімін.

Түн ішінде түндей қара шал қақты

Кей жесірдің кілттеулі есігін, - деп Жүмекен заманның ащы шындығын жырлайды. Бұл кезеңді Қадыр Мырзалиев көзімен карағанда да заман шындығы елестейді:

Бармақтай боп сол күнде,
Жатпаушы едік дем алып.
Әр маяның түбінде,

Қалды біздің балалық,-дейді [3, 137]. «Соғыстың соңғы жазы» атты кітабын тұтасымен бала тағдырына, соғыс тақсіретіне арнаған Өтежан Нұрғалиев бір жағынан соғыс зардабын, екінші жағынан тылда, ауылда қалған басқарма, бригадирдің қорлығын жырға қосады [3.138].

Жалпы Өтежан Нұрғалиевтің поэзиясының шоқтықты тұсының бірі – соғыс тақырыбы, соғыстың соңғы ел ішінің өмірі, халықтың тұрмыс жағдайы. Шындықты ғана жырлап өткен, көлгірсуді білмейтін Өтежан ақын соғыстан кейінгі ауыл өмірін, өзі көріп өскен жайдың бәрін еш боямасыз жазған. Ойын әсерлі білдіру үшін теңеу, баламалар іздеп бас қатырмаған. Күнделікті қолданыстағы ауыз-екі тіл арқылы-ақ көңілге қона кететін өлеңдер тудырған.

Бұл туралы елімізге белгілі ақын Ертай Ашықбаев былай депті: 1978 жылы «Соғыстың соңғы жазының» бірінші кітабы жарқ ете қалды. Бас алмай оқыдық. Бір атауға он синоним, жүз теңеу табуға қиналмайтын қазақ тілінің шұрайлы, дәмді сұлу сөздері «Кетті Жарас. Кетті. Әскерге алынды» сияқты болыпты да қалыпты. Тіпті осы жырлардың басталуы да қызық. Мысалы, «Төбесінде қара қайыс тақия, Бесенеден белгілі ғой Жақия...», «Екі колхоз тауыса алмайтын құрағын, Кім білмейді Сағындықтың бұлағын...», «Тағы айтарым таусылмайтын Тәжібай, Ел басқарды шаршап, талмай қажымай...» «Тағы да сол қой бағатын Көмекбай, Жұрттың сөзі: «Басқармаға не депті-ай?...» Күні кеше өзіміз шыққан, қазір де барып жүрген кәдімгі ауылдың таныс әлқиссасы. Тілдік қордың ортақол ақындардың деңгейінен асып тұрған ештеңесі жоқ, бірақ өте тартымды. Жайлаудың жазғы таңы атып келе жатқандығы таза ауадай мөлдір өлеңдерімен сүйсіндіретін Өте-ағаң «Міне, мен өлеңді осылай да жаза аламын» деп оң жамбастан сол жамбасқа аунап түскендей болды. Яғни ол бұған дейінгі баршаға мәлім қолтаңбасынан бас тартты. Ал бас тартпағандардың қолтаңбасы кейін жалпы оқырманды қалай жалықтырып алғаны, қажет етсеңіз, басқа әңгіменің еншісі. Әрине, соғыс кезіндегі тыл тақырыбын Қадыр да, Тұманбай да, басқа нешеме ақындар да талай рет қаузады, тәуір дүниелер де берді. Бірақ Өте-ағаң енгізген бұндай формаға ешкім қол созған жоқ еді. Бұл кітаптың тағы бір басты ерекшелігін Өте-ағаң арнаған ниеттестік эпиграммасында Жарасқан Әбдірашев тап басты. «Кейіпкерлердің бірі – соқыр, бірі – ақсақ, бірі – шолақ, бірі – надан, бірі – қу, бірі – пысық, бірі – сақау, бірі – «қырт», бірі – пұшық» деп санамалай келе, Жарасқан: «Ауыр алма осынау сөзімді, аға, Көңіліңді серпілтсін сезім жаңа. Ауылыңда болыпты бір сау адам, Оның өзі, әрине, – Өзің ғана» деп түйеді. Ал сол кезеңде (жетпісінші жылдары) өңкей осындай адамдардан, яғни не зерделі парторгы жоқ, не зерек коммунисті жоқ, не парасатты мұғалімі жоқ, ең болмаса басалқы сөз айтар ақсақалы жоқ, әркім өз басын сағаттаған кейіпкерлерден жинақталған кітап болды ма? Болған жоқ. Ал Өте-ағаңның кейіпкерлері – «жеті әкені құртып барып тоқтайтын» басқарма, «қордағы қарт қораздай қоқаңдаған» бақшашы, «алдап алып асықтарды жалмайтын» класком, жібі түзу дегендеріңіздің өзі – «бүтін шалбар кимей өткен» оқушы, «жалғыз көйлек-дамбалмен мың қой баққан» қойшы, «жарымаған жамау көйлек, беті ісік» кемпір... Ал мұндай кейіпкерлердің шежіресін ай қабақ, алтын кірпік, атқан таңдай, жаққан шамдай сұлу сөздермен жазу мүмкін бе? Тағы бір ерекшелік, негізінен поэзиядағы жиынтық образға (яғни аты-жөні белгісіз лирикалық кейіпкерге) бой үйреткен жұрт бір кітаптағы әр өлеңнің

(кей өлеңдердің ғана емес, әр өлеңнің) әр бөлек түпбейнесі болатынын таңырқай қабылдады, әр бетті тамсана парақтады, тапжылмай зерделеді. Бұндай бас-аяғы бүтін дүние де қазақ поэзиясында жоққа тән еді [4].

Ақынға ақын берген бағаны арнайы ұзақ-сонар келтіріп отырмыз. Өйткені поэзия дегеніміз сезім, ал оны алдымен ақын ғана түсінеді. Жалпы поэзиядан ғылым жасамау керек сияқты. Оны ақынға айтқызып, ақынға талдату тиімді болатындай. Жоғарыда аталған ақындар шоғыры қазақ поэзиясына жаңа леп әкеліп, соңына талантты поэзия өкілдерін жинап, қазақ поэзиясын биікке көтерді. Бұл шағын мақалада қазір енді өздері де аға буын болып қалған олардың аттарын түгел тізбектемей, Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығы аталып өтпекші болып отырған өңірдегі ақындарды, яғни Ақтөбе өңірі ақындарын М.Ақдәулетов, Е.Ашықбаев, Б.Бабажанұлының есімдерін атасақ та жеткілікті деп ойлаймыз.

Қазақ әдебиетінің тарихында еліміздің тәуелсіздік арнасына түскеннен кейінгі кезеңі өзіндік даму бағытымен, көркемдік ізденістерімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік әкелген өзгерістерді, рухани әлеміміздегі желісі үзілмеген тарихи сабақтастықты, азат сана тудырған айшықты оралымдарды осы кезеңдегі ақындар шығармашылығынан айқын аңғарамыз. Тың тыныс, соны серпінді, байқаймыз. Әрине, ұзақ жылдарға созылған азаттық таңын аңсау мен оған жету жолындағы қоғамдық күрестердің һәм олар туындатқан тарихи оқиғалардың төл поэзиямызға тигізген әсері ерекше екендігі сөзсіз.

Қоғамда орын алған елеулі оқиғалар мен өзгерістердің ел санасына әсері тимей қоймайды. Бұл құндылықтар жүйесінің өзгеруіне, қалыптасқан дүниелерді басқаша бағалауға алып келеді. Алайда, санадағы өзгерістер толқыны бірден күш алмай, барынша баяу жүреді. Сананың болмысты тануы басқа әрекетке ауысқан сәтте көрінетін құбылыстың түрі ғана емес, ішкі мазмұны да алмасады. Осыған байланысты адам санасындағы өзгерістердің болатынын айтып жатудың өзі артық. Тәуелсіздік жылдарында поэзиялық шығармалардың көркемдік, идеялық және әдіс-тәсілдік салада да өзгеріске түскені белгілі. Атап айтар болсақ:

- поэзиялық шығармаларда кенестік дәуірдің соңғы жылдарында орын алған публицистикалық сипат жалғасын тапты;
- нәзік лириканы бойына сіңірген жыраулық дәстүрдің жаңғыруы көрінді;
- көне түркілердің сарынындағы түркішілдігімізді таныту мәселесі дүниеге келді;

– ұлттық танымын еуропалық үлгімен көмкере білген шығармашылық иелері әдебиет алаңына шықты.

Сана бостандығының нәтижесі ретінде туындаған тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеттің біз үшін ерекшелігі мол, құны жоғары. Егемендік қоғамдық санаға ерекше серпіліс әкелді. Оларды азаттық таңы туралы жазылған өлеңдерден байқауға болады.

Мұз құрсаңға ақ көрпеге оранған,
Қиын-қыстау, сары аяздан, бораннан,
Қорықпастан менің туған бөбегім-

Мемлекетім азаттығым оралған,-деп Ғафу Қайырбеков жырлаған тәуелсіздік ісі қазақты ғасырлар бойғы толассыз күрестерге жетелеген болатын.

Әдебиетке 80-жылдардың соңы, 90-жылдардың басында араласқан буын өкілдері қазақ әдебиетіне нағыз тәуелсіздік рухын алып келді десек, қателесе қоймаспыз. Ол буыннан бөле-жарып Т.Әбдікәкімұлын, Н.Мәукеңұлын, С.Нұржанды, Г.Салықбайды, Ж.Әскербекқызын, М.Райымбекұлын, одан кейінгі толқыннан Ж.Сәрсекті, Б.Бабажанұлын, Б.Алдиярды, Д.Берікжанұлын атауға болады. Бұл буын Кенестік дәуірдің соңғы қыспағын көрді және тәуелсіздік отының тұтануына оттық болған желтоқсан оқиғасына кейбіреулері куә болса, ал көрмегендері лебін сезінді. Шығармашылық қуаттарының енді қалыптаса бастаған шағында қоғамда болып жатқан өзгерістердің аталған буынның ақындық амбицияларын ұштап, жаңа бастауға жол ашқаны анықталды [5].

Бұл ерекшелік қазақ поэзиясының бұрынғы дәстүрлерін бойына сіңіріп, қазіргі жаңарған егеменді елімізде жаңа көзқарастағы өлеңдер тудырып, поэзия мұхитында еркін жүзген жас ақындар шығармашылықтарынан көрініс тауып отыр. Бір ғасыр бедеріндегі қазақ поэзиясының бүгінгі күнгі сипаты осындай болса, оның Мәңгілік ел идеясын дамыта жырлауы алдағы күндердің еншісі деп білеміз.

Әдебиеттер

1.Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және туркология.–Алматы: Ғылым,1987.-368б.

2.20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті.1-кітап. – Алматы:Ғылым, 1997.-512б.

3.40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті.2-кітап.–Алматы: Ғылым, 1998.-400б.

4.Ақтөбе газеті.16 тамыз 2018 жыл.

5.Ержанова С.Б.Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселесі// Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009.-40б.

ӨТЕЖАН НҮРҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СОҒЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АУЫЛЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы
филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ. (Қазақстан)
a_zhanat@mail.ru

Өтежан Нұрғалиев – ХХ ғасырдың 60 жылдарынан қазақ поэзиясының кеңістігінде өзінің ешкімге ұқсамайтын қолтанбасымен даралана көрінген ақын. Ақынның алғашқы кітабы «Менің махаббатым» деп аталып, осы жинағына кірген өлеңдерінің өзі тосын мінезді, тың бояулы, ерекше ырғақты болмысымен өлеңсүйер қауымның жүрегіне жол тапты. Бұдан кейінгі «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Ай астында ақбоз үй», «Қайыңды тоғай», «Тыныштық», «Афйна мектебі» кітаптары, «Соғыстың соңғы жазы» атты балладалар жинағы қазақ әдебиетінің құнды қазынасына айналды.

Соғыс дегенде, қазір айтылып жүрген алуан түрлі пікірлер барын айта кеткен де жөн. Бұл пікірлердің бір жүйесі «бұл соғыс туралы біздің тарихта айтылмауы керек» дегенге саяды. Қалай айтылмасқа? Қалайша жадымыздан шығара аламыз? Кешегі кеңестік алып империяның боданы болған кезімізде небір ауыр кезеңдерді бастан кешкеніміз ақиқат. Әуелгі ашаршылық, одан кейінгі репрессия, одан кейінгі фашизм тарапынан ашылған соғыс қазіргі тәуелсіздік алып отырған кезімізде санамыздан сызып, тарихымыздан алып тастайтын оқиғалар емес. Бұл кезеңнің ащы зары мен қасіреті халықтың жан-жүрегіне сіңіп, ақындардың жүрегінен жыр болып туды. Сөйтіп ұлттың рухының айнасы болған, жан толқынысын, жүрек бүлкілін танытатын әдебиеттің кесек бір тақырыбына айналды. Біз сөз еткелі тұрған ақын Өтежанның да балалық шағы осы бір қасіретті кезеңдердің «соғыс» атты кезеңіне тұспа-тұс келді. Зұлмат жылдары дүние есігін ашқан ақынның сәбилік шағының сұрқай суреті – ер-азамат атаулы қан майданға аттанып, ауылдың қасіреттен тұралап жатқан кезі болатын. Сондықтан да болар, талантты ақынның санасында бедерленіп, жүрегін шарпыған сол бір кезеңнің шындығын қайталанбас талант қуатымен бейнелеп жеткізген туындылар болып дүниеге келгені. Оқырманның сүйікті, сүйсініп оқыр туындыларына айналған себебі – бұл сол кездегі қазақ ауылдары тұтастай басынан кешкен, куә болған шындық еді. Шындықты өлең тілімен бейнелеп,

жеріне жеткізіп айта білген Өтежан ақынның талантын мойындамау да мүмкін емес еді.

Алғашқы кітабы жарық көргенде қазақтың Қадыр Мырза-Әли сынды үлкен ақыны: «Күдіктенбей-ақ айта беруге болатын бір шындық бар. Ол: Нұрғалиев — ақын және таза ұлттық поэзияның өкілі деген мойындау. Оның куәсі – «Менің махаббатым», — деп, пікір білдірсе, Мұқағали Мақатаев сынды ақиық: Өтежанның «ешқандай қоспасы жоқ табиғи талант екенін» батыл айтқан.

Өлең әлемі – Өтежан ақынның айнымас досы, өзгермес тұрағы болды. Былайғы өмірде қиғаштау пікір айтып, кедір-бұдырлау сөйлейтін ақынның өлеңде айтары бейнеге ауысып, көркем тілмен төгілген шындық қана еді.

Ауылдың көңілге жылы, жанға жақын суреті мен тыныс-тіршілігін ақын өлеңінен тапқан кезде оның талантына ғана емес, жалпы қазақ өлеңінің шексіз мүмкіндігіне бас иесің.

Төрт кітаптан түзілген «Соғыстың соңғы жазының» екінші кітабына енген «Маңдай» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Өткен күнге, өшкен сырға жан кіріп,
Жүрегінді жүреді ұзақ жандырып.
Жүрегімнің қылдан нәзік хабарын
Айта алам ба, нанбайтынды нандырып.

Қалар ма екем сәл жалғанға қақтығып,
Асып кетіп жүрмес пе екем аптығып,
Сор сиятын сор маңдайға екі елі
Сыяр ма екен шындықтағы қаттылық?! [1, 12]

Үш тармаққа жіктелген бұл шағын балладаның оқиға желісі шымыр да ширақ өрілген. Бір шағырақтың ай сайынғы кірісі болған «бес сом алпыс тиынды» бір күнде саудаға жұмсаған кейіпкер мен өз маңайын балтамен ұрған қара кемпірдің әрекеті ақын тілінде соншалық шынайы, соншалық әсерлі шыққан. Бір ғана шағын оқиға қазақтың кең даласының бір түкпіріндегі бір ауылдың бір шаңырағындағы оқиға күллі қазақ даласы көтеріп тұрған ауыртпалық пен сол ауыртпалыққа қасарыса шыдаған төзімнің бір сәттегі морт сынуын суреттейді. Оған себеп болған әлі ақылы толық кірмеген балалықтың есерлеу, бәлкім ақымақтау әрекеті. Кемпірдің жаралы маңдайы – соғыс алаңын, соғыста өлген әкені еске салғаны да тіптен әсерлі.

Соғыстың ауылдағы қасіретін арқау еткен балладалар мазмұны сан алуан. Қарапайым ауыл адамдарының, әр шаңырақтың тірлігі мен тынысы, түрлі ойлар мен ниеттер қақтығысы ақынның жүрегінен өлең

болып ширығып шыққан. Ақынның ерекше суретке толы балладаларының бірі – «Өкпемен қағу». Денедегі дертті өкпемен қағатын ескілікті жоралғыны соғыс қалжыратып, қансыратқан ауылдағы адамдар тағдырымен астастыру ақынның суреткерлік шеберлігін танытады:

Ажал шыққан, ауру шыққан соғыстан
Маған қарай сәлем болып оқ ұшқан,
Жиырма миллион қорғасынның біреуі
Менің құйттай миыма кеп тоғысқан

Соғыста атылған оқ ауылдың әр адамының жүрегіне қадалғандай әсер етті. Оны балалығы сол сұрапыл жылдарға тап келген ақындардың жырларынан айқын аңғарамыз.

Сол қорғасын сол тоғысқан жерінде,
Қалды ілініп тікен құсап терімде.
Терімде емес, жүрегімде қалды ол,
Жүректе емес, қалды туған жерімде.

Өргін оның үлгергем жоқ өшіріп,
Дертін оның үлгергем жоқ кешіріп,
Сол соғыстың жазған барлық жазуы
Шықты менің боз өкпеменнен тесіліп. [1, 65]

Соғыс атты тажалмен ғана емес, еңсені езген аурумен де арпалысқан қайсар тағдыр иелері Өтежандай ақынның қалыптасуына, азаматтық кредосын анықтауына ықпал етті. Ауылдағы әр оқиға, әр тағдыр ақынның қырағы да сезімтал назарынан тыс қалмаған. Өзгенің және өзінің басынан өткен әрбір сәт, әрбір оқиға – уақыттың ащы шындығы болса, сол шындық өлеңнің өткір де терең, астарлы да асқақ тілімен бейнеленеді. «Мұз үстіндегі тәуекел», «Бота баққан ақын», «Бақыт деген не?», «Қағаз ұшып барады», «Қалқа туралы аңыз», «Орамал», «Түйе туралы аңыз», «1944 жылғы райком қызметкері Қарлығаш апай туралы жыр», «Басқарма мен Шоқат. 1944 жыл» - тізе берсек қатары көбейе беретін бір-бір тағдырды арқалаған балладалар жетерлік. Оларды әрқайсысында терең толғаныс, буырқанған талант екпіні, жүректі шымырлатар образдар, соны сурет бар.

Ақ қарлар мен Көк мұздардың үстінен

Көрінеді шатынаған Шындығым, – деп, ақын өзі толғағандай, Шындықтың образы оның тұтастай поэзиясына панорамалық кеңістікте, қасірет пен қайрат, ауыртпалық пен қажыр, азап пен төзім арпалысында көрінеді. «Мұз үстіндегі тәуекел» толғауының кейіпкері – Шоң кемпір көрген құқай – қазақтың қаншама кемпірі көрген құқай. Соғыстың ажал бүріккен демімен тайталасқан қайсар әйел

тұлғасын ақын оқиға әуенінде сомдайды. Қаратөбе колхозының қоянын, әрі қанаты қатаймаған баланы бағып отырған кемпір Жем өзеніне сең жүріп кетсе, арғы жағалаудағы ауылдан хабар ала алмай қаламыз деп, тәуекелге бел байлап, ауылға жөнелген. Қыстауда алты жасар Үмбет бала ғана қалған. Ауылға барып, соғыстағы Сарыбайдың жаманат хабарын естіп, екі күн есінен айрылғандай хал кешкен кемпірді қыстаудағы жалғыз бөлмелі жалғыз үйде

күткен бала, үшінші күні жаулығы желбіреп, мұз үстінен қарасы көрінген кемпір, оның қолтығындағы екі бөлке нан – міне, соғыстың нағыз суреті осы. Нан сатушыдан екі бөлке нан сұрап алғандығы көрші кемпір тарапынан сыпсың тілге тиек болғанда Шоң кемпір қатты мүжіледі. Қиын қыстау күндері қой емес, қоян баққан еңбегі айтылмай, қиын бір сәтте сұрап алған екі бөлке наны алдынан шыға берген кемпірдің намысы мен жігер-қажырына ақын осындай өлмес елеңімен ескерткіш қойғандай.

Қан майданда қан бөліссе, несі айып,
Аш балаға нан бөліссе несі айып?!
Қан бөліскен, нан бөліскен кезеңге
Қалай ғана біз қиянат жасайық?!

Көкірекке құйттай күмән келтірмей,
Тар кезеңде тәуекелін өлтірмей,
Шындық өткен мұз үстінен өтейін
Екі бөлке нан көтерген кемпірдей.

...Жеңген шындық самурайдың сұмдығын,
Жеңген шындық фашизмнің құлдығын.
Менің жырым көтереді майысып,
Сол кезеңнің шатынаған шындығын.

Міне, ақын сезінген, көрген, көкірегімен түйсінген, жаны жылаған шындық осындай. Осы шындық «есігі ашық Өмір деген дүкеннен талай сыбаға күтетін» балалықтың елесі, санадағы жаңғырығы болып, «Бота баққан ақын» балладасында жалғасын табады.

Өмір деген – тіленшінің теңгесі,
Өмір деген – жақсы қыздың жеңгесі.
Жүрегімде жатыр менің, Өмірдің
Талай-талай суырусыз шөңгесі.

...Сол бір күндер оралмасын жуықта,
Сөнбесін от! Солмасын гүл суықта.

Сол күндердің құрметі үшін, Жүрегім,

Табандағы шөңгеңді де ұмытпа, – деген ақынның қай балладасын алсақ та, оқиғаны әсерлі өлеңге айналдырып, өзінше ой түйіп, қайталанбас сөз образдарымен оқырманын сүйсіндіретін туынды болып қалған.

Әке соғыста қаза болып, оқуда үздік болса да, басқарманың баласының үздік болуы үшін «төрт» деген бағаны амалсыз алған баланың жан дүниесіндегі күйінішті арқау еткен «Тағы да басқарманың баласы туралы» балладасында:

Тартып алған бедел менен бағаны,

Сол баланы уақыт еске салады.

Тура отыз жыл толған екен, мінеки,

«Төрт» пен «бестің» арасында адасып,

Менің бағам жылап кетіп барады, - деп, өткен шақтың әділетсіз бір оқиғасын есіне алған ақын жанындағы арпалысты қапысыз түсінеміз. Ақынның уақыт талқысынан түйгені көп. Сондықтан да әділет пен әділетсіздік тартысын былайша қорытады:

Өз қолымен Өмір келіп өзгертер,

Өз кезінде өзі қойған бағасын.

Кезі келсе, өзгереді нағашы,

Өзгереді қамқа тонның жағасы.

Өңі түспес, өмір бойы өзгермес

Жалғыз баға – ӘДІЛЕТТІҢ БАҒАСЫ.

Шындығында, ақынға қойылған әділет бағасы, егер бестік жүйеде есептесек, ең жоғары баға. Өзі сезінген, көрген, басынан кешкен уақыт шындығын әр түрлі оқиғалар мен тағдырларға бойлай отырып өлең кеңістігінде тірілкен, сөйтіп соғыс жылдарындағы қазақ ауылындағы өмірдің қайталанбас бейнесін жасаған ақынның бағасы, әрине, жоғары.

Әйгілі Гетенің «Әлем соншалықты ұлы және бай, өмір соншалықты көп қырлы. Менің өлеңдерімнің бәрі жағдайдан туған. Олар шындықтан шабыт алған, соған негізделген, соған құштар», – деген сөзі поэзияның табиғаты мен тағдырын танытатыны хақ. Өтежан ақынның ақындығы, поэзиясы туралы айтылар тұжырым да осылай болса керек.

«Поэзия өз бойына ішкі рухани әлемнің барлық ерекшеліктерін жинақтаған ... сөз өнерінің түрі. Бір қырынан алып қарағанда, поэтикалық өнерде музыкадағы сияқты сәулет, мүсін, кескін өнерінде мүлдем көрінбейтін ішкі әлем мазмұны көрінеді. Екінші жағынан, рухани дүние ауқымында поэзияның өзі көңіл-күй алмасуларын, сезім әуендері мен үрейді, қандай бір оқиғаның шиеленісуі мен шешімін

бейнелейтін, басқа өнер түрлеріне тән емес кең түрдегі объективті әлемді туындатады», – деген екен тағы бір білгір Гегель [2, 35]. Данышпанның бұл тұжырымы поэзияның қасиеті мен мүмкіндігін қапысыз жеткізуімен маңызды. Біз сөз еткен Өтежан Нұрғалиев поэзиясы уақыттың шындығын өзіндік танымда қорытып, көркем болмысымен, бейнелі тілімен тереңдікке сіңіріп, биіктікке көтерген ұлттық поэзиямыздың құнды мұрасы.

Әдебиеттер:

1. Нұрғалиев Өтежан. Соғыстың соңғы жазы. Алматы: «Жазушы», 2015. – 288 б.
2. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Астана: «Фолиант» баспасы, 2003. – 344 бет.

**ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ТЕВФИК ФИКРЕТ
ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ**

Кенан КОЧ

PhD докторы, профессор

Мугла Сыткы Кочман университеті, Түркия

Ғасырлар бойы ауыз әдебиеті негізінде дамыған қазақ өлеңі Абайдан соң жаңа сарынға көшкені белгілі. Абайдың соңынан қазақ әдебиетінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, С.Дөнентаев т.б., соғыс жылдарында Қасым Аманжолов, Тайыр Жарков сынды, жетпісінші жылдардан соң Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетов, Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырза-Әлі, Мұхтар Шаханов, Олжас Сүлейменов сынды алып-алып ақындар өнімді шығармалар берді. Әрине біз ең танымал деген бірнешеуін ғана атадық, қазақ даласында бұдан басқа да есімі түркі әлеміне мәшһүр көптеген ақындар дүниеге келді. Ал кейбірінің шығармалары кеңестік идеологияның саясатына жайсыз келіп, өз заманында қажетті бағасын ала алмай қалды. Сондай ақындардың бірі есімі елге ерте танылса да, кейінірек кеңестік биліктің ащы шындықтарын әшкерелеймін деп елеусіз қалған – Өтежан Нұрғалиев еді.

Оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы сын-пікірлер мен көзқарастарға қарағанда, алғаш әдебиет әлеміне келген шақта-ақ «қазақтың Пушкині», тікмінезділігінен «тентек ақын», «өткір ақын» атанған Өтежан Нұрғалиев көзі тірісінде-ақ аңыз ақынға айналған екен. Әрине, халық жақсы көрген адамның есімін аңызға айналдырады. Мұнымен қоса, өз замандастары тарапынан қазақ

ақындарының ішіндегі ең білімдарларының бірі, жер-жиһан әдебиетін шағып оқып шыққан деп бағаланған ақын.

Ақынның шығармаларынан ең бірінші байқайтынымыз, өлеңдеріндегі ұйқас, буын, өлшем жағынан тап-тұйнақтай болуы, екінші, өлеңдеріндегі ойдың тереңдігі, үшінші, тарихи оқиғаларға байланысты соны көзқарастары, төртінші, ұлттық нақыштың анықтығы, бесінші, шындыққа тіке қарауымен ерекшеленеді.

Өтежан Нұрғалиевтің нашар шығармасы жоқ секілді. Алайда оның есімін елге әйгілеген «Соғыстың соңғы жазы» (1978) кітабының салмағы тым бөлек. Ақын өзінің замандастары секілді жеңісті жырламайды, бейбіт заман жайлы көсіліп жаза алмайды. Себебі, оның көз алдында ауыр тұрмысты басынан өткеріп жатқан «ауылдағылардың» жағдайы жанына батты. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыстан соңғы қарапайым халықтың тұрмысын өз кейіпкерлері арқылы анық көрсетті. Ол осы мақсатта бір немесе он шақты кейіпкер де емес, жүздеген кейіпкердің образын жасады. Жалпы, соғыстың салдарын сынауға берік бекінген Өтежан Нұрғалиев мінез, пікір, ұстаным, жазу ерекшелігі, өлеңдерінің тақырыбы жағынан түрік ақыны Тевфик Фикретке (1867-1915) ұқсайды. Өмір сүрген уақыты жағынан алшақтық болғанымен бұл екі ақынның өмірде ұстанған бағыттары өте ұқсас екенін көреміз.

Өтежан Нұрғалиев әдебиетке арындап кірген он жеті жасында үнемі лирикаға мойын бұрды, тіпті 1964 жылға дейін ол «қазақ поэзиясындағы махаббат лирикасының теңдесі жоқ классигі» (<https://gu-gu.kz/m/17986>) атанды Тевфик Фикрет те отыз жасына дейін өзіне дейін Режаизаде Махмұт Екремнің өлеңдерінен шабыттанып, назым түрінде ғашықтық, шарап, әдемілік, көктем секілді тақыптарды қаузаған болатын. Екі ақының да жиырма беске толар толмас шағында алғашқы жыр жинақтары баспа бетін көрді. Өтежан Нұрғалиевтің «Менің махаббатымы» (1962) да, Тевфик Фикреттің «Rubab-ı Şikeste» атты өлеңдер жинағы да қалың қауымның жүрегінен орын алды.

Фикреттің *“Áveng-i Şuhûr”, “Yağmur”, “Toprak”, “Seza”, “Beyaz yelken”, “Mavi deniz”, “Balıkçılar”* секілді өлеңдері, Өтежан Нұрғалиевтің де *“Жауынның алдында”, “Нөсер”, “Нар көтерген көктем”, “Мен туған жер”, “Ай, түн, бұлақ”* өлеңдері табиғаттың тылсым суреттерін бейнелейді. Тіпті, екі ақынның бейнелеу стилі де өте ұқсас көрінеді. Мысалы, Тевфик Фикреттің *Mavi deniz*, яғни *Көк теңіз* атты өлеңінде теңізді жанды құбылысқа балайды, өзінің ішкі дүниесін теңіздің үнсіздігімен салыстырады. Сол арқылы өзінің жан дүниесін ақтарады. Осындай бейнелеуді Өтежан Нұрғалиевтің *Қапшағай* өлеңінен де көреміз.

Өтежан Нұрғалиев *Нәсерден кейін* өлеңінде де мынадай тосын ой айтады.

Көңіл күй о да бір өлке,

Нәсерден, оттан оянар [1, 25].

Бұл ой Тевфик Фикреттің *Үағтур* (Жаңбыр) атты өлеңінің ішкі ойымен үндеседі. Яғни ақындар жанбырдағы бүтін тылсым қасиеттерді адамның бойындағы сезімдермен тең көреді. Және оның ақынға күш-қуат беретінін шабыттана жырлайды. Сол секілді екі ақынның көктемді бейнелеуіндегі ішкі тербелістері де біте-қайнасқандай. Олар көктемді жылдың бір мезгілі ғана емес, адам өмірінің бір бөлшегі санайды. Көктемнен үлкен үміттер күтеді. Көктем сұлу ғана емес, ол ақынның мұңлы көңіліне дем беретін тамаша кезең. Көктем – көңіл, көктем – сезім, көктем – өмір. Алайда, көктем кейде ақындарға ләззат сыйламайды. Сондықтан да, Өтежан ақын, «Апрель оятса да жасыл бақты, Құшағы жап-жас гүлдің ашылмапты» десе, Тевфик ақын «Көктем болсын, көңілім қайғысынан аз да болса арылсын, әлемім аз да болса өзгерсін деген едім, көктем келді, шабыттандым. Жаһан тап бір қуанышқа толы жәннаттың бір нобайы, бірақ менің көңілімнен әлі де күз кетпеді» дейді.

Тевфик және Өтежан ақындарды байланыстыратын тағы бір ұқсастық, екі ақынның бала және жастық жайындағы шығармалары. Олардың өлеңдеріндегі бала болғысы келуі, айналаға бала өзімен қарауы және балаға тән түсінікпен айналаны тамашалауы, балалық шақтағы алаңсыздық, оның есейе келе жоғалып кетуі, ұлғайған адам ретіндегі балалық күндерге деген сағынышы және сол күндерді ішкі әлемінде қайта түлетуі назар аударарлықтай. Өтежан Нұрғалиев көптеген өлеңдерінде де балалық шаққа саяхат етеді. Тәтті күндермен қоса жанын жаралаған ауырпалықпен өткен жастықты да терең тербеліспен жырлайды. Айтқапақшы, ең қызығы Өтежан өзі жырлаған оқиғалардың көбісін жеті жасар баланың көзімен суреттейді (https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_auezkhan_kodar_blog_about_otzhan_nurgaliyev/27327442.html). Мысалы, *Сол жылдарды еске алу* өлеңіндегі мынадай жолдар сөзіміздің дәлелі.

Сол жылдары аш болсақ та көңілді ек.

Ауыр ойдан оралушы ек жеңілдеп...

Сол жылдары аш болсақ та көңілді ек.

Не жарқырап кетуші едік... не гүлдеп...

Махаббат, достық, махаббат, достық мол жылдар

Сол жылдарда қасымда мол болдыңдар [2, 116].

Тевфик Фикреттің өлеңдерінен де мұны байқаймыз, мысалы, «*Senin yerinde olaydım, güzel çocuk, bilsen Neler yapardım ben, Neler yapardım o mübhem nazarlı gözlerle...*» деген өлең жолдарымен басталатын өлеңінде акын балалық шақтың қадірінен сөз етеді.

Сондай-ақ, балалық шақтағы көңілінде қалған тұрмыстың ауыр тауқыметін суреттейтін өлеңдерін де екі ақынның таным-түсінігінде бір арнаға тоғысатындығын көруге болады. Мысалы, Тевфик Фикрет «Рамазан садақасы» (1986) атты өлеңінде әрі өзінің, әрі өлеңдегі қайыршы баланың сезімдері көрініс табады. Ересек адамдардың балаға деген суық көзқарасы мен суық күн арқылы өлеңнің поэтикасын арттыра түседі. Ақын мысқыл мен трагедияны үндестіріп, тек сол балаға назар аудармаған адамдармен ғана емес, өмірдің өзінен де есеп сұрағысы келеді [3, 146]. Мұндай ауыр, әрі қасіретке толы оқиға Өтежан Нұрғалиевтің *Жан жылуы* өлеңінде де айтылады. Соғыс пен қыс қатар келген уағында көшеге шығуға аяқ киімі жоқ бала;

*Қандай ауыр, қандай жүдеу кез еді,
Аштық емес, қайғы жанды езеді.*

Соңғы жылын, соңғы айларын соғыстың

Жас болсақ та... жүрегіміз сезеді [1, 74], деп терең толғанады да, дәл осындай қиын шақта өз нағашысының үйінде той болып, карта ойналып, қайғы-дертсіз лепіріп, ішімдікті суша сіміріп, жатқан үлкендердің ісіне қынжылады да, *...жалаңаш ем... Аяз ұрды арқадан... қорқақ едім – қаталдықтың көзінен* [1, 74] деп, Тевфик Фикреттің қайыршы бала жайлы өлеңіндегі ойларға алып келеді. Суық соғыс, суық тағдыр, суық күн, суық қабақ...

Екі ақынның өмір жайлы толғаныстарын да үндестік бар. Мысалы Тевфик Фикреттің *Kocaman Saat* (Үлкен сағат), *Para ve Hayat* (Ақша және өмір), Өтежан Нұрғалиевтің *Бота баққан ақын*, *Түлкі* секілді өлеңдеріндегі өмірге жайындағы көркем теңеулерінде бір сабақтастық бар. Тевфик Фикрет үшін әрбір өткен сағат адамның тағдырының бір бөлшегі. Ал Өтежан Нұрғалиев те өмір жайлы мынадай керемет теңеулері бар.

Өмір деген – тіленшінің теңгесі...

Өмір деген – жақсы қыздың жеңгесі...

Жүрегімде жатыр менің, өмірдің

Талай-талай суырусыз шөгесі[2, 23].

Әр өмірдің өрмегі бар өретін,

Әр сәбидің жарығы бар көретін,

Бұл дүниеде жүрек біреу, бас біреу...

Бұл дүниенің пұшпағы жоқ қайшымен

Артық жерін кесіп-кесіп беретін!! [2, 69]. Яғни екі ақынның бұл өлеңдерінен терең философиясы бар екенін көреміз. Жалпы Фикреттің *Servet-i Finûn* дәуірінде жазылған өлеңдерінің ішінде философиялық ойларға көбірек ойысады, әсіресе мұнда өмір және наным-сенім философиясына көп мән береді. Ал Өтежанның философиялық ойларын *Афина мектебі* топтамасына енген өлеңдерінен табамыз.

Тевфик Фикрет пен Өтежан Нұрғалиевтің шығармаларындағы тағы да бір үндестік соғысқа байланысты тұжырымы. Соғыстың болымсыз салдарына көз жұма қарай алмайтын бұл ақындар соғыс түгіл жеңісті де тамсана жырлай алмайды. Екеуі екі бөлек соғыстан сөз етсе де, соғыстың аты соғыс екенін, оның ауыр қасірет екенін дәлелдеуге тырысады. Мысалы, Тевфик Фикреттің 1897 жылғы түріктер мен гректердің арасындағы соғыстың салдарын бейнелейтін *Tarih-i kadim* атты өлеңінде «қашан айналасына қан төккен бір әскер өтсе, оның артынан қалың бұлттың төнетінін бейнелейді. Мұнымен қоса соғыстардың ұмытылмас із қалдыратын суреттемемен толықтырады. Ақын ескі тарихты тек соғыс пен қан төгудің тарихы ретінде, қай соғыстың болмасын нәтижесі ауыр болатынын, топ-топ тұтқындар, езіп-жанышталған қарапайым халық, сондай-ақ жамандық пен зұлымдық орын алатынын көркем суреттейді. Оған салса «тарих, өркениеттерге жыққан, соғысты жасаған қаһармандарға лайықсыз атак берген, ал жеңілген жағдай да аштыққа, кедейшілікке алып келетін соғыстар кісеннен басқа ештеңе емес» дейді [3, 66]. Ал Өтежан Нұрғалиевтің *Соғыстың соңғы жазы* кітабында орын алған бүкіл шығармалары осы пікірлермен сабақтасады. Оның өлеңдерінде соғыстан соңғы ауыл мен қарапайым халықтың тартқан азабы мен қиындықтары түрлі оқиғалар арқылы сипатталады. Әкеден айрылған баланың, күйеуінен айрылған әйелдердің, баласынан айрылған ана мен әкенің, залымдардан қиянат көрген қорғансыздардың, аштық пен суықтан қиналған жандардың психологиясы әсерлі баяндалады. Мынадай өлең жолдары да осының айғағы:

Біз әкеден жыртық болып қалғанбыз,

Біз жеңіске жалаңаяқ барғанбыз [2, 37].

Шинельдерден өтіп барып оқ тескен,

Етіктерден өтіп барып от кешкен,

Кете ме деп қорқатынбыз үзіліп...

Бақыт жібі... Бізге жетер-жетпестен![3, 37].

Тевфик Фикреттің *Hasan'ın Gazası*, *Kenapat*ты өлеңдерінде дәл осындай өлең жолдарын көреміз.

Evet, yiğitler evet...Siz fedâ-yı nefis ediniz;

Kadınlar ağlamayın, cenge her giden ölmez!...

Vatan yolunda fedâ-yı hayat eden ölmez... [Hasan'ın Gazası].

*Ken 'ân köyüne yaralı dönmüş geliyordu
Pîşinde bir âvâze-i şân yükseliyordu [Kenan].*

*Әрине, Жігіттер әрине... сендер нәпсіңізді құрбан етіңіз;
Ханымдар жыламаңдар, майданға кеткеннің барлығы өлмейді!
Отан жолында жанпида еткен өлмейді.*

*Кенан ауылына жаралы қайтып келеді
Арқасынан бір керемет азан даусы шықты.*

Тағы бір айта кететіні, Тевфик Фикреттің көптеген замандастары оның өте ықпалды және тәкаппар болғанын айтады. Айталық, Хүсейин Жахид: «Қандай жағдай да болмасын Фикрет бәрінен жоғары тұратын және айналасындағыларды өзіне еріксіз бас идіретін. Фикреттің қуатты, нақты, адуын бір қасиеті бар еді» десе, тағы бір досы: «Білмеймін неге достарымыз Фикреттен қашқақтайды. Себебі оның соншалықты бір ауыр мінезі бар, жанында кез келген адам өзін қомсынады, кез келгеннің өзін құрметтеуге мәжбүр етеді» дейді [4, 701]. Мұны неге айтып отырмыз, біз достарының, өз замандастарының естеліктерінен, сондай-ақ Әмірхан Балқыбек, Олжас Қасым секілді әдебиет өкілдеріне берген сұхбаттарынан Өтежан Нұрғалиевтің де ешкімге бас иемеген ақын екенін байқаймыз, тіпті оның достары да одан аяқ тартып, шегіншектейді екен. Екі ақынның да айналасындағыларды кейде ауыр сөздермен түйреп алатын шақтары да болыпты.

Өмірінің де ұқсас тұстары бар, ата-анасы дәулетті болса да, Тевфик Фикреттің анасы, Өтежан Нұрғалиевтің әкесі олар өте жас кезде-ақ өмірден озып, өмірдің тауқыметін ерте сезінген. Мұның өзі де олардың әдебиетке ерте келуіне себеп болған деуге болады. Екеуі де өмірінің соңдарына жалғыздықтың тақсіретін шекті. Өзі үлкен үміт күткен жалғыз ұлы Халуктың Америкаға кетіп, басқа дінді қабылдауы, қайта оралмауы Тевфик Фикретті өлім төсегіне дейін алып келді. Ол өмірінің соңына дейін өз қолымен тұрғызған Ашиян кентіндегі үйінен ұзамады. Өтежан Нұрғалиев те өмірінің соңғы жылдарын аса көп жұрттың көзіне түсе бермей, үйінде кітап оқып, өлең жазумен өткізіп, қоғамнан шеткері қалыпты (<http://zhasorken.kz>). Демек, екі ақынның арасындағы үндестік тек әдеби жақтан ғана емес, жеке өмірінде де өз көрінісін байқатқандай. Бәлкім, жеке тіршілігі мен мінездеріндегі ұқсастықтар шығармаларында да жаңғыра отырып, үндестік табуына негіз болған болуы мүмкін. Сонымен қорыға айтар болсақ, қазіргі

қазақ әдебиеті мен түрік әдебиетінің арасында да айтарлықтай сабақтастық пен үндестік жатқанын байқауға болады. Өтежан Нұрғалиев және Тевфик Фикрет поэзиясындағы үндестік әсіресе тақырыпта байқалады екен. Олардың балалық шақ, балалар, халық, соғыс, ауыл т. б. жайындағы тақырыптары идея, тұжырымы жағынан өте сәйкес келеді. Екі ақынның да ақындық шеберлігі де талай сыншы тарапынан да мойындалған. Олардың тақырыпқа орай өлең өлшемін де таңдай алады, қаласа сөзбен ойнай алады, қаласа көркем образдар жасай алады, қаласа диалог, монолог құрып та әсер ете алады. Терең философиялық ойлар да өрбіте алады.

Әдебиеттер

1. Өтежан Нұрғалиев, Шығармалар жинағы, XV том, Алматы: Шамшырақ Ақтөбе, 2013.
2. Өтежан Нұрғалиев, Соғыстың соңғы жазы, 2-кітап, Алматы: Жазушы, 2015.
3. Atilla Özkırımlı, Tevik Fikret, İstanbul: Gözlem Yayınları 1982.
4. Ahmet Kabaklı, Türk Edebiyatı, Cilt 2, Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları, Ankara, 1985.
5. Ертай Ашықбаев, Өлең мен өмір: әдеби мақалалар, Алматы: Дәстүр, 2015.
6. İsmail Parlatur, Tevik Fikret, Ankara: Akçağ Yayınları 1982.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ БІР УЫС ТОПЫРАҒЫ...

(Өтежан Нұрғалиевтің лирикасындағы туған жер келбеті)

Ниязова Ғайша Мұханбетқызы

**Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада ақын Өтежан Нұрғалиев лирикасының өзекті бір тармағы – туған жер, оның көркем табиғатына арналған туындылары қарастырылып, талданады.

Аннотация. В статье рассматриваются лирические произведения известного поэта Отежана Нурғалиева, посвященные родному краю. Автор анализирует пейзажные зарисовки в стихотворениях поэта.

Annotation: The article deals with the lyrical works of the famous poet Otezhan Nurgaliyev devoted to the native land. The author analyzes the landscape sketches in the poems of the poet.

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары әдебиетке жаңалық болып еніп, өзінің тартымды туындыларымен туған әдебиетте қазақ поэзиясындағы философиялық лириканың туын тіккен талантты ақынымыз Өтежан Нұрғалиев нәзік нақышымен, тұңғиық

тереңдігімен, мәрт көңілімен оқырман жүрегіне жол тапты. Бозбала балғын шағында «қазақтың Пушкині» деп танылған, Өуезхан Қодарша айтқанда «ақтөбелік Байронымыз», туған әдебиетіміздің алтын қазынасына өзгеше өрнек, адуынды ағыс қосқан ақын.

Тарбағатайда тұрғам жоқ,
Тауларым тума орманмен.
Жетісуда да туғам жоқ –
Жәннаты жердің болғанмен.

Көгілдір Жемнің бойында
Жарқамыс дейтін ауыл бар.
Мен өстім соның қойнында,
Мен сонда тұрдым бауырлар.
Айдың төсегін шаңдаған
Құлынмын күзгі байлаулы
Бес материктен таңдаған

Жанымның сенсің жайлауы! - деп кіндік қаны тамып, өзіне өмір берген ата қоныс, құтты мекен Жарқамысын, Жем өзенін ақын жылы сезіммен осылай жырға қосады. Жем демекші, ақтөбелік жазушы Ғалым Ахмедов: «...Жем-Орал тауларының сілемі – Мұғалжардың тілім-тілім сай ішіндегі бұлақтарының басталып, орта тұсында аңғары далиған төңірегі от, «балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған» мол суға айналып, бұралаңдай, жаймен жайыла ағып, жолындағы қалың ел мен қаптаған малдың сусынын қандыра, Каспий теңізіне құйылып жатқан осы дала өзені дүние жаралғаннан бері бар шығар...» деп, өзінің «Жем бойында» романын байыппен бастап, қиялына қанат бітіре ойын әрі қарай сабақтайды. Жем бойы, Ырғыз өңірі, Жем-Сағыз, Шалқар, Ойыл өңірі, Бөгеткөл, Қобда, Еділ мен Жайық жөніндегі өлең-жырлар, небір шежіре-сырлар, әңгіме, новелла, романдар дүниеге келген, әлі де келе бермек. Әр ақынның ең алғашқы жыр жолдары туған еліне, жеріне арналатыны сөзсіз. Өтежан қалың ну, жыныс тоғай Жемнің суын:

Нарлар анау жай қозғап денелерін,
Еске салар даланың кемелерін.
Ұмытпайсың бір көрсең ақ тақырдан
Жарып аққан қымыздай Жем өзенін.

Жем ағады дыбыссыз жайлап қана,
Күндік жерге жетеді айлап қана.
Жаяу ағып асықпай еру көшіп,

Ай астында ақ жүзі қаймақтана, - деп жырлап, ал жанына балаған Жарқамысын пейіштен де жоғары қояды.

Сен кімсің, десе, соншама –
Тұрсын сен қайдан тіреу ап?
...Ұжмағың жетеу болса да,
Туған жер, дер ем – біреу-ақ!

Жем-Сағыз өңірі, Оймауыт, Жарқамыс, Жем – ғажайып өлке, алпысыншы сексенінші жылдардағы қазақ поэзиясының алтын қорын асыл сөзбен байытқан ақындар плеядасын тудырған топырақ, құтты қоныс. Е.Дүйсенбайша десек, «Ару аналар мен аруаналар өлкесі, Ақ сағым көтерген белдер, ақ самал желдер, ақ нөсер жаңбырлар, сабасынан аспай-саспай, сабырлы ағып жатқан жуас Жем өзені, бозала таң мен бозторғай, ақ мұнарда жүзген ақтылы қой аппақ әлем». Жем-Сағыз өңірінің поэзиясы арқылы Қазақстанның бір түкпіріндегі кішкентай ғана Жем өзені сонау Ақжайық пен Атырауға ақ толқынын жамыратып, Сырмен сырласып, Ертіске еркелеп, Көкшемен қуанысып көрісе күллі қазақ еліне мәшһүр болды. Бұрала басқан бұла бойжеткеннің бұрымындай бұлаң қағып, бұлқына аққан Жем бойында туып, сылдырап аққан өзен суына шомылып, Жарқамыс өлкесінің әсем табиғатынан, Оймауыттың ойынан, Жем өзені бойынан шалқар шабыт алып шыққан Сағидың, Өтежанның, Есенбайдың, Сәбиттің өлеңдері жыр сүйер қауымды өміршең өлеңдерімен жалт қаратты, мойындатты, танылды.

Алпысыншы жылдары «Менің махаббатым» атты кітабымен әдебиетке келген Өтежанның өлеңдерінде жана бояу, тың үн, тосын мінез болса да, қолайсыз мінез жоқ болатын. Қайта ол қабағынан қар жаудырып, қанатынан ызғар соқтырып тұрған мезгілде күн күркіреп, шуағы құйылған, найзағайы жарқылдаған, жаңбыры төгіліп, кеудесі күмбірлеген күй мен жүрегі толы махаббат, тұла бойы тұнып тұрған жарасым мен үйлесімнен жаралған көктем болып кірген-ді.

Нөсерлі еді найзағай,
Шыбыртқы соққан шартылын,
Бұлттарды түріп айдамай,
Қуатың қайда, жарқыным?!
Тіл қатты таулар осылай,
Аспанның найзағайына.
Қаһары келіп найзағай,
Таулардың қайрағанына.
Ашумен жұлып кетті де,
Жартысын кемпірқосақтың,
Қосақтап қойған тамшыны

Қылышпен келіп босатты.
Шөлдеген жерді шолғандай,
Тамшылар бір сәт бөгелді.
Енесін көріп қалғандай
Жамырап жерге жөнелді.

Өтежан Нұрғалиевтің алғашқы өлеңдерінің біріне саналатын «Жауынның алдында» атты бұл өлеңдегі табиғат құбылысы ақын табиғатына да тән деуге болады. Ақынның өзі де әдебиетке кемпірқосақтарын керіп, оған көгенделіп, қосақталып тұрған жырларын найзағаймен босатып, «Жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп» келген-ді...». Ақынның табиғат лирикасы әдебиетке жана леп, жана тыныс әкелді, табиғат құбылыстарына бейне жан бітірді.

«Әдебиет танытқышта» Байтұрсынов айтқандай: «Ұқсастығымен ауыстырып, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту (ауыстыру), бір нәрседе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту (бейнелеу), жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау (кейіптеу) – ақын Өтежан лирикасының жайнақы да ойнақы, онды тұстары. «Бұлттарды сабап, күйініп (найзағай)», «жібермей бұлтты иіріп (кемпірқосақ)», «бұлттарды түріп айдамай», «шыбыртқы сокқан шартылың», «қылышпен кесіп босатты» (найзағай) деген адамға тән іс-қимыл әрекетті найзағайға балайды.

Жетісу топырағы-май, құнарлы аймақ,
Тауларын мұз бенен қар, мұнар жайлап,
Тау желі көзі ілінбес қойшыдай-ақ
Қойнауға кіргізіп, тұманды айдап,
Тау қыран тұмсығы шоқ, мұнар қабақ,
Бұлттары баурайында, бұлар қанат
Ақша қар мен көкше мұз, таудың желі
Тұрады алып күшпен шың арқалап.
Салмақ та, салқындық та сезіледі,
Жаншылып тау бауыры езіледі.
Түсірмей арқасынан ауыр жүгін,
Ымыртта шаршаған тау көз іледі.

Өтежанның таулары бейне жанды дене: олар тіл қатады, қаһарланады, қайрайды, жаншылып бауыры езіледі, шаршайды, көз іледі, түнде оттайды, күндіз жусайды. Сәби кезінде сүтін ішіп, жан сақтау болған аруана бейнесі ақынның әр уақытта жанында жүргендей эсер қалдырады. Ақын сөз кестелерін шұрайландырып, өлеңнен өрмек тоқиды. «Даланы жайлы жаздың кеші басқан», «Жалғыз мүйіз күміс айдың», «Жаумаған нөсер», «Қимайды-ау далам ұйқысын», «Күн қонып ұясына жалқындана», «Бой бермей барады өзен алып қашып»

т.б. көптеген өлеңдерінде жаратылыс құбылыстарына тірі кісінің мінезі, қылығы, әрекеті беріле жансыз табиғатты жандандыра суреттеудің небір үлгілері – Өтежан өлеңдерінің өзгеше өрнегі болып табылады.

Күн қонып ұясына жалқындана,
Сауығын бастай берді салқын дала.
Кербез тау әуестікпен көлге үңіліп,
Көргендей өңі кірген қалпын жаңа.
Жел ұйықтап, қалғып кетіп балғын бұлақ,
Тәтті үнмен сөйлеп жатыр былдыр бұлақ.
Жасыл сай, нілдей әуе, балқаймақ бұлт,
Әніне тіршіліктің тұр балбырап.
Қоңырқаз қанат жайса, көлге жетіп,
Қоға тұр, қос аққуды жеңгелетіп.
Көл-ана, ай-бөбегін шомылдырып,
Сызады күміс шеңбер дөңгелетіп.

Өтежанның табиғаты сондай нәзік, ақын табиғат әсемдігін суреттеуде адам жан дүниесінің сан алуан қыры мен сырын лирикалық сөзбен жырға қосады. Ақын «Шегі қайда, шеті қайда бұл елдің?» өлеңінде табиғаттың тылсым мүшелерін оятып, қозғалысқа қосады. «Жартастары жағалауда табандап тұрады», «Толқыны қатты тулайды, үдеп, шабандап тулайды», ал «Күн қонып ұясына жалқындана» өлеңінде «Бала өзендері жүгіреді», «Сағымдары билеп, бұлттары ойнайды». «Кербез тауы әбестікпен көлге үңіледі», «Балғын бұлағы қалғып кетіп, қайта оянып, тәтті үнмен былдырлап сөйлеп жатады», «Қоғасы қос аққуды жеңгелетеді», «Көл-анасы ай-бөбегін шомылдырады». Келесі бір жырларында жер-су атаулары қолма-қол қозғалысқа еніп, адамша сөйлейді. «Батысында Балтық жатыр шарқ ұрып», «Жүгіреді Кубань мен Дон», «Днепр әр аймақтың амандығын хабарлап» десе, «Қара теңіз сөйлеп берсе тарихын, өзіміздің Қаратауға тындатам», - деп өзі де табиғатпен астасып, табиғаттың төл перзенті ретінде қайнаған тіршіліктің бел ортасында жүреді. Ақын суреттеуінде оның «Желі бұйра айдарын тарайды», «Бұлтты жылап, аспаны елжірейді», «Қара құс қаптап қонғандай түн жайылады», «таңның хабарын естімей, ұйқысын қимайтын даласы» жанданып, жансыз табиғаттың құбылыстары кәдімгі тірі кісіше қимылмен ауыстырыла суреттелген құбылтудың небір сан түрлері ақын өлеңдерінде өріп жүр. Бір ғана жел құбылысын: «Кім салмақ желдің салған суретін бұл, Жансызды би билеуге үйретіп жүр...», немесе «Жамбы ғып жапырақты атып алып, қаңбақты қанжығада сүйретіп жүр...» деп түрлі кейіпке ендіреді. Кейіптеу – әдеби туындыларда құбылта, құлпырта

қолданылып келе жатқан әдемі тәсіл. Ақын әдеттен тыс мінез бен әрекет беріп, жансызға жан сала суреттеу арқылы беймаза желді құдды тірі кісідей құбылтып, оны небір қылықтар жасату арқылы өзі суреттеп отырған шындыққа ерекше шырай беріп, шынайы сурет салады. Өтежан өлеңдерінде тау суреттері жиі ұшырасады. Жан жайлауы Жарқамыста тау жоқ, жайлауы жазық, қойы өрген, түйесі жусаған, жылқысы жайылған сайран дала, сары бел. Ақын – дарқан дала перзенті. Әйтсе де биікке ұмтылу, биікке қызығу ақын қиялында тау суреттерін еріксіз тудырған.

Тұқымдас нар түйеге тума шығар,
Бұл таудың өркеші мен шудасы бар.
Сауыры аруананың бөксесіндей
Бұлттарға байлап қойған бұйдасы бар!
Кім көрген ғажайыптың мұндай түрін,
Жоныпты бәйтеректен мұрындығын,
Түнде оттап, күндіз жусап жатқан бұл тау
Желмаясы тәрізді бұрынғының!

Ұлттық нақыш, қазақы өрнек! Ақын жүрегінде ерекше орын алған төрт түліктің атасы – Ойсылқара баласы – аруана, желмая, нартүйе бейнелері тау көріністерімен астасып кеткен. Оның да өзгеше мәні бар екен. Бір өлеңінде: «Сүт табылмай тандайыма сасқанда, Қара кемпір бауырына басқанда, Үшінші ана болды маған қара нар», - десе, келесі бір өлеңінде:

Жиырма миллион ботасы өлген жылдардың,
Бауырында Жер боздайды нар құсап.
Сол түйенің бауырында ер жетіп,

Жеті жұттан жетім қалған баламыз, - деп, бал бала, балдәурен шағын әке майданда, шеше жұмыста ата-ананың мейірімінсіз, түйенің бауырында ер жетіп өскен қасіретті кезең ұрпақтары атынан сөйлейді. «Алдына кеп паң жануар түйенің, Көп имеген өр басымды иемін». Өр мінезді ақын жаралы жылдарда жансақтау болған түлік төресі киесіне бас иіп, жадынан шығармай тау суреттері мен нар түйенің айқын да асқақ образын астастыра, кестелі, нәрлі, бейнелі тілмен мөлдірете жырға қосады. «Тұқымдас нар түйеге тума шығар» өлеңі тұтастай тау суретін түйеге балаған теңеудің ұлғайған, күрделі түріне лайық туынды болып шыққан.

Ақын Нұрғалиев туындыларында эпитет түрлерін тыңнан тесіп, жанадан жасау, өзгеше нұсқалы түрлерін туғызу ерекше көзге түседі. Кербез тау, балғын бұлақ, жасыл сай, балқаймақ бұлт, қоңыр қаз, күміс шеңбер, тәтті үн, күлімкөз жеңге сынды көркем сөзді ажарландырудың түрлі амалын табады. «О, кемер жер, айналдым кеңдігіңнен, Адам

түгіл шаршайды жел жүгірген. Ит арқасы қияннан туған бөбек Шаршаймын мен, сірә – мендігімнен. Саф самалын сімірсем – мен дем алам, Әрбір төбе күлімкөз жеңге маған. Бал бұлағын су-ана ұсынады, Кенелсін деп кәусарға кенже балам». Әдемі өлең! Суреткер сөзбен салған табиғат көріністері көздің жауын алады, оқырманның жан жүрегін елжіретіп, тебірентеді, баурап алады. Енді бір мезет «Ақ нөсер» жинағына еңген «Жердің көз жасы» атты өлеңіне назар салайықшы. «Қойлы ауылдың бұлағы-ай! Жата қалып су іштім. Жер көзінен жас парлап Жылап жатқан сияқты. Артық көрдім бәрінен Қара жердің көз жасын». Табиғаттың қойнында туып, табиғат – ананың қойнауында өскен ақын, оны жырлағанда жанды сөздің не шұрайын тауып айтады.

Сүйкенсе суға қамыс, тал
Жалпылдап жалбыр шашағы.
Ай-суда жатқан арыстан
Айдында аузын ашады.
Арқалап тарғыл нұрларын.
Домалап кетті алыс түн.
...Көрінді таудан тырнағы
Күн дейтін қызыл барыстың.

«Көл-ана», «Ай-бөбек», «Ай-арыстан» «Күн-барыс», «Су-ана», «Құс-мінез» сияқты сұлу метафоралар Өтежан өлеңдеріне ерекше екіпін, қайсар күш дарытып, өлеңнің өн бойында отты сөзбен ақынның өр мінезін, өктем үнін үнемі танытып отырады, оқырманға ой салады, жігер береді, тебіреністі күй сыйлайды.

Біз ақынның «Ақ нөсер», «Ай астында ақбоз үй», «Тыныштық», «Таңдамалы», «Қиял өрнегі» сынды алғашқы өлең жинақтары беттерін парақтағанда, өзімізді тәнті еткен табиғат лирикасын сөз еттік. Табиғат суретін салғанда ақынның қылқаламы шебер. Қай нақышта болсын бояуын келістіре, көрікті кестелейді. Табиғатқа әдеттен тыс мінез бен әрекет беріп, жансызға жан сала суреттеу арқылы ой образын кеңейтіп, әсерлілігін арттырады. Айтарымыздың соңын Өтежан ақынның өз сөзімен тәмамдасақ:

Әлі ішімде секілді бар айтарым,
Жапырағын жармады талай талым.
Туған жердің бір уыс топырағы-
Шындығымның басына қарайтарым.
Бар сенетін бақытым сыйынғаным,
Жүрегімнің әмірін бұйырғаным.
Әлі ішінде секілді жүрегімнің,
Жарып шығар жапырақ, түйір дәнім.

Жүрек сауытын жарып шыққан жыр-дестелерінің басылым көрмей, қолжазба күйінде сарғайып, іздеушісін күтіп жатқаны өкінішті.

Әдебиеттер

1. Нұрғалиев Ө. Тыныштық. – Алматы: Жазушы, 1987.
2. «Қазақ әдебиеті» газеті 1998, №13 қазан.
3. Нұрғалиев Ө. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1977.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.

**ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМНІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ**

Балтымова Мира Рашидқызы
Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі,
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
mbr76@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада ақиық ақын Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы туған жерге сүйіспеншілік мәселесі қарастырылған. Автор ақын өлеңдерінің жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие берудегі маңызын талдайды.

Аннотация. В статье рассматриваетсявопрос любви к Отчизне в произведениях видного поэта Отежана Нургалиева. Автор анализирует значение стихотворений поэта в патриотическом воспитании подрастающего поколения.

Annotation. The article deals with questions of love for the Motherland in the works of the prominent poet Otezhan Nurgaliyev. The author analyzes the significance of the poems of the poet in the patriotic education of the younger generation.

Тірек сөздері. Патриотизм, туған жер, азаматтық ұстаным, отансүйгіштік рух, отансүйгіштік сезім

Ключевые слова. Патриотизм, родная земля, гражданский долг, гражданская позиция, патриотический дух, любовь к Отчизне

Key words. Patriotism, native land, civic duty, civil position, patriotic spirit, love of the Fatherland

Талант табиғаты тегінен дегендей, Ақтөбенің Байғанин өлкесінен шығып, әдебиетіміздің алтын қазынасына мол қор құйған ақындарымыздың жауһар шығармашылығы қазақ поэзиясының биігінде шокжұлдыздай жарқырап тұр. Солардың бірегейі, өмірде де, поэзиясында да ақиқатты ту еткен Өтежан Нұрғалиев поэзиясы нәзіктік пен сыршылдыққа, отансүйгіштік сезімге толы.

Мәдениеттанушы, ақын, жазушы Ә.Қодардың пікірінше: "Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы – таусылмайтын тақырып". Ақын өлеңдеріндегі келелі тақырыптың бірі – туған жерге сүйіспеншілік.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласында көрсетілгендей: "Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады" [1]. Патриотизмұғымы туралы сөздікте "(грек. «patris» – Отан) – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі", - деп анықтама беріледі. Отансүйгіштік сезімі туралы этнопедагогиканы зерттеуші ғалым А.Дүйсенбаев: "халық дәстүрлері негізінде адам баласының бойына жинақталған ерекше белгі. Ол әрбір жеке тұлғаның бойында белгілі бір қасиетке ие. Осы қасиеттер жиынтығы арқылы ғана әрбір тұлға өз Отанының патриоты болады", - деп келтіреді [2, 308].

Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім-тәрбие дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі жаһандану заманында бәсекеге қабілетті жас ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастырып, жеке тұлға етіп тәрбиелеуде оқу-тәрбие үдерісінде ұтымды қолдану қажеттілігі туындап отыр. Тарихты парақтасақ, қазақ патриотизмі ұғымы ерте кезден бері қалыптасты. Оның дәлелі, түркі халықтарына ортақ тас ескерткіштеріндегі (Орхон-Енисей жазулары) тағылымдарда, орта ғасырлар ойшылдары (Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи) мен жыршы-жыраулардың (Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Махамбет, т.б.), қазақтың ағартушы-гуманистерінің (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, т.б.) және қоғам қайраткерлерінің (А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б.) жырларында, ой-пікірлерінде көрініс табады. Соның ішінде әдебиетімізде отансүйгіштік тәрбие идеясы кеңінен жырланады.

ҮІ-ІХ ғасырларда қазақ жерін мекендеген ұлы түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтарының ішінде отансүйгіштік рух жетекші орын алады. «Тоныкөк» жырындағы Тоныкөктің өмірі мен қызметі, түркі халқының патриоттық тарихы және өсіп келе жатқан ұрпақты ерлік дәстүрінде тәрбиелеу турасында айтылады. Жырда қағанның кеңесшісі Тоныкөк үшін халық пен Отан даңқы бәрінен жоғары екендігі айқын көрінеді:

«Бүкіл түркі халқына
Қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым.

... Еліміз қайта ел болды,
Халқымыз қайта халық болды» [3, 58].

Түркі халықтарына ортақ мұралардан бастау алған елін, жерін сүюді дәріптеу сезіміне толы жырлар жыраулар поэзиясында, зар заман ақындарының шығармашылығында, хакім Абай поэзиясында, Алаш қайраткерлерінің мұраларында жалғасын табады. XX ғасырдағы қазақ поэзиясында отансүйгіштік сезімді жырлау кең тыныспен өрілді.

Ақындарымыз отансүйгіштік рухта тәрбие беруді құрайтын ұғымдарды топтап жырлады. Өр ақын Өтежан Нұрғалиев өлеңдерінде еліне, жеріне деген сағыныш сезімі сыршыл сезіммен әсем өрілген. Оның "Туған жерді таныстыру", "Мен қазақпын, жолаушы далам мынау", "Даламның мына отырған мен баласы", "Бес бала" т.б. өлеңдерінен кіндік қаны тамған туған жеріне, Қазақ еліне деген сүйіспеншілік суреті айқын аңғарылады:

Қазақтың кең даласын мақтан ете келе:
Мөлтілдеп жылы бумен бусанғандай,
Шашылған таңғы шыққа жусан қандай
...Бәрін айт та, бірін айт біздер құсап
Төрінде сар даланың тусаң қандай?!
Немесе:

...Туған далам, байтақ далам, кең алып.
Жыл түнінде жатырсың сен дем алып.
Әр сайыңа қашқан уақыт қамалып,
Әр төбене шығып жатыр жаңалық!
Немесе:

...Сен дегенде көкірегімде туса өлең,
Жапырағын жаңбырменен жуса емен,
Ол – өз елім, мәңгі жасыл еменім,
Мен – қарлығаш, қанатыммен су себем!

Ақын өз жырларында "Майыспайтын терегім – туған халқым, Саған ғана сенемін, сүйем сені!" деп асқақ сезіммен жырлайды. Сонымен қатар өзінің Ақындық позициясын да айқындап береді:

Мен – Ақынмын, бар ниетім – бір кәдеге жарауым,
Сол болар ма табандыға тәлтірексіз қарауым?
Ұл өсірген ағаштардың тамырынан тарауым –
жалғыз талдан ну өсірген жауынгерлік жалауым!

Өтежан шайырдың отансүйгіштік рухтағы жырларының ішінде туған ауылына деген сезімі суреттелетін кең тынысты өлеңдерінен ерекше лирикалық леп сезіледі. Ақынның «Бес бала» өлеңінде әр адам үшін маңызды ұғымдар қатарында ел-жұрты аталады:

Даланың тойын көп көрдім,
Күйеу ғып тартты ол төс маған.
Балалық шақты өткердім
Далада туды бес бала.

Бірінші балам – *қарт анам*,
Мұра боп қалған әкемнен.
Екінші балам – *мәрт анам*,
Дүниеге мені әкелген.

Үшінші балам – *ел-жұртым*,
Мен үшін тілек тілеген.
Төртінші балам – *қыз-қырқын*,
Тудырған талай жыр-өлең.

Бесінші балам – кеудемде,
Жазылмай жүрген *жыр* шығар.
Бар болса жарық дүниеге
Жарқ етіп күнде бір шығар.

Айыпқа мені бұйырма,
Қалада жүрген жолдасым,
Кете алмай жүрмін қиырдан,
Бес балам сонда болғасын!...

Ақын өз өлеңін жанына жақын "бес баласын" қимай жүрген сезімін суреттеумен аяқтайды. Ө.Нұрғалиев өзінің Жарқамыс кезеңінде туған өлеңдерінде азаматтық ұстанымын жаңа дәуір ақынына тән жаңашыл ойлармен өрбіте толғаған. Кең тынысты сыршыл, шыншыл ақынның паарасатты поэзиясы туралы пікір айтқан ғалымдардың бірі, әдебиеттанушы Б.Кәрібаева: "Қазақ поэзиясының, соның ішінде, қазақ лирикасының эстетикалық аренасы кеңейгендігі талас тудырмайтыны шындық, - дей келе, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы лирик ақындардың ішінде Өтежан Нұрғалиевтің де есімін ерекше атай отырып: лириканың жанрлық мүмкіндіктерін кеңейтіп отыр. Бұлар өздерінен алдыңғы топтың ең қажетті деген дәстүрлерін бойға жиды. Көзсіз еліктеуден, жалған жалау көтеруден аулақ болды" [4, 25], - деп талдайды.

Өтежан ақын өлеңдеріндегі қасиетті ұғымдарды топтап жырлау әдісі қазақтың көрнекті ақындары М.Мақатаев пен М.Шаханов шығармашылығында да көрініс тапқан. "Өтежанның бүкіл табиғаты – жүрген жүріс, мінез-құлық, қимыл-қарекет – бүкіл болмысы тек поэзия үшін жаралған ...Өтежан – ешқандай да қоспа-қоқысы жоқ

табиғи талант", - деп ақын інісінің шығармашылығына баға берген ақын М.Мақатаевтың "Үш бақытым" өлеңінде "халық, тіл, Отан" ұғымдарына сүйіспеншілік сезімі арқау етілген:

Ең бірінші бақытым – *Халқым* менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – *Тілім* менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – *Отан* деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Ал ұлт ақыны М.Шаханов өзінің "Төрт ана" өлеңінде отансүйгіштік сезімін бір-бірімен ажырамас бірліктегі "туған жер, туған тіл, салт-дәстүр, туған тарихты" аналарына теңейді:

"Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,
Жан байлығы, *салт-дәстүрі* – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және *туған тарихы*.

Қазақ поэзиясында өзіндік орны бар М.Мақатаев, Ө.Нұрғалиев, М.Шаханов шығармаларындағы топтау әдісінен қасиетті "ел, жер, тіл, тарих" ұғымдары патриотизм категориясын құрайтынын көреміз.

Заңғар жазушымыз Ә.Кекілбаев: "Ерекше күйініп, ерекше сүйініп, ерекше түңілетін Өтежан Нұрғалиев әлі сол өте жұмбақ қалпында. Азу тигізбестей асау. Тіл тигізбестей тылсым. Оның тұңғығына бойлаймын деп әлі талай ұрпақтың қары талады", - деп атап өткендей, шыншыл ақынның шындыққа толы жырларын зерттеп, жас ұрпақтың зердесіне сіңіру міндеті алдымызда тұр.

Бүгінгі жаһандану заманында ана тілін, ұлттық ділімізді сақтап қалу секілді тағдыршешті мәселелердің қатарында ел бірлігін қорғау мен туған жерге деген сүйіспеншілікті жас ұрпақтың бойына дарыту мәселесі үлкен маңызға ие.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // [https:// www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293](https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293)
2. Дүйсенбаев А.К. Тәрбие теориясы мен әдістемесі /Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 320 бет.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті /Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 264 б.
4. Қарібаева Б. Талап деңгейі. – Алматы: "Жазушы", 1984. – 160 бет.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ САРЫН

Қамарова Нағбду
Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ., Қазақстан
nagbdu@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың көрнекті ақындарының бірі Өтежан Нұрғалиевтің поэзиясы туралы сөз болады. Адам психологиясының түрлі иірімдерінен хабар беретін туындыларында сезім мен ойдың түйісуінен туындайтын түйіндеулер жалпы поэзиясының қазығы екендігі дәлелденеді. Поэзия мен философияның рухы біртұтас, бірлікте, бір-біріне кірігіп кеткендігін, адамның тылсым сырларын нағыз лирика ғана ашып көрсететіндігін Өтежан Нұрғалиев ақынның өлеңдерін оқи отырып ұғынасыз.

Аннотация. В данной статье речь пойдет о поэзии одной из выдающихся поэта Утежана Нурғалиева. В статье доказывается то, что в произведениях, раскрывающих разные закоулки человеческой психологии, выводы, сделанные на стыке чувств и мышления, являются стержнем всей его поэзии. Читая стихи Утежана Нурғалиева, вы понимаете, что дух поэзии и философии едины, что они объединились и растворились друг в друге, что раскрыть глубокие тайные чувства человека может лишь лирика.

Annotation. In this article we will talk about the poetry of one of the most outstanding poet UtezhanNurgaliev. The article proves that in the works that reveal the different corners of human psychology, the conclusions drawn at the junction of feelings and thinking are the core of all her poetry. Reading the poems UtezhanNurgaliev, you understand that the spirit of poetry and philosophy are one, and secret feelings of a person can give only lyrics.

Тірек сөздері: Өтежан Нұрғалиев, қазақ поэзиясы, қазақ өлеңі, рухани ішкі элем, адам, табиғат, үндестік, лирика

Ключевые слова: Утежан Нурғалиев, казахская поэзия, стихи казахов, духовный внутренний мир, человек, природа, гармония, лирика

Key words: Utezhan Nurgaliev, Kazakh poetry, verses of Kazakhs, spiritual inner world, man, nature, harmony, lyrics

Халқымыз таланты ерек, болмысы бөлек дарындыларға қашанда кенде емес. Әр заманда да ел көшін алға сүйреген ер тұлғалы азаматтар болған. Сондай ерен тұлғаның бірі, есімін ерекше ілтипатпен айтуға болатын тұлға – белгілі ақын, қазақ поэзиясына өткен ғасырдың алпысыншы жылдары өзіндік үн, ерекшелігімен келген келген ақынның бірі де бірегейі – Өтежан Нұрғалиев. Оның әдеби шығармашылығы – бүгінгі күннің биік эстетикалық талғамы мен талабына жауап беретін, идеялық-көркемдік жағынан аса құнды туындылар. Өлең өлкесіндегі алғашқы адымдары тырнақалды туындыларында-ақ, өзіне тән қаламгерлік мәнерімен, өлендегі өзгеше өрнек-нақышымен, мәйекті тіл, ұтымды ұйқасымен, сыршыл сазымен әдебиет әлеміне еркін еніп, қазақ жырының қалың көшіне іркілмей ілескен Ө.Нұрғалиевтің ақындық болмыс-бітімі бірден дараланып, уақыт өте келе шеберлігі шындала түскендігі оның көркем дүниелерінен айқын аңғарылады. Ө.Нұрғалиев шығармашылығының жанрлық ішкі сыр-сипатына үңілгенде оның терең жырлаған толғанысты, тебіреністі жырларына бойлаймыз.

Өтежан Нұрғалиевтің жаны да, ойы да, сұлу да сұңғыла болуының түп негізінің өзі де құтты Жем, Сағыз бойында туып өскендігінде жатқандай әсер береді. Ақындар өз тұсышындығының тек эмоциялық кескіндерін өлеңге түсірумен ғана шектеліп қалмайды. Өз дәуірінің күрделі шындығын дәл танитын ересек суреткерлікке, азаматтық кемелдікке ие бола бастайды. Өтежан ақын – кемел ақын. «Өтежан әдебиетке бірден қалыптасқан ақын болып келді. Ұмытпасам, алғашқы кітабына айтулы ақын Қуандық Шаңғытбаев алғысөз жазып, бата берді. Содан кейін бұл ақын әр жинақ сайын қарыштап өсумен болды. Оның «Соғыстың соңғы жазы» деген цикл өлеңдері өте бір өміршеңдігімен, өмір көріністерін берудегі шынайылығымен, поэтикалық орындау шеберлігімен құбылыс болды десем, қате айтпаспын»[1], - дейді белгілі жазушы Сәбит Досанов.

Қаламгердің шығармашылығына назар аударғанда, ең әуелі, бұл ақынның ерекшелігі, даралығы неде деген сұраққа жауап іздейміз. Ақын шығармаларының тақырыбы әр алуан. Әр жылдары жарық көрген жыр жинақтарының мазмұнына үңілгенде ең әуелі туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, сол елі мен жері басынан кешірген тарихи-әлеуметтік шындықты, адамгершілік асқақ мұраттарды, махаббат пен жастықты, перзенттік борыш пен парызды бөлекше нақыш, көркемдік айшықпен бейнелегенін көруге болады.

Ө.Нұрғалиев шығармашылығы туралы арнайы ғылыми зерттеу еңбектері болмаса да, ақын-жазушылар, әдебиет зерттеушілері мен сыншылары тарапынан мерзімді баспасөз беттерінде айтылған азын-

аулақ пікірлер, мақалар, сұхбаттар баршылық. Өтежан ақын өлеңдеріне тән ерекшеліктерді сөз еткенде, өмір мен уақыт өлшемін өзінше бағамдап, өзгеше ой түйетінін айтқан жөн. Ақын өлеңдеріндегі ой тербелісі, сезімдер қактығысы, өткінші өмірге деген наз лирикалық қаһарманның көңіл-күйі мен толғанысы арқылы шебер сурет, шешендік толғамдармен өрілетініне ерекше назар ауады. Алпысыншы жылдардың басында жарық көрген тұңғышы жинағы «Менің махаббатым» жинағынан бастап оның қаламынан шыққан «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Ай астында ақбоз үй», «Қайыңды тоғай», «Тыныштық», «Афина мектебі» сияқты салмақты жыр кітаптары, ал сұрапыл соғыс жылдарының тірі, көркем шежіресіндей «Соғыстың соңғы жазы» балладалары әдебиетіміздің алтын қорына қосылған құнды туындылар.

«Өтежанның Алматыға өзінен бұрын өлеңдері келді. Өзі де әдебиетке жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп келді» [2], -дейді ақын Оразақын Асқар. Өтежан ақынды қазақ поэзиясындағы құбылыс ретінде танытқан оның жырлары. Ақын жырларының әрбір жолын шебер қиюласқан, берік сөздер тізбегінен, бөлшектеуге келмейтін тұтас шешендік толғамдардан тұратынына өлеңдерін оқи отырып көз жеткізуге болады. Ақындық бөлекше бітім Ө.Нұрғалиевтің «От керек болса, ей жүрек» атты өлеңінде танылады:

От керек болса, ей жүрек,
Лапылдат, лаулат кө знұрын.
Көктемім ерте келді деп
Өзеуремесінөзгүлің.

Махаббатыңмен марқайсын
Сыпайы лебіз салқыны.
Кеудемде жатып қартайсын
Сабырдың сары алтыны [3, 8].

Осы қолтаңбадан-ақ Өтежан ақынның өзгеге ұқсамайтын даралығы көрінеді. Бұл даралық үзік-үзік бой көрсетіп қалып қоймайды, бүкіл шығармашылығының өн бойында өзгеше мәнер, тың өрнекпен жүйеленіп отырады. Өлеңнің өн-бойынан өршіл рух, алып-ұшқан көңіл аңғарылады. Ақын қоғамдық өмірдегі үлкенді-кішілі құбылыстарды жан толқынына бөлеп жырлағанда, өзінің ішкі жан дүниесіне, көңіл күйлеріне үнілмей отыра алмайды. Бұл сыршыл ақындардың бәріне ортақ қасиет.

Поэзия – адамзаттың көркемдік ойлау дүниетанымының көрсеткіші. Жаратылысты құрайтын тіршілік әлемінің көріністерін де, құбылыстарын да философиялық-психологиялық таным, түсінік

арқылы сараптау, бағалау, бейнелеу, болжау тек қана поэзиялық сезім иесі ақынның ғана жырларымен жүзеге асады. Ойшыл ақындар поэзиясы тектес және үндес құбылыстарды да, қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың да тіршілік қозғалысын кешенді, көп үнді, мол қатпарлы қалпымен тұтастай қамтып жырлауымен ерекшеленеді. Уақыт пен кеңістік жүйесіндегі саналы тіршілік иелері адамдардың жан әлеміндегі әрқайсысына тән даралық та, ортақ көңіл-күй әуендері де ойшыл ақындар шығармаларында поэтикалық көркемдік жинақтау өрнектерімен айқындалады. Негізгі шығармашылығы поэзия, бірақ прозада да өзіндік қолтаңбасы бар қаламгердің еңбектері ұлттық құндылықтарымыздың қатарын құрайды.

Алғашқы өлеңдерінен-ақ туған жерге деген перзенттік махаббаты анық көрінетінін әдебиет сыншылары да дер кезінде байқап, оң бағасын берген. Ақынның поэзиясында азаматтық-отаншылдық сарынды лирикасы басым жырланған. Әлем әдебиетінің классикалық үлгілері қатарында бағаланатын көрнекті ақындардың барлығында да халқының ата-бабалары, өзінің әулеті, өсіп-өнген, кіндік қаны тамған туған жер топырағы, атамекен, байтақ Отан туралы жырлардың басты орын алатыны мәлім. Туған жердің табиғи сипатымен тұтас өрілген көңіл тебіреністері – поэзиядағы адам тағдырының көркем шындықпен өрнектелуі. Ата-бабалардан сақталған ұрпақтар жан діліне тән ерекшелік – дәстүрлі көркемдік ойлаумен туған жерінің сипатынан рухани нәр алып жігерленетіні, марқаятыны. Ақын «Мен туған жер» өлеңінде:

Тарбағатайда тұрғам жоқ,
Таулары тума орманмен.
Жетісуда да тұғам жоқ –
Жәннәті жердің болғанмен.

Көгілдір Жемнің бойында
Жарқамыс дейтін ауыл бар.
Мен өстімсоныңқойнында

Мен сондатудым,бауырлар... [3, 8], - деп жырлайтын Ө.Нұрғалиев туған жерінің сайымен, алабымен іштей тілдесіп, даламыздың қарапайым қалпының өзі ұлылық екендігіне мінәжат етеді.

Ай болып
Жасыл құрақты
Әлдилеуші еді ол ақ түнмен.
Көк қасқа бұлақ сияқты
Көгалға сіңіп жаттым мен.

Ақ тақырлардың төсінде
Аяғым сынды ат тулап.
Адасқым келмей көшімнен
Орнымнан тұрдым шат қунап...[3, 8].

Қазақ даласының келбетіне тән реалистік суреттерден поэтикалық әсерлі романтикалық бояулы бейнелеулер жүйесіндегі ақын жасаған баламалы тіркестер атамекенді ардақтаған азаматтың елжіреген сезім әлемін танытады:

Сол жерден әкем жоғалды
Киініп шинель – көк сауыт.
Көк өгізімен солардың
Көгалға шықтым шөп шауып.

Сол жерден гүлдеп жас кеудем,
Сол жерден ұштым қияға.
Алматылар мен Мәскеуден
Оралдым сол бір ұяға [3, 9].

Ауылын аңсамайтын жұмыр басты кемде кем шығар. Ал ақынның аңсауы бір бөлек әңгіме. Көркем қалаға айырбастамас ауылын жырға қосқанда ақын тебіренісі анық байқалады:

Кішкене таң боп атамын
Сәулесі сөнген баулардан.
Сені іздеп келе жатамын
Аңырып тұрған таулардан.

Сен кімсің, десе, соншама –
Тұрсың сен қайдан тіреу-ап?
... Ұжмағыңжетеуболса да,
Туғанжер, дер ем –
біреу-ақ!

Шыбығын ат қып бұл құмның
Садаққа шиін сайлаған,
Бозбала кезде жыңғылдың
Талына тайды байлаған [3, 9].

Өлеңінің әрбір тармағындағы баламалы бейнелеулері ұлттық көркемдік ойлау тереңдігін айқын аңғартады:

Айдың төсегін шаңдаған
Құлынның күзгі байлауы –
Бес материктен таңдаған
Жанымның сенсің жайлауы [3, 9]!

Туған жерді бүкіл жер бетіндегі жанның жайлауына балау – Өтежан қаламына ғана тән сияқты. Ақын шынайы сөйлейді. Өтежан өлеңдеріндегі туған жерінің, қазақ даласының тұтас кеңістігі де, аспаны да, таулары да, ондағы тастары да, дөңдері де, ормандары, ағаштары, бұталары да, олардағы жапырақтары, тамырлары, т.б. – бәрі де көркем шындық жинақтауларымен жырланады. Ө.Нұрғалиев поэзиясы – табиғаттағы барлық заттардың, құбылыстардың баламалануы арқылы тіршілік қозғалысындағы үндестіктер және карама-қайшылықтар жүйесін саралап танытуымен ерекшеленеді. Азаматтық-гуманистік дүниетаным кеңістігіндегі ой өрілімдері, түйінді тұжырымдары тек қана табиғаттағы қозғалыстармен, көріністермен баламалана өрнектеледі.

Ақын шығармаларының барлығы да философиялық ойшылдық тереңдіктерімен баурайды. Қазіргі заманғы әдебиеттану қисыны бойынша: «Өлең рухынан әлемге, өмірге, адам тағдырына деген лирикалық көзқарастың көрініс табуы, жан толқынысынан хабар беретін лирикалық үн естіліп, болмыс мәнін, шындық елесін іздеген, мәңгілік сауалдарды өзінше қабылдап, өзінше жауап қайтаруға тырысқан лирикалық «Меннің» айқын сезілуі – философиялық лирикаға хас айрықша нышандар ретінде танылады» [4, 216]. Философиялық поэзияның лирикалық және эпикалық үлгілерінде де автордың жеке адам мен бүкіл адамзат ұрпақтарының тағдырын ғарыштық кеңістіктегі өзара үндес немесе мүлде қайшылықты құбылыстар, қасиеттер жүйесімен сабақтастыра жырлайтыны мәлім. Туған халқына, байтақ Қазақстанына арналған перзенттік махаббатын, азаматтық-қайраткерлік қызметін көркемдік сипаты құнды шығармаларымен жасаған ақын ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың халық тілінің поэтикалық қолданылу мүмкіндіктерін тереңдете дамытты. Ақынның поэзиясындағы қазақтың байырғы және кейінгі заманғы ауызша және жазбаша лексикалық қорындағы сөздер мен сөз тіркестерінің философиялық-психологиялық алуан мағыналы реңктерімен қолданылуы да халықтың тілдік қорының байлығын танытады.

Ө.Нұрғалиевтің поэзиясы – салмақты, саннан сапаға маңыз берілген, мазмұны мен айтар ойы ақындық-азаматтық мықты іргетастан құйылған тума жырлар. Өмірге құштарлық — әрбір адамның қасиеті. Ал ақындардағы өмірге құштарлық бұл жеке адамның ғана стихиясы емес, бұл ақынның заман, қоғам, уақыт алдындағы үлкен жауапкершілігі.

«Ешкім оған қоя алмайды нүктені, өмір деген сөйлем емес үйткені» деп Төлеген Айбергенов асқақ жырлағандай, Медет Дүйсенов те өзі білетін өмірді шетсіз, шексіз мәңгілік құбылыс, адамның бақыты мен

арманы, адамзаттың ғарыштық ғұмыры деп есептейді. «...Өмірден алдым мың сабақ» өлеңін оқып көрейік:

...Өмірден алдым мың сабақ,
Өмірден алдым — өлмеуді,
Аққулар құсап су сабап,
Аруана құсап шөлдеуді.

Қоңыр қаз болып қаңқылдап,
Қараша күзде қайтуды.
Сүмбіле туа салқындап,
Қаңтардан хабар айтуды.

Жаз келіп жырын айта алар,
Көктем де айтархабарын.
Олар да мендейқайталар
Өмірденалғансабағын...[3, 9].

Поэзияның күші мен құдіреті де осында, ол – өмірге құштарлық, ғашық болу. Ақын жүрегіне бойлай отырып, жүк арта отырып, өмірді шексіз сүйетінін мойындайды. Өмірдің мәні мен мазмұнын тереңнен түсінуге, байыптап түйсінуге, барлап сүйсінуге негізделген.

«Таңның атуы» өлеңінде былайша ой толғайды:

Неткен көркем алаураған мына таң? –
Ұяла бір атқан таңды ұнатам!
Маң-маң күйсеп,
көлеңкесін көлбетіп,
Күншығыста биік шоқы тұр атан.

Балдың исін сайдан сүйреп жел кетті,
Әр бәйшешек бір әншіні тербетті.
Шығыс жақта алтын айдар күн-бөбөк
Көкжиектен қылтиды да ержетті!.. [3, 8].

Ақын жүрегінің жаңғырығы өлеңге түскен. Бүкіл қара жердің салмағын көтерген ақын жүректің жырында адамгершілік қасиеттер алға жетелей жөнеледі. Ақынның заман алдындағы, қоғам алдындағы, керек десеңіз, өзінің ар-ожданы алдындағы жауапкершілігі мен міндеті оның ақындық көркемдік қуаты мен ақындық шеберлігіне тікелей тәуелді. Бұл өлеңде ақынның ең алдымен өзін іздеуі, өзінің қоғамдағы орнын іздеуі бір қарағанда махаббатқа астасқан сырдай болып көрінсе, үңіле қарағанда ақынның заман тынысын сезінуге деген тынбас талпынысы айқын аңғарылады. Осылайша өзін өмірден іздеген ақын

бірте-бірте, уақыт өте келе жаңа биік, жаңа арналардан өзін көрсете бастайды.

Ақынның ең қымбат құралы – суреткерлік адалдығы. Ақынның заман алдындағы өсу, жетілу, даму кезеңдерін де өз оқырманының назарына ұсынады. «Поэзияда азаматтық әуеннің басымдығы, көркемдік түйіндеулерге ойысқандық, адамның ішкі әлемін аша түсуге машықтану тәрізді сипаттар барған сайын бой көрсете түсуде» деп жазды ақын-ғалым Сағынғали Сейітов [5, 45]. Ақынның заман алдындағы жауапкершілігі дегенде, оның шығармаларындағы шыншылдық пен көркемдік, идеялық және тақырыптық ізденістер сол ақынның жеке шаруасы ғана емес, яғни жеке адамның жалпыға ұмтылған, жалпының жалқыға игі әсер етер ықпалы түсініледі. Бұл бағытқа келгенде, ақын Ө.Нұрғалиев – ежелден өзінің заман алдындағы ақындық жауапкершілігін терең сезінген және сол сезінуді өлең арқауын құрауда әркез есінен шығармаған, ақынның иығына түскен әлеуметтік жүкті көтерудегі азаматтық тұлғасын аласартпаған ақын. Ақын алдан көңіл мен ақаулы тірліктің мазасыз болмысын көріп қана қоймайды. Мейірімнің соңынан ерген қатыгездік барын, өмірдің соңында өлім барын ескерте отырып, әділет пен адалдықтың женуі үшін көріп, сезудің аз екенін, әркім өз қуатын жұмсауы қажеттігін меззейді. Әділет пен шындықтың аспаннан салбырап түспейтінін еске салады.

Өтежан ақынның ұлтжандылығын, азаматтық әуенді барлық өлеңдерінен кездестіруге болады. Осы орайда академик С. Қирабаев «Поэзиядағы азаматтық әуен ең алдымен ақынның азаматтық тұлғасына байланысты» [6, 29] деген ойды айтады. Лирикадағы азаматтық әуен дегенде туған ел, туған жер, атамекенді жырлауды, адам баласына тән асыл мұраттарды идеал тұтуды айтса болады.

Ақын поэзиясындағы стильдік ізденістерді көркемдік әдіс, жанр, ақындық шеберлік, өлеңдеріндегі ұлттық сипат төңірегінде қарастыра келе Өтежан ақын шығармашылығына ортақ сипат – қазіргі қазақ поэзиясында адамның ішкі сезім әлемінің бар мүмкіндікпен ашыла бейнеленуі, қалыптасқан реалистік әдісті романтикамен, кейбір символдық элементтермен үндестіре жырлауы демекпіз. Ө.Нұрғалиевтің шығармашылығын жан-жақты, терең зерттеп игеру – қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған елеулі міндеттердің бірі. Биыл 80 жасқа толған біртуар ақынның шығармашылығын зерттеу күн тәртібінен түспеу керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Досанов С. Өзі өлгенмен, өлеңі өлмейді. «Егемен Қазақстан» газеті, 7 қараша, 2011 жыл.
2. Өтежан Нұрғалиев: «Мен "түсініксіз" болсам, болайын...». Қ.Ибрагимова,

05тамыз, 2016 жыл. adebiportal.kz - <http://adebiportal.kz/kz/news/view/869>.

3. Өтежан Нұрғалиев өлеңдері. «Ақтөбе» газеті, 16 тамыз 2018 жыл.

4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: «Ана тілі», 1996.

5. Сейітов С. Өлең өлкесінде. — Алматы: Қазақстан, 1984. — 243 б.

6. Қирабаев С. Талантқа құрмет. Мақалалар. Зерттеулер. Портреттер. - Алматы: Жазушы, 1988. - 246 б.

Ө.НҰРҒАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ

Сұлтанғалиева Жанат Сәлімгерейқызы
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
zhanat.sultangalieva@mail.ru

Андатпа. Мақалада Ө.Нұрғалиев өлеңдеріндегі ұлттық рух, өршілдік лирикалық кейіпкер және автормен байланысы, көркемдеу мен шеберлік ернектері сөз болмақ. Сонымен бірге Ө.Нұрғалиевтің әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни туған елге, жерге деген сағыныш мәселесі, ақындық шеберлік сырларын әр қырынан талдау көзделген. Ақынның өлеңдерінің тақырыптық, жанрлық түрленуіне байланысты мазмұндық, тәрбиелік мәнін ашу, көркемдік құралдарды қолдану ерекшелігіне тоқтала отырып ұлттық бояудың қанықтығын, стилін анықтау болып табылады. Өтежан жырларынан ақын жүрегінің мазасыз дүрсілін оның қаһармандарының өмірдің әрбір құбылысына мазасыз көзқарасын ұғынғандай боламыз. Ақын өлеңдері автордың өз мінезін, дүние танымын анықтайды. Өйткені оның поэзиясы өршіл поэзия, сырлы да суретті поэзия екендігі көркемдікпен талданады.

Аннотация. В статье рассматривается поэзия О.Нурғалиева, ее национальный дух, связь автора с отважным лирическим героем, его художественное мастерство. Также анализируются разноплановые лирические произведения поэта, мир героев, любовь к родной земле и тоска по ней, секреты поэтического мастерства автора. Эстетическое познание лирики поэта Ө.Нұрғалиева сопровождается в сопоставительном аспекте. Представлено все тематическое разнообразие лирических произведений поэта, его многожанровое творчество, предпринята попытка показать содержательный и дидактический аспект его произведений через призму национального мировоззрения, на фоне национальной эстетики и стилистики. В произведениях Отежана мы чувствуем биение его беспокойного сердца, равнодушное отношение героев его стихотворений к огромному ряду явлений. Стихотворения поэта как зеркало отражают его характер и мировоззрение. В данном аспекте его поэзия может рассматриваться как героическая, которая наполнена глубиной и гражданской позицией.

Annotation. The Article is about the national spirit, ambitious lyrical character and connection with the author, artistic and creative expressions in Nurgaliyev's

poems. And also, on each side there is an analysis of each theme-the lyrical works of Nurgaliev, the world of characters, that is, the problem of boredom to the native country, the land and poetic skill. Aesthetic knowledge of Nurgaliev's poetry and the poet's work set the task of comparative analysis. In connection with the thematic, genre transformation of the poet's poems, to reveal the content, educational essence is the definition of saturation, style of national color, focusing on the specifics of the use of artistic means. From sagas of Utezhhan we can truly understand restless beating the heart of poet and his heroes's restless opinion to each phenomenon of life. Poems of poet define author's behaviour, knowledge of the world. Because his poetry is ambitious poetry, and the mystery and illustration of this poetry is analyzed by artistry.

Тірек сөздері. Поэзия, өршілдік, көркемдеу мен шеберлік, өлең құдіреті, көркемдік құралдар

Ключевые слова. Поэзия, отважный, художественное оформление и мастерство, мощь поэзии, художественные средства.

Keywords. Poetry, brave, artistic design and craftsmanship, the power of poetry, artistic means.

1960-1967 жылдар аралығында әдебиетке жаңа талантты толқын легі келді. Олар: Т.Айбергенов, М.Айтхожина, С.Асанов, А.Бактыгереева, Т.Бердияров, Қ.Бұғыбаева, С.Жиенбаев, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, Ө.Нұрғалиев, А.Нысаналин, Ф.Оңғарсынова, О.Сүлейменов, М.Шаханов, З.Шүкіров т.б. Бұл ақындар өздерінің бойына лайық жүк көтеріп, өз үнін ерекшелеп, айқындап шығуға, өзіне лайық сара жол табуға ұмтылды. Бұл ортада оқ бойы оза шауып, өз еңсесін биіктен көрсеткен сарабал сара таланттар да бар.

60-жылдар – қазақтың қазіргі заман поэзиясына жаңа есімдерді алып келумен қатар, рухани және әлеуметтік өміріміздің, қоғамымыздың дәуірге лайық шындығын ашуда, поэтикалық түр мен бейнелеу құралдарын дамытуда жаңа бір күрделі сәт болды. Мұның өзі поэзиядағы айтарлықтай құбылысқа айналды. М.Әуезов сөзімен айтқанда, «жыл келгендей жаңалық» сездіре келген, С.Жиенбаев, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, Ө.Нұрғалиев, М.Шаханов т.б. әдебиет есігін өзіндік үнімен еркін ашты [1.8]

Суреттеу, бейнелеу, көркемдік тәсілдердің, өлеңнің формалық, мазмұндық жағы, ұлт сипатын білдіретін өрнек, нақыш бояуларының молаюы, тақырыптың баюы, лириканың композициялық жағынан күрделенуі, лирикалық қаһарманның есеюі – бәрі-бәрі 60-жылдардағы қазақ лирикасының көркемдік ізденісінің жемісі. Әр ақын-өз алдына бір-бір әлем. Олай болса Өтежан Нұрғалиев ақынымыздың өлеңдерінен жүрегі сәулелі мұңға, махаббат сағынышына, өмір

қуанышына толы сырбаз «менімен», жүзіне адамгершілік шуағы, парасат нұры ұялаған данагөйдің келбеті танылады.

Ақын Өтежан – бүгінде қазақ поэзиясының дарынды өкілі. Оның «Менің махаббатым», «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Кемпіркосақ», «Кәмелет», «Ай астындағы ақ боз үй», «Қайыңды тоғай», «Соғыстың соңғы жазы», «Афины мектебі» сияқты тамаша туындылары қазақ поэзиясының алтын қорынан берік орын алды. [2, 135]. Ғасырлар бойы талай дүл-дүл – ақын жырласа да сан қырынан түрлене түсіп келе жатқан мәңгілік тақырып бар. Ол – махаббат тақырыбы. Махаббат – туған жерге, елге деген таусылмайтын, ешқашан ортаймайтын сүйіспеншілік, өмірге ғашықтық. Махаббат – ананың балаға, баланың анаға сүйіспеншілігі. Махаббат – ғашық жүректердің табынатын тәңірі. Олай болса, тіпті бүкіл адамзат өмірінің түп қазығы – махаббат екенін көреміз.

Кез-келген ақын жырларында осы мәңгілік тақырып өзінше өрнекпен жырланады.

Сол жерден гүлдеп жас кеудем,
Сол жерден ұштым қияға.
Алматылар мен Мәскеуден
Оралдым сол бір ұяға.

Кішкене таң боп атамын
Сәулесі сөнген баулардан.
Сені іздеп келе жатамын
Аңырып тұрған таулардан [3, 33].

Немесе:
Сен кімсің, десе, соншама –
Тұрсың сен қайдан тіреу-ап?
...Ұжымағың жетеу болса да,
Туған жер, дер ем –біреу-ақ!

Бұл үзінділер ақын Ө.Нұрғалиевтің «Мен туған жер» атты өлеңінен келтірілген. Айтылып, жазылып жүрген, кейбір сыншылар айтатындай «шиырланған тақырып». Бірақ ақын сол тақырыпты өздерінше жырлайды. Сөйтіп сені іздеп келе жатамын, аңырып тұрған таулардан деп туған жерге деген сағынышының таусылмайтынын әдемі айтса, екіншіден, ақын адамға өмір сыйлайтын, қайда жүрсе де арқа сүйейтін, махаббат сыйлайтын кіндік қаны тамған туған жері, ұжымағы екенін әсем байымдайды. Әркімнің-ақ ойындағы сөз. Алайда мынау өлеңді оқып шыққан соң ғана, «шынында да солай-ау», - деп тамсанамыз.

Халқымызға тән қасиет, ұлттық мінез дегеннен шығады, өлеңдегі шешуші міндетті ақын бейнесі, тұлғасы атқаратындығын ескеру қажет.

Қазақ түзде, тоғайда
Көңіл бөлген түлікке.
Киіз үйін алайда
Толтырмаған мүлікке.

Артық заттан арылып
Қойған жөн деп қорытқан.
Қонаққа жер тарылып
Қалады деп қорыққан!

Өлең идеясы кеңдікті, дархандықты, қонақжайлылықты айту. Бұл тек Қ.Мырзалиевтің лирикалық кейіпкерінің ғана емес, бүкіл ұлтымыздың мінезі. Себебі қонақжайлылық халқымыздың қанына сіңген қасиет.

Күтуші ең-ау көп нәрсе, халқым, менен,
Жазылатын сөз күттің алтынменен.
Бір кісіге жететін ғұмыр беріп,
Табысатын тіл бердің әркімменен.

Өлеңін осылай асқақ пафоспен бастаған Өтежан ақын еліне деген сүйіспеншілігін кеудесін кернеген қуанышпен, ерекше шаттана отырып жырлайды, осы мақсатта өлеңнің ырғағы да арынды екпінді құрылған. Арқа сүйер елінің, халқының барына шаттанып, ақын бір сәт былайша толғанады:

Көкірекке керемет күй енсе еді,
Сол енген күй тек саған сүйенсе еді.
Майыспайтын терегім –туған халқым,
Саған ғана сенемін, сүйем сені.

Біз сөз етіп отырған ақын Өтежан Нұрғалиев эстетикасында, ақындық әлемінде, сұлулық сырларында ғашықтық мінездер жасауға айрықша орын береді. Қазақ поэзиясында тұңғыш рет махаббатты сезім күйінде ғана емес, философиялық тұрғыдан жырлаған Абай «махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» деп махаббаттың қоғамдағы, адамдар өміріндегі орнын анықтап береді.

Ақын Ө.Нұрғалиевте де ғашықтық мінезге байланысты:
Өрт болып құшақ қармасты,
Жануым еді алғашқы...
Сілкінді жүрек жай болып,
Бір күлді жұлдыз ай болып,
Топырақ түлеп, май болып,

Еріді – гүлге жармасты.

Осы өлеңде автордың жеке күйі, махаббат күйзелісі рухани өмірдің белгілі бір кезеңі арқылы берілген. Бозбала күннің көңілден кетпес суретін ғана көріп қоймай, жымия еске аларлық мінезі мен албыраған дидарын танып, жүрек лүпілін естиміз.

Екінші бір өлең – «Бір махаббаттың хикаясы», яғни өзін тастап, «жиырма бес жылдық әскерлік оқуға кеткен», содан оралмаған, сол жақта «Горькийдегі генералдың қызына айтпай жүріп үйленіп алған» жарын өмір бойы күтіп өткен Қалқа туралы баллада.

«Кетті Жарас. Кетті. Әскерге алынды»,– деген жолдармен басталады:

Жігіттерге карамай ма, қарай ма,

Ол да адам ғой, періште емес.

Алайда

Айта алмаймын, айтуға тіл жетпейді,

Ол жағына сен қинама, жарай ма? -деген шумақтармен өріле береді.

Ө.Нұрғалиев жетпісінші жылдарға шейін «Төрт Төлеген туралы баллада», «Шай құйды бір сұлу қыз» деген тәрізді бірен-саран жырлары болмаса ақын оқиғалы өлеңдер жазуға көп бара бермеген. Кейіннен газеттерде бөлек -бөлек балладалары жариялана бастады. 1978 жылы «Соғыстың соңғы жазының» бірінші кітабы жарық көрді.

Төбесінде қара қайыс тақия,

Бесенеден белгілі ғой Жақия,

немесе:

Екі колхоз тауыса алмайтын құрағын,

Кім білмейді Сағындықтың бұлағын...

Немесе

Тағы да сол қой бағатын Көмекбай,

Жұрттың сөзі: Басқармаға не депті-ай?

Күні кеше өзіміз шыққан кәдімгі ауылдың таныс әлқиссасы. Тілдік қордың ортақол ақындардың деңгейінен асып тұрған ештеңесі жоқ, бірақ өте тартымды. Жайлаудың жазғы таңы атып келе жатқандағы таза ауадай мөлдір өлеңдерімен сүйсіндіретін Өтежан Нұрғалиев «міне мен өлеңді осылай да жаза аламын» деп поэзия әлеміне жаңа келген жандай бола қалады.

Ө.Нұрғалиевтің кейіпкерлері – «жеті әкенің құртып барып тоқтайтын» басқарма, «қорадағы қарт қораздай қоқаңдаған» бақшашы, «алдап алып асықтарды жалмайтын» класком, жібі тұзу дегеніміздің өзі – «бүтін шалбар кимей өткен» оқушы, «жалғыз көйлек-дамбалмен мың қой баққан» қойшы, «жарымаған жамау көйлек, беті ісік»

кемпір... Ал мұндай кейіпкерлердің шежіресін ай қабақ, алтын кірпік, атқан тандай, жаққан шамдай сұлу сөздермен жеткізу мүмкін бе? Тағы бір ерекшелік, негізінен поэзиядағы жиынтық образға (белгісіз кейіпкерге) бой үйреткен жұрт бір кітаптағы әр өлеңін әр бөлек түп бейнесі болатынын таңырқай қабылдады, әр бетті тамсана парактады, тапжылмай зерделеді. Бұндай бүп-бүтін дүние қазақ поэзиясында некен-саяқ болатын. Қ.Мырзалиев қана бір кітапты бір тақырыпқа бағындырғанымен, түптеп келгенде, бұл топтамаларда да негізінен жекенің емес, жалпының әуенін жырлайтын, ешкімнің көзін дәлдеп шұқымайтын ұжымшыл өлеңдер болып келетін.

Киелі Жем-Сағыз өлкесін:

Анау көлденең жатқан Жем еді,

Жетімдерді жебеді,

Балығы тайдай тулаған,

Бақасы қойдай шулаған,

Қайырлы қоныс жер еді, - деп Доспамбет жырау жырласа, Жайық пен Жемді «Берекелі қазынам, қызығы мол базарым» деп Қашаған ақын жырлап өткен қасиетті өңір. Осы өлкеден небір марғасқа ақындар, майталман жазушылар шыққан. Солардың арасында өзінің қайталанбас поэзиясымен озық тұрған ақын – Өтежан Нұрғалиев. Өтежан поэзиясы – оның туа бітті қасиетін даралайтын қасиетті туы. Ол өлең-жыр өлкесіндегі өзінің ұстанымын сол кезде айтып еді:

Поэзия – пырағым – арғымағым,

Қайтсем сенің бағынды жандырамын?

Жүгенімді қолыма ұстап жүгіремін,

Көкжиекке көзімді талдырамын.

Саған деген көңілім таза,

Мандайға жыр бітсе,

Жалғанды жалпағынан басар едім,

Жалыңа саусағымның ұшы тисе, - дейді.

Байқасаңыз анау-мынау жазарман емес, алқалы топтан алқынбай қас жүйріктердің сапынан көрінуді мұраттанғаны байқалады.

Ару Жемнің тамырынан нәр алған, ақындар ауылы саналған Жарқамыс – кіндігін, ақша бұлт тұсауын кескен Ө.Нұрғалиев ақынның ақ бесігі, аяулы мекені. Кіндік қаны тамған қара жердің қасиетін бәрінен биік қоя отырып, бұлттардағы бұлқынысымен буға айналып кетуге де танбайды. Ақын ғұмырының ақ жармасы Жем-Сағыз өңірі халқының жүрегінде.

Қанды майданға әкелері қатысып, балалық шақтары тыл тағдырымен сабақтасқан, елдегі жетім-жесірлерді көздерімен көрген, сол тағдырды кейде өздері де тартқан ақындар толқыны соғыс пен

бейбітшілік тақырыбына қалам тарта келді. Өлеңдерінде баланың - жетім, ананың- жесір қалуын, майданнан оралмаған әкені күткен бала сағынышын, жар сағынышын жырлаған буын 60-жылдары әдебиетке жаңа бір леп әкелді. Олардың қатарында Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, С.Жиенбаев, Ө.Нұрғалиев т.б. ақындар бар. Бұл ұрпақ өкілдерінің соғыс тауқыметін, соғыс қасіретін көруі, оларды жырлауы да әртүрлі. Тақырыптары бір болғанмен, лирика тілінде сөйлету тәсілдері әр алуан. Мысалға, Т.Молдағалиевтің «Етік» деген өлеңін алалық. Анасымен екеуі алма кезек киіп жүрген етігі сыймай қалғанда:

Етігін әкең келсе киесің,- деп,
Анашым кете берді үйді айналып,-
дейді де:

Балалық бастан өтіп кетіпті ғой,
«Етігін әкем келсе кием», -деумен,- деп түйінделеді.

М.Мақатаевтың жүрек жарасы тіпті де бөлек:

... Жалынған ғазиз Анам, сұрап қалған,
Жоғалды сол бетімен бірақ та арман.
Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,

Себебі ол үйімізден тірі аттанған,-деп жырлайды. «Соғыстың соңғы жазы» атты кітабын тұтасымен бала тағдырына, соғыс тақсіретіне арнаған Өтежан Нұрғалиев бір жағынан соғыс зардабын, екінші жағынан тылда, ауылда қалған басқарма, бригадирдің қорлығын жырға қосады.

Ақындар заман қасіретін, соғыс кесепатын қарапайым өмір эпизодтарымен көркем де, шебер бере білді. Ө.Нұрғалиев – суреткер ақын. Әрбір ойды, әр сезімді образға орап ұсынады. Өлеңдеріндегі бейнелер – күнгірт, көмескі емес, керісінше шығыс бояуларындай шымқай, шұрайлы. Өтежан ақынның өлеңдері тынысы кеңдігімен, қамтыған тақырыптары аясындағы ауқымдылығымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

1. М.Әуезов. Жырма томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1985. 20-том. 446-б.
2. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым, 1998. 400 б
3. Ақтөбе кітапханасы. Ө.Нұрғалиев. Ақтөбе: «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС, 2013.-320 б.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ӨЛЕНДЕРІНІҢ МАЗМҰН МЕН ТҮР ЕРЕКШЕЛІГІ

Тлеулесова Ардақ Шайкенқызы
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті,
Астана қ., Қазақстан
arnur.tleu@mail.ru

Анатпа. Аталмыш мақалада Өтежан Нұрғалиевтың өлеңдерінің мазмұн мен ерекшеліктері қарастырылған. Өтежан шығармаларындағы тағдыр шешімінің көрінісі өлеңдердің сюжетінде мол көрініс табатындығы жүйеленіп көрсетілген.

Аннотация. В этой статье рассматриваются содержание и особенности стихотворений Өтежана Нурғалиева. В его произведениях систематизировано, что отражение решения судьбы в произведениях Өтежана находит отражение в сюжете стихов.

Annotation. This article discusses the contents and features of poems Otezhan Nurgaliyev. In his works systematized, which is a reflection of the fate in the works Otezhan is reflected in the plot of the poem.

Тірек сөздері. Шығарма, ерекшелік, бүгінгі поэзия, еңбекқор ақын.

Ключевые слова. Сочинение, особенность, современная поэзия, трудолюбивый поэт.

Key words. An essay, a feature, modern poetry, a hardworking poet.

Өтежан Нұрғалиевтың өлеңдерінің негізгі тақырыбы – адамның рухани дүниесімен астасқан адамгершілік тәрбиесі. Шығармалары халықтың ең ізгі ойымен, арманымен үлесіп жатқан ақын үміт, күйіну, қайғыру, өкініш, қуану сезім күйлерін ерекше тебіреніспен өлеңге айналдыра біледі. Туған жерінің өнер теңізінен еркін сусындап, бойындағы бар асылын жұртына қалтқысыз жұмсаған ақын тағдыры – бақытты өмір. Ақынның ақындық сыры шынайы адамдық қылықтарға, жас адамға лайық сезім шыншылдығына, терең астарлы ойға құрылған.

Ғалым З.Ахметов: «Поэзияға тән қасиет-айтылып, баяндалып отырған нәрсе жайлы ұғым, түсінік беру емес,оны бейнелі түрде сипаттау, суреттілік десек, осы ерекшелік лирикалық-өлеңдерден айрықша байқалады» [1, 47],- деген. Ал орыс әдебиет сыншысы Белинский поэзиясының өзге шығармалар секілді лирикалық шығарма да ойды сөзбен жеткізеді,бірақ ол ой тікелей бой көрсетпей, адамның дүниені сезінуі арқылы аңғарылады да, ол туғызған елес – көріністі белгілі, үйреншікті ұғымдармен айдан, анық етіп айтып беру қиынға

соғады. Бұның қиын болатындығы-таза лирикалық шығарма сурет-картина тәрізді, алайда ондағы негізгі нәрсе – картинаның өзі емес, біздің көңіліміздегі ол туғызған сезім. Сондықтан өлең сөз сезімге толы, мейлінше әсерлі, көркем, бейнелі болып келеді.

Өмірді көркемдік жолмен қабылдап, сезіну, эстетикалық, ақындық сезім, айрықша эмоционалдық, сезімталдық - міне, осылар белгілейді. Өтежан көп ізденіс үстіндегі, еңбекқор ақын.

Б.Кәрібаева: «Өтежан қазақ поэзиясының тұлғалы ақындарының қатарынан саналады, - деген. Алғаш шыққан өлеңдерімен арақидік болса да осындай бағалы пікірге ие болған. Ө.Нұрғалиев бүгінгі поэзия жанрындағы көркемдік ізденістер аясында өзіндік өрнек, бояуымен оқырмандар жүрегіне жол тауып жүрген ақындардың бірі [2, 177].

Әдебиеттің ең басты ерекшелігі де сонда өзіндік стиль қалыптастыруында. Өзіндік стилі бар ақын түсінік түйсік,тіл төңірегінде күрделі процестен өтіп барып дараланады. Яғни, ондағы ой мен сезім арасалмағы, талғам деңгейі, лирикалық кейіпкер сезімінің диалектикасы деген мәселелер өз-өзінен туындары сөзсіз.

Ақындықты әркім әр түрлі бағалар. Шындықты да әркім әр тұғырдан көре алар.Оның бер жағында талғам дүниесінің сан қырлылығы-өмір күрделілігінің кепілі. Бірақ, ақиық-ақын қашанда алда,заманының ойшылы, тіршілік көзі - әсемдік, үндестік (гармония) жаршысы. Дегенмен де, ақын ерекшелігін, талғамай өзге емес, өзіндік бояуының қалыңдығымен, күрделілігімен өлшеген жөн секілді.

Өтежан сыршыл ақын екендігі оның жырларынан да байқауға болады. Өлең жолында игілікті еңбек еткен ақынның жырларында табиғат шаттанып, күйзеліп, мұнайып, ойланып тұрғандай күйде болады. Осы тұрғыдан келгенде Өтежан жырлары өзінің тазалығымен,табиғи шынайы мәнімен, ұлтқа тән бай нәрлілігімен ерекшеленеді. Ол табиғатқа жан бітіреді...Табиғат құбылыстарын адам жан-дүниесіндегі ерекше сезім күйлерімен керемет тұтастыра береді:

...Кім салмақ желдің салған суретін бұл.

Жансызды би билеуге үйретіп жүр...

...Жамбы ғып жапырақты сатып алып,

Қаңбақты қанжығада сүйретіп жүр(Жел).

Өтежан көп орайда образбен ойлайтын, сөйлейтін ақын. Бұл тұрғыда да ақын халықтың қалыптасқан құнарлы тілінен бұра тартпай, ұлттық нәр нақышты хал-қадерінше байыта, жаңалай түскендей.

Көл де бір кербез келін,таң атқанша,

Ұйықтайтын күн қытықтап оятқанша

Қарашы, жұпар самал әтір құйып

Отырды қыз қабағын бояп қанша

Көк құрақ кербез көлдің жан еркесі
Далбаңдап жарда тұрды көлеңкесі
Балықшы тақпақ айтып,қызын қостап,
Басталып кетті көлдің жәрмеңкесі.

Кейде жыл мезгілдерінің әрқайсысынан белгілі бір мағына тауып алып отыратыны бар. Өтежанның өлеңдерін оқып отырып, ақын бойындағы сүйіспеншілік сезімі туған табиғат арқылы келгендей күй кешесің. Сонымен қатар халықтың ғасырлар бойына аңсап күткен асыл арман, үмітін, бар талап-тілегін айтуды да ұмытпайды. Қаншама тың образ, тіл бедері ұлттық поэзиямыздың қалыптасқан құбылыстың өлшемімен алшақтай алмайды. Ол бір буынды қара өлең бұл жерде ерке желдей сырғанамай табиғатты адам кейпіне келтіретін суретші құрамына айналады. Жан-жануар, адамзаттың ортақ қылығына, ұқсас үйлесімдеріне елітесіз.

Көркем сөздің қашаннан да адам қиялын дамытудағы бұл сияқты образбен ойлау қасиеті ескірмек емес. Қазіргі қазақ, ұлттық поэзиясы, салт-дәстүрді жаңғыртуда. Яғни табиғатқа тіл бітіріп, сөйлетіп қойды. Өтежан жырлары осы дәстүрдің заңды жалғасы. Жоғарыдағы екі шумақ арқылы-ақ ақынның көркем сөзге деген зор махаббатын сезінеміз. Балықшы тақпақ айтып қызын қостап басталып кетті көлдің жәрмеңкесі. Табиғат ананың бір сәттік қайталанбас сұлулығын қандай дәлдікпен көрсетеді. Әркім болжай алмайтын мұндай дәлдікті көрсету үшін алдымен оны білу керек [3, 97].

Өлеңнің ішкі ырғақ құрылымы мен сыртқы сымбатына мән беріп, мазмұнын байытып, тұтас бір организмге айналдырып әсерлеуде сөздің мелодиялық, интонациялық кестесіне, ұйқас табиғатына, әуезділігіне, ырғақтық құрылымына басты назар аударған бұл кезеңдегі ақындар өзінен бұрынғы толқындардың ең озық үлгілерін ілгері дамытты. Демек, Ө.Нұрғалиев поэзиясы өзіндік ізденісімен, ой мен сезімнің ара салмағын таразылай алуымен ерекшеленеді. Жалпы қазақ әдебиетінің оның ішінде поэзия саласындағы зерттеу еңбектер баршылық.

Өлеңнің ішкі ырғақ құрылымы мен сыртқы сымбатына мән беріп, мазмұнын байытып, тұтас бір организмге айналдырып жырлауды сөздің мелодиялық-интонациялық кестесіне, ұйқас табиғатына, әуезділігіне, ырғақтық құрылысына басты назар аударған бұл кезеңдегі ақындар өзінен озық үлгілерін ілгері дамытты.

Поэзия қандай затты, құбылысты болсын жіктеп-бөлшектемей, оның өзгеге ортақ жалпы сипатын жалқы, өзіндік сипатынан жыратып бөліп алмай тұтас күйінде өмірдегі қалпына сәйкес етіп алуға ұмтылады әрине, өмір құбылыстарының құпия сырын, терең жатқан

мәнін өмірдегі сан қилы қатынас-қайшылықтарды көп нәрсенің ұқсас-ортақ сипаттарын ашып көрсететін орасан зор қуат күш поэзияда да бар. Ақын өлеңдерінің мазмұн мен түр ерекшелігі қазақ әдебиетінің қазынасында ерекше орын алады.

Ақын жүрегінен жалын боп атқан жыр оты жыр сүйер қауымға мұқалмас қайрат қосты. Поэзияда, оның ішінде лирикада, бар болмысымызда болып жатқан шындықты айқайлап, ұрандап айтпаса да, өзінің жанрлық ерекшелігіне тән, түсінген адамға, естір құлаққа, көрер көзге қолға ұстатқандай әсерлі де, байыпты жеткізе білген лирикалық туындыларымыз иесі Өтежан Нұрғалиев.

Әдебиеттер

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А., Мектеп. 1999 ж.
2. Кәрібаева Б. Шығармалары. Алматы. Жазушы. 1989 -370 б
3. Шапай Т. Ой түбінде жатқан сөз. А., Жазушы. 1997 -410 б
3. 40-50 және 60 жылжардағы қазақ әдебиет. Алматы: Ғылым. 1998 -560 б.
4. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Алматы .Жазушы. 1973.

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК АҚЫН...

**(Ө.Нұрғалиевтің философиялық толғаныстары хақында
бірер сөз)**

Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызы

**Магистр, «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының
жетекшісі, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
ulykpanova465@gmail.com**

Аңдатпа. Мақалада қазақтың көрнекті ақыны Өтежан Нұрғалиев шығармашылығының өзіндік ерекшелігі, қаламгерлік қолтаңбасы мен адами болмысы, дүниетанымы туралы сөз қозғалады.

Аннотация. В этой статье рассматриваются свои особенности творчества поэта, поэтический почерк, человеческий облик и мировоззрение Утежана Нурғалиева.

Annotation. This article deals with the originality of the creative work of a prominent Kazakh poet Otegen Nurgaliyev, his manuscript of writing , humanity and his outlook.

Тірек сөздері. Поэзия, ақындық қолтаңба, адами болмыс, дүниетаным, пәлсапа.

Ключевые слова. Поэзия, стиль, человеческий облик, мировоззрение.

Key words. Poetic signature, human being, outlook

Өтежан Нұрғалиев – қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалдырған сыршыл сезімді, от жүректі өршіл ақын. Көрнекті ақын

биылғы жылы көзі тірі болғанда сексен жастың сенгіріне толған болар еді.

«Лаулайтын тұла бойда алтын жалын –
Айтсаңшы бір жақсы сөзден, жарқындарым», -

деп деп жырлаған ақын, шындығы керек, өмірде лайықты бағасын ала алмай кетті.

Тәуелсіздік дәуірінің тұмарындай боп жарыққа шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты іргелі зерттеуде «...Көп жылдардан өзіндік қолтаңбасынан танбай, үздіксіз ізденіс үстінде жүрсе де, жазғандары әртүрлі себептермен жете бағаланып, лайықты құптау көре алмаған ақындар да аз емес. Бұл орайда Ө.Дүйсенбиев, С.Жиенбаев, Ө.Нұрғалиев, Ө.Абайділданов сынды қаламгердердің шығармалары ойда тұрады» [1, 49], - деп жазылған.

Өлеңдері өмірлік шындықпен өріліп, тар қыспақтың құрсауы болмаса да, ақиқатты пікір айтуға толық мүмкіндік тумаған кеңестік одақтың бел ортасында шығармашылығы шындалған Өтежан ақын туралы кеңінен көсіліп сөйлеуге қазірде еш кедергі жоқ. «Қолда барда алтынның қадірін білмеген» кей жағдайда өкініштен өзек өртенетін күндер қай заманда да туындамай тұрмайды.

Өтежан ақынның шығармашылығына дендеп бас қойып, ақындықтың тұмасынан су ішкен, өлеңнің өртеңінен нәр алған талант табиғатын бүгінгі ұрпағы тануға ұмтылып, іздей бастады. Ақын өмір кешкен өз заманы ғана емес, егеменді елдің тәуелсіз жастары Ө.Нұрғалиев поэзиясына көз тікті, іздей бастады. Осы орайда, Өтежан Нұрғалиев болашақтың ақыны болды, шығармашылық қуаты замана сазымен бірге тасқындай түсуде деген ой туады.

«...Өтежан Нұрғалиев әдебиетке алғашқы өлеңдерімен-ақ еркін кірігіп, кеңінен танылып, одан былайғы жылдарда ұзақ та күрделі суреткерлік ізденіс жолына түсті. Өтежанның «Соғыстың соңғы жазы» деген атпен жарияланған баллада, өлеңмен жазылған хикаят, новеллалары қазақ поэзиясындағы ізденістің жаңа бір арнасын құрайды» [1, 51], - деп бағалаған еді.

Балалықтың бал дәурені бұйырмай, ерте есейген аға буын ақын-жазушыларымыздың әдеби мұрасында қанмен жазылған қасіретті соғыс тақырыбы алдыңғы орында тұрды. Ө.Нұрғалиевтің соғыс тақырыбындағы отты жырларына зұлматты күндердің зардабын тартып, қайғының қасіретін жүрегіне ораған, сағыныштан сарытап болған көңілін жесірлік қамытына ерте ілген қазақ әйелінің азалы тағдыры да, әке-ағасына деген үздіккен сағынышын іштей булықтырып көз жасына ораған жетім көңіл баланың да өрелі өмірі өзек болған.

«... Менің де бұлтым ашылмай,
Жауыннан қалған жасылдай,
Көзіңді көрген тағаны
Қастерлеп жүрмін асылдай.
Асылдар орнын табар ма?
Тұлпарлар тойда шабар ма?
Атар ма таңым қайтадан,
Естісең соны хабарла,

Аспанда жортқан Ай-таға!» [2, 43], -деп езілген жесір жүректің зарлы үнін жоқтау жыр, эпостық жыр үлгісіндей төкпелетіп кетеді.

Көңілімді қашан табасың
Аспанның күміс тағасы,
Көрсем де қашан іңкәрімнің,
Хабарын айтпай сұлтанымның
Дөңгелеп бара жатасың

Табандарында...тұлпарының» [2, 43-44], - деп азалы нотамен аяқталған өлеңнің түйінді сөзі автордың идеялық шешімін танытқандай. Майданға аттанған жарына деген жүректі суырған сағынышы – қазақ жесірінің еріне арнап соқтырған «мыс тағасы» арқылы бедерлі бейнеленген. Хабарсыз кеткен жауынгердің санада ғана мәңгі өлмес күйде қалған рухы жүйткіген тұлпардың табанында қоса дөңгелейді. «Жесірдің таға туралы өлеңінде» түйін боп тұжырымдалған бұл үн – біздің ұлтымызға ғана тән, қара жердің қойнына «хабарсыз кетті» деп аттанған еріне деген сағынышын өзімен бірге ала кететін қазақ әйелінің болмысы осындай болмақ.

Жазушы Құрал Тоқмырзин «Өтежан әлемі» атты мақаласында: «...Пойыздағы түс», «Жұпарын аспан бізге себеледі», «Шіркін, менің еркін елім, Отаным!» сияқты көптеген өлеңдері ақынның тұрғыластары мен іні-қарындастарын отансүйгіштік асқақ арманға шарықтатқан, көкейге көрік, көңілге мақтаньшты желік кіргізген туындылар десек, сол өлеңдердің дәл бүгін де қызу құштарлығы суымағаны соған дәлел!» [3], - деп жазған еді.

Туған жерінің құшағына ынтық, туған үйдің түтініне ынтазар ақын «Мынау байтақ кең дала», «Мен туған жер», «Түтін», «Кеш болса қырды кеземін» т.б. өлеңдерінде сағымы жымдасқан кең дархан даласының қыран боп қалықтаған қазақы көңілмен көсілітіп бір жазады.

«Елбең-елбең жүгірген
Ебелекті боз далам,
Ұйып тұрған іңірді

Ұясынан қозғаған» [2, 15], - деп сахара далаға сыймай жан-дүниесі атойлаған ақын көңілі тырнадай тыраулайды. Енді бірде көк аспанның төрінде бозтарғайдай шырылдаса, енді бірде ай көмкерген қара түннің құшағынан жұлдыз боп жарқырайтыны да рас.

«...Балдың иісін сайдан сүйреп жел кетті,

Әр бәйшешек бір әншіні тербетті.

Шығыс жақта алтын айдар күн-бөбек

Көкжиектен қылтиды да ержетті!» [2, 17], - деп туған даласының саф ауасымен тыныстаған ақын ақтық демі шыққанша, тосын үнге толы философиялық толғаныстары арқылы өз оқырмандарын таңданысқа бөлеумен өткендей.

Ақынның ешкімге ұқсамайтын өр бейнесін танытатын тағы бір жинағы «Афина мектебі» деп аталады. Автордың айтуынша, «он шақты жыл суырмада жатқан» бұл жинақта «бүгінгі қоғамдағы жалт-жалт еткен шұғылалы өзгеріс, кешегі төңкерілген империя, мағынасын әлі түсіндіріп болмаған жарқын егемендік жоқ. Өйткені автор өтпелі дәуірлердің жалт етпе көрінісі емес, Адам-Ата, хауа-Анадан басталған бүкіл адамзат ақыл-ойын жырлауды мүмкіндігінің келгенінше мақсат етіп қойған» [4, 3].

Өтежан Нұрғалиев «Афина мектебі» жинағында адамзат баласының тарихында ғылым-білімінің іргетасы боп қаланған ежелгі Греция ғұламалары Аристотель, Платон, Сократ, Демокрит, Пифагорлар іліміне тереңнен тартып, ойшылдықтың қайнарына таңданыстан бас иіп кеп, қазақ танымынан үндестік тауып тебіренеді. Абай хакім, Шәкәрім ғұламалар мәрмәр жырдан өлең-мүсін соғып кеткен ұлы жүректі Өтежан ақын өз кеудесінде қайта соқтырады.

«Қазақтың әр ауылында байлап қойған аттай төбе бар, төбе басында төбеби ақсақал бар. Қазаққа ақылды ызындаған жел айтпайды, ақсақал тебіренгенде аузынан маржандай билік, лағылдай мақал, мәтел айтады. Әр ақсақалымыз бір-бір Сократ болса, әр заманымыз бір билік болса, біз неге жерден бас көтермейміз! Қазаққа философтар аспанынан жұлдыз теретін, оны ақын арқылы жазып беретін күн туды. Менің айтарым осы» деп төгілген Өтежан ақынның ойлы сөздерінде соншалықты терең мән-мағына жатыр.

Білім мен білікті ой-санасына көрік қып жүктеген Өтежан ақын «Афина мектебінде» Будда мен Шәкәрімнің философиялық танымына талдау жасай келе, «Дүниенің үш бағын ажырату» өлеңінде өмірлік мақсұтқа айналар үш тіректі – дүниенің үш бағына балайды. Олар: бірінші Бақ – Жастық, екінші Бақ – Дүниені тану; үшінші Бақ – Ақыл Бағы, Ой Бағы деп ажыратады. Дүниені таныған Адам баласының ақылы мен ойы толысқан шақта ғана Жаратылыс сыры ашылмақ деген

бірлікті қатар ұстанған ақынның бұндай идеялық шешемі сан ғасырлар бұрын өмір кешкен түркі халықтарының ғұламасы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» поэмасымен тамырласып, үндестікте үйлесім құрғандай.

Ақиқаттың ақ туын көкірегіне берік байлаған Өтежан ақын:

«АҚИҚАТТАН АЙНЫМАЙТЫН тура бидей жалғыз заң –

Қажет болса, айыратын нағышыдан, балдыздан» [4, 65], -деп шындықтың жырын паш етеді. Сонау заманалардан ата-бабамыздың ұстанған жолы «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген кастерлі қағиданың көшін бүгінгі күнмен жалғап кеткен Өтежан ақын:

«Қимас жерден қияр менің қызыл тілді қылышым,

Жер бетінде әділдік пен... аспандағы нұр үшін...» [4, 74], - деп өткір ойын оқырманына қадап айтады.

Ө.Нұрғалиев «Ой кедейлігі – ең жаман кедейлік» деп біледі. Осы орайда көңілге сыналап кірген бір ой сілемімен, өмірінде байлық пен мансапты басты мақсат етпеген Өтежан ақынның біреуден ілгері, біреуден кем тұрмыс күйін кешсе де, көңілі дархан, ақылға бай, талантқа тағзым еткен өр тұлғасы еріксіз еске түседі.

«Бір жағынан өзім әлі кедейліктен құтылмай

Жүрсем-дағы, Ер өтсін деп кедейлікке тұтылмай...

Ең жаманы – дүние емес, ой кедейлік, мұқтаждық,

Сол дүкенде терең ойлар құрсын дедім ұстаздық...» [4, 24], -деп жырлаған періште көңіл, пейіш ақынның Кеңестік дәуірде ешкімге ұқсамай өмір кешкен дауылпаз жүрегі атқақтап соғып тұрғандай.

Өтежан Нұрғалиев поэзиясының тереңіне сүңги отырып, ақынның адамдық болмысының ерекше екендігіне көзіміз жетеді.

«Бүксіп жатқан дүниеңнен, бықсып жанған шалаңнан,

Үш бөлмеге он жыл жүріп жеткен қалаңнан...

Тек сол үшін – борыш үшін, арқалаған АР үшін,

Ақындығың шыдаса да, шыдамайды НАМЫСЫҢ.

...Бұл дүниеге ттуғандығым, о дүниеде өлгенім,

Сол ғой менің Сиракузам, Архимедім сол менің.

Мен сондаймын, тек сол үшін сүйіспесен, сүйіспе,

Жүрегіме тиіссең де,

ЧЕРТЕЖІМЕ тиіспе!» [4, 89], - деген ащы шындықтың өртін отжалын боп құшқан айдынды ақынның айбарлы тіліне еріксіз сүйсіне бас шайқайсыз. Сөйте тұра кара қылды қақ жарған Қазыбек бидің

«Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес» деген өрелі сөзі санамызда қайта жаңғырады.

Грек ойшыларының фәлсапалық тұжырымдарынан тұшына дәм татқан ақын, енді бір сәт жаратылыс бесігі қара жердің құпиясын ашпаққа, өмірдің мәні мен мағынасын, ағы мен қарасын ажырату үшін Фалес – Анаксимандр – Анексиман дәуіріне ойша сапар шегеді. Гераклит, Анаксагор танымы ақынның жұмбағы мол тылсымды танытқан тілінде толғаныспен төгіледі. «Афина мектебі» жыр жинағының тамыр соғысын тап басып тыңдамақ болған оқырман өзіндік өмір мектебінен өткендей күй кешері сөзсіз. «Атом дүниесінің ақсақалы – көзінен күлкі кетпеген философ Демокрит» өлеңі:

«Ұлық болсаң, кішік бол» деп, бір мақалды гректен

Алыпты да, кірді қазақ тарихқа жүрекпен» [4, 95], - деп басталады. Осы бір жыр жолдарын бір оқыған соң, еріксіз қайта қарайсыз. Автордың ойын ұғынбаққа ұмтыласыз. Тіпті тақырып атауы да – көпшілікте айтылмайтын тың ұғым. Өтежанша толғансақ «Көзінен күлкі кетпеген философ Демокрит» енді не айтпақ екен деп, кітап парақтарына көзімізді сүземіз.

«...Сұлу деген Тереңдікте, ал тереңдік Негізде,
Демокрит алсын сөзді, сөз бермеді дегізбе.
Дүние жайлы сөйлесін Ол ақыл, қайғы төрінен,
Атомдардың хабар берсін пайда болған жерінен.
Сөз сөйлесін дүниенің батпас күні ымыртта,
Рас сөз бе өзің айтқан Атом деген Жұмыртқа?
Дүниеге келген кірер, кеткен шығар екі есік,
Тура сөзді тыңдау үшін тура жолға жеке шық!
Демокрит айтты сонда:

– Мен Абдерде туғанмын,

Өлмеу үшін Қайғы іздедім арасынан думанның.

Дүниеде қос есік бар, қос есігің – қос Негіз.

Қос негізің – екіаяқ жол, дүние – гулеп көшкен із» [4, 96].

Демокрит пәлсапасы қазақ ақынының ой көрігінде қайта қайнап, «Өлмеу үшін думанның арасынан Қайғы іздеп» кетеді. Жаратылыс сырын ашпақ болып ұмтылған ақын «Демокрит дүниені табақ деп, Түсіндірді, бұрап қойсаң, айналатын сағат деп» бір төгіп өтеді.

«Пифагорға саяхат» шеккен ақын грек ойшылының өмірлік көзқарасын:

«...Осылай деп заң ашты олар, біздер құдай емеспіз,

Цифр – құдай, олимпия... ал біз нөлміз, дөңеспіз.

Ойшылдардың ауылынан осылай деп қайттым мен,

Аузымды ашып сондай оймен оразада айт күннен...» [4, 99], - деп танытады.

«Афина мектебі» жинағының «Элеяның бірінші ұстаздары» тарауында Ксенофон, Парменид, Зенон, Эмпедоклдан бастап Сократ, Платон, Аристотель данышпандығының түпсіз терең шыңырау шындығынан су ішеді, оқырманына дәм татқызады.

«Платон мен Аристотель! Айналайын атыңнан,

Екі бірдей тыныс белгі қатар түскен хатыңнан» [4, 310], - деп ой қорытып,

«... Ар жағы да терең екен, өр пенденің айтарын –

Оңай емес Дүниенің Ой екенін байқадым [4, 323], - деген Өтежан ақынның танымдық көзқарасы, адами болмысы тағы бір қырынан ашылады. «Афина мектебі» жинағының соңғы нүктесі:

«...Адам деген – ДҮНИЕНІҢ БІР КЕЛЕТІН ҚОНАҒЫ,

Үзілмесін аспандағы жұлдызыңның жолағы» [4, 96], - деп қойылады. Иә, адам дейміз, пенде деп тағы атаймыз. Өмір дейміз, тіршілік деп тағы тұжырымдаймыз. Сөйте тұра, адам мен пенде, өмір мен тіршіліктің айырым-жігі бар ма екен ойға тірелеміз. Біздіңше, адам, нағыз адам, Абай хакім айтпақшы, «білсем, көрсем, үйренсем» деп дүние есігін ашып, оқу оқып, білім-ғылымын өз басына жұмсамай, өзгеге үйретіп, «Өмір» сүретін болар. Ал «ішсем, жесем» деп бақай есеппен күн көрген пенде жай ғана тіршілік кешетін болар деген ойға тірелеміз.

Өтежан Нұрғалиевтың шығармашылығы баз біреулерге жұмбақ, тылсым сырға толы, турасын айтқанда «түсініксіз» боп көрінер. Ақиқатқа толы шындықты шыңғыртып айтқан ақынның жан сыры бірде тым қатқыл, тым «жабайы» боп қабылданып та жатқандығы рас. Бірақ... «Лаулап тұрған от ем ғой аптығым көп» деп жырлаған өр ақынды туған топырағы, жаугершілік заманда қолына найза ұстаған өз елі өзгеден гөрі тереңірек түсінеді. Түсіне отырып, ақындықтың тылсымына бойлап, тамсанып оқимыз. Сан тарау тақырыпқа қарымды қаламын еркін сілтеген Өтежан ақынның талантына тағы бір мәрте бас иеміз.

«Лаулайтын тұла бойда алтын жалын
Табыңдар сендер бір сөз, жаркындарым,
Артық болсын, кем болсын аламын да,
Өздеріне қайтарам артылғанын.
Тәуекелдей толқынның кемесі едік,
Қол жайғыш көрінгенге емес едік.
Жасасаң жаса бүгін бір жақсылық,

Ертең оны қайтарам он есе ғып» [2, 84], - деп өткен күннен өктем үн қатқан Өтежан ақын, келер албырт ұрпағына, болашағына батылдықпен соңғы сөзін бағыштап кеткендей. Ақынның аманаттап кеткен отты жырлары әлі талай келешектің көсегесін көгерте бермек. «Толғауы тоқсан қызыл тілмен» төгілген ақынның әдеби мұрасына жаңа таң жаңаша көзқараспен келіп, зерттеу нысасына зерделенеп алынар күн де келіп жетті демекпіз.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Кеңес дәуірі (1956-1990). Алматы, 2005. – 998 б.

2. Өтежан Нұрғалиев. Ақтөбе кітапханасы. 15 т. Ақтөбе, «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС. 2013. – 320 б.,

3. Құрал Тоқмырзин. Өтежан әлемі // <https://baq.kz/kk/news/oner/otezhan-alemi-2266,14> Ақпан 2011,

4. Нұрғалиев Ө. Афина мектебі: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 360 б.

АҚИҚАТТЫҢ «АЛДАСПАНЫНА» АЙНАЛҒАН АҚЫН

**Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызы, Жасанова Айгерім
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
zhasanova00@inbox.ru**

Андатпа. Мақалада көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы, әдеби мұрасының тақырыптық және көркемдік ерекшеліктері сөз болады.

Аннотация. В статье рассматриваются творческие особенности и жанр поэзии Отежана Нурғалиева.

Annotation. The article considers the creative features, thematic and artistic searches of Otezhan Nurgaliev at the early stages of his poetry.

Тірек сөздері. Әдебиет, ақын, ақиқат, бағыт, лирика, өлең, еңбек

Ключевые слова. Литература, поэт, истина, жанр, лирика, поэзия, труд

Key words. Literature, poet, true, genre, lyric, poetry, work

Өтежан Нұрғалиев – қазақ әдебиетіне өзіндік үлесін қосқан тұлға. Әдебиет – әдемі сөздердің жиналған ордасына айналған рухани мәдениетіміз. Қазақ әдебиетінің басты бағыты мен халықтығы турасында Өтежан Нұрғалиев бір сұхбатында былай деп пікір қалдырды: «Әдебиет өлген жоқ, әдебиет азды.

Әдебиетке қызмет ету керек. Әдебиеттің туын ұстайтын адам жоқ қазір. Ондай адам бар, бірақ, ол өлгеннен кейін белгілі болады. Әдебиеттің міндеті – халықты еркелету емес, қызмет ету емес, мәңгі ұйқыда қалған халықты ояту» [1.].

Көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиев ұйқыда жатқан халықты оятуға талпынған, тырысқан, әдебиеттің міндетін орындай білген ақындардың бірі, бірегейі. Барша нағыз әдебиетшілердің міндеті бір болғанымен, жырлау жанрлары, туындыларының тақырыбы, жан дүниелері әртүрлі. Өтежан Нұрғалиевтің көздеген мақсатыда сол, ешкімді қайталамай, өмірді жырлау. Себебі, өмірде ешкім – ешкімге ұқсамайды. Ақынның бұл қырын жырларынан-ақ көруге болады. Мәселен, көпшілік ақын «Отан-ана» деп жырласа, Өтежан Нұрғалиев «Отан-әке» деп жыр төгеді.

Әндетіп жел, дөңгелейді қалқып күн,
Қалай берем нәзік сырын көкейдің,
Отан – әке! Қай ұлыңнан артықпын,
Қайтсем ғана борышымды өтеймін?! [2, 12].

Бұл жөнінде ақынның ерекшелігін аңғарған халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Оразақын Асқар бір сұхбатында айтып өтті. Ол: «Өтежан Нұрғалиевтің өтімді ақындардың бірі болуының себебі, оның сезімталдығында, шындықты халықтың тілімен жазатындығында» [1.], - деп, өшпес ақынымыздың таланты тамырын тануға талап қылады.

Шындығында да, ақын жырларынан сол замандағы қоғамдық, әлеуметтік ақиқатты аңғаруға болады. Оның «Ана тілі» атты өлеңінде:

Бір батып, бір көрініп бұлдырап қыр,
Тал түсті күн төбеден ұрғылап тұр.
Ана тілі сияқты табиғаттың

Даланың құлын даусы құлдырап тұр! [2, 91] – деген бір шумағының өзінен сол кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі ана тіліміз жайында шындықты бүкпелемей көрсеткенін аңғаруға болады. Ақынның ақиқатты ақтаруы, басына сор болып жабыспауына кім ықтимал.

Өтежан Нұрғалиев өзі берген сұхбаттарының бірінде «Ақынның өзінің соры болады, бағы болады. Сорың болса, одан қашпау керек. Сорың сенің – жалғыз жолдасың. Сенің көмекшің. Оқырман «ол ақынды білеміз, оқымаймын, жүрегім қаламайды» десе, бұл сол оқырманның байлығы. Өйткені, оқырман өлеңді оқи отыра, бәледен сақтанат. Менің өлеңім ешкімге табынудан, жағынудан тұрмайды. Менің өлеңім өзімдегі бар байлықты шашпаудан тұрады» деген пікірінен-ақ, шындықты дөп басар ақын екенін білуге болады.

Өтежан Нұрғалиев шындықты жақсы көріп, жақын тартуына қарап, ақиқаттың туын ұстаған ақын депте айта алмаймыз. Себебі ол өзінің бір сұхбатында «Менің тілім – қорқақ тіл. Мен қазір қоғам жайлы шындықты айтсам, мені алып кетер еді. Ойымды жасырып айтам.

Жұрт күледіде қояды. Ол – күлкі емес, ол – қасірет. Шын ойынды айтуға жасырып, шеберлену керек. Оқырманның мұртымен ойнаймын, орыстың құйрығымен тордың ішінде тұрса ғана ойнаймын», - деген болатын.

Өтежан Нұрғалиевтің жырларының бағыты жыл өткен сайын, өмірінде орын алып жатқан жағдайларға байланысты сан мың рет өзгеріп отырды. Алғашында ақын жырларының басым көпшілігі лирикалық бағытта жарияланып жүрді. Мысалы: «Табиғат» аталатын өлеңі тұнып тұрған лирика десе де болады:

Жатыр ғой бел белін еркін жаза алмай...

Түнгі аспан төңкерген көк қазандай...

Сансыз жұлдыз аспанның ақ шабағы,

Алтын айы дара жүзген сазандай...[3, 51].

Сол кезеңдерде ақынның өмірінде бірінші рет ашуына тиген жайт оның сауатсыз екендігі жайлы алып-қашпа әңгіменің тарауы. Осыдан соң, 1964-1968 жылдары ол өз ауылында жұмыс істеп, бір жағынан философтардың кітаптарын оқуды қолға алған болатын.

1969 жылы қалаға келіп, «Пионер» газетінде туындыларын таратуға тырысканымен, өлеңдері философиялық бағытқа кеткендіктен ешбір газет-журнал Өтежанның жырларын жарияламайды. Бұл мәселемен қоса сол жылдары ақынның арқа сүйер Сайт есімді ұлының қазасы жанына одан сайын жара салды.

Бұл оқиғалар ақынның өмірге деген көзқарасын өзгерткендей болды. Себебі, ол осыдан кейін жеке-жеке адамдарға өлең шығаруға көшті. Жеке-жеке адамдарға өзі айтқандай жағынуды көздемей, тек шындықты жазған.

Өтежан Нұрғалиевтің өлеңдерін бірнеше белестерге бөліп қарастырған ақын Сейфолла Оспанов. Ол Өтежанның жырларын «Лирикалық өлеңдер», «Соғыстың соңғы жазы», «Афина мектебі» деген үш ірі белеске бөлді [4, 71]. Қалай болғанның өзінде де, Өтежан ақын халықтың төрінен орын ала білді. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Өтежан Нұрғалиевте халық жадында мәңгіге қалды.

Әдебиеттер

1. <https://chrome.google.com/webstore?hl=ru>
2. Нұрғалиев Өтежан. Таңдамалы. Өлеңдер. Алматы: «Жазушы» баспасы. 1977. -236 бет.
3. «Соғыстың соңғы жазы». Балладалар. Алматы: «Жалын» баспасы; 1978. - 144 бет.
4. «Қиял өрнегі». Өлеңдер. Алматы: «Жазушы» баспасы. 1981. -120 бет.

Ө.НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҮЙРЕНУ, КЕМЕЛДЕНУ КЕЗЕҢІ

Обаева Гүлнара Садуақасқызы
PhD докторанты, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,
Ақтөбе қ., Қазақстан
gso72@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада ақын Өтежан Нұрғалиев поэзиясының алғашқы Жарқамыс кезеңіндегі шығармашылық ерекшелігі, тақырыптық, көркемдік ізденістері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются творческие особенности, тематические и художественные поиски Отежана Нурғалиева на ранних этапах его поэзии.

Annotation. The article considers the creative features, thematic and artistic searches of Otezhan Nurgaliev at the early stages of his poetry.

Тірек сөздері. Поэзия, жанр, азаматтық лирика, табиғат лирикасы, поэтика, лирикалық қаһарман.

Ключевые слова. Поэзия, жанр, гражданская лирика, пейзажная лирика, поэтика, лирический герой.

Key words. Poetry, genre, civil lyrics, landscape lyrics, poetics, lyrical hero.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың екінші жартысындағы даму бағдарын бақылаған кезде көзге айқын аңғарылатын құбылыс – поэзия жанрының айрықша түлеуі. Қазақ өлеңі, әсіресе, соғыстан кейін тақырыбы жағынан да, жанрлық, көркемдік бітімі жағынан да қанатын кеңге жайды. Алпысыншы жылдар қазақтың қазіргі заман поэзиясына жаңа есімдерді алып келумен қатар, рухани және әлеуметтік өміріміздің, қоғамымыздың дәуірге лайық шындығын ашуда, поэтикалық формалар мен бейнелеу құралдарын дамытуда жаңа бір күрделі сәт болды. Мұның өзі поэзиядағы айтарлықтай құбылысқа айналды. М.Әуезов сөзімен айтқанда, «жыл келгендей жаңалық» сездіре келген Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, С.Жиенбаев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, М.Шаханов, Ө.Нұрғалиев т.б. әдебиет есігін өзіндік үнімен еркін ашты [1, 446].

Суреттеу, бейнелеу, көркемдік тәсілдердің, өлеңнің формалық, мазмұндық жағы, ұлт сипатын білдіретін өрнек, нақыш бояуларының молаюы, тақырыптың баюы, лириканың композициялық жағынан күрделенуі, лирикалық қаһарманның есеюі – бәрі-бәрі 60-жылдардағы қазақ лирикасының көркемдік ізденісінің жемісі. Бұл кезеңнің ерекшелігі – жеке адамға табынудан адамның мойны сәл де болса босанған шағы еді. Осы кезеңде әдебиетке Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, М.Мақатаев-сынды т.б.

тарландар поэзияның беделін одан сайын шарықтатты. Жалпы қоғам әдебиетке деген тоталитарлық үстемдігін үзбесе де, қоғамдық сананы едәуір өзгертуде поэзияның да, оның ішінде қазақ лирикасының да әсері болды.

Ақындар 60-жылдарда әдебиет есігін сезіммен ашты.
Т.Молдағалиев:

Қызық еді менің ұшқыр қиялым,

Көкірегімде тасушы еді күй ағын.

Бұл сөзімді жазу үшін, достарым,

Жүрек керек, керегі жоқ сияның, - деп, лирика үшін жүректің оты, жанның тебіренісі керектігін алдын-ала сезіне келді. Қ.Мырзалиев:

Уа, далам! Кеңдігіңе тамсандым көп.

Айта алман бәрін жазып тауыса алдым деп,

Сен – алып пластинка дөңгеленген,

Инең боп тұрды ылғи ән салғым кеп! – дегенде ақын өмірлік кредосын аңғартумен қатар, оның алға қойған арман-мақсатының биіктігін, қадамының кеңдігін нәзік лирика тілімен жеткізеді.

Қай жаққа, енді қайда бұрыла алам,

Жаным бар шындық дарып, жыр ұнаған.

Осы бір кеудемдегі кішкене бас,

Үп-үлкен дүниенің сырына алаң... – деген ақын Ж.Нәжімеденов дүние құпиясының сырына сүңгіген сапарынан хабар беріп қана қоймайды, солқылдап соғып тұрған жүрегін оқырман алдына тартып, иландырады, болашағына сендіреді.

Ал ақын Өтежан Нұрғалиев болса:

Су суып, сүмбіледе мұз қатқанда,

Айырылып реңінен түз жатқанда,

Бірзамын салқын күзге тек сол үшін,

Құстарын жылы жаққа ұзатқанға!, - деп, табиғат лирикасының нәзік сырларын ағытады.

Бұл өлеңдерден 60-жылдары әдебиетке келген жаңа буынның алғашқы үндерінен, алғашқы қадамдарынан өнер сапарына үлкен даярлықпен азаматтық жауапкершілікпен келгенін байқауға болады. Осы жаңа толқын өкілдерінің қатарындағы Өтежан Нұрғалиевтың шығармашылығы да ұлттық сөз өнері рухани қазынасын байытқан сипатымен даралана танылды.

Ақын – дала перзенті. Қазақ даласының тауларын да, көлдерін де, теңіздерін де перзенттік махаббатымен сүйші. Мұны біз бұрынғы да, кейінгі де ақындардың шығармашылығы арқылы әбден түйсіндік, онсыз ақын шығармашылығы да мәнсіз. Бұл – аксиомаға айналған шындық. Біз сөз еткелі отырған Ақтөбенің ақтаңгері Өтежан ақынның

поэзиясы да бұған дәлел. Ақынның шығармашылық ғұмырбаянына назар аударсақ, оның бұралаңға толы әдеби сапарындағы ең бір мазмұнды кезең – Алматыдан Байғанинге қайта оралып, бес жыл туған жердің топырағында еңбек еткен жылдары екенін байқаймыз. Осы жылдары ол өзін ақын ретінде мойындатты. Туған жердің әр тасының тынысын сезініп, ақындық шабытының тұсауы кесілді. Әсіресе, өмір жолында Тобық Жармағамбетов, Қуандық Шаңғытбаев сияқты қаламгер ағаларының кездесуі оның әдебиеттегі дара жолының салынуында үлкен ізашар болды.

Ақын Сейфолла Оспан «Өтежан алғашқы өлеңдерімен «ұшынып» шықты» дейді. Ал Оразақын Асқардың «Өтежанның Алматыға өзінен бұрын өлеңдері келді. Өзі де әдебиетке жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп келді» деген пікірі ақынның дауылпаз тұлғасын ашы түседі. Өтежан Нұрғалиевтің поэзиядағы алғашқы аяқ алысының өзінен айтпай таныған Әбділда Тәжібаев «Қазақтың Пушкині келді» деп қуанса, Қуандық Шаңғытбаев «Енді қазақтың Есенині бар» деп марқайыпты. Қазақ поэзиясының алдыңғы жүгін арқалаған марқасқалар Қалижан Бекхожин, Хамит Ерғалиевтар да Өтежан ақынды айрықша бағалапты.

Туған жер тақырыбы қай ақынның да басты өзекті арнасын құрайды. Ақын Өтежан Нұрғалиев университетті бітіргеннен кейін туған жері Жарқамыста бес жылдай мұғалім болып қызмет жасайды. Осы жылдары оның студенттік шағында-ақ Алматыға мәлім болға ақындық даңқына көлеңке түскен жоқ. Ақын өміріндегі Жарқамыс кезеңі оның шабытты жырларының сәулелі тұсы боп саналады. Ол кеудесін кернеген ақындық шабыттың арынын ақындық орта Алматыда жалғастырды кейін. Ал енді осы жылдардағы, яғни туған жеріндегі кезең оның үйрену, кемелдену кезеңі болды.

Сол кезде «Жұлдыз» журналының небәрі үш бетіне шыққан Өтежан ақын өлеңдері оқырманын шын сүйсіндірді. Қазақ әдебиетіне осындай тамаша талант келіп қосылғанына көпшілік қуанды. Келешекте ол тағы нендей жауһар жырлар тудырар екен деп күтті. Ө.Нұрғалиев өлеңдеріне берілген шағын андатпада мектептен кейін колхозда жұмыс істеп жүрген жас жігіттің жазушылар одағының шақыруымен Алматыға келіп кеткені, өлеңдері поэзия секциясында талқыланып, жоғары бағаланып, оларды тақырып жағынан толықтыра түсіп, баспаға ұсыну туралы қаулы қабылданғаны айтылады.

Ақыры біреу жылдан кейін «Менің махаббатым» деген алғашқы өлең кітабы жарыққа шығады. Алғашқы жинағы көркем тіл кестесімен, шынайылығымен, кіршіксіз сезімімен тамсандырды.

Ақынның «Шегі қайда, шеті қайда бұл елдің» деп басталатын өлеңіндегі:

Тереңіне жіберердей батырып,
Қара теңіз жатыр кәрін шақырып.
Жартастардың жағасынан алады

Толқындары жолбарыс боп атылып [2,33], – деген жолдардағы жанды сурет «ә» дегеннен-ақ оқырманын баурап алды. Ақынның суретеген құбылысының бәрі жанды қозғалысқа ие болып, сезімнің қылын қоса қозғап, Абай дәстүріндегі табиғат лирикасының сарынын еске түсіреді.

Өтежан ақынның өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның романтикалық ойлау өлшемі – кең даладағы гүлдерді де, көлдерді де тауларын да – бәрін де тұтастай, егіздей өріп, өрнектеп жырлау. «Бақыт тосып ал, достар!» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның елжіреген көңілінен төгілген жыр тармақтары байтақ Отанының барлық болмысын жанарына, жүрегіне сыйғыза жырлаған ақын дүниетанымын аңғартады:

...Туған далам, байтақ далам, кең алып.
Жыл түнінде жатырсың сен дем алып.
Әр сайыңа қашқан уақыт қамалып,
Әр төбене шығып жатыр жаңалық!

...Жер шарына тете туған бір алып,
Келесің сен күн мен айдан нұр алып.
Уа, туған жер, жасалдың сен шынында
Өзіміздің тәнімізден құралып!.. [2,8].

Қазақ поэзиясындағы атамекендерді, туған өлкенің ғажайып сырлы күндері мен түндері, адамға да төрт түлікке де, аңдарға да, құстарға да, жәндіктерге де – бәріне жайлы көркем сипатының жырлануы ежелгі замандардан бері фольклор мен әдебиет мұраларынан тұрақты орын алумен келеді.

Жарқамыс кезеңіндегі ақын өлеңдері алғашқы тәжірибелері болғанның өзінде керемет көркемдік кестелерімен ерекшеленеді. Ақынның бұл кезеңдегі шығармашылығы тұнғанымен махаббат лирикасы, соның ішінде туған жерге деген сүйіспеншілік деп бөлек айтар едік.

Қазақ – кең даланың ауасымен тыныстаған, үнемі кеңістікті ғана мекендеуді мұрат тұтқан халық. Даланың өсімдіктері де, түні де, алаулаған күні де, көшпелілердің мәңгілік рахатты тұрағы ауылы да – бәрі де ақындар жырларының арқауы. Өтежан ақын да даланың ғажайып сырлы романтикалық бояулы келбетін, жаңға жайлы әсерін

«Кеш болса қырды кеземін» өлеңінде тебіреністі жолдармен бейнелей жырлайды:

Қыдыра жұтып самалын.
Демінді, дала, сеземін
Сырыңа қашан қанамын?

Батсайы киіп батса күн,
Бояуы бәсең оңғандай.
Бұлттардың ауылы шап-шағын,
Төбеден ауып қонғандай [2,57].

Ақынның алғашқы өлеңдерінен бастап, бүкіл шығармашылығы жолында оның туған халқы, Отаны, ұрпақтар тағдыры, адамгершілік-имандылық, тәлім-тәрбиесі туралы ойлары негізгі тақырыптары болды. Ақынның азаматтық лирикасы ата-бабалар қалыптастырған ұстаздық, тәлімгерлік ойлардың жалғасындай жырланды.

Ақынның туған ауылында өмір сүрген кезеңдегі кең тынысты өлеңдерінен ерекше лирикалық леп сезіледі. Мұқағалиша жырлайтын «Бес бала» өлеңін атауына қарап баллада ма деп ойлап қаларыңыз сөзсіз. Алайда оқи келе, ақынның кеудесіндегі ерекше бір жалынды байқайсыз, ол – әр Адам үшін маңызды болуға тиіс қасиетті ұғымдарды ұлықтай отырып, соларға деген шексіз перзенттік махаббат. Өлеңді толықтай келтірейік:

Даланың тойын көп көрдім,
Күйеу ғып тартты ол төс маған.
Балалық шақты өткердім
Далада туды бес бала.
Бірінші балам – қарт анам,
Мұра боп қалған әкемнен.
Екінші балам – мәрт анам,
Дүниеге мені әкелген.
Үшінші балам – ел-жұртым,
Мен үшін тілек тілеген.
Төртінші балам – қыз-қырқын,
Тудырған талай жыр-өлең.
Бесінші балам – кеудемде,
Жазылмай жүрген жыр шығар.
Бар болса жарық дүниеге
Жарқ етіп күнде бір шығар.
Айыпқа мені бұйырма,
Қалада жүрген жолдасым,
Кете алмай жүрмін қиырдан,

Бес балам сонда болғасын!...[2,69],— осы Жарқамыс кезеңінде туған өлеңдерінің өзінде қазақтың ақын-жыраулары поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық дүниетаным көзқарастарын жаңа дәуір ақынына тән жаңашыл ойларымен өрбіге дамыта толғады. Философиялық толғаныстарымен қазақ өлеңінің халықтық деңгейін биіктетті.

Академик З.Ахметов поэзиядағы азаматтық сарынды өлеңдердің өмір шындығына арналған поэтикалық табиғатын айқындайды: «Азаматтық лирика – лирикалық поэзияның заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді» [3,22].

Қазақ поэзиясының бұрынғы-соңғы тарихындағы азаматтық сарындағы лирикалық өлеңдердің үздіксіз жалғасқан жолын көреміз. Өтежан Нұрғалиевтің азаматтық сарынды лирикалық өлеңдерінде де қазақтың ежелгі замандардан бергі атамекендері, байырғы қоныстары, ұрпақтарға танымал болған тарихи тұлғалары, ұлттық дүниетаным сипатын құраған көзқарастар ұстанымдары жырланған.

Азаматтық сарындағы лирикалық өлеңдерден ұлттық-этнографиялық ерекшеліктердің айқын байқалатыны – классикалық әдеби шығармашылықтың үздік үрдісі. Әлем халықтары әдебиеттеріндегі көрнекті ақындардың негізгі қаһармандары – сол авторлардың туған топырақтарының тұрғындары. Ақындардың азаматтық тұғыры – туған елі, Отаны, атамекен аймағы. Қазақ халқы үшін қасиетті мекен-ауылы, туған өңірі, кең даласы.

Лирикалық қаһарман – ақынның жеке «Мені» ұғымына жинақталған отаншыл ұл-қыздардың көркем шындықпен бейнеленген поэтикалық тұлғалану көрсеткіші. Ғасырлар бойы кең-байтақ даламызды ақкөңіл адал пейілімен, жомарт көңілімен, кір жуып кіндік кескен атамекендерін перзенттік махаббатпен сүйген Алаш ұрпақтарының отаншыл ұстанымдарын «Шіркін, менің еркін елім, Отаным!» өлеңіндегі мағыналы жыр жолдарынан ұғамыз:

Шіркін, менің еркін елім, Отаным!

Өмір бойы қызығыңа батамын.

Шыққан күнмен жүгіремін жарысып,

Күн батқанда мен де ұяма батамын.

...Сен дегенде көкірегімдее туса өлең,

Жапырағын жаңбырменен жуса емен,

Ол – өз елім, мәңгі жасыл еменім,

Мен – қарлығаш, қанатыммен су себем!

...Бал бөбегің, балаң болып Отаным,

Балғын биік балаусаңа батамын.
Батысыма батар күнді батырсам,
Шығысымнан күн шығарып жатамын! [2,9].

Азаматтық лирика – өмір қозғалысын философиялық көзқарастар аясында қамтитын толғаныстар әлемі. Өмір қозғалысындағы әрбір тіршілік иелерін, құбылыстарды, қасиеттерді үндес, ұқсас ерекшеліктеріне орай баламалай жырлау барысында жеке адамдардың жалпы қоғамға, өркениетке қосатын үлесі айқындалады. Ақын Өтежан қазақтың ұлттық-этнографиялық дәстүрлі тұрмысы мәдениетіндегі өмірге құштарлықты, шынайы қабілетті, өнер сайысымен өрнектелген дала өркениеті адамдарының жан әлемі сілкіністерін, мұрат ұстанымдарын романтикалық-реалистік болмысымен бейнелейді. Сонымен, ақын Өтежан Нұрғалиевты алғашқы аяқ алысынан-ақ өзінің азаматтық-ақындық бетін, ақындық кредосын анықтап алған ақын деуімізге осы кезеңдегі шығармашылығы әбден дәлел.

Әдебиеттер

- 1.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985.
- 2.Нұрғалиев Ө. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1977. – 236б.
- 3.Әдебиеттану: терминдер сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. - 2-ші бас. - Алматы : Ана тілі, 1998. - 384 б.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР МӘСЕЛЕСІ

Жұмағалиева Рита Рахманқызы
Магистр, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ақын Ө.Нұрғалиев шығармаларындағы лирикалық кейіпкер мәселесі сөз болады.

Аннотация. В этой статье рассказывается о лирических героях поэзии О.Нурғалиева

Annotation. This article tells about the lyrical heroes of the poetry of O. Nurgaliyev.

Тірек сөздер. Ақын, лирика, кейіпкер, көркем бейне

Ключевые слова. Поэт, лирика, персонаж, художественный образ

Key words. Poet, poetry, character, artistic image

Өтежан Нұрғалиев қазақ поэзиясына өзгеше өрнегімен келген көрнекті ақын, қарымды сөз зергері. Жыр жүйрігінің өлеңдерінен айқын аңғарылатын бір жайт – лирикалық кейіпкер мәселесі, яғни туындыларындағы ақынның өз бейнесі. Лирикалық кейіпкер терминінің тарихын өлеңтанушы Тұрсынжан Шапай былай берген екен: «Лирикалық кейіпкер (лирический герой) ұғымын алғаш

негіздеп, оған атау берген – Ю. Тынянов. Орыстың ұлы ақыны А.Блок қайтыс болғаннан кейін, көп кешікпей жазылған «Блок туралы» деген мақаласында (1921 ж.) ол ақынның бүкіл поэзиясын тұтас көрініс, бірегей құбылыс ретінде кейіптеп тұрған нақты адам бейнесі бар екеніне тоқтала келіп, әдебиеттану ғылымына теориялық құны өте манызды лирикалық кейіпкер категориясын енгізді. Содан бергі уақыттың ішінде жаппай қолданылып, үйреншікті терминге айналған бұл атау жөнінде әдебиетші ғалымдар арасында ауық-ауық пікір таласы көтеріліп, лирикалық кейіпкер ұғымының ауқымын, теориялық мән-мағынасын айқындай түскен, тереңдей зерттеген еңбектер жарыққа шықты» [1].

Лирикалық кейіпкер – поэзиялық туындыдағы ақынның бейнесі, нақты авторлық «меннің» лирикалық шығармашылықта көрініс табуы. Тек бір өлең ғана емес, бір тұтас өлеңдер циклынан, өлеңдер жинағынан, лирикалық поэмадан, белгілі бір ақынның лирикалық туындыларының бүкіл жиынтығынан көрініс табатын, өзінше ерек тағдыры, жеке адамдық болмыс-бітімі, ішкі әлемі, психологиясы айқын дараланған, нақтылы мінез ерекшеліктерімен кейіп алған толыққанды бейне болып табылады.

Өтежан Нұрғалиевтің алғашқы өлеңдерінен аңғарылатын негізгі желі – ақынның лирикалық кейіпкері жамандықтан бойын аулақ салып, жақсылыққа ұмтылады, әділдікті аңсайды, жағымпаздыққа жаны күйеді. Мәселен, «Жақсылықпен тілдесу» өлеңіне назар аударайық:

Жақсылықтың кеш келерін білгем мен,

Білгенмін де – орнын қойғам іргемнен.

Әйтеуір, сен келер-ау деп бір күні

Үмітімнің жібін үзбей күн көргем [2,7].

Өмірдің сан қилы тармағында ақын көңілі кей сәттерде сәтсіздікпен де бетпе-бет келіп қалады, лирикалық қаһарман ондайда жасымайды, керісінше жағымсыз құбылысты миығымен жымия қарсы алып, сатиралық сарында жыр өреді:

Өмірдің сәтін, қаймағын...

Ұйыған кезден – атсыз жүк –

Келесің бағып мені ылғи

Жеделдес достым – сәтсіздік.

Жүресің сәтсіз өлең боп,

Жүресің сәтсіз жинақ боп,

Күтемін үміт сенен көп,

Келетін кезде қинап көп [2,44]

Жақсылыққа құмарлық, ұмтылыс шайырдың кейінгі өлеңдерінен де үнемі көрініс тауып отырды, бір елі ажырамады десе де болады, себебі ақынның лирикалық кейіпкері тірліктің сан түрлі сынағынан сүрініп барып, қайта бойын тіктегенде, көңіліне медеу тұтар жалғыз үміт – жақсылықтың жанына бір келері, серік болары, қорған қылары:

Бәрі, бәрі, бәрі жөн... бәрі дұрыс,
Әрі көңіл тынып тұр,
әрі – жұмыс.

Жылы жүзі көрінді жақсылықтың,
Жақсылықтың ескі аты – жарым ырыс [2,25].

Академик З.Ахметов поэзиядағы ақын тұлғасы лирикалық бейне кейпінде көрінетінін айта келіп: «Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеялары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше сезініп, түсінуі; сөйтіп, лирикалық қаһарман деген ұғым ақынның көптеген шығармаларында ой-сезім дүниесінің, мақсат-мұраттардың бірлік-тұтастығын танытады», - деп ой түйеді [3,31].

Қазақ өлеңіндегі лирикалық бейнелер әлемі ұлттық мінез-құлыққа, болмыс-бітімге сай өте мазмұнды бөлікті құрайды. Лирикалық тектің өзіндік табиғатына байланысты кейіпкерлердің өмірдегі негізгі орнын әр ақын, әр қаламгер өз стилінде жырлап, өз тәсілінде қалың жұртшылықпен, яғни оқырманымен ой бөлісіп отырады. Әрине, ақын шығармашылығының тақырыптық-идеялық қалыптасуына өзі өмір сүрген кезең, уақыт ауаны, дәуір толқыны міндетті түрде әсер етеді. Өтежан Нұрғалиев өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкерлер көп жағдайда ұлттық танымның терең нәрінен сусындап, қазақы салт-сананың көріністерін байқатады. Мәселен, біздің ұлтқа ғана тән бір ерекше туыстық қатынас – жеңге мен қайынның өзара сыйластығы, орайы келгенде әдемі әзілмен қалжыңдасуы десек, дәл осы суретті ақын поэзиясынан да аңғарамыз:

Саф самалдан сімірсем – мен дем алам.
Әрбір төбе күлімкөз жеңге маған [2,9].
немесе:

Жеңгейлердебар ма деп жесір қалған,

Сыздықтатып сыр тартам не сырлардан [2,17]. Ақынның лирикалық кейіпкері қазақы түсінік-пайымдағы жеңгесімен сырласа отырып, қайын жұрттағы қадірлі адамдарды да естен шығармайды:

Қарсы алмасын бажа мен балдыз бүгін,

Жалғыз жүріп жұлайын жалбыз, гүлін [2,48] деп бір шер тарқатады. Ал қазақ өлеңіндегі мәңгілік тақырып – анаға деген шексіз махаббат Өтежан өлеңдерінің ең бір шұрайлы тармақтарынан көрініс тапқан:

Балбұлағын су-ана ұсынады,
Кенелсін деп кәусарға кенже балам! [2,9].

Ақын көңілі қазақтың сайын даласында жүйрік-тұлпар болып шабады, қанаты талмайтын қыран-бүркіт кейпінде самғайды. Әсіресе, жылқы мінезді қазақы таным шайыр шумақтарына көптеп енген:

Жал-құйрығым ақ қыраумен ұйысып,
Желге қарай шықтым, жортып жиі ұшып.
Ала боран, жаяу боран!
Сендерден

Кете алмадым құйысқанды қиысып [2,8].

Көп жағдайда ақынның лирикалық кейіпкері жалғыз қалып, оңашаланған сәттерде көңілдің жүйрігіне ер салып, дүниенің о шеті мен бұ шетіне шабады келіп:

Кей-кейде оңаша ғып күбірлеймін,
«Жалқау ой, көтер басты, жүгір!» деймін.
Ат жүйрік жалғыз шапқан, жалғыз шауып,
Сайлардың сағасында дүбірлеймін.
Сайлардың сағасынан су аққанда,
Кептірем ат арқасын шуақтарға.

Жылы тер сіркіреді жаңбыр болып,
Тарланның танауынан бу атқанда [2,15].

Ой-тұлпармен ойқастаған ақын бейнесі көңіл толқынының әр қыртысын сезімге бөлеп, шуақпен көміп, көкке қол созғанда аспаннан алып бүркітке көзі түседі:

Бір қыран ай астынан қанат бұлғап,
Ұшқанда, ұшан дүние қарап тұрад.
Ұядан бүгін шыққан сол балапан
Өзгеден болып шықты талаптырақ [2,11].

Ақынның лирикалық қаһарманы биіктікті аңсайды, жердегі аласалықтан бойын аулақ салады, төменде емес, жоғарыда, сана мүмкіншілігінің жоғарысында болуды көздейді:

Қыран құс болды менің таңдағаным,
Жүгірсем – топқа түсіп шаң қабамын.
Мазасыз бір бөбегі ұзақ тулап
Жатпай ма бесігінде маң даланың
Үш құлап бір айқаста үш тұрамын.
Қамшыны ер кезекте күшті ұрамын,
Сыпырдым томағанды ат үстінен
Мен де ұшам, сен де аянбай, ұш, қыраным [2,12].

Қорытындылай айтқанда, Өтежан шығармаларының негізгі арқауы боп табылатын ұлттық рухтың күштілігін, азаматтық ойдың тереңдігі

мен тіліндегі қазақы бояу-бедердің айқындығы оның поэзиясын басқалардан даралап тұратын ерекше қасиеттер болып табылады.

Әдебиеттер

1. Adebiet portal. Kz

2. Нұрғалиев Ө. Қиял өрнегі. Алматы, 1981. – 105 бет

3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1975. – 212 бет.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Тәңірбергенова Гүлжан Кеңшілікқызы
Магистр, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
gulkatan@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада ақын Ө.Нұрғалиев лирикасының көркемдік ерекшелігі қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматривается художественная черта лирики поэта О.Нурғалиева.

Annotation. The article is devoted the artistic feature of lyrical poetry O.Nurgaliyev.

Тірек сөздері. Ақын, поэзия, әдебиет, мұра, дүниетаным, оқырман.

Ключевые слова. Поэт, поэзия, литература, наследие, мировоззрение, митатель.

Key words. Poet, poetry, literature, heritage, worldview, reader.

Заман ағымы ілгері жылжыған сайын, әдебиетте сол ағымға қарай ығысып, тың, әрі жаңа өзгерістер таным мен түсінікті жаңартатыны бәрімізге ақиқат. Әдебиетке келген белгілі бір буын – төл әдебиетімізді түбегейлі өзгертпесе де, бұрыннан қалыптасқан ескінің негізінде жаңаша, заман талабына сай өзіндік сипаты бар жаңалықтар қосуы заңдылық.

Баршамыз білетініміздей, әдебиет – көркемөнердің бір саласы, тәрбие құралы. Өсіресе, жас буынға туған халқының өткені мен тарихын танытатын, қоғам өмірінде жетістікке жеткізудің жолын нақтылап беретін, өзін-өзі тануда, тәрбиелеуде, адамгершілік қасиетін дамытуда, өмірлік тәжірибе жинақтаудағы басты құрал. Әдебиет бұл – киелі ұғым. Сөз құдіретін сәби күнінен санасына сіңіріп өсетін қазақ баласы, осы сөз бен тәрбиеленіп, сөз бен ел басқарып, қолбастап, бір ауыз сөзге тоқтап, бір ауыз сөзді қадір тұтады. Сол себепті де, жұртымыз киелілерге еш уақытта селқос қарамаған. Дәріптеп, дәрежелеп, атадан балаға мирас етті. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да бұрын-соңды өткен жәдігерлерімізді қайта қарап, жаңа уақыт бедері

тұрғысынан зерттеу мен зерделенуге баса назар аудару қажеттігін міндеттейді. Соның бір бөлігі – жергілікті әдеби мұрамызды танып, танытып, келер ұрпаққа насихаттау болмақ.

Жыр әлеміне жыл келгендей жаңалық әкелген, қиыннан қиыстыра отырып жыр маржанын теребілген Өтежан Нұрғалиевтың мұрасы да заманалар белесінен сүрінбей өтіп, халық кәдесіне асып келе жатқан қайталанбас жыр кестелері. Ұлттық поэзия патшалығына өзіндік өрнек ерекшеліктерімен келген, адамдық, ізгілік иірімдерін нәзік нақышпен, терең тебіреністі толғамдар мен еркін жырлаған – ақынымыз уақыт талаптарын жіті зерделеді. Қайсыбір тақырыпта да тереңнен толғап, ақыл-парасат нұрын, көңіл күнделігін, жан-жүрек сәулесін молынан түсірді. Өлең өрімі, өрнектер арқылы уақыт алға тартқан келелі мәселелерді жүректен қозғады. Оны санаға сіңірді, ақиқатты аңсаған оқырманьына дөп жеткізе білді. Ата мекен мұратын, ел-жыр тағдырын, адамның құпия әлемін алуан ізденіс, түрлі салыстырулар арқылы шеберде, шешен жеткізді. Біздің ше, Өтежанның ақындық өнері – талант қуаты мен көркемдік нәрімен, қажырлы болмысымен, қайратты мінезімен, сырлы сезімге толы шындық сипаттар мен даралана түседі. Мұны ізденіс іздері, қолтаңба мәнері де бедерлей алды. Мұны осы мақаламызды жазу барысында қаламгер мұрасының арналы ағысын, өзектіде, ұтымды қырларын тани бастаған тұста айқын аңғарғандай болдык.

От керек болса, ей жүрек,
Лапылдат, лаулап көз нұрын.
Көктемім ерте келді деп
Өзеуремесін өз гүлің...
Жаз келіп жырын айта алар,
Көктем де айтар хабарын.
Олар да мендей қайталар
Өмірден алған сабағын [1,59]...

Ақынның қай туындысын алсаңыз да, оны кез келген тұсынан ала сап талдай алмайсыз. Оның жырын, сырын түсіну үшін тұтас бір, тіпті нақты бір тақырыптағы бірнеше өлеңін оқып барып, түсінуіз мүмкін. Оның авторлық ерекшеліктерінің басты сипаттары: сөз етер жағдаятты тереңнен зерттеп-зерделеуі, өзі танып-білетін мәселе төңірегінде кең көлемде талдауы, саралаудағы кең құлашы, мүмкіндіктері, ой-сөз жүйесіндегі айқындық, дүниетаным аумағының кеңдігі, көзқарас эволюциясы, т.б. ірілі-ұсақты жайттардың барлығына жан-жақты назар аударуы. Қаламгер шығармаларының маңыздылығы да осыдан көрінеді деп толығымен айта аламыз. Ақын туындыларының ішіндегі ел және ел тағдыры, әлеумет пен қоғам жағдаяттары, оның поэзиясының

көркемдік сипатына, тақырып таңдаудағы ерекшелігіне, оны жырлап, оқырманына жеткізу шеберлігін анықтау қажеттігі болашақтағы өзекті зерттеу жұмысына сұранып-ақ тұр.

Мінезі дара, ойы асқақ, көкірегі қымбат көмбедей елес беретін жерлес ақынымыздың жырларының қай-қайсысын оқып қарасаңыз да, терең иіріміне тартып, өлең құшағына қарай қалай кіріп кеткенінді сезбей де қаласың. Жан сезімді тебіrentетін жырларын әрбір қайталап оқып шыққан сайын, бір құпияны ашқандай сезінесің. Бұрын байқамаған бір сипатын, мінез-қырын танығандай боласың, көркемдік бояуына қанығасың, жаныңа нұр құйылып, қиялыңа қанат бітіп шаттанасың. Осылайша, ақын әлеміне енген сайын әр өлеңін жаңа бір қырынан танып, өлең атты киелі дүниеге тамсана, таңғала тереңдей бересің. Бұл жайды ақынның келесідей шумақтарынан аңғаруымызға болады:

Біреу менің мөлдір судай мұңымды

Лайлайды, түсінбейді сырымды

Тереңіме үңілгендер ұғады

Шыңыраудың түбіндегі шынымды [1,191]...

Ө.Нұрғалиевтің ақындық әлемінен тақырыпты үстірт сөз ету, кездесок таңдау немесе даңқ пен дақпырт жөнінде жырлаудың мүмкін еместігін анық байқауымызға болады. Қайта одан, көңілді баурап, ой-сезімге тыншу бермеген тақырып, мәселелерді кең көлемде қарастыру, жүректен қозғап, сенімді суреттеу, серпінді де шебер жеткізудің тән екенін аңғарамыз. Сонымен бірге, әрине өлең өрімі мен өрнегін – өмір шындығын, лирикалық қаһарман әлемі арқылы айқын көрініс бергенін тани аламыз. Ақын өлеңдерінде кездесетін ұлттық намыс пен тарихи шындықтың, патриоттық рух атаулылардың өзіндік ерекшеліктері мол. Әрбір жолдағы бунақтардың өзі оны нақышына келтіріп, бояуы қаныққанын ұқтырады. Өлеңдерінен ақынның өз өмірінің де парақтарын аңғаруға болады.

Ақын сыры, ондағы көңіл шуағы мен жүрек сыры осында. Ақын шығармаларында байқалған сыршылдық, терең лиризм, романтикалық әуен мен философиялық кеңдік оның лирикасының басты мұратын айқындайды. Парасатты поэзия биігінен көрініп, жемісті еңбегімен әдебиетке өзіндік үлесін қосқан қаламгердің лирикасынан оның айқын қолтаңбасы мен дүниетаным тереңдігін зерделеп білеміз, танимыз, тамсана таңқаламыз.

Өнер мұраты – халықты бір-бірімен жақындастырып, рухани жағынан үндестіру. Оның ішінде әдебиет – халықтың ой-санасын өсіріп, рухани әлемін кемелдендіреді. Асылы, Өтежан Нұрғалиев лирикасындағы ізденіс арналары, ауқымды да, ағысты тақырыптары,

іргелі мәнді, көзқарас пен қолтаңба мәнерінен ақиқатты ту ету, шынайы шындыққа табан тіреу айқын байқалса, мазмұн құрылымынан ұлт пен ұрпақ мұратына адалдық, ел мен жерге берілгендік, адамдық істі ардақтау, кісілік пен кішілікке ден қою, тарих пен танымға, дәстүр мен дінге, діл мен тілге т.б. көркем де кемел, шебер де шешен жырлайтыны айқын танытады. Ол өмір тіршілігінің ақиқатында нақ образбен көрсететін сөз зергері болатын. Өз дәуірінің айнасы қай туындысында болмасын мейлі, жырлары арқылы қалың оқырманын Отанына, халқына деген құмарлығын, сүйіспеншілігін арттырып, адамгершілік қасиетін тәрбиелейтін боямасыз қалпымен келер ұрпаққа үлгі бола білді.

Өлең сүйер қалың көпшіліктің сұранысы – қай қаламгер үшін де маңыздырақ. Ақын шығармалары өз оқырманы бар көркем дүниелер. Оның әдебиеттегі орны туралы кезінде замандастары өз пікірлерін білдіріп, ақынның әдеби еңбегін дәрежесіне сай лайықтап, баға берген болатын. Оразақын Асқар: «Өтежанның Алматыға өзінен бұрын өлеңдері келді. Өзі де әдебиетке жаңбыр болып құйылып, нөсер болып төгіліп келді» десе, Әуезхан Қодар: «Өтежан қайтыс болғанда маған өмірден еркіндік кеткендей көрінді» [2,1] деп ағынан жарылған болатын.

Әдебиет халықтың рухани асыл қазынасы болғанымен, оны жасайтын халық ішінен шыққан дарын иелері. Сондықтан да, жеке адамдар жасаған әдебиет туындыларын сандаған ұрпақ оқып, одан ұлағатты ой, өнеге-үлгі алады. Тәлімдік, тағылымдық тұстарынан ғибрат алып, өмірлік азық етеді. Әдебиетті танимын деген әр оқырман қауым – оның адам баласын адаспайтын жолға салушы, тәрбие беретін басты құрал екенін Өтежан сынды асылдардың көркем әлемімен таныса отырып, ұғынғандай болады десек артық айтқандық болмас. «Толқыннан толқын туады, толқын толқын қуады, бірінің сырын бірі ұрлап», – деп Мағжан ақын айтқандай, бұл дүние бір теңіздің айдыны болса, Ө.Нұрғалиев сынды қайталанбас дара тұлғалар оның бір-бір тамшысы іспетті. Теңіз әрбір толқыған сайын бір толқын, бір леп әкелсе, олардың өзі де бір-бірін қайталамайды екен. Сол сияқты, әдебиетімізде қанша қаламгер болса да, олардың әрқайсысының өзіндік даралығы, қайталанбас қасиеті бар. Міне, бүгінгі зерттеуімізге арқау болып отырған ақынымыз да сонылы, бедерлі бейнемен тіршілік болмысының картинасын ішіне сыйғыза білді. Өмірге ғашық, ақиқатқа асық, сезімтал, сыршыл жүректі, шындыққа ынтық Өтежанның әр сөзі өзі өмірден өтсе де, бір ретте көмескі тартқан емес, қайта алаулаған жалынмен ерек көрініп, магнитше тартып-ақ тұрады. Көзі тірісінде қалыпқа сыймаған асау да, өр кеуде

шынайылықпен өмір сүруге деген құлшынысын бір сәтке болса да тоқыратпады. Қайта өмірге келген соң, қолға алған әр істі тындырып кету керек, жүрегінде жалын, қанында қызу бар адам ғана алаулап жүре алады деген ұстаныммен өз тұтастарына да, кейінгі ұрпаққа да үлгі бола білді. «Менің шындықты айтпаудан басқа жолым жоқ. Менің жілігімді шақса, май емес, шындық шығады» деген сөзі бүгінде тектен тек нақылға айналмаса керек-ті.

Сонымен, өз сөзімізді келесідей жүйемен санамалап қорытындыласақ, алдымен Ө.Нұрғалиев поэзиясында ақынның өмірге деген құштарлығы, өнерге деген шынайы ілтипаты айқын аңғарылады; екіншіден, ақын қайсыбір құбылыс, көріністерді сыртай қызықтап, үстірт суреттемейді, керісінше көңіл көрігінде шыңдап, жүрек пернесінен өткізіп, ойлы да өрнекті, сенімді де серпінді өріс танытады; үшіншіден, ақындық өнер табиғатынан өлеңнің кең көкжиегі, ондағы шындық пен суреттілік, шеберлік пен шешенділік қатар өріледі; төртіншіден, ақын қолтаңбасына бет пердесіз өмірдің өрнектері, еңбек ырғақтары, адам болмысының сырлы иірімдері, жағымды сипаттары мен ұнамды қылықтары көрініс беріп, құбылтып тұрады; ал бесіншіден, ақынның өлең өрімдері ақиқат өмірден өрбіген шындық сырлары көңілді тербеп, жүректе көпке дейін тербеліп тұратын әп-әсем қалпында суреттеледі. Оқырманын ой мен сөз жүйесіне, сыр мен сезім тұтастығында баурап алып, толғам-толғаныстарға көркемдік таным иірімдерінен кең көлемде танылады.

Ақын мұрасын жаңа уақыт талаптары тұрғысынан кеңінен қарастырылып, жанрлық, көркемдік мәселелері, тіл бедері мен стильдік сипаттарын, соны қырларын әлі де жан-жақты зерттеуді әбден қажет етеді. Ұлт мұраты болған көркемдік құндылықтарымызды тәуелсіздік тағлымдары негізінде зерделеу бүгінгі рухани қажеттіліктеріміздің бірі. Ал оны болашақтың еншіне қалдырып, келешекке жауапкершілікті сеніммен артсақ, мұнда да айтылар тың ой, жасалар тұжырым табыла бермек.

Әдебиеттер

1. Нұрғалиев Ө. Ақтөбе кітапханасы. Т:15. – Ақтөбе: Шамшырақ-АқтөбеЖШС, 2013.-320.

2. Ибрагімова Қ. Өтежан Нұрғалиев: Мен «түсініксіз» болсам, болайын... // Әдебиет порталы, <http://www.abebportal.kz>. 05.08.2016.

3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // <http://www.akorda.kz>

ӨТЕЖАН НҮРҒАЛИЕВ – ЛИРИК АҚЫН

Тәшімбаева Сақыпжамал Жаянқызы
Аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
m.sakanai1964@mail.ru

Андатпа. Мақалада Өтежан Нұрғалиевтің ақындық шеберлігі қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматривается творчество Отежана Нурғалиева мастерство поэта и мотивов его поэзии.

Annotation. Creativity of Otezhan Nurgaliev skill of the poet and creative formation of way and motives of his poetry.

Тірек сөздері. Поэзия. Лирика. Дарын. Лирикалық қаһарман. Мәдениет.

Ключевые слова. Поэзия. Лирика. Талант. Лирический герой. Культура.

Key words. Poetry. Lyrics. Talent. Leric hero. Culture.

Қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды.

Поэзия – адам сезімінің айнасы. Қай дәуірде де адамның көңіл-күйін, буырқанған, шабыттанған, өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерін бейнелі, көркем суретпен бере алған. Ол адамзатты поэзияға ғана тән белгісіз жұмбақ күш пен сезімнің алуан түрлі рахатына бөлейді; жақсы көру, жек көру, сүйіну, қуану, мұнға бату – осының бәрі тұтастай алғанда адам жанының табиға нәрі, рахат сәттер. Поэзия көптің бәріне бірдей түсінікті болса, ол ғұмырсыз поэзия болғаны. Ал лирика – сол поэзияның жүрек лүпілі. Сайып келгенде, «поэзия» дегеннің өзі «лирика» деген ұғыммен тұтасып жатады.

Лирикаға тән қасиеттің бірі – адам сезіміне әсер берер отты, жалынды эмоцияның сезімталдық екені белгілі. Таңдаған тақырыбының түп-төркінін терең зерттеп, баянды барлап барып сезім сырын шерту – ақын шеберлігінің бір қыры. Қалыптасқан ұғым бойынша, лирикада автордың дниеге көзқарасы, қатысы, оның сезімін, ойын, көңіл-күйін, ынта-ықыласын суреттеу, бейнелеу арқылы көрсетеді. Бірақ кез келген түйсік пен әсер лирикалық шығарма тудыра алмайды.

Дара дарынды ақын, ақиқатты ашық айтып кеткен рухы биік Өтежан Нұрғалиевтің қай шығармасын алсақ та лириканың биік парасатын байқаймыз. Қазақ жырының дулы додасының қақ ортасында Өтежан Нұрғалиев есімі аталады. Өтежан поэзиясының

шын сүйетін оқырман қауым оның көзі тірісінде-ақ қазақтың ұлы ақыны санатына қосып қойған.

Тобық Жармағамбетов «Қазақ әдебиетінде мұндай ұлттық бояуымен поэзияны әбден меңгерген Қасымнан кейінгі ірі құбылыс» деп әділ баға беруі де жайдан жай емес. Өз асқар тауына әркім өзі өрлеп шыққысы келеді. Сондықтан да біз бүгінгі мақаламызды сол өмір туралы жырлап өткен, жырлағанда да – сөзімен ісінде иненің жасуындай жалғаны жоқ жан туралы айтпақпыз. «Айтып өткен ақында арман бар ма, жүрегiнiң түбiне кiр жасырмай». Мұқағали осы өлеңiн Нұрғалиевке арнап отырғандай. Ө.Нұрғалиев әдебиетте қалыптасқан үрдісті, белгілі бір шектеулерді бұзып шыққан талант.

Ақын поэзиясындағы лиро-эпикалық жанр балладалардың да үлгілері бар. Махаббат лирикасына арналған алғашқы кітаптарынан соң прозамен поэзияның ажыратусыз деңгейге жеткізген «Соғыстың соңғы жазы» циклына бірнеше кітап шығарады. Бұл өте көлемді, форма жағынан жыр, дастан, эпопеясына талпыныс жасаған ақынның жаңа бір қадамы еді. Осы қадамнан бастап ақын қазақ түсінігіне жат құбылыс ретінде көріне бастайды. Соғыстан кейінгі кезеңді қазақ өмірінің тек жетім мен жесір, ластық пен кедейлік, аштық пен қастықтан тұратынын бейнелеген. Мұндай шындықты сол кездегі идеология мүлде көтермеді. Ақынның ойынша тығырықтан шығаратын бір-ақ жол бар, ол – шындық жолы. Шындықтың жолы ықылым заманнан бері ауыр екенін дәлелді тұжырымдармен жеткізген даналарымыз жетерлік. Ол үшін бұрынғы қаз-қалпында қайталай беруден гөрі жаңаша үрдіс жасауға талпынған тиімдірек. Соғыс тақырыбы – қазақ лирикасында мейлінше мол жырланған, өзектілігін әлі күнге жоймай келе жатқан, дәстүрлі тіні тереңге кеткен тақырыптардың бірі. Бұл тақырып Ө.Нұрғалиев лирикасында өзгеше сипат алып, сыпайы бітім-болмысқа ене эстетикалық мәні мол туындылары болып қалыптасты. Бұл шығармада сол кездегі тұтас бір өмірдің, бүтін бір дәуірдің, қиын да қытымыр уақыттың әлеуметтік шындыққа толы суреттерін бейнелеген. Тағдырлы жылдардың бейнелі шежіресінің бас кейіпкері – ақынның өзі.

Ақын шындықтан жаралған өз болмысын ел тағдырымен тұтастырады. Сұлулықтың сырына құмартатын, сұлулық әлемінен сыр түйетін жан, ол ояу жан. Ө.Нұрғалиев кейіпкерлер тұлғасын жасауда, әсіресе әйел затының өкілдеріне, оның ішінде қазақ әйелінің қиыншылық жылдарындағы бейнесіне ерекше мән екіпін бере сөйлейді. Ақынның әйел халқына деген құрметінің, ілтипат сезімінің белгісі ретінде:

Әйел халқы! Қиынды да көп көрдің,
Әйел халқы! Жүректерге от бердің,
немесе:

Әйел халқы, қиын жолың әлі естен,

Кетер емес, қолын бұлғап белестен,-деп келетін шумақтардан байқай аламыз. Ақын өлеңдеріндегі кейіпкерлер ғашықтық сезімдерінің аясында тіршіліктің барлық құбылыстарымен сырласады.

Айтсақ айтып..айтпасақ та болғандай

Сөзге ілінгіш бір құпия сор маңдай,

Әнеш қыздың көз жастарын жинаса,

Кішігірім ақ отауға толғандай

немесе

Терезеңнен телміріп, Ай қараса,

Күміс сәуле бетінді аймаласа

Ол сағынған мен деп біл,

Уақыт өтті,

Уақыт өтті мінекей айдан аса,

Сыбыр қағып мезгілсіз жасыл терек,

Түнде ұйқынды жіберсе ашып кенет,

Ол да менің мазасыз жаным шығар,

Бір көруге өзінді асық жүрек.

Лирикалық кейіпкердің тебіреністерін табиғат пен адам көңіл-күйін психологиялық егіздеумен өрнектеген.

Ө.Нұрғалиевтің «Афина мектебі» кітабында қазақ оқырманына грек антикасын іш пыстырарлық нұсқада емес, сал-серілік лепірме түрде, асқақ шабытты үлгіде жеткізе білді. Екі елдің мәдениетінен ұқсастықтар тауып, грек және қазақ мәдениеті эпикалық дәстүрден нәр алғанын жеткізе білді. Екі халық та өнерсүйгіш халықтар болған. Осылай кең ауқымда постмодернистік тәсілмен баяндалған.

Ө.Нұрғалиев 90-жылдары таза қазақ формаларға ауысып, жыраулық, сал-серілік поэзияның үлгісін жасайды. Өзінің жаңаша жыраулық нұсқаларында Батыс және Шығыс поэзиясының таңдаулы үлгілерін қазақ топырағында жаңғыртады. Ақын әр жылдардағы толғаныстарының оқырманға берері көп.Өз кезінде Ежелгі дүние данышпандарының асыл мұраларын бүгінгі балғын ұрпаққа жеткізіп, көгілдір экран алдында айтқан танымдық тағылымдық толғамдарының да орны бөлек.

Сократ, Эпикур, Аристотель, Платон, Бэкон, Фирдоуси сынды ғаламдық,ғұлама данышпандардың өлмес идеяларын, философиялық, әдеби еңбектерінің мән мағынасын қазақ балаларына жатық тілмен әңгімелеуі өнеге аларлық еңбек. Платон идеялардың көлеңкесін

бейнелеген көркемсөз өнерін әдемі арулардың сұлулығын бейнелеген мрамор мүсіндерді сол арулардың өзінен әлдеқайда сұрқай деп санады. Өмір өнерден әлдеқайда биік, табиғат өнер бейнелегеннен әлдеқайда әдемі, сан қырлы деп санады. Өз дамуында бірнеше кезеңнен өткен өрімдеріне батыстық та, шыңыстық та, таза қазақы нақышты қоса білген Ө.Нұрғалиевтің поэзиясына қарап жан-жақты салаланған ғасырлар қойнауынан керекті маржандарын тере білген, кемел мәдениеттің иесі деп айтуымыз орынды.

Әдебиеттер

1. Нұрғалиев Ө. Шұғылалы көктем. Алматы. 1979. - 128 бет.
2. Тебегенов Т. С. Әдебиет тарихы. Алматы. 1999. - 205 бет
3. Әшімбаев С. Ақиқатқа інкәрлік. Алматы. Ана тілі 1997. - 184 бет

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жалғас Айдана

**Магистрант, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
aidana.10.10@mail.ru**

Аңдатпа. Бұл мақалада Ақтөбе өңірінен шыққан ақын Өтежан Нұрғалиевтың шығармаларының тақырыптық ерекшеліктері қарастырылады.

Аннотация. В этой статье рассматриваются тематические особенности произведений поэта Отегена Нурғалиева из Актюбинской области.

Annotation. This article examines the thematic features of the works of the poet O. Nurgaliyev from the Aktobe region.

Тірек сөздері. Поэзия, халықтық мүдде, лирика.

Ключевые слова. Поэзия, народные интересы, лирика.

Key words. Poetry, folk interests, lyrics.

З.Ахметов айтқандай «Ақынның поэзиядағы өз тұлға, бейнесі арқылы біз оның өмір сүрген заманды қалай танытынын, халықтың мүддесін, арман-тілегін қалай түсінетінін көреміз». Осы тұрғыдан алғанда ұлттық менталитет сол ақынның берік ұстанымынан айқын аңғарылады. Қазақ әдебиетіндегі ақындық «мені» басым, халықтық мінезімізді бойына жинақтаған, шығармаларынан ұлт ерекшелігі нақты көрініп тұратын, қазақтың соғыстарда шындалған кәдімгі қара сөзімен қайтадан жолықтырып селт еткізген, қазақ поэзиясында дүбірлі шабыспен шапқан дүлдiл ақындарымыздың бірі – Өтежан Нұрғалиев.

Халқымыздың баға жетпес қазынасы болған қара өлең кенін белден қазып, ел шежіресінің ескі беттерін жалықпай парактасақ, қатпары қалың сан дүниенің шекесі көрінеді. Қазақтың қара өлеңінің айтары

көл-көсір. Жалғыз ел тарихы ғана емес, сол елдің өмір сүрген ортасы, тұрмыс-тіршілігі, ой өрісі – философиясы, діні мен иманы, арман-тілегі осы бір елеусіз жатқан құнды мұрамызда аса мол сақталып қалған. Қара өлеңнің қырағы көз қиығынан қаға беріс қалатын тақырып жоқ, өмір мәні, имандылық туралы тақырыпқа да әлдебір соны қырынан келіп әдеттегіден де тереңірек сезіндіре түседі. Қара өлеңнің қасиетін бойына сіңірген ақын адуынды, айбарлы жырларымен қазақ поэзиясында ойып тұрып орын алғаны шүбәсіз.

Нөсерлі қара жаңбырда жер-дүниені сұрапыл жарқылымен, тау күңіреткен гүрілімен әрі қуантып, әрі үрейлентіп, әлемді игі арман-мұратқа жетелейтін сәуір айындай қуантқан мезгіл туған. Жұртшылықты толғақ қысқан жас анадай үміт пен күдікке бөлеген жыр сөйтіп дүние есігін айқара ашқан. Ол тұста алпысыншы жылдардың ортасынан бастап елге кең танылып, дәріптеле бастаған бір топ ақындардың бірі де өнер көкжиегінен әлі көрінбеген кез. Сондықтан да болар, Өтежан өнеріне қызығушылық пен қызғаныш бірден дүркірей туды. Күндеу мен қолдау өнерде бола беретін құбылыс, ажал мен өмірдей егіз нәрсе ғой. Жас ақын өлеңдерінің жұртты сүйсінтуі мен шамырқантуы оның барынша шыншылдығы мен табиғилығы екені кейінірек әбден мәлім болса да шу дегеннен тосаңсыған (Абай) құлақтар оны түгел мойындай қоймады. Жем, Оймауыт даласының мал-жан баспаған өркеніндей өрбіген әуен қазақ елінің қаулай өскен майсасындай жұпар самалға кенелткен сол бір дәурен-ай десейші! [1, 2]. Шын мәнінде Өтежан өлеңдерінің қуатты әсерлілігі кіршіксіз тазалығында, шындығында еді. Бұрын тоталитарлық заманның зіл салмағында жаншылған шындық ауыр танкінің шынжыр табанында тапталған көк шалғындай әлі бойын тіктей алмай жатқан.

Өтежан ақынның шамырқанған шабыт шуағына бөлеп отырып жазған эпикалық кесек туындысының астарына үңілу оңайға соқпасы кәміл. Кітап аңдатпасынан аңғарғанымыз: бұл кітап осыдан 30 жыл бұрын, күні кешегі Кеңес өкіметі тұсында әбден паршаланып, 4-5 бөлікке бөлініп, ит-рәсуәсі шығып барып жалғанның жарығына шықса керек... Бұның барша себеп-салдары жайлы алдыңғы кітапқа сын-мақала, естеліктері енген, кезінде қоян-қолтық араласқан авторлардың еңбектерінде егжей-тегжейлі айтылады. Бұл кітапта соғыстың сұрапыл жылдарындағы шалғайда жатқан шағын ауылдың тауқыметті тыныс-тіршілігі сол күндердің куәгері жетім қалған алты жасар бозөкпе баланың, кейіннен ересек тарта бастаған бозбаланың көзімен беріледі. Сюжеті шымыр, бір-бірімен ұштасып отыратын әсерлі оқиғалар тізбегі ортақ желіге құрылған. Әрбір өлең-баллада астарынан бір кездегі

балғын шағы соғыс өртінің жалынына шарпылған, жетімдікке мойынсұнған, қилы кезеңге тап болып, қазіргі хал-ахуалы да бүгінгі билік тізгінін ұстаған шен-шекпенділердің, шенеуніктердің «қамқорлығына» тәуелді, жер тағдырын, ел тағдырын ойлаумен түн ұйқысы төрт бөлінетін, егде тартса да, елгезектік танытытатын ақынның ішкі толқу-тебіреністері, толғам-түйіндері айқын сезіліп отырады [2].

Аман келу – әр ошаққа алтын бак.

Кейбіреулер қуанып жүр жарқылдап.

Көз талдырған қырық бестің жазында

Солдат біткен келіп жатыр там-тұмдап.

Ақын соғыс кезіндегі қазақ ауылының ауыр тұрмысын суреттеген, сосын бұл тұрмыста жеңімпаздықтың еш нышаны жоқ екенін көрсеткен және тек қазақ ауылы ішіндегі кеңес бюрократиясы тудырған ішкі қайшылықтарды әшкерелей берген. Осы кезектегі ойымызды түйіп жіберсек, «Соғыстың соңғы жазын» соғыс кезіндегі қазақ ауылының энциклопедиясы деп атауға болады. «Балам өлген жоқ» өлеңіндегі мына бір жолдар адамның жан-дүниесін ерітіп, сай-сүйегін сырқыратары анық.

...Жексен дей ме?

Өлген Жексен марқұм ба?

Келді дей ме аман-есен қалпында

Өзі келген өзексізге өлім жоқ.

Еркек бала қалмап еді артында [3, 118].

Соғыстан қайта оралған боздақтың артында ерген тұяғының жоқтығын аңғарамыз. Өлдіге санап жүрген жұртшылық оның аман-сау оралғанын көріп аңтарылып қалады.

...Бұл соғыста кім жатқан жоқ құрбан боп,

Кімнің жанын жапырақтай жұлған жоқ...

Балаң аман дер екен деп келдім мен,

Өлді екен деп ақша сұрап тұрғам жоқ [3, 118].

Балам тірі екен деген үміт сәулесі ананы осы уақытқа дейін жетелеген еді. Ақ жаулықты анаға не айтарын білмей дел-сал күйде болған Жексен қалтасынан шыққан сарқұлақтарды ұсынады.

«Көз көрген жоқ...Көңіл әлі сөнген жоқ,

Көбенекті киген түгел келген жоқ.

Төрт жыл бойы көрген түсім шын болса,

Балам тірі, балам менің өлген жоқ!»[3, 119].

Сұм соғыс ананы баласынан айырды, әйелді ерінен айырды, кара домалақ балаларды жетім қып, отбасын асқар тауынан айырды. Елдің тыныштығын бұзды,

Сонда жеген жемісті еске салады
Сонда келген жеңісті еске салады,
Жылап айтқан әнді есіңе салады...
Жылап жеген нанды есіне салады...
Фашизмге тас лақтырған сол кезең...
Адамзаттың мәңгі есінде қалады. [3, 131].

Сонау сұрапыл соғыс жылдарының салған іздері қазіргі күні тарихтың ақтаңдақ беттерінен ойып орын алды. Бұл зұлматтың ел есінде қалары анық. Ізгілік ізін жалғастыру үшін келешек ұрпаққа аманат еткен ұлы қасиет қазақтың қанына сіңген десек, қате айтқандық емес.

Ауыл табиғаты туралы өлеңдерінің барлығында дерлік ақын сөзбен сурет салады. Адамзат тіршілігі қашанда табиғатпен байланысты ғой. Сонау ықылым заманнан бері адамдар өздерін табиғаттың бір бөлшегіміз деп өмір сүріп, оның сұлу бейнесін поэзияға айналдырып келген. Сондықтан да болар, сұлу табиғат көрінісін жырға қоспаған ақын жоқ. Бірақ Өтежан ақын табиғатты өзінше, өзгеше жырлайды.

Даланы жайлы жаздың кеші басқан,
Тыныштық мүлгіп-қалғып есік ашқан.
Төбеңе төңкерілген дәу тегене
Жұлдызы жапырлаған тесік аспан.
Немесе:

...Табиғат, маған асқар тауды кез қыл,
Алтын қыл, мейлің, көкте айды жел қыл,
Даламның жайлы қоңыр іңіріндей
Жаныма жоқ па дедім жайлы мезгіл [3, 6].

Даланың хош иісіне, жанға жайлы саф ауасына, гүлдері мен көк текемет шөбіне жетер нәрсе жоқ шығар, сірә...

Балдың иісін сайдан сүйреп жел кетті,
Әр бәйшешек бір әншіні тербетті
Шығыс жақта алтын айдар күн бөбек
Көкжиектен қылтиды да ержетті [3, 17].

Байқап отырсақ, ақын көз алдымызда тұрған табиғат құбылыстарының астарын ашып, айнала дүниемен салыстыра отырып, әрі айқын, әрі образды түрде жырлай біледі. Тіршіліктің әр құбылысына ақындық сезіммен қарайды. Тіпті табиғатты суреттеуде де суреткердің шындыққа қарым-қатынасы арқылы оқырманда автордың өз күйзелісіндей көңіл-күй оятуға тырысуы қатты сезіледі.

Ғашықпын қою түндерге,
Жұлдызы сүттей ұйыған,
Құс жолы қара көлдерден

Төгілмей тұрған суық ән.

Ақын өз туындыларында табиғат құбылыстарының астарын ашып, айнала дүниемен салыстыра отырып, әрі айқын, әрі образды түрде жырлай біледі. Тіршіліктің әр құбылысына ақындық асқақ сезіммен қарайды. Айналадағы құбылысқа жай ғана тебіреніп қоймайды, сол құбылысты өмірмен, адамның жан-дүниесімен ұштастырады.

Ақынның сезім, махаббат жайлы өлеңдерінде былай делінеді:

Демалатын ауам сенсің, махаббат,

Ауырғанда дауам сенсің, махаббат.

Қуаныштың судай тасқан шарабы,

Жаңбыр жауса, саям сенсің, махаббат [3, 20].

Немесе:

Мен «мәңгі өмір жоқ» десеңдер, сенбеймін,

Мәңгі өмір бар, ол-өзіңсің, ол-сенсің!

Мен ғашықпын, жап-жарықпын, сөнбеймін,

Мейлі таңның жұлдыздары мол сөнсін!

Адамды адам қып тұрған – махаббат. Ақынды ақын қылатын да сезім. Гүл болмаса, бұлбұлдың сайрамайтындығы сияқты, ғашық болмаған ақын да жырлай алмайды. Жүрегіне сезім ұялаған ақынның жүрегінен осындай мөлдір, таза жырлар шығады.

«Қазақтың Пушкині» болған Өтежан ағамыздың биыл 80 жылдық мерейтойы. Өтежан ақын қазақ поэзиясына ерекше үнімен, өзіндік бояуын ала келген санаулы таланттардың бірі. Әдебиет майданына өзіндік үнін қосқан ақын. Оның әдеби мұрасын зерттеуге байыппен, ерекше ыждақаттылықпен қараған ләзім. Болашақта ақын шығармашылығы жеткілікті түрде зерттеліп, әдеби қызметіне әділетті бағасын береді деген сенімдемін.

Әдебиеттер:

1. Ақтөбе газеті. «Өзекті өртер Өтежан». 12 шілде, 2018.
2. Тамыр журналы, №35, сәуір, 2013.
3. Өтежан Нұрғалиев, Ақтөбе кітапханасы, 15-том Шамшырақ Ақтөбе, 2013.

ӨТЕЖАН НҮРҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Бекеева Түйме, Рахметова Төлеу
№67 мектеп-гимназия, Астана қ., Қазақстан
meiraimgul-82@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы көркемдік ізденістер мен үндестік туралы қарастырылған. Ақын поэзиясындағы табиғат көріністерінің көркемдігі мен ерекшелігі туралы сипатталған. Ақын өлеңдеріндегі туған жеріне деген махаббаты, сағыныш ерекшелігі берілген.

Аннотация. Эта статья посвящена художественному поиску и общению в поэзии Отегена Нургалиева. Описаны природа и особенности проявления природы в поэзии. Стих поэзии рассказывает о любви к тому месту, где он родился.

Annotation. This article is devoted to the artistic search and communication in the poetry of O. Nurgaliyev. The nature and features of the manifestation of nature in poetry are described. The verse of poetry tells of the love of the place where he was born.

Тірек сөздері. Поэзия, табиғат тақырыбы, көркемдік, үндестік, махаббат.

Ключевые слова. Поэзия, природа, художественные, изысканные, гармония, смех, любовь.

Key words. Poetry, nature, artistic, exquisite, harmony, laughter, love.

Ө.Нұрғалиев адамдар арасындағы, өмірдегі табиғаттағы жарастық пен келісім жыршысы. Оның туған жеріне, табиғатына, сағынышты махаббатына, баршасына арналған өлеңдері жеке тебіреністен, жеке шабыттан, сағыныштан туған жырлар. Ақын поэзиясындағы басты тақырып ойлау мәнеріне тән басты ерекшелік деуге болады [1, 215].

Табиғатқа деген сүйіспеншілік ақын шығармаларында адамның болмысы, сезімі, тұрмыс-тынысымен тұтастыққа алынады. Бұл ақын жанының табиғатпен тұтастыққа, үндесе байланысқанын көрсетеді. Олардың бояу әлемі мен әуен-сазын да ақын көкірегінің толғаныс-тебіренісі жасаған, бәрі де адамның өз демі, өз тынысындай шынайы, табиғи табиғат, өмір мен соған елтіген көңілдің үйлесімді шеберлігі бар:

Аттың басын жетпей тұр бұру ғана,
Жалғыз сәтке көз салып тұру ғана.
Жалғыз сәтке көз салсаң, тұтқын демен,
Жанарыңды байлайды сұлу дала.
Тұла бойда сергітіп, күшағылған.
Көрмей кетсем-сағынтып құсақылған,
Бауырына біркiрсен, ғашық дала

Шығармайды мәңгілік құшағынан.

Лирикалық кейіпкер сәт пен ғана дала сұлулығының сиқырына арбалған. Еріксіз тұтқыны ақын жанына қажеті де осы. Ол ақын поэзиясының басты ерекшелігі болып табылады. Ақын ішкі дүниесін тіл арқылы сыртқа шығаруда жаңа поэтикалық қолданыстарға бара алғандығын көруге болады.

Бұраң-бұраң сағым бел.Сүмбіл бұрым

Жүректе отым сенікі, көзде-нұрым...

Босатпасаң босатпа құшағыңнан,

Кеткім келіп тұрған жоқ мен де бүгін...[3, 10].

Осы ретте ақын М.Мақатаевтың «Туған жер, төсінді аш мен келемін» деген жолдармен үндескендей. Солардың бірі ақынның табиғат туралы ерекше бір тебіреніспен жырлапта, қарасөзбен қағазға түсіріп даналық ойларын кейінгіге өсиет етіп қалдыруынан да көрумізге болады.Ақын өлеңдерінен мол орын алатын табиғат (эпюдтері) көріністері, оның ішінде қысқы этюдтер өзінің көркемдігімен ерекшеленеді. Ақынның өлең жолдарының үндесуі мынадай өлеңдерінде анық байқалады:

Бұтағымен аппақ-аппақ гүл аулап,

Аяздарды ішіп алғанмын ау бақ.

Енд іөзі соққан желден теңселіп,

Алған қардан айырылып тұр қылаулап.

Немесе

Ағаштардың тыр жалаңаш бұтағын

Жауыпапты аппақ көрпе аялап.

...Қызуынан ғашық болған жігіттің

Аязың да босай берді балбырап.

...Аязды аспан қолын жылытып тұрғандай

Мұржалардан тіп-тік ұшқан түтінге.

Даланы тұмшалап жатқан шашау аппақ әлемді ақын осылайша тірілтеді. Аяздан денең тітіркегендей әсер алсаң,енді ақын көңілі жайма-шуақ жаныңды сұлулыққа бөлер,көктем өмірді көз алдында әкеледі,ақын көңілі көктемді іздейді,сағыну идеялары негіз болып қаланған деуге болады.

...Келер ертең сәукелелі шуақтар

Апрельдің иығына асылып.

Ғалым З.Ахметов «Поэзия тілінің сипат-ерекшелігі оның мазмұнына тікелей байланысты. Өйткені,өлең тілі көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу,жеткізу талабына сай қалыптасады. Өлең тіліне көркемдік сипат дарығатын,қуат бітіретін ой,сезім тереңдігі десек,сол ойдың,сезімнің барынша әсерлі,мейлінше

терең, бөлекше ажарлы болуы тілге,сөзге байланысты»-дей келе, «өлең-жырлардағы бейнелі өрнекті сөздер әшейін сұлулап сөйлеуге әуестіктенемес, эстетикалық талғамнан, образды ойдан, дүниені суреткерше қабылдаудан туады, - дейді [2, 17].

Көктем келгенін ақын ерекше сезіммен көктемді күтуге дайындалам дейді. Ақын өлеңдеріндегі көктем ұғымы көңіл түсініктерімен астасып жатқанын көрсетеді.

Көктем келді деп айтты айым маған,

Көктем келді деп айтты қайың маған.

Немесе:

Білер бәрін... күй-білер..көктем білер...

Өмір жолын сол жолмен өткен білер.

Көктем...Қай ақынның жырына арқау болмаған... Сезімнің де, көктем күйіндей гүлденетін,бүршік жаратын кезеңі. Табиғат көктемі мен адам жан дүниесіндегі сезім көктемімен үндестіре білуі ақынның шеберлігі.

Сеңсең-толқын сел-сел боп, шекер – қайнап,

Сеңді сүйреп, толқынды кетер бойлап.

Ғашық болған жастардың көздеріндей

Жаңбырдан соң жауқазын жетер жайнап. [4.7-б]

Көктемде болатын таңғы шықтың өзі ақынның сұлулықты байқағыш қырағы назарынан шет қалмаған. Оны арманына жетпеген жасыл шөптің көз жасы етіп береді. Ақын поэзиясындағы туған жеріне, табиғатына, сағынышты махаббатына, баршасына арналған өлеңдері жеке тебіреністен,жеке шабыттан, сағыныштан туған жырлардың ақын поэзиясынан орын алғандығы туралы мәліметтерді ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Демек, сөздің қадір-қасиетін зерделей білген ойшыл ақындар, сөз тазалығына үлкен жауапкершілікпен қараған деген қорытынды шығаруға болады.

Әдебиеттер

- 1.Кәрібаева Б.Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Астана. Елорда. 2002.
- 2.Қабдолов З. Сөзөнері. Алматы.Қазақ университеті.1999ж
- 3.Нұрғалиев Ө. Соғыстыңсоңғыжазы 1-кітап. Алматы, 1977.
4. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы. Балладалар 2-3-4 кітаптарАлматы: 1978,1980,1989.
- 5.Қирабаев С.Кеңесдәуіріндегіқазақәдебиеті.Алматы: Жазушы.1998.

Ө. НҰРҒАЛИЕВТІҢ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Егембердиева Раушан, Ускенбаева Жанна
Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада Ө. Нұрғалиев шығармаларының ерекшеліктері туралы айтылған. Сонымен қатар, ақын өлеңіндегі өзгешіліктерге талдау жасалған. Шығармаларынан қазақ халқының тарихындағы ұлы белесті оқиғалардың бейнеленгенін көреміз.

Annotation. В этой статье, говорится об особенностях творчества Ө.Нурғалиева. Кроме того, анализировались стихотворения поэта. Из его работ можно заметить великие события казахского народа.

Annotation. In this article, written about the features of creativity of O.Nurgaliev. In addition, poems of the poet were analyzed. From his works we can notice the great events of the Kazakh people.

Тірек сөздері. Поэзия, лирика, тарихи шежіре, елеулі еңбегі.

Ключевые слова. Поэзия, лирика, историческая генеалогия, значительная работа.

Key words. Poetry, lyrics, historical genealogy, significant work.

Өтежан Нұрғалиев – қазақ поэзиясының аса көрнекті шебері, ірі белгілі әдебиетші, журналист. Әдебиеттегі алғашқы қадамын өлең жазудан бастаған ол қазақ сөз өнерінің озық дәстүрлерімен әлем әдебиеттің үздік жетістіктерінен үйрене отырып, айтулы ақын, республикада әдебиет ісін ұйымдастырушы қайраткерге айналды. Ө.Нұрғалиев – поэзияда лирика мен поэма жанрын қатар алып жүрген ақын. Оның қаламынан туған қаншама өте көп сандағы өлеңдері сыршылдық, ойшылдығымен, оттылығымен ерекшеленеді. Өтежан поэзиясы – тың ізденістің, жоғары мәдениеттің, шебердің поэзиясы.

Құрал Тоқмырзин: «Мен Өтежанның «Соғыстың соңғы жазы» шығармасын анда-санда қалап оқимын. Жана кейіпкерді, жасампаз образдарды алғаш көргендей, солармен қайта қауышқандай күй кешем. Оның себебі, шындықтың талассыз көркемдікке айналуы шығар. Немесе көркемдіктің ел тарихының бір дәуірін айна-қатесіз көзге елестетуінде. Оның аты - «Байшұбар» - өгіздің аты. Дәл осы өлеңде батыр Бөкенбаевтың ғана емес, бірнеше адамның көркем тарихы өрілген. Енді осы жырды таратып, талғам таразысына салып көрелік!

Күңнің болса құлағында сырғасы,

Құлдың да бар күліп-ойнар құрдасы...

Байшұбардың нәті өгіз демесең,

Аттан жайлы - су төгілмес жорғасы.

Төрт тұяғын сырт-сырт басып найқалтып,

Тойған қарнын Байшұбардың шайқалтып,
Көк орайдан көйлегіміз көлбеңдеп
Жөнелеміз жорғасы мен тайпалтып.
Шыбын тисе оқыралап шығынбай
Тып-тыныш боп аяндайды ұрынбай...»[1].

Тарихи шежіреге құлағы түрік Жақия ұлт ұлықтаған батырды туған ауданына шақырып, халық пен таныстыруды мақсат етсе, оған қонақасыға «Байшұбар» атты атақты өгізді сойып, аш-аламанда аудан халқын да сорпа-су мен етке қарқ қылмақ болған. Бұл, әрине, қазақ халқының ата дәстүрі мен әбден абзал салт! Алайда, елді партиялыққа, тәртіп билеген заманда жөлауыздар халық меншігіне қол сұқты деген өсекпен Отан қорғаған батырының да, оны туып-өсірген елдің де абыройын асқақтатпақ болған Жақияны жеті жылға соттайды. Міне, соны ақын:

Таразылап бірі – өтірік, бірі – шын,
Сөз біткеннің бұрысы мен дұрысын,
Жеті жылға кесімкестік ел титіп
Тез бітіріп Жақияның «жұмысын», - деп түйіндейді.

Осы өлеңде сол кезгі қоғам мен адам мінезі, тағдыры мен тарихы шебер қабысқандықтан, оқырман еліге, тебірене оқиды. Бір емес, әлденеше ретоқысаң да, жаңа оқығандай әсерқалдырады.

Алпысыншы жылдардың басында жарық көрген тұңғышы – «Менің махаббатым» жинағынан бастап оның қаламынан шыққан «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Ай астына ақбоз үй», «Қайыңды тоғай», «Тыныштық», «Афина мектебі», тағы басқа жыр кітаптары, ал сұрапыл соғыс жылдарының тірі, көркем шежіресіндей «Соғыстың соңғы жазы» балладалары әдебиетіміздің алтын қорына қосылған құнды туындылар екені сөзсіз [2, 177].

Ө.Нұрғалиев та Отанды жырлауға талай-талай шабытты шумақтарын арнады. Оның өз Отанының құдіреттілігін толғаған ұлттық поэзиядағы патриоттық жырлардың озық үлгілерінің қатарынан орын алады. Өзінің идеялық ауқымы, сезім сырлары тұрғысынан «Жауынның алдында» өлеңі ерекше.

Бұлттарды сабап күйініп
Найзағай әбден шаршады.
Жібермей бұлтты иіріп
Кемпіркосақ қоршады....
- Нөсерлі еді найзағай
Шыбыртқы соққан шарғылың
Бұлттарды түріп айдамай
Қуатың қайда, жарқыным!?

Тіл қатты таулар осылай
Аспанның найзағайына
Қаһары келіп найзадай
Таулардың қайрағанына
Ашумен жұлып кетті де
Жартысын кемпірқосақтың
Қосақтап қойған тамшыны
Қылышпен кесіп босатты [3, 99].

Олай болса, оның шығармашылық әлемінен тек халықтың мұң-мүддесін жырлау ғана орын алуы ауадай қажет. Халық тарихын жырлағанда да ақын – оның өмірінен түбегейлі орын алған асулы-белесті оқиғаларды ғана таңдап алып, өз шығармасына арқау, өзек етіп отырады. Ақын шығармаларынан да негізінен өз халқының тарихындағы ұлы белесті оқиғалардың бейнеленгенін көреміз.

«Жаяу Мұса» өлеңі:

Ақынның кей мінезі баладай – ау,
Өн салса ол қала да ояу, дала да ояу.
Болғанмен аты Жаяу – Жаяу Мұса
Ұқсайды болмағанға қара жаяу
Не жетсін ат шіркінге желіп кетер,
Желіп кетсең қайғыны бөліп кетер.
Намыстың құлы болған Жаяу Мұса
«Жаяусын» деген сөзден өліп кетер.
Әрине, тағдыр басқа, дарын басқа,
Ат түгіл, кетер қолдан қарындас та
Атыңды тартып алған арсыздарға
Ант еткенде шығарсың жалынбасқа.
Бұл қазақ берген дарындарды.
Дарыннан сөнбейтұғын жалын қалды.
Атынан айрылған жалғыз жаяу
Артында аңыз болған әкең қалды.

Ө.Нұрғалиев ел алдындағы осындай елеулі еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталған. Алаш жұртының айтулы ақындарының бірі. Ең бастысы, Өтежан ақын, ғалым, қоғам қайраткері ретінде өзінің халқынан, қазақ халқынан алған бағасы. Алты алашқа аты жайылған азамат, халқымыздың құрметті ұлы болып қалады.

Әдебиеттер

1. Қ. Тоқмырзин. <https://egemen.kz/article/otezhan-nurgaliev>.
2. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. А.Жазушы. 1988 ж.
3. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы 1-кітап. Алматы. 1977 ж.
4. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы. Балладалар. 2-3-4 кітаптар. Алматы, 1978, 1980 ж.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Жакупова Куляй, Бектемирова Гүлнар
Астана қ., Қазақстан

Анатпа. Бұл мақалада Өтежан Нұрғалиев шығармаларының көркемдік ерекшелігі қарастырылған. Өтежан Нұрғалиев шығармаларына талдау жасау арқылы адам баласы табиғаттың бір бөлшегі екенін, яғни өзін қоршаған ортамен тығыз байланыста екені көрсетілген. Ақын өлеңдерінде табиғатқа жан бітіру арқылы табиғатты көркемдік образбен шебер бейнелегені өлеңдері арқылы мысалдармен дәлелденген.

Аннотация. В этой статье обсуждаются художественные особенности работ Утегена Нургалиева. Проанализировав работы Утегана Нургалиева, было показано, что люди являются частью природы, то есть находятся в тесном контакте с окружающей средой. По стихотворению поэта, образ поэта, изображающий природу с художественным изображением, доказывается примерами в стихах.

Annotation. This article discusses the artistic features of the works of Utegen Nurgaliev. Analyzing the work of Utegana Nurgaliev, it was shown that people are part of nature, that is, they are in close contact with the environment. According to the poet's poem, the image of a poet depicting nature with an artistic image is proved by examples in verse.

Тірек сөздері. Табиғат, поэзия, ақын өлеңдері, шындық, құбылыс, поэзия.

Ключевые слова. Природа, поэзия, стихотворная поэзия, реальность, феномен, поэзия.

Key words. Nature, poetry, poetic poetry, reality, phenomenon, poetry.

Адам рухын асқақтатып сезім құдіретінен поэзия жаратылады. Ол ақылданда, бар тіршіліктен де биік, өзіне бас игізетін тылсым күш. Осы жолда адам өз сезімі арқылы қалай биіктеп, қалай аласарады... Өтежан өлеңдерінде сезімнің осы штрихтары да көрініс береді. Осы ретте ғалым Б.Кәрібаеваның айтуынша: «Қазақ поэзиясының оның ішінде, қазақ лирикасының, эстетикалық аренасы кеңейгендігі талас тудырмайтын шындық. Сәкен, Ілияс, Қасым, Әбділда Тұманбай, Қадыр, Мұқағали, Төлеген, Сағи, Өтежан, Жүмекен, Мұхтарлар лирикалық жанрлық мүмкіндігін кеңейтіп отыр. Бұлар өздерінен алдыңғы топтың ең қажетті деген дәстүрін бойға жиды. Көзсіз еліктеуден, жалған жалау көтеруден аулақ болды [3, 25].

Ө.Нұрғалиев поэзиясынан көп ретте образбен ойлайтын, сөйлейтін ақыл екендігі ерекше көрініс береді. Әсіресе, табиғат құбылысына жан бітіре, көркемдік образбен беру ақының шеберлігі. Керемет үлгісі Тау суреттері деп аталатын өлеңі осының бірден бір дәлелі.

Тау қыран, тұмсығы шын мұнар кабак.

Бұлттар бар баурайында, бұлар қонат.

Ақша қар мен көкше мұз таудың желі

Тұрады алып күшпен шын арқалап.

Көз алдымызға қыранға ұқсаған алып тау тірі бейнесі келеді. Ал ақша қар мен мұзды оның желі етсе, тіпті таудың өзін тірі жанша көзілдіріп, ұйықтатып, демалдырып қояды.

Салмақ та, салқындықта сезіледі,

Жаншылып тау бауыры езіледі

Түсірмей арқасынан ауыр жүгін

Ымыртта шаршаған тау көз іледі.

Ақын бұлттың өзіне жауды құшақтатып қояды. Оның өзі әдемі, сәтті шығады.

Дегендей мұз-төсекте ауырайын,

Бұлт жатты құшақтап тау баурайын.

Осы жолдарды оқығанда біздің маңымызда әдеттегі жансыз табиғат емес, әлдебір тіршілік тыныстап, көз алдымызға кәдімгідей қимыл, құбылыс елестеп кетеді. Тау жай жатқан жоқ. Шаршап көз іліп жатыр, ал бұлт тау баурайын құшақтап жатыр. Осының бәрін біз көзімізбен көріп, көкірегімізбен сезінетін сияқтымыз.

Қапшағай өлеңінде кездесетін мына көркем образдарға назар салсақ, ақын табиғат көрінісін берудегі хас шеберлігін байқауға болады:

Қалың құс қара аспанға қонақтаған

Теңізге жымың-жымың қарап қалған.

Бір бұлттың өркешінде баладай боп

Ай отыр екі аяғы салақтаған.

Немесе:

Бұрымынан бұрқырап гүлдің исі

Сай бойында самайын тарады түн

Міне, ақындық құдырет... Көз алдымызға бұрымынан гүл исі аңқыған түннің жанды бейнесі келеді... Одан әрі жырды оқысақ жұлдызды кішкентай айнаға теңейді де:

Айна сыншы, аспанның төріндегі,

Жерге түсті! - Сынығы көрінбеді.

Аққан жұлдыз-

Бұл да бір ғұмыр еді деуші ед:

Сол ғұмырдың сынығы... терілмеді!

Ғалым З.Ахметовтің мына бір пікірін келтіре кетсек: Поэзиядағы өлең жырлардағы бейнелі, өрнекті сөздер әлде қандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдаудан туады.

Өлеңге, өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суретке, әрбір сөзге поэзиялық, поэзиялық нәр, көрініс беретін нәрсе-ақындық ой-сезімнің тереңдігі мен көркемдігі. Бұл сөзбен салынған сурет. Бұл әрі нақты, әрі затты. Яғни көркем образ. Ғалым З.Қабдолов бұл жөнінде: әдебиеттің оқыған адамды баурап алар, оның жан дүниесіне әсер етер күдіретті күші осынау образдылығында жатады дейді [4, 82]. Жалпы адам баласы табиғаттың бір бөлшегі екенін, яғни өзін қоршаған ортамен тығыз байланыста екенін Өтежан өлеңдері арқылы және бір сезінесің. Сезіну бар да, оны түйсіну бар. Өтежан осы екеуінде оқырман жүрегіне жақсы жеткізе біледі. Оның өлең жинақтарының өзі «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Кемпірқосақ», «Айшуақ», «Қайыңды тоғай» деп келетіні жайдан жай емес.

Адам табиғатқа неғұрлым жақындай түссе, соғұрлым сұлулықты, әдемілікті сезінумен бірге жан-дүниесі де сілкіністер жасап, тазару процесі жүретінін талай еңбектерде айтылып та жазылып та жүр. Сол секілді Өтежан өлеңдері де табиғаттың тылсым да құпия сырына жетелеумен бірге, таза даланың иісін мұрныға келтіріп, мына пенделік тіршіліктен бір сәт арылтып, тазалық әлеміне шақырады.

Жас иіс жас теңізді дала бүтін
Қолтығына тым жиі алады тым.
Бұрымынан бұрқырап гүлдің иісі
Сай бойында барады түн.

Ақынның лирикалық кейіпкері тек қана табиғатқа сыр айтады, сырласады, әдемі сезімді де сонымен өріледі.

Тау маған кеше сыр айтты,
Сыр айтты кеше тау маған:

Жалпы ақынның осы стильдегі өлеңдері көп-ақ. Ақ нөсер жинағына енген жырларының қай-қайсысы да табиғат тамашаларына сыр шертеді:

Бұлдырап көкжиектен сағым құлап,
Секілді тоқталмайтын ағын-бұлақ
Аңқитып судың иісін, шалғын иісін
Желменен жарылады қалың құрақ.

Тамаша жауған нөсерден кейін жер-ананың керемет жанарып-жасарып қалатыны секілді, адам баласының көңіл күйі де сондай бір сәтті аңсап жүретіні ақиқат. Ақынның өзі айтқан:

...Көңіл күй о да бір өлке,
Нөсерден, оттан оянар!,-

дейді де, жан-дүниені сілкіндірер күш-жауын, дауыл, жалын адам табиғатында болып тұрғанын қалайтын ақын өлең тілімен береді.

Өмірде қалғып ұйықтап жүрген жан аз ба...Тек тұрмыстық қажеттілікке қанағат тұтып жүретініміз ащы да болса шындық. Ал, кейіпкер күнделікті күйбің тіршілікте қамын күйттеп жүретіндерден бөлектеу... Ол бұған көнбейді... асау мінез танытады... Сондықтан ол өткінші нөсерге де қанағаттанбай, селдете, кенелте жауатын жаңбыр іздейді. Көңіл-күйдің даланы қаптаған жауқазынша жайқала түлеуі содан кейін ғана дейді... Өмірдің құны мен мәні сонда деген ақын бізге осындай ой түйгізеді.

Әдебиеттер

1. Нұрғалиев Ө. Кәмелет Алматы: Жазушы, 1972.
2. Нұрғалиев Ө. Ақ нөсер Алматы: Жазушы, 1968.
3. Кәрібаева Б. Талап деңгейі. Алматы: Жазушы. 1984.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті.1999
5. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Астана: Елорда. 2002.

Ө.НҰРҒАЛИЕВТІҢ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

**Имашева Г., Ыбыраева Д.
Астана қ., Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада көрсетілген Ө.Нұрғалиевтың өлең-жырларында дәстүрдің жалғасы көрініс табады. Ақынның жырлаған тақырыбы, жанрлық ерекшеліктері, көркемдік стилі туралы сөз болып, шығармалары жан-жақты талданады.

Аннотация. В статье показаны стихи О. Нургалиева, в котором отражаются продолжения традиции. Предоставленные темы, жанровые особенности поэта, а так же, его художественный стиль разнообразны. Произведения тщательно анализировались со всех сторон.

Annotation. The article shows poems of О. Nurgaliyev, which reflects the continuation of the tradition. The themes provided, the genre features of the poet, moreover, his artistic style are diverse. The works were carefully analyzed from all sides.

Тірек сөздері. Қоғам, тәрбие, ұлттық құндылықтар, жастар, ізгілік.

Ключевые слова. Общество, воспитание, национальные ценности, молодежь, гуманизм.

Key words. Society, education, national values, youth, humanism.

Өтежан Нұрғалиевтың жырлаған тақырыбы, жанрлық ерекшеліктері, көркемдік стилі жағынан әр алуан. Ақынның шығармасы, оның өзіндік ерекшеліктері, көркемдігі мен идеясы жайлы жазылған зерттеу сын мақалалары аз емес. Абай бастап, Шәкәрімдер дамыта түскен дәстүр және бар.1976 жылы ұсынылған «Тандамалысы»

талғамның мінсіз таразысына айналды. Өтежан Нұрғалиев әдебиетімізге тағы бір тың леп әкелді. Сол кезде қолға алған, кейін «Соғыстың соңғы жазы» деген ортақ атаумен төрт кітап болып түзілген балладалар жаралы жылдардың шынай өмір жазылған тылсым тіршілік көрінісі еді [1, 97].

Ақынның алуан тақырыпты, кең тынысты патриоттық пафосқа толы сыр-сипатын дұрыс ашып, көрсете білді. Бұл ретте каламгердің қимыл- қозғалысқа, бояуға толы динамикалы «Туған жер», туған жерге деген романтизм, лиризм бар. Жанымның сенсің жайлауы, қай тақырда жоғалды, шыбығын ат қып бұл құмның, садаққа шиін сайлаған, бозбала кезде жыңғылдың, талына тайды байлаған,- деп қимыл-қозғалысы мен оның физиологиялық, эмоциялық өзгеріске түсу жайын баяндайды. Жарқамыс дейтін ауылын суреттеген. «Мен туған жер» деген өлеңі ерекше:

Тарғатайда тұрғам жоқ,
Таулары тума орманмен.
Жетісуда да туғам жоқ –
Жәннаты жердің болғанмен.
Көгілдір Жемнің бойында
Жарқамыс дейтін ауыл бар.
Мен өстім соның қойнында
Мен сонда тудым, бауырлар...
Ай болып жасыл құрақты
Әлдилеуші еді ол ақ түнмен.
Сол жерден әкем жоғалды
Киініп шинель – көк сауыт.
Көк өгізімен солардың
Көгалға шықтым шөп шауып.
Кішкене таң боп атам
Сәулесі сөнген баулардан.
Сені іздеп келе жатамын
Аңырып тұрған таулардан.
Сен кімсің, десе соншама –
Ұжмағың жетеу болса да,
Туған жер, дер ем – біреу-ақ!
Шыбығын ат қып бұл құмның
Садаққа шиін сайлаған.

Ақын кімді жазса да, нені жазса да барынша беріле, барынша төгіле жазды. Көріксізге көрік беріп, жансызға жан бітірді. «Етің де аппақ еді-ау сенің, Қарлығаш», «Бетің де аппақ еді-ау сенің,

Қарлығаш», т.б. дәлел. Ақынның «1944 жылғы райком қызметкері Қарлығаш апай туралы жыр» ерекше.

Жеңіс жылы. Жұрт көзінен қиналыс
Көрінбейді бұрынғыдай күй-налыс.
Бестөбеде май тойына арнап бір
Басқарма ашты әйелдерге жиналыс.
Ошақтарда түтін лаулап, шай қайнап...
Сөз сұйылып... кеткен жұртты қайта айдап.
"Сендерге енді келген уәкіл ауданнан
Ән салады!" - деді бастық айқайлап.
Таң қалдым мен жай түскендей төбемнен,
Ат үстінен - зіркілдейтін - іргемнен,
Балаларды қуалайтын уәкілдің
Қыздар құсап ән салғанын кім көрген?
Айтқандай-ақ, артық туған ақылы,
Жібермейтін жігіттерге ақыны,
Ат үстінде ор қояндай аунаған
Қыз боп шықты - райкомның уәкілі.
Айтылатын әннің де аты - Қарлығаш,
Айтатұғын қыздың да аты - Қарлығаш,
Қарлығаштың қос қанатын байлап ап,
Тыңдап тұрған қандай жүрек жарылмас.

«Ақын Қарлығаш бейнесі арқылы қиын өмірді, соғыс жайын көрсетсе, Қарлығаш арқылы ауыл тұрмысын, ел жайын бейнелейді. сол кездегі заманның зымиян өкілдерінің әрекеттерін жазушы нанымды суреттеп, биік шешімін таба білген. Сол кездегі әйелдердің өмірі, жүрек жарды мұңы өмірі бейнеленген. Портрет жасауды жазушы дара мақсат етіп қоймайды, оны кейіпкерінің психологиясына орай, сонымен қабыстыра береді. Кейіпкерлердің жан дүниесі, бар болмысы кейде сол сырт мүсіні арқылы да ашылып жатады» [2, 106].

Ақын шығармаларынан біздің көретініміз еңбек адамының ойы мен арманын, заманымыздың сезімі мен жүрек сырларын шебер суреттейді. Оның шығармаларының көпшілігі ауыл кедейлерінің ой-арманының, тыныс мен тіршілігінің, бүкіл өмірінің көрінісі сияқты. Яғни ақынның лирикалық кейіпкері – ең алдымен еңбек адамы, жаңа өмірдің, жаңа тұрмыстың белсенді күрескері. Төмендегі өлең жолынан көруге болады:

«Ұзынқұлақ» бұл ауылда жата ма?
Сызат түсті деп естідік батаға.
«Бата бұзған оңбас», деді үлкендер
Қалқа сұлу тағы да батты қапаға.

«Қой, өйтпес!» деп өзін-өзі сендіріп,
Босандығын еңбекпенен жеңдіріп,
Жас келіншек жүрді шалғын ішінде
Ащы зарын көкөрайға семдіріп.
«Қой, өйтпес!» деп бір үмітке малданып,
Төрт өгіз бен қос түренге алданып.
Жас келіншек жүрді ащы қайғысын
Қара жердің қыртысына аударып.

Өтежан шығармасындағы басты тақырып – жасампаз еңбек адамын жыр ету. Заманымыздың ең маңызды мәселелеріне ақын өз шығармасымен қызу үн қосып отырған. Оның шығармаларының ең алдымен баспасөз беттерінде жарқ етіп шыға келетіндігі де кездейсоқ емес еді. Ақынның туындылары халықтың күнделікті өмірімен сай тәсіп отыратындығын дәлелдейді. Тақырыбы жағынан болсын, жанрлық жағынан болсын көп салалы, алуан түрлі аса күрделі болып келеді. Ол өзінің ақындық талантын лирика жағынан бастады. Оның лирикасын сөз еткенде, заманымыздың көкейкесті мәселелерін қамтитын саяси лириканың басым екенін атап айтуымыз керек. Ақындық таланты, әсіресе осы салада яғни саяси лирикада ерекше көзге түседі. Атап айтсақ:

Он жыл күтті сол Жарасты сол Қалқа,
Он жыл күтті сүйген жарын жан Қалқа.
Отырғызды оң жағына омалтып,
Сары аурудай сарсаң кесел сандалтпа.
Махаббаты мұзға кеткен жылудай,
Махаббаты жылжымаған ұлудай,
Одиссейді он жеті жыл күтумен
Кемпір болған Пенелопа сұлудай.
Жігіттерге қарамай ма, қарай ма,
Ол да адам ғой, періште емес,
Алайда..
Айта алмаймын, айтуға тіл жетпейді,
Ол жағына сен қинама, жарай ма?
Онсыз да оның қиып тағдыр қанатын,
Айналаға өсек-аяң қонатын.
Қос құлағын тығындаған келіншек
Екі көзі самолётте болатын [3, 99].

Қорыта келе, біз Өтежан Нұрғалиевты ірі суреткер ақын, қазақ әдебиетінің сардары деп танымыз. Оның бар жанымен ағыллып-төгіліп жазған қаншама лирикалық өлеңдері, отты, ұшқыр да өткыр сын-сықақтары, шығармалары бар. Өтежан шығармашылығы сан қырлы.

Бұл – кесек, ірі, кемел қаламагерлерде ғана болатын қасиет. Ақын - өз өмірінде қазақ әдебиетін биікке көтерілген ақын.

Әдебиеттер

1. Кәрібаева Б. Талап деңгейі. Алматы. Жазушы. 1984.
2. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Астана. Елорда. 2002.
3. Нұрғалиев Ө. Ақ нөсер Алматы. Жазушы, 1968

1960-90 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

**Кулжабаева Ж., Сейтмаганбетова К., Елемесова А.
№67 орта мектеп-гимназиясы, Астана қ., Қазақстан**

Аңдатпа. Бұл мақалада 60-90 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ерекшеліктер туралы айтылған. Ө.Нұрғалиев өлеңіндегі өзгешіліктерге талдау жасалған. 60-шы жылдары әдебиетке келген ақындар шоғыры дәстүрге сүйене отырып, поэзиямызға көп жаңалық әкелді.

Аннотация. В данной статье говорится об особенностях казахской поэзии 60-90 годов. Анализировались особенности в стихотворениях Ө.Нурғалиева. Опираясь на традицию, 60-е годы пришедшие в литературу писатели, принесли в поэзию много нового.

Annotation. This article talks about the features of the Kazakh poetry of 60 - 90 years. Analyzed the features in the poems of O.Nurgaliev. Based on tradition, the 60s writers who came to literature, brought a lot of new poetry.

Тірек сөздері. Поэзия, өлеңдегі ерекшеліктер, лирика, стиль.

Ключевые слова. Поэзия, особенности в стихотворениях, лирика, стиль

Key words. Poetry, especially in poems, lyrics, style

Қазақ лирикасының тамаша дәстүрін жалғастырушы ақындарымыздың бірі – Өтежан Нұрғалиев. 1960-70 жылдар – Қазақтың қазіргі заман поэзиясына жаңа есімдерді алып келумен қатар, рухани және әлеуметтік өміріміздің, қоғамымыздың кезеңге лайық шындығын ашуда, поэтикалық формалар мен образды, бейнелеу құралдарын барынша терең тамырлы дамытуда, қазақ әдебиеті үшін жаңа бір күрделі кезең болды. Поэзиядағы айтарлықтай жаңа бір құбылысқа айналды.

Ұлы М.Әуезов сөзімен айтқанда жыл келгендей жаңалық сездіре келген Т.Молдағалиев, С.Жиенбаев, Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, М.Шаханов, т.б. ақындар әдебиет есігін өзіндік үнімен, өзіне лайық даусымен батыл еніп, еркін ашты.

Туған халқымыздың асыл мұраты, ғасырлар бойы аңсаған арманы, елжұртымыздың қуанышы мен зар-мұңы, ұлттық психологиямыз,

ұлттық дәстүріміз, қазақтың әлеуметтік тағдыры-шағын да, ұрымтал жанр – лирикада ежелден көрініс тауып, бірге жасап келеді. Жүректен шықпай жүрекке жетпейді деу де ең алдымен лирикалық дүниелерде айтылып, қанатты сөзге айналды. Ақын лирикалық туындысында өз атынан ғана емес, қоғам атынан, тіпті бір бүкіл ұрпақ атынан да сөз алуы мүмкін.

60-шы жылдары әдебиетке келген ақындар шоғыры дәстүрге сүйене отырып, поэзиямызға көп жаңалық әкелді. Ғалым Б.Кәрібаева: «Өтежан да еліктеуге немесе тым жаңаға үйірлігі жоқ. Ұлттық поэзияның байырлығын сүйеді. Бойына барынша сол құнарды жинағысы келеді. Тарих пен бүгінгінің, мәңгіліктің арасына сондықтан, шартты қақпайды, тұтас көреді, тұтас қамтиды», -деген. Соның бәрін бүгінгінің биігінен қарағысы келеді [1, 67]. Осыдан болар, Өтежанның көп өлеңдерінен осындай бір тарихи леп еседі.

Күн кетті батысына сапар шегіп,

Түн жатты түйелерімен қатар шөгіп,

Алыстан иттер үріп, от маздаса,

Жолаушы жоқтамайды бөтен серік... [2, 94].

Осы бір жыр жолдарынан қара өлең құдіретінің қыр-сырын, ұлттық болмысын жете білетін ақынды көреміз. Ол Ілияс, Сұлтанмахмұт, Мұқағали ғана емес, өркендеп әріден тамырлас. Ақынның бүгінгі жайлы толғауынан өркеш-өрке замана шегіне сәт сайын алмасып жатқандай. Бұл жанрдың әлеуметті философиялық аясын кеңейтудегі ақындық ізденіс. Адамның айтары болуы керек. Жұртшылық алдында соған құлақ түреді. Ал, айтары жоқ адамның тапқан түрлі ізденістері ешкімнің де рухани қажетін өтемейді.

Тағы бір талантты ақынымыз Қуандық Шаңғытбаев «...Ақынның асқақ жырын ғажайып ғұлама жылдардың шежірелі беттерінде сөйлеп тұрған сырға балап, осынау сыр жылдар парағы аударылғанда жабылып кетуі мүмкін екенін тыңнан тауып айту арқылы өлімнің өзін сылқым образға айналдырған [3, 67].

Көптеген құбылыстарға ортақ сипат-қасиеттерді, осы маңызды ерекшеліктерді бір нақтылы суреттің, бір көркем бейненің бойына жиыстырып, типтік дәрежеге көтеріп көрсету – көркем өнердің, соның ішінде поэзиялық негізгі әдісі. Бірақ поэзия өмір құбылыстарынан қорытынды түйін жасап, көп нәрсеге ортақ маңызды сипат-ерекшеліктерді екшеп, жинақтап, типтік дәрежеге көтерген де, сол суреттеліп отырған құбылыстардың, нәрсенің нақтылық, бейнелік, образдылық сипатын даралық ерекшеліктерін сақтап қалады. Яғни, поэзияда қорытындылап жинақтау ең даралау, ортақ сипаттар мен жекелік сипаттар ұштасып, ұласып жатады. Осы екі жағы тұтасып,

бірігіп келген де ғана көркем образ, көркем бейне туып, өмірдің көркем суреті жасалады. Ол көңілдің толқынын, жүректің лүпілін білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда Өтежан – жақсы публицист. Оның публицистикалық шығармаларын оқығанда өз оқырманын селт еткізіп, ой салып, әр оқиғаның, әр жағдайдың ара жігін ажыратып, нақты ой-пікірін білдіріп отырғанын байқаймыз.

Қай салада жазса да, өзіндік үні, тілі мен стилі, суреткерлік мәнер-машығы, өзіндік ерекше қолтаңбасы бар қаламгер екені келе бермейтін жауапкершілік екені өз алдына, дәл осылай айта білу тек талантты ақынның ғана тапқан олжасы болса керек. Әрине, өлең, өлең болу үшін, өлең болғанда да өрелі, өміршең өлеңге қойылар біраз талап бар. Бір сыншы ең бастысы өлеңге керегі ұйқас десе, екіншісі өлеңдегі шешуші нәрсе ой тереңдігі, ал үшінші біреулер үшін көркемдіктің кілті образда. Тағы бірінің пікірінше мінезсіз өлең толыққанды поэзияға жатпайды. Тағысын тағы, жалғаса береді. Ал Өтежанда осы шарттардың барлығы бар. Аталған өлеңде ең бастысы кең мағына, кемел ой, суретті сөз, мінез де бар. Сондықтан да болар бұл өлең жолдары ақындық туралы сөз болған жердің бәрінде алдымен ауызға ілінер афоризмге айналып жүре берді. Дәл осындай мағыналы сөз тіркестерін ақынның көптеген өлең жолдарынан кездестіруге болады.

Ө.Нұрғалиев өлеңіндегі айырмашылық, ақынның сағынышының өзінде ерекше бір сыр, ғаламат күш бар. Оның сағынышы біз білетін, солай суреттеп үйренген сап-сары, сартап болып сарғайған жапырақтардың ғана түсін елестетпейді. Оның сағынышы жасыл-желекті, көк майсалы. Тіпті оның сағынышында шекшегара жоқ. Себебі, адамның заңғар ұлылығын сағынышымен есептеген ақынның жырлары өз сөзімен айтсақ «Жүрегінді жүреді ұзақ жандырып, «Жүрегімнің қылдан нәзік хабарын» деген.

Әдебиетші ақындықтың қадір-қасиетін, жалпы сөз қадірін жете түсінген, түсінгендіктен де оны түлетіп, түрлендіре отырып биікке шығара білген суреткерлердің бірі. Оған дарыған бұл қасиетті туа бітті талантының үстіне қазақтың бай ауыз әдебиетінен, соның ішінде әсіресе, жыраулар поэзиясы жауқарларын уызынан емгендігімен түсіндіруге болады. жарияланды. Ө.Нұрғалиев шығармашылығы туралы қазақтың ақыны Әбділда Тәжібаев: «Өтежан өлеңдеріндегі су жаңа нұсқалылықты эпитет көлегейлеп, көрсетпей тұрған жоқ, қайта айқындап, аша түсіп тұр. Қаламгердің әрбір сөзі өмірінің елесі. Терең тыныс ала отырып, өрген әрбір шумағы адам ойында жатталғандай [4, 107].

Өтежан Нұрғалиев, Ақұштап Бақтыгереева, Фариза Оңғарсынова, Меңдекеш Сатыбалдиев, Мұхтар Шаханов т.б. ақындар шығармасы

көркемдік жағынан да, эстетикалық әсер тұрғысынан да айқын қолтаңбамен әдебиетімізге өз соқпағын салуға ұмтылды. Поэзияда, оның ішінде лирикада, бар болмысымызда болып жатқан шындықты айқайлап, ұрандап айтпаса да, өзінің жанрлық ерекшелігіне тән, түсінген адамға, естір құлаққа, көрер көзге қолға ұстатқандай әсерлі де, байыпты жеткізе білген лирикалық туындыларымыз мол. Ө.Нұрғалиев – қазақ әдебиетімен бірге жасасып келген ақындарымыздың бірі. Ол поэзия саласында өндіре жазып өз өнерін танытқан, өзіндік өрнегі мен айшығын жасаған бірегей тұлға.

Әдебиеттер

1. Кәрібаева Б. Талап деңгейі. Алматы. Жазушы. 1984.
2. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы. Балладалар 2- кітап, Алматы. 1989 ж.
3. Шаңғытбаев Қ. Таңдамалары. Алматы. Жазушы. 1987.
4. Тәжібаев Ө. Шығармалары. Алматы. Жазушы. 1989 ж.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ

Ыбраева Д.

**Астана қ., Қазақстан
arnur.tleu@mail.ru**

Аңдатпа. Мақалада Өтежан Нұрғалиевтың өлең – жырларындағы ерекшеліктері туралы айтылады. Ақын қазақ әдебиетінің тарихында қалыптасқан дәстүрлі туған жер тақырыбына көп көңіл бөлген. Сонымен қатар, қоғам сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелерді көрсетеді.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности стихов Отежана Нурғалиева. Одной из традиционных тем в истории казахской литературы является родная страна, и поэт уделил особое внимание данной теме. Более того, он показал реальные проблемы, связанные с общественным спросом.

Annotation. In the article described the features of poems of Otezhan Nurgaliev. One of the traditional topics in the history of Kazakh literature is the native country, and the poet paid special attention to this topic. Moreover, he showed real problems related to public demand.

Тірек сөздері. Дәстүр, құнды шығарма, тұрмыс-тіршілік, ұлттық әдебиет.

Ключевые слова. Традиция, ценное произведение, быт, национальная литература.

Key words. Tradition, valuable work, mode of life, national literature.

Ө.Нұрғалиевтың халық ақындарының шығармашылық еңбектерінде ерекше баға алған, ақынның жырларындағы образдылық, музыкалық – ұлттық әдебиеттің көркемдік дәстүрлерінің жаңа дәуір талаптарына да жауап бере алатынының, сол құнарды

ақындарымыздың шығармашылықпен пайдалана білгендігін шығармаларынан көреміз. 1938 жылы 15 тамызда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының «Ақжар» ұжымшарында дүниеге келген. 1964 жылы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. 1964-1968 жылдары Жарқала орта мектебінде мұғалім, 1968-1969 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде тілші, 1969-1972 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші, содан кейін «Жалын» баспасында редактор болып қызмет атқарған. Қазақ телевидениесінде жұмыс жасады. Әдебиетке алпысыншы жылдары «Менің махаббатым» атты қыр жинағымен келген ақын өлеңдерінде жаңа бояу, тың үн, ерекше көрініс бар. Ақынның өзі де әдебиетке жанбыр болып құйып, жел болып есіліп теңіздей толқып төгіліп келді. Әдебиетке жаңа леп, жаңа тыныс қосылды.

Т.Шапатай: «Өтежан Нұрғалиевтың өмірден, тұрмыстан алшақ алынған тақырып жоқ. Ол үнемі күнделікті өмір құбылысын, адам тіршілігін жырлады. Өлеңдерінің әрқайсысы белгілі бір адамға, көрнекті тұлғаға арналып жазылғанымен, әр өлең философиялық ойға бейім», - деген [1, 47].Төл туындылары арқылы ақындық талантын кемел танытып, биік белестерге шығарды. Мақалалары журналындарға жиі жарияланып, республикадағы белгілі ақындардың санатына кіреді. Ақынның еңбектері қазақ елінің тарихындағы ірі табыс болатын. Шығармашылық саласында өнімді еңбек етті. Осы жылдары шыққан «Таңдамалы шығармалар» жинақтарына енді. Ақынның шығармашылық қызметін бастаған жылдары ел өміріндегі ірілі-ұсақты оқиғаларға толы болатын. Ө. Нұрғалиев та осыларға қосылып, әр алуан жайларға көңіл аударды, сол негізде елінің кешегісі мен бүгінгісін, өзгерген, жаңарған өмірді заманадастарының тұрмыс-тіршілігін жырға қосты [2].

Өте күшті, көркемдік қасиеті де соған әбден сай келген тамаша шығармасының бірі «Ана» туралы өлеңдері. Бұл өлең анаға деген ыстық сағыныш сезімі жырланған. Тауларданда биік тұратын ананы орыны ерекше.

«Сағындым, анам мен сені» өлеңінде:

Алдымда биік таулар бар,

Таулар биік еңселі!...

Самал жел соқты сайлардан

Сағындым анам мен сені!

Көгілдір көкте қыран жүр

Мекендеп бұлттың ар жағын.

Өлеңде өмірдің жүрекке жылы, көзге таныс суреті бар. Ана да, жар да әркімге қымбат екенін есіңе қайта салғандай. Одан кейін ақын:

«Жан анам» атты әнінде
Әнімді саған арнадым!
Келемін алыс аймақтан
Жылдарды желге қалдырып.
Сағындым асыл анамды
Тауларды айттым ән қылып,
Алтынды күннің нұрымен
Бұлттарға жаздым жандырып,
Мәңгілік өмір сен сүрсен
Сағына берем мәңгілік.

Әсіресе, оның төрт жинақтан түзілген «Соғыстың соңғы жазы» атты кітабын жұртшылық таңғала, тамсана қабылдады. Ақынның әр жылдарда жарық көрген «Қайыңды тоғай», «Таңдамалы», «Соғыстың соңғы жазы», «Тыныштық», «Афины мектебі», секілді жыр кітаптары қазақ өлеңін мың сан бояулармен байытып, деңгейін бір саты көтерді. Өтежан ақынның тума жырлары өзінен кейінгі ақындарға қатты әсер етті. Өтежан өлеңдерінің топырағынан тартқан нәп – нәзік шыбықтар бір – бір бәйтерекке айналды. Ол сыршыл лириканың шебері екенін әрбір өлеңінде нақтылай, дәлелдей білді. Ақын ел ішіндегі әрбір игілікті жаңалықты қуана құптап, соған тілектестігін білдіріп отырады.

Қазақ әдебиетінің тарихында қалыптасқан дәстүрлі тақырыптың бірі- туған жер, туған ел тақырыбы. Өтежан ақын да бұл тақырыпты бар ілтипатпен, бар ыждаһатпен жырлайды. Өтежан Нұрғалиевтың өмірден, тұрмыстан алшақ алынған тақырып жоқ. Ол үнемі күнделікті өмір құбылысын, адам тіршілігін жырлады. Ақын өлеңдерінің бір тобы – арнау өлеңдер. Ө. Нұрғалиев өлеңінің топырағы да, тақырыбы да өзі елі, өз жері, өз ауылы. «Барсаң сәлем айта бар, Байғанинге!» өлеңі.

Ақ қағаздан қорқушы ем нүктесі жоқ,
Айдаладан қорқушы ем бүкпесі көп.
Нүктесін де көп көрдім, бүкпесін де,
Маған сірә, бұл жердің өкпесі жоқ.
Жауды көрсе әлі де ақия ма,
Тар болмай ма жетпіс жас тақияға
Бір тай мінер уақытым болды менің.
Барсаң, сәлем бере шық Жақияға.
Сәлем беріп, мен болып тайға мін де,
Барсаң сәлем айта бар Байғанинге,
Анда – санда құлап сап жүр дегейсің.
Жүргенде жоғалмай қалған үнге [3].

Бұл өлеңінде ақын туған жердің табиғатын тамсана жырлайды. Туған жерге деген сағынышын сол жердің, елдің тұрмыс-тіршілігімен

байланыстыра көрсету ақынның ішкі тебіренісінен туады. Өлең қызғылықты, тартымды оқылады. Ақын дәстүрлі жыр үлгісін жаңа талапқа сай қолдануға тырысқан. Сол заманда болып жатқан жаңалықты жырлауда асқақ сезімге жол берген. Осы тұрғыдан қарағанда, өлеңнің эстетикалық нәрі, көркемдігі жоғары екендігі байқалады. Табиғаттың дүлей күшін өз еркіне бағындырып, өз өктемдігін жасап жатқан жаңа заман бейнесі ақын өлеңдерінде суреткерлікпен жаңа өрнек өрнектеген. Демек, Өтежан Нұрғалиевтың туындылары ерекшеліктерімен құнды.

Әдебиеттер

1. Шапай Т. Шын жүрек-бір жүрек. Алматы: Жазушы, 2000 ж.
2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Жазушы. 1998.
3. Нұрғалиев Ө. «Кәмет» Алматы: Жазушы, 1972 ж.

П.ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕСІ



ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Миров Мұхтар Орынбасарұлы
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Сәрсембин Үмбетқан Қуандықұлы
Философия ғылымдарының кандидаты
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ поэзиясының бір ғасырлық бедерінде қалыптасып, сатылап өсе дамуы қарастырылған. Соның ішінде Өтежан Нұрғалиевтің шығармашылығына жеке тоқталған. Қазақ поэзиясының тәуелсіздік кезеңіндегі жырлануы зерделенген.

Аннотация. В статье рассматривается формирование и развитие казахской поэзии в течение одного столетия. Автор анализирует творчество Отежана Нурғалиева, а также особенности казахской поэзии в период Независимости.

Annotation. The article deals with the formation and development of Kazakh poetry over the course of one century. The author analyzes the work of Otezhan Nurgaliyev, as well as the peculiarities of Kazakh poetry in the period of Independence.

Тірек сөздері. Поэзия, тәуелсіздік әдебиеті, поэтикалық тіл қолданысы, көркемдік, идеялық және әдіс-тәсілдік сала.

Ключевые слова. Поэзия, литература периода Независимости, использование языка поэтики, художественность, идейность, методология.

Key words. Poetry, literature of the Independence period, the use of the language of poetics, artistry, ideological, methodology.

Кез келген ұлттың өмір сүру дәстүрін айқындап, ұрпақты соған бағыттап отыратын өз идеясы бар. Бұны біз ұлттық идея дейміз. Ұлттық идеяның кездейсоқ қалыптаспайтыны әлмисақтан белгілі. Ұлттық идеяның негізінде халықтың тарихы мен тағдыры, тұлғалардың өнегесі жатыр. Ұлттық идея дегеніміз ғасырлар бойы ұлттың тәжірибесі, тұлғалардың білімі арқылы жинақталып отырған құндылықтар жүйесі.

Көне грек тілінде идея ұғымы түр, кескін деген мағынаны білдіреді. Көне грек ойшылы Демокрит бұл ұғымды алғаш рет ғылыми айналымға енгізген. Демокрит зерттеген атомдардың ерекшеліктері

оның формасымен көрінген. Демек, идея ұғымының өзі заттың түр бейнесін ғана емес, өмір сүру ерекшеліктерін айқындайтын қасиет, яғни ішкі мән дегенді білдіреді. Сол сияқты ұлттық идея да ұлттың қасиеті мен өмір сүру жолын (тәжірибесін), ішкі мәнін айқындайтын дүние. Ұлттық идеяның иесі ұлттың өзі болғанымен оның дамуына, ұрпақ танымына жетіп, қоғамда насихатталуына ықпал етіп отыратын тұлғалар. Қазақ зиялылары қашанда осы бағытта болған. Бұны айтып отырған себебіміз ұлттық идеяны жетілдіруде ұлт пен оның тұлғаларының тәжірибесі алдыңғы орынға шығып отырады. Ұлттық идеология (тәжірибе, білім) қоғам өмірінде ұрпақтың ұлттық мүдде бағытындағы ізденісі арқылы нығая түспек. Ақынның өзі айтқандай, «Ақынға тақырыпты тек өмір ғана ұсынады десек, оның аясын тарылтқан болар едік. Шайқалған шаңырақтай қазақ өмірінің терең философиялық тебіреністерін, ұлы Әуезов айтқандай, «есте жоқ ескі заман» ақындары алыс ғасырлар түкпірінен термелете толғай бізге жеткізіп еді. Қазақы пәлсапа күй арқылы тілсіз ой- толғау туғызса, марғау даланың мүлгіген суретімен үнсіз философия жасады. Міне, тағы да сол бағы заман туралы, өлім мен өмірдің, тағдыр мен тірліктің алысуы туралы «Афина мектебі» дүниеге келді» [1, 3].

Адамзат тарихына көз жүгіртер болсақ, одан адамзат мәдениетінің іргетасын қалауға атсалысқан халықтың бірі гректердің философиясын көреміз. Көне дәуірдегі грек халқының философиясы мен мәдениетінің қалыптасуында терең идея жатыр. Антикалық дәуірдегі философиялық идеялар қай елдің болмасын тұлғаларының қалыптасу дәстүріне жақын келеді. Афинадағы ойшылдар қалыптастырған философиялық идеялардың әрбір елдің қоғамындағы тұлғалар дәстүріне жақын келу себебі, мекмлекетті, қоғам мен адамның танымын жетілдіріп отыратын білім түрлерін негіздей алуында. Көне грек ойшылдарының зерделеген дүниелері адамзат мәдениетінің өрісінен өзіне лайықты орынды иелене алуында.

Қазақ ойшылдарының руханияты мен грек философтарының даналығының арасында жақындық, үндестік болған. Сонау көне грек қоғамында жеті данышпанның бірі атанған Анарыстан бастау алып, адамзаттың екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл Фарабимен, қазақ ойшылдарының ілімдерімен көрінетін бұл дәстүр шынымен де ұлт тұлғаларының дәстүріне тән шындықты тереңнен ұғындырады.

Адамзат тарихында мемлекет, қоғам, халықтың болашағы үшін ізденген, философия, ғылым түрлерін дамыту арқылы ел мәдениетін көтеруді көздеген нағыз зиялылардың биік шоғыры көне грек қоғамынан көрінеді. Сол кездегі қоғамдағы қараңғылық, ауқаты адамдардың халықтан алшақ кетуі, ең соңында олардың

дүниетанымының халықтың игіліктеріне қайшы келуі ой өрісі биік, нағыз ұлтжанды, көңілі ашық адамдарды қоғам алдына шығарған. Сол кездегі грек ойшылдарының қоғамдағы дағдарысты жеңу үшін өзге елдерді аралап білімін жетілдіруінен, өз заманында философия мен ғылым түрлерін, өнер ілімдерін дамытуды көздегендігін білеміз. Бұны айтып отырған себебіміз, шынымен де грек ойшылдары өз мәдениетінің, одан қалды адамзат мәдениетінің өрісінде интеллектуалдар қызметінің биік шоғырын қалдыра білді. Шынайы отан сүйгіштікті, ерлікті, ақылдылық пен кемел мінезді көрсете білді. Олар қайткен күнде де халықтың алдында абыройлы болып өтуді ойлады. Түбінде өздерінің кісілігіне халықтың қайтіп оралатындығын түсінді. Осыған байланысты Абай өзінің Қара сөздерінің бірінде Сократқа у ішкізген кім? – дейді [2]. Әрине ол надандық. Нағыз зиялылар халықты рухани дағдарыстан арашалауға ұмтылады. Надандықпен күреседі. Ақыр соңында өздері сол надандықтың құрбанына айналып жатады. Алаш зиялылары айтқандай дүниедегі негізгі әділ сыншы халық пен тарих. Тарих келер ұрпаққа аға буынның қателігін көрсетіп отыратындығы заңдылық тәрізді. Көне дәуірдегі грек ғұламалары да, кешегі уақытта ел мен жердің азаттығы үшін күрескен қазақ тұлғалары да уақыттың төресіне жүгінген адамдар. Бұны зиялылықтың нағыз тарихи құбылыстарының бірі дейміз.

Сонымен, Өтежан Нұрғалиев шығармашылығының ерекшеліктеріне қайта оралсақ, ақынның өзі айтқандай, «Игіліктің ерте кеші жоқ, құдай сәтін қаласа, енді жарық көргелі тұрған бұл кітапқа адамзаттың дана ойының бесігі болған бағы заман даналары өзек етілді. Мен Грекияда болған да емеспін, оның тілін де оқыған емеспін, өнеріне де етене қанық емеспін. Мүмкін, сондықтан ба екен, мұсылман пәлсапасының өзегіндей Зұлқарнайынға тәрбиеші болған Аристотель, оның ізгілік, ар, иман туралы қалдырған мұрасы мені қатты тебірентті. Сократтың тағдыры, оның Абай үлгі тұтқан хакімдігі өз алдына бір төбе тақырып болды» [1. 3 б.].

Елдің тарихында өткен даналардың әлем философиясындағы ойшылдардың ілімімен үндес келетін идеяларын зерделейтін адам тектілікті тарих өрісінде негіздейді. Өзін әрдайым тарихтан кіші санайды, ата-баба тағылымын пір тұтуда зиялылар рухының үндестігін руханияттың бесігінен іздейді. Адамзаттың рухын көтеріп, әр ұлттың ойшыл ұрпағының идеяларын үндестіріп отыратын сана ол - ақиқат, ақиқатты танудан туындайтын ар ілімі.

Ар іліміне жақындап, оның өрісіне ену үшін ол адамның өзінде ар болуы қажет. Қазақ руханиятындағы сондай тағылымның иегерлерінің бірі – Өтежан.

Қарны тоймас мақсатың бар – мойнындағы қамытың,
Жылы жерде иман қума, ащы келер наны тым.
Данышпанның заманы өтті. Бұрынғыдан данышпан
Бізге жетті өмір аңсап қолын созып алыстан.

Кімді тапты ол? Қалай тапты? Хан базардың гүлі кім?
Бірлер тапты білігімен мыңды жеңу ілімін, – деген қазақ ақыны [1, 136].

Бақтың да адамды таңдап қонатыны секілді, даналық та ұлтқа таңдап келеді. Өмірі (тұрмыс тіршілігі) қарапайым болғанымен қазақтың рухы биік, танымы терең болды. Ұлттық болмысымыздың рухының биік, рухани тамырларының тереңге тартуының себебі ар іліміне мән беруінде. Ар, ұят, намыс деген ұғымдар ұлттық тәрбиенің тұтқасына айналған. Осының салдарынан ар жолы қазақ қоғамының рухани өмірінде көрініс тапты. Өтежан Нұрғалиев шығармашылығындағы ұлттық идея негізінен ұрпақты ұлттың рухани әлеміндегі тағылым жолына үндейді. Көне дәуірде өмір сүрген ойшылдар ілімін негізге алып, елінің тарихындағы кемеңгер адамдардың идеяларын насихаттайды, қазақ руханиятының рухани өзегіне айналған ар ілімін сақтауға ұмтылады.

Ақынның өзі айтып кеткендей, «өз жолыңды тапқан, адам,
Адам жолы – жаяулық.

Апарады Ұлы жолға ақыл басқан баяулық [1, 44].

Ұлтымыздың танымы мен тұлғаларының тағылымы тарихта «қазақ жолы қанағат» деген ұғымды қалдырды. Бұның мәні адамдық қасиетті сақтау, адамдық қасиет сақталған ортада қанағат, мейірім, төзім сақталмақ. Жаяу адамның жүрісіндей өмірде ғана мағына бар. Адамның өміріне мағына беретін нәрсе ақыл ісі. Қазақтың руханиятынан шығып, тұлғаларының дүниелерімен тарайтын (үндесетін) ұлттық идея қазіргі таңда осы шындықты аңғартады. Өтежан Нұрғалиев шығармаларының лингвофилософиялық танымын зерделеу - болашақ ғылыми тақырыбымыздың өзегі болмақ.

Әдебиет:

1. Нұрғалиев Ө. Афина мектебі: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1996 – 360 бет.

2. А. Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Көркем әдебиет, 1957, -368 б.

ӨТЕЖАН НҮРҒАЛИЕВТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Ақтөбе қ., Қазақстан
adk7575@mail.ru
Казбекова Айнаш Жарасовна
Ақтөбе облысы Ойыл ауданы, Қазақстан
zharasova_69@mail.ru

Аңдатпа. Аталған мақалада Өтежан Нұрғалиевтің шығармаларындағы руханият мәселелері жан-жақты талданған.

Аннотация. В данной статье анализируются духовные проблемы в произведениях Отежана Нурғалиева.

Annotation. This article analyzes the spiritual problems of creativity Otezhan Nurgaliyev.

Тірек сөздері. Рухани жаңғыру, рухани сана, ұлттық тәрбие, рухани мұра.

Ключевые слова. Духовное возрождение, духовное сознание, национальное воспитание, духовное наследие.

Key words. Spiritual rebirth, spiritual consciousness, national education, spiritual heritage.

Елдің, халықтың тағылымдық тарихын, рухани мұраларын ғылыми негізде санаға сіңіру, тәрбие құралдарын пайдалану арқылы ата-бабамыз, абыз аталарымыз бен әзіз аналарымыз рухани сананың тәрбиешісіне айналды. Қазіргі жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтар мен халықтық тағылымдарды сақтай отырып, әлемдік деңгейден көріну мақсатында халқымыздың сан талайлы тағдырының айнасы – жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеу ғылыми педагогиканың алдында тұрған басты міндеттердің бірегейі болып отыр. Қазақ дәстүріндегі рухани мұраның ресми бастаулардың, арнайы құрылған ұлттық тәрбие негіздерінің, дала мәдениетіндегі өнегелік үлгілердің, рухани кеңістіктегі шартты орталықтың бастапқы тұлғасына айналған ата-бабаларымыздың тағылымдық мұралары өзіндік тәлімдік ой иірімдері мен төлтума озық ғибраттық идеялары бойынша парасаттылықтың биік деңгейінен көрінетін халық педагогикасында айрықша орын алады. Біздің зерттеу мақаламыздың нысанасы ақын, қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар тұлға Өтежан ағамыздың шығармашылық мұрасын жан-жақты талдауға арналады.

XX ғасырдың орта шені мен XXI ғасырдың басында өмір сүріп, қазақ поэзиясына тың тыныс, өзгеше өріс әкелген Өтежан Нұрғалиев те ақын деген атына заты лайық, алған бағытынан тайкуды

білмеген әдебиет сынды мәңгілік майданның жанкешті саңлақ сарбаздарының бірі еді. Өжет мінезді Өтежан Нұрғалиев өз қамынан гөрі, халқының қайғы-мұңына көбірек алаң болды. Ол кәдуілгі пенде ретінде әлдекімнің бойынан аярлық пен көлгірсеу, келеңсіздік пен кешелік нышанын байқаған сәтте-ақ қаны басына тебетін тым кірпияз кісі болатын. Ақын туралы: «Өтежан Нұрғалиев–1938 жылы 15 тамызда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының «Ақжар» ұжымшарында дүниеге келген. 1964 жылы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. 1964-1968 жылдары Жарқала орта мектебінде мұғалім, 1968-1969 жылдары «Қазақстан пионері» газетінде тілші, 1969-1972 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші, содан кейін «Жалын» баспасында редактор болып қызмет атқарған. Қазақстан телеарнасында жұмыс істеді. 2011 жылы 6 қаңтарда Алматы қаласында өмірден өтті. Әдебиетке алпысыншы жылдары «Менің махаббатым» атты жыр жинағымен келген ақын өлеңдерінде жаңа бояу, тың үн, тосын мінез бар. Ақынның өзі де әдебиетке жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп келді. Әдебиетке жаңа леп, жаңа тыныс қосылды. Ол көптеген кітаптардың авторы» деген деректер бар [1, 398].

Әдебиет – ғажайып сөздің тұнық әлемі, сөз өнері», – деп бастап алып, бейнелі сөздерімен хакім Абайдың, Сәкен, Ілияс пен Қасымның өлең өлкесін шарлап, қарасөздің құдіретін мектеп оқулығындағы классиктеріміз – Мұхтар, Сәбит, Бейімбет, Ғабиттің ізін жалғастырушы Өтежан Нұрғалиевтің өзекті тақырыпты қозғаған «Соғыстың соңғы жазы» шығармасы 30 жыл бұрын, күні кешегі Кеңес өкіметі тұсында зерттеліп, 4-5 бөлікке бөлініп, ит-рәсуәсі шығып барып жалғанның жарығына шықса керек... Бұның барша себеп-салдары жайлы алдыңғы кітапқа сын-мақала, естеліктері енген, кезінде қоян-қолтық араласқан авторлардың еңбектерінде егжей-тегжейлі айтылады. Ал мына жарты мың беттік көлеміне көз тоятын өлең-жырлары, балладалары, шығыстық үлгімен жазылған дастандары сабырмен оқып, санаға тоқуға лайық. Бұл кітапта соғыстың сұрапыл жылдарындағы шалғайда жатқан шағын ауылдың тауқыметті тыныс-тіршілігі сол күндердің куәгері жетім қалған алты жасар бозөкпе баланың, кейіннен ересек тарта бастаған бозбаланың көзімен беріледі. Сюжеті шымыр, бір-бірімен ұштасып отыратын әсерлі оқиғалар тізбегі ортақ желіге құрылған. Әрбір өлең-баллада астарынан бір кездегі балғын шағы соғыс өртінің жалынына шарпылған, жетімдікке мойынсұнған, қилы кезеңге тап болып, қазіргі хал-ахуалы да бүгінгі билік тізгінін ұстаған шен-шекпенділердің, шенеуніктердің «қамқорлығына» тәуелді, жер тағдырын, ел тағдырын ойлаумен түн

ұйқысы төрт бөлінегін, егде тартса да, елгезектік танытатын ақынның ішкі толқу-тебіреністері, толғам-түйіндері айқын сезіліп отырады. Аса талантты шығармашылық адамының ғана табиғатына тән тапқыр теңеу-метафоралар, айшықты ой өрнектер жиі қылаң береді. Сыншы Сағат Әшімбаев айтқандай: «қазіргі заман ауанына қарай халықтың рухани өмірі құнсызданып бара жатыр... Ал осы рухани өмірдің ажырағысыз саласының бірі болуы тиіс көркем әдебиеттен алыстаған сайын адамдар қатігездене бастайтыны әлмисақтан белгілі» деп сипаттайды [2, 248].

Ойшыл ақын Ө.Нұрғалиевтің толықтырылып, тұтастай жарық көрген «Соғыстың соңғы жазы» кітабымен қайта қауышқанда байқалған бір ерекшелік – кез келген өлең-балладасы бірден баурап әкетеді. Тіпті ондағы оқиғаның өзімен араласып кете барасың. Және өлең авторы да өз ойынан үнемі хабар беріп отырады:

Шындық бірақ обалыңа қарамас,
Обал ғой деп жалған айту жарамас.
Алдыменен Шындық бұрын өледі
Өтірікпен қона қалса аралас.

Ақынның тағы бір тапқырлығы, оқиғалы өлеңге кірісер алдында хикая не жайында екенін өлеңнің екі жолымен немесе жалғыз шумақпен, кейде оны керекті тұста қайталау арқылы жеткізіп, жетелеп отырады:

Талай жерде бүлдіргенім есімде,
Талай жерде күлдіргенім есімде («Жан баспаған арал»);
Ерді көрдім талай досын сақтаған,
Елді көрдім ердің атын сақтаған («Жаракаты жоқ адам»);
Жас кезінде-ақ жалақ болды Тэжайық,
Жас кезінде-ақ салақ болды Тэжайық («Тэжайықтың даласы»);
Адамзаттың ғұмыры – өлең, ғұмыры – ән,
Оралмайды өткен күндер – зымыран.
Сөйлетеді отыз жеті жыл бұрын
Таңдайымда қалып қойған қымыран.

Біздің мақсатымыз ақын мұраларындағы кемел туындыларының мән-мазмұнын, құрылым-композициясын, көркемдік шешімін, мүлт кеткен тұстарын талдап-таразылауды көздемейді. Өйткені бұл мақала көлеміне сыймайды. Бұл алдағы уақыттарда қолға алатын зерттеуші-ғалымдардың адами парызы. Сондықтан ақын шығармаларына ой салу үшін кітаптардан алынған бірқатар деректермен жеткіземіз.

Адамзат қоғамында поэзия патшалығы салтанат құратын заманның қашан келері әзірге беймәлім... Өкінішке қарай, поэзия бүгінгі таңда ұлы шайырларының есімі әлемге әйгілі Шығыста да, Батыста да

құлдырау кезеңін бастан өткеруде. Батыс жұртшылығы күнделікті қарбаласта жүріп мүлде дерлік өлең оқымайды. Біз тарапта бұл құбылыс арагидік бұқаралық сипатта көрініс табуының өзі аз да болса, көңілге медет. Расында, осылай боларын бағзы қытай кемеңгері Лао Цзы сан ғасыр бұрын болжай білген. Оның үстіне, поэзияны терең түйсініп, айырықша сезіне алатын жандар некен-саяқ кезігеді. Осы орайда Нобель сыйлығының лауреаты Иосиф Бродскийдің поэзия туралы кездесуде жер тұрғындарының небары 2%-ы ғана поэзияға құлық танытып оқиды, көңіліне тоқиды, жадында сақтай алады деген пікір еске түседі. Бүгінде халықтың ауылдық жерден қалаға ағылуы, тіршілік қамымен өндіріс орталықтарына шоғырлануы, урбанизацияға бет бұру үрдісі жүріп жатыр. Мұның ақыры – ел-жұрттың әзелгі өзіндік бет-бейнесінен, халықтық кейпінен айрылуы. Бұның себеп-салдары кейінгі өскелең ұрпақтың өзінің түп тамырынан қол үзуге, өз халқының тарихын жадынан шығаруға әкеліп соқтырады. Поэзиялық туынды болса, ақын-жыраулардың жадында жатталып қалған ұмытылмас уақиғалар, кесек тұлғалар туралы барынша баурап алар мағына-мазмұндық қуатқа толы жыр-дастан, ырғақ-үйлесімге құрылған көркем шежіре-шындық шоғырының тындарман, оқырман, көрермен көңіліне шуақ шашуы, эстетикалық әсерімен сипатталады. Жалпы, поэзия сұлулық символы. Мұны орыс жазушысы, ақыны Н.Рерих айтқандай: «Адамзат қанша жерден буырқанып-бұрсанып, жауындатып-дауылдатқанымен, оның мінген кемесі түптің түбінде тұмсық тірейтін жері – сұлулық жағалауы» деп келтіреді [3, 197].

Кезінде орыс ақыны А. Блок оқырмандарға арнап: – Ақын деген кім? – деп сауал тастап, оған өзі былайша жауап берген екен. – Ол ақ паракты өлеңмен өрнектейтіндіктен ақын атанбайды. Ол өз талантының арқасында сөз сарасын іріктеп, үйлесім-ырғаққа келтіреді. Ал үйлесімділік-үндестік астан-кестені шығып жатқан ғарыш кеңістігіндегі хаосты ретке келтіреді. Асқақ естілетін ақындық тұжырымы, әрине. Дегенмен, бұған да ден қоюға болады.

Адамның дүние туралы түсінігі негізінен рухани қасиеттерді тануға байланысты болып келді. Ал рухани қасиеттер әлеуметтік ортада қалыптасады. Демек, әлеуметтік орта мен рух адам болмысының басты анықтаушыларының бірі болып табылады. Біздің пікірімізше, рухы биік, күшті елдер қашанда бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп», жасампаздыққа қол жеткізген. Ондай жасампаздықты жасаушы рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларды өмірге әкелетін көп факторлардың бірі әлеуметтік орта, әлеуметтік бағыт-бағдар, тәлімдік тәжірибелер болып табылады. Ақын, патриот, ұлт жанашыры, Өтежан

Нұрғалиев руханият мәселелері туралы жарияланбаған еңбектерін зеттеу, ғылыми айналымға енгізу болашақтың міндеті деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. – 576 б.
2. Әшімбаев С. Сын мұраты. – А.: «Жалын», 1974. – 328 б.
3. Рерих Н. Сердце Азии. – Москва: «Вече», 2018. – 352 с.

ӨТЕЖАН АҚЫН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Қондыбай Күлшат Әбдіғанымқызы
Филология ғылымдарының кандидаты
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Өтежан Нұрғалиев өлеңдеріндегі ұлттық танымның берілу жолдары қарастырылады. Көркемдегіш құралдардың көмегімен табиғат көріністерін берудегі ұлттық таным мәселелері сөз етіледі.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности способов познания стихов Отежана Нургалиева. Анализируются стихи о природе, при помощи художественного инструментария визуализируется картина природного проявления.

Annotation. The article considers the peculiarities of the ways of knowing poetry from to Otezan Nurgaliyev. Analyzes poems about nature, using the art of instrumentation is visualized pattern of natural manifestations.

Тірек сөздер. Тіл мен таным, ұлттық таным, ұлттық код, ұлттық ақпараттар.

Ключевые слова. Национальное познание, язык и познание, национальный код, национальная информация.

Key words. National knowledge, language and knowledge, national code, national information.

Ұлттық танымның ерекшеліктерін айтпас бұрын, мен 2017 жылдың 10 қарашасы күні «Ақтөбе» газетінің №132 (20.565) нөмірінде жарық көрген философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталының мына сөзіне сүйендім: «Қорыта айтқанда, ұлттың рухани коды – күрделі, көп астарлы құбылыс. Біз бүгін рухани жанаруды бір ғана фактормен байланыстыра алмаймыз. Бүгінгі этнофилософиялық және этноэлеметтанымдық тұжырымдарға сүйене отырып, ұлттың рухани кодының он маңызды индикаторларын айтуға болады: Атамекен; Ұлттық тіл; Отбасы; Ұлттық мәдениет; Ұлттық білім; Ұлттық тәрбие; Ұлт тарихы; Дәстүрлі дін; Ұлттық дәстүр мен салттар; Кіші отаны (ауыл, аймақ, өскен орта). Сондықтан ұлттық код – бір-бірімен үйлесімді, өзара ықпалдасқан көптеген ұлттық

құндылықтардың жиынтығы. Маңызы жағынан ұлттық идеология деуге де болады» [1, 3].

Ежелгі замандардан адамды қоршаған орта, дүние, ғалам туралы ойлар толғандырған. Осыдан адам дүниені танып біле ала ма деген сұрақ туындайды.

Таным деп біз адамның қоршаған ортаны зерттеуге бағытталған іс-әрекетін айтамыз. Ол әрқашан да дамып отырады. Дүниетанудағы негізгі мақсат – зерттелген заттар мен құбылыстардың ішкі сырын ашу, білу. Білім – әрқашан да шындықтың идеялық бейнесі. Демек, танымды күрделі үдеріс, ал білімді белгілі бір нәтиже ретінде қарауымыз керек. Таным мен тілдің арақатынасы, сайып келгенде, адам проблемасының өзегі – дара тұлға тұжырымдамасымен шешіледі. Оның себебі мынада: таным сыртқы дүние заттарына бағытталған тәрізді көрінгенмен, оны жүзеге асырып отырған адам болмасы тұрғысынан бағдарласақ айтылған үдерістің үнемі ішке қарай (адамның ішкі дүниесіне қарай) бағытталғанын көреміз. Таным үдерісі адамның ішкі дүниесінің күрделі құрылымдарын тудырады және соған сәйкес сипаты да өзгеріп отырады. Осылайша, танымның жүрісін адам баласының ішкі қажеттіліктер дәрежесі белгілейді. Күрделі терең қажеттіліктердің біріне адамның өздігінен жетілуі кіреді. Өздігінен жетілу – ерекше дара қасиет.... Жетілу таным арқылы жүреді. Ал танымның шексіз жолы ішкі қажеттіліктердің сипатына байланысты [2,54].

Өтебай ақынның шығармаларындағы ұлттық танымның берілу жолдарын қарастырсақ, кез келген өлеңін алып қарасақ та қазақи ой мен өрнекті көре аламыз. Бұның өзін мына ойды келтіре кетелік. «Адам баласы көбінесе қажеттіліктерді тап басып тани алмай кетеді. Себебі қажеттіліктерді қанағаттандыру, ішкі кернеуді бәсеңдету бірден жүзеге аса салмайды. Ол түрлі жолдар арқылы көрініс табады. Қажеттіліктерді қанағаттандыру басқа бір сипаты бөлек әрекет түрімен орын алмастыруы керек. Мысалы: ұлы ақындарда өсу, жетілу қажеттілігі поэзия арқылы, жоғары ритмге жету арқылы жүзеге асқан» [2,55]. Демек, ақынның жетілген кезінде туған туындылары деп айтуға негіз бар. Мысалы, «Күз аңқыған» атты өлеңін алып қаралық. Осы өлеңнен мынадай тіркестер бар: бозаң қырым, жұпар лепті, нұр шынжыр, айдың күміс тілі, қоңыр самал, қоңыр боздақ, қоңыр ауыл, қоңыр ән, түбітті бұлт, қоңыр мұздақ мұң, тас таразы, бұлтты жұлдыз деген тіркестердің қазақи иісі мұрын жарғандай. Осы өлеңнің ішінде мынадай жолдар да ұлттық бедерді беріп тұр: Тас төбемнен кеткендей күміс жауып, Алтын сағат байланған нұр шынжырға, Күз күмісін өлшейді тас таразы, денемнен күз аңқиды.

Сөйтiп, Өтебай ақынның «Күз аңқыған» деген өлеңiнiң атының өзi ерекше емес пе?! Күздiң бiр тамаша қоңырқай шағын ерекше әсер бере ұлттық өрнекпен кестелеген, ғажап дестелеген. Мына жолдың өзi керемет емес пе?! Кейде адамдар күздi ұнатпай жатады, жаңбырлы, суық, сүреңсiз деп, ал ақынның осы өлеңiн оқи отыра, аңқыған күздiң керемет көрiнiсiне таң-тамаша болып, тамсана қарайсың! Ең соңғы шумағын былайша тәмамдаған:

Күс кеткесiн, жердегi желiк тарар,

"Кәрi құда - артынан келiп қалар".

Көзiм жетiп күздiң де өткенiне,

Абай шалдың тығылам шекпенiне.

Ендi «Түн жыры -1» өлеңiн алып көрелiк. Түн деген тылсым құбылысты жырға қоса отырып, үлкен полотнодағы керемет түннiң суретiн көреміз.Бұл сөзбен салынған ауқымды картина дерсiң! Түндi суреттеу барысында мынандай қазақ танымындағы тiркестер галарейсын таңдаған: қыл дұзақ, тұмса түн, үрпiсiнен жұлдыз аққан, тұмса дүние уызы, жанарынан мұң ыршыған, ойдың қоламтасы, көр сананың көзiн тырнап кете ме айдың тырнағы, уыз нұры, ес үстiне тамса, сау сана, суса әлем, жүрек балдай, сүек саумал татып кеттi, айдың тырнағы, хақ сөзiнiң жұпар атқан иiсi, перiштенiң саусағы, түннiң тылсым түйсiгi, алтын құйған қапшық құсап, айлақ құм, ми-шырын, жұлдыз жайдым, ай бақтым. Мына тiркес, көркем сөздi орны – орнына қаласак, керемет түннiң үлкен суреттегi көрiнiсi, соның iшiнде қазақ аспанындағы түн көрiнiсi көз алдымызда тұрғандай.

Босата алмай қыл дұзақтан тау-ботасын тұмса түн,

Көрдiңiз бе, үрпiсiнен жұлдыз аққан бiр сәтiн.

Ыңырысқан тұмса дүние уызына жарытпай,

Өтер ме екем, болмай, сiрә, шөл басуға мұрсатым?!

Айтпа маған, жанарынан мұң ыршыған тау жайлы,

Тау жайлы ойдың қоламтасын сезiм түртiп қаузаиды.

Құмырсақдай қалың жұлдыз Құс жолымен сабылып,

Барады алып илеуiне сынық қанат зауза-айды.

Қолым жетпей аспандағы миллиард пұт алтынға,

Сонша байлық болса ғой деп қиялдаймын халқымда.

Тұрам үнсiз, жұлынымнан құмырсқалар жүгiрiп,

Аң - таң боп мен аңқам кепкен сол баяғы қалпымда.

Ендi «Түн жыры -2» өлеңiн қарап көрелiк:

Ей, салқын ай, Ей, ыстық ай!

Дiлдадай алтын ерегiм деп ем,

Тимедiң көптен, iңгаламайтын бөбегiм деп ем,

Сүймедiм беттен. Кезегiм келсе - нұрыңа шомып,

Құт кара жерге енемін деп ем биледің көктен.

Мына өлеңде түн сылқымның екінші бір суреті беріледі. Бұл жерде ай бейнесін жырына қосқаны айқын. Ай нұрына шомылып, қиялдың арғымағына мініп алған лирикалық кейіпкердің аспан әлеміндегі айға ғашықтығын көруге болады. Бұл өлеңде де мынадай ұлттық танымды беретін тіркестер бар: тәп-тәтті ай, ары түрілмеген Махаббат, сенің құның – кара бакыр, тау тісімен бір тістеді, жұлдыз ойнап айды түртіп, күндіз жұққан күнге кірді, аспаныңда ай қыдырған, сәуле саулап кебінімнен.

Әдебиет теориясында кейіптеу туралы былайша анықтама береді: «.. жаратылыстың жансыз нәрселерін, тап жанды нәрседей етіп, жандылардың істейтін амалдарын істеткізіп суреттеуді кейіптеу деп атайды... тілсізге тіл бітіреді не қайғылы, не қуанышты уақиғаны суреттегенде, оған және табиғат қосылады да, оны бұрынғыдан да күшейте түседі. Шығармадағы уақиғаға табиғатты қатыстырып не қайғыртып, не қуанытып суреттелген жерлер өте әдемі, оқушыны еріткендей әсерлі және күшті болып келеді. [3,120-121]. Екі өлеңде де кейіптеу бар, жансыз құбылыстарға жан бітіріп, түн сылқымның ерекше портретін тамаша бере білген. Өлеңді былайша тамадаған:

Болсам, досым, зайғы құрбан, жанды әкетсе аспан елі,

Аспаныңда ай қыдырған қырға апарып таста мені.

Жанда оянып үміт төтен, ай өпкенде ерінімнен,

Орынымнан тұрып кетем, сәуле саулап кебінімнен.

Пендең сөзін асылыққа жаза көрме, Жаратқан - Хак.

Мағұрып пен Машырыққа ақ нұрыңды таратқан шақ.

Нұр пышақтап-ақ жарылам, жетектейді пендені үміт.

Айға жетсем, Ар жағынан,

Қалардайсың сен көрініп.

Тіл тек таным құралы, заттар мен құбылыстар әлемін жаңғыртушы ғана емес, ол ойды жалғастыру, сезімді жеткізу қызметтерін де атқарады, сөйтіп, сезімдік, тілдік ойлау қызметін де қамтамасыз етеді. Мәселен, жыраулық үрдіс арқылы қалыптасқан дүниенің концептуалдық бейнесімен (дүниенің жаратылуы, дүниедегі заттар мен құбылыстарға бағалауыштық көзқарас, белгілі бір діни, мифологиялық танымға негізделген ұғымдар мен қабылдаулар, ұлттық болмыс, т.б.) таныса отырып, тыңдаушы не оқырман өзі де сол дүние құрылысына еріксіз енеді, қабылдайды, өзінің осыған дейінгі қалыптасқан когнитивтік санасындағы дүние бейнесіне толықтырулар мен өзгертулер енгізеді [4, 14].

Келесі өлеңі «Биылғы көктем» деп аталады, өте қуанышты пафоспен жазылған. Аталған өлеңде де кейіптеу мына тіркестерден-ак

байқалады: саңқылдап самал, жаздың тойы, құс болып сәуле құйылды, сықырлап қайнап, қақпағын көлдер атып аспанға, таудың сүйегін қажайды еппен, көктемнің оты тұтады, күн тамырынан саулап қорегім, жауған жұлдыздан жаурап келемін. Көктемнің тамаша ғажайып боп кеп, оқырманды да, автор да қуанышты көңіл-күйде, ғажайып сезімге бөленеді. Сөйтіп, бұл өлеңді былайша қорытындылайды:

Ғажап-ақ келді биылғы көктем,
Тазалап демді қиындық өткен.
Құйын - жүректен күйім дір еткен:
"Көз тимегей!"-деп сиындым еппен.
Жұлдызы жанып даулап терегім,
"Үркер" тұр әлі даулап керегін.
Түн тамырынан саулап қорегім,
Жауған жұлдыздан жаурап келемін!..

Қорыта келгенде, танымал ақын Өтежан Нұрғалиевтың өлеңдерінде ұлттық болмысты табиғатты суреттеген 3-4 өлеңі көлемінде қарастырдық, ақынның нақты жетілген шағында жазған «Күз аңқыған», «Түн жыры -1», «Түн жыры-2», «Биылғы көктем» секілді өлеңдерінде ұлттық таным тұрғысынан алғанда, талданған өлең жолдарынан біздің ұлтымыздың ақпараттық кодында бар тамаша тіркестермен көркемдегіш құралдардың ішінен кейіптеу арқылы әдемі табиғаттың көркем көріністерін сөз арқылы өрнектеп береді.

Әдебиеттер

- 1.Айталы А. 2017 жылдың 10 қарашасы күні «Ақтөбе» газетінің №132 (20.565)
- 2.Когнитивті лингвистика. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2008.- 103б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1960.
- 4.Нұрдәулетова Б.И. Когнитивті лингвистика.
- 5.Qamba.info сайтынан Ө.Нұрғалиевтың өлеңдер жинағы.

У.НУРГАЛИЕВ И ЕГО ВКЛАД В СОВЕТСКУЮ И СОВРЕМЕННУЮ КАЗАХСКУЮ ПОЭЗИЮ

Жубатканов Керимсал Жумабаевич
Кандидат исторических наук, доцент
Руководитель НИЦ «Рухани жаңғыру», Казахско-Русский
Международный Университет, г.Актобе, Казахстан
history_kerim64@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ ақыны Өтежан Нұрғалиевтің поэзиясы туралы баяндалады. Кеңестік және қазіргі заманғы қазақ поэзиясына қосқан үлесі туралы талдау беріледі.

Аннотация. В данной статье говорится о поэтическом творчестве казахского поэта Утежана Нурғалиева. Дается анализ его вклада в советскую и современную казахскую поэзию.

Annotation. This article talks about the poetry of the Kazakh poet Utezhan Nurgaliyev. An analysis of his contribution to Soviet and modern Kazakh poetry is given.

Тірек сөздері. Қазақ Пушкин, біздің әдебиетіміздің алтын қоры, ежелгі грек құдайлары, мифология, драма, трагедия, грек поэзиясындағы және қазақ әдебиетіндегі сабақтастық.

Ключевые слова. Казахский Пушкин, золотой фонд нашей литературы, древнегреческие боги, мифология, драма, трагедия, преемственность в греческой поэзии и казахской литературе.

Key words. Kazakh Pushkin, the gold fund of our literature, the ancient Greek gods, mythology, drama, tragedy, continuity in Greek poetry and Kazakh literature.

В возрасте 73 лет в 2011 году скончался поэт Утежан Нурғалиев. С детских лет он был необычайно талантливым и в возрасте 17 лет получил признание как казахский Пушкин. В юности Нурғалиев писал только любовную лирику и поэтому нравился всем. Он ворвался в казахскую литературу своими талантливыми стихами и стал одним из любимых поэтов своего времени. Он своими красками, новым голосом привнес в поэзию новую волну. В 1960-ые годы выходят его первый сборник стихов «Менің махаббатым», затем «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Ай астында ақбоз үй», «Қайынды тоғай», «Тыныштық», «Афина мектебі», его сборник баллад «Соғыстың соңғы жазы» о Великой Отечественной войне вошел в золотой фонд нашей литературы. За свой доблестный труд он был награжден орденом «Құрмет».

Его цикл стихотворных баллад "Соғыстың соңғы жазы", где передал свою любовь к родной земле, родному аулу. Не секрет, что в советские времена Великая Отечественная идеализировалась во всех

отношениях. Книга "Последнее лето войны" Нургалиева оказалась как взрыв разорвавшейся бомбы. Автор прямо говорил о простой и порой жестокой правде жизни казахского аула военного времени. Когда в отсутствие настоящих мужчин, погибших на войне, в ауле были хозяевами всего - всякие убудочные бастыки и баскарма, которые издевались над вдовыми молодками и их детьми. После этой книги У. Нургалиев стал не нужным казахскому обществу эпохи советского застоя. Вскоре против него было сфабриковано дело, где поэт был признан как "взяточник", которому в каком-то районе "незаслуженно" подарили часы, и исключили из КПСС.

В произведениях У.Нургалиева главными установками были «не отделять казахов от всего человечества», «казах ни чем не хуже других» и «не унижайте казаха дешевыми ценностями». В мировой поэзии в не идеологии самым первым стоит поэт Гомер. Он с одинаковым уважением относится и к богам, и к людям в своих стихах. Он прекрасно создает образы древнегреческих богов, живущих на горе Олимп. Он первым в истории мировой поэзии в своем поэтическом произведении вместил и поэзию, и мифологию, и драму с трагедией.

Утежан сравнивал свой родной Казахстан с Гомеровской Грецией. На Олимпе Казахстана стоят ЦК и Союз писателей, его боги – классики казахской литературы того времени, его герои и обычные люди – поэты-писатели и простые люди с различной судьбой, его мифология – личности, которые превратились в миф и которых надо опустить с неба на землю. Т.е. Нургалиев создал антимиологию. Он нашел преемственность в греческой поэзии и казахской литературе как поэт. В одном стихе он пишет:

Қажет болса, қазақ болмай, грек болып кетіндер,
Күллі адамзат баласына жүрек болып кетіндер!

Чтобы соответствовать таким высоким стандартам, что предлагает Нургалиев:

1. И в греческой, и в казахской культуре имеется прекрасная эпическая традиция, которая и является корнями этих культур.

2. У обоих народов в их мировоззрении не было строгих моральных запретов и религиозных норм.

3. И казахи, и греки любят искусство, отличаются жизнелюбием.

Отсюда его обращение античности. Конечно, нельзя обойти древнегреческую культуру, которая очень многое дала всей мировой культуре человечества. Утежан Нургалиев – автор поэмы "Афинская школа", где в искрометных стихах излагается история греческой философии. По мнению его коллег, поэма – очень актуальна: время –

главный судья: оно показало перекличку событий разных эпох. Он как Абай, сохраняя восточную форму написания, меняет ее содержание. Если Абай своей поэме «Ескендір» отказывается идеализировать Александра Македонского, то Нургалиев впервые обращается к древнегреческой философии в казахской поэзии. Его цель сблизить древнегреческую и современную казахскую культуры. Это был новый, новаторский подход в казахской литературе, который помогал казахской культуре и литературе развиваться в новых рамках, вырвавшись из «аульного» уровня.

Конечно, обращаясь к теме древнегреческой культуры и философии, Нургалиев взялся за очень сложную работу. Но он сумел донести до казахского читателя всю глубину и суть философских взглядов древнегреческих ученых путем использования эпического метода. Вместе с этим он, как Плутарх, к каждому древнегреческому философу как эквивалент добавляет казахского персонажа. Он сумел просто, доходчиво и ярко донести все идеи, мысли древнегреческих философов до казахской аудитории. Выиграшем этого произведения У.Нургалиева является, что он в своем исследовании сходства и преемственности двух культур не пошел по вертикальной иерархии отношений, а, наоборот, по горизонтальной иерархии отношений.

Если говорить о периодах творчества У.Нургалиева, то их можно, поделить на 2: 1 период, когда он писал любовную лирику и 2 период, когда написал цикл стихов «Соғыстың соңғы жазы». Именно со 2 периода у него появляется гражданско-критическая лирика. А с «Афина мектебі» начинается 3 период в творчестве У.Нургалиева, где он поднимается на уровень мировой философии и литературы. 4 период (1990 годы) его творчества связан с возвращением к традиционным казахским формам поэзии с жырау, сал-сері поэзией.

Ауыл сырты қаптаған мал.

Айтақтаған қойшылар.

Кім біледі, казак үшін айтақтау до ой шығар...

После этого откуда может взаться творчество?

Жалғыз жартас төбесінде моласы бар бақсының,

Абай шыққан ой биігі – тас толтырған қапшығың.

Дүние деген осы шығар қапшық толы тезекті.

«Өшіреттің соңы кім?» деп сұрайсың сен кезекті.

Несмотря на такие негативные стороны, Утежан сохранил в себе светлую гомеровскую сторону поэта. Это можно увидеть в эпилоге в «Афина мектебі», где описывается Рафаэль – великий художник Возрождения:

Ватиканның қабырғасын құрбан етіп бояуы,

Мені оятты Рафаэльдің қиялының ояуы.
Айтты бояу өлілерге тірлік керек екенін,
Айтты бояу тірілерге бірлік керек екенін.
Айтты бояу аспанның да жұлдыз жағып өтерін,
Жалғыздықтың жалғандығын, қараңғының бекерін.

Сразу видно, что поэт все правильно понял. Картина Рафаэля «Афина мектебі» ведет человечество к светлое общество с высокими целями. Он дает каждому свою оценку.

Поэт пишет:

Жер жұлдызы жақындайды жұлдыздарға көктегі,
Оған күә бізді оятқан Афинаның мектебі,
Солай дейді Рафаэль – искусство көктемі,
Аспан егер мектеп болса, ол Афина мектебі.
Солай дейді Рафаэль, күллі әлемнің ұл-қызы,
Аспан егер жұлдыз болса, ол Афина жұлдызы.
Өз атымнан қосатыным, айтып-айтып шаршаған,
Ұлы тудың астында тұр адал ниет БАРША АДАМ.

В этих стихах мы видим, что Утежан Нургалиев первым на казахской земле стремился объединить человечество, что он поднялся на гомеровский уровень. Утежан Нургалиев – поэт, который в XX веке внес большой вклад в всестороннее развитие казахской поэзии. Его стихи, как говорил Абай, не испорчены ненужными словами. Отсюда, любовь к его поэтическому творчеству современных читателей. И еще, Утежан Нургалиев был прав в одном, что история казахского народа в годы советской власти была историей вырождения и деградации как народа, как этноса.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЫРЫМ-ДАРЫМДАРЫ (Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы мысалында)

Әмірлан Сейдін Елсүйерұлы

**Аға ғылыми қызметкер, Қарақалпақ гуманитар пәндер ғылыми
зерттеу институты, Нөкіс қ., Өзбекстан
s_amirlan@mail.ru**

Андатпа. Халықтың күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын жоралғыларының бір түрі «ырым» делінсе, ал халық медицинасы негізіндегі емдеу әдістерімен байланысты айтылатын шипа дарытушы сөздер «дарым» деп аталған. Дарымдарда халықтық сөз өнерінің түрліше айтылу үлгілері кездеседі. Оны отбасы мүшелерінің өзі де, халық емшілері де, тосыннан келген жолаушы да орындайды және кейбір жағдайларда оған балалар да

катынастырылады. Бағзы уақытта дарымның бәдік яки күләпсан сияқты түрлерін екіжар болып қыз-бозбалалар да әнмен айтқан. Дарымдарда сөздің даруын кесел немесе ылаңға бағыттау, ал емнің дарымын сырқатқа қарату шаралары жүзеге асырылады. Мақалада халық ырым-дарымдарының Ө.Нұрғалиев поэзиясында көрініс табуы мысал сыпатында көрсетіліп өтілген.

Аннотация. В жизни всякой народности встречаются различного рода привычки быта, связанные с мистификацией и перешедшие в силу ряда причин в обычаи. В народе их именуют «суевериями». В основе народной медицины лежит также вера в силу мистических слов, призванных вылечивать разные болезни. В народе их прозвали «заговорами». В заговорах проявляются различные виды народного словесного искусства. Их могут исполнять и члены семьи больного, и народные знахари, и неожиданные путники. Иногда к исполнению привлекались и дети. Раньше такие виды заговоров, как бәдик и кулапсан исполняли попеременно девушки и юноши. В текстах заговоров все слова обращены к той или иной болезни, а тексты лечебных заговоров – непосредственно к больному, к скорейшему его выздоровлению.

В качестве примера в данной статье приводится поэзия О. Нурғалиева, в которой отражаются народные суеверия и использование заговоров.

Annotation. Different sorts of life habits are met in the life of any people connected with mystification and transferred by some reasons to customs. It is called as «superstition» among people. In the basis of folk medicine there is a belief into power of mystical words, which are called as treatment of illnesses. It is called as «incantation» and «invocation» among people. Different kinds of folk verbal art are shown in incantation and invocation. They are carried out by the family members of patient, folk healers and unexpected travelers. Sometimes, also children used them. Earlier such kinds of incantations as «badik» and «kulapsan» are carried out alternately by girls and youth (usually they were carried out in treatment of such illnesses as «badik» – nettle rash and «kulapsan» – illness, when rash is shown on the body). In the incantation texts and invocations all the words directed to some illness, texts of medical conspiracies are directed to fast recovery of patient.

O.Nurgaliev's poetry is given in this article which reflects folk superstition and the use of incantation.

Тірек сөздері. Қазақ, карақалпақ, фольклор, ырымдар, дарымдар.

Ключевые слова. Казах, каракалпак, фольклор, суеверия, заговоры.

Key words. Kazakh, karakalpak, folklore, superstitions, incantations.

Түркі халықтарының наным-сенімдерге қатысты ғұрыптық фольклорының бір саласы ауруды (ыланды) көшіру немесе аластау салтымен байланысты. Халық медицинасы бойынша зиянды қуудың яки ем қолданудың мұндай түрлері: нәресте итtime болғанда, балаға бәдік жарасы шыққанда, суық тиіп қалғанда, тіл уылғанда, құлақ ауырғанда, уытты қайтарғанда, құрт түсіргенде, сұқ шығарғанда, қорықтық құйғанда, ұшықтағанда, өкпемен қаққанда т.б. да жағдайларда орындалып, әртүрлі ырымдар жасалады. Әрине, осынау ғұрыптық шаралардың барлығы сөз көмегімен іске асырылып келген.

Ғұрыптық поэзиясы жан-жақты үйренілген орыс халқында фольклордың бұл сынды тылсымды жанры «заговоры» деп аталады [3, 76-81; 21]. Әдеби мұралары қанша бай болса да, түркі халықтарының фольклортану ғылымында халықтық емдеу жосындарының мұндай үлгілері әлі де болса толықтай зерттелген емес.

Қазақ фольклоры жанрларын тұңғыш жіктеушілердің бірі А.Байтұрсынов осындай емдік жоралғыларды: құрт шақыру, жын шақыру, дерт шақыру т.б. деп саралап, оларды «қалып сөзі» деген аталыммен атаған [8, 232-261]. А.Байтұрсыновтан кейін қазақ фольклоры үлгілерін жіктеген және зерттеген М.Әуезов, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, М.Сильченко, Б.Уақатов, С.Қасқабасов, Б.Абылқасымов және т.б. ғалымдар халықтық ем-дом жасаудан туындаған мұндай үлгілерді «дін салт өлеңдері», «діни ұғымдарға байланысты салт өлеңдері», «арбау өлеңдері», «емшілік өлеңдері», «ескілікті наным-сенімдерден туған өлеңдер», «наным-сенімдер ғұрпының фольклоры» деп атап, соның ішкі түрлері қатарында: бәдік, арбау, жалбарыну, қағу, үшкіру, дем салу т.с.с. көрсетіп өтеді [7, 39-64; 25, 92-197; 15, 35; 17, 41-44; 10, 64; 27, 35-76; 19,30; 1, 11]. Қарақалпақ фольклорын зерттеген Қ.Айымбетов, Н.Дәуқараев, Н.Жапақов, Қ.Максетовтер де бұларды діни салт-санамен байланыстырып, оларды жалпыламай қарастырған [2, 25; 11, 75; 16, 144-146; 20, 52]. XX ғасырдың 20-30 жылдары Қарақалпақстанда кешенді фольклорлық-диалектологиялық зерттеулер жүргізіп, жинақталған үлгілерді шартты түрде жіктеген Н.Басқаков, халықтың сөзбен емдеуге байланысты (бәдік, құлапсан т.б.) дәстүрлі ырымдық шараларын «заговоры и песни» деп атап, оларға ортақ ғылыми атау қолданған [9, 7].

Шынтуайтында, орыстың «заговор» деген сөзі қазақ және қарақалпақ халқының дәстүрлі емдеу өнерінде «дарым» деп аталса, ал емдік шараларды орындаушы тұлға «дарымшы» делінген [6; 4, 167; 5, 324; 18, 555]. Қазақ тілінде осы атауларға қатысты «дарымдау» деген ұғым да сақталған [14, 214]. Туысқан қырғыз халқында да осындай емдік сөздер «дарым ырлары» деп аталады екен [29; 30]. Бұл деректер «дарым» ұғымының тамыры сонау көне замандардан бастау алатынының айғағы болса керек. Оның арғы тегі шамандық салт-санаға, аруақ шақыру ғұрпына барып тірелетін сияқты. Қарақалпақ халқында сырқаттанған жанды емдеу барысында дәстүрлі ғұрыптарды орындаушы бақсы-балгерлер:

Кеселдің мына емин айт,
Дарымы болар жерин айт,
Дарыйтуғын бұған ем бар ма,

Салатуғын буган дем бар ма..., - деп өз аруақтарымен тілдескен, олардан демеу тілеген [24, 6]. Осы жолдардан байқалғанындай, «дарым» дегеніміз «дәру», «ем» дегенді аңартып тұр. Қарақалпақ фольклоры материалдарының түсіндірмесінде де «дарым» ұғымына «ем сөз», «дәрі сөз» деп түсінік берілген [18, 555]. Сөз төркінін тексерсек, оның етістік түбірі: «дару», зат есімдік тұлғасы: дар+ым. Мұндағы -ым – сөз жасаушы жұрнақ. Яғни, «дарым» дегеніміз: аурулы жанға – емді дарыту, кесел немесе ылаңға, індетке – сөзді дарыту әрекетін білдіреді. Тегі, қазірге дейін «бәдік», «арбау», «аластау» деген жеке-жеке аталымдарды иеленіп жүрген кеселді емдеу түрлерінің халықтық медицинадағы жалпы атауы «дарым» екендігі байқалады. Сондықтан да біз, осы халықтық аталымның ғылыми айналысқа түсірілуін ұсыныс етеміз және Ө.Нұрғалиев шығармашылығындағы осындай ұрыптық шараларға назар аудармақпыз.

Дарымдар көбінесе балаларға, жас жандарға арналып айтылады, соған сай ырымдық шаралар жасалады. Өйткені, бала санасы таза, жүрегі пәк, сенгіш, иланғыш. Сол себепті де әрбір емдік әрекетті жан-тәнімен қабылдайды, нәтижесіне сенеді. Сенім – екі жаққа да теңдей болу тиіс: ем дарытушыға да, емді қабылдаушыға да. Алдымен оған ем қолданушының өзі сенуі қажет. Осы жәйт Ө.Нұрғалиевтың «Өкпемен қағу» атты өлеңінде өте тамаша баяндалған:

... Анам менен неше ауруды табатын.

Токсан түрлі кеселіне бір шипа,

Осы ғой деп жас өкпемен қағатын... [22, 84]. Әрине, бұл жолдардан: мұндай емнің бір емес, бірнеше рет жасалғаны аян болады. Өлеңде әкесінің қаралы хабарын есітіп, жүрегі тайған балақайды ойынға да жібермей, көшеге де шығармай, оның дертіне шипа іздеген жанашыр ананың әрекеті:

Асыл дәрі текке күйіп кетпесін,

Дегендей-ақ балам азап шекпесін,

Кемпір мені жібермейді ойынға,

«Қоя сояды» деген хабар жеткесін..., - деп беріледі [22, 84].

Осылайша кейуаны ана байғұс бала үшін жаңа сойылған қой іздейді. Өйткені, халықтық сенім бойынша мұндай ырымдар үшін кеселден, ылаңнан ада – аяқты мал, қанатты құс тандалады. Қалың елді қайғыға батырған, алдындағы ырысынан айырған сұрапыл соғыс жылдары – қойдың да сирек сойылатын кезі. Сол үшін қайсы үйде қой сойылатынын алдын ала хабар тапқан ана межелі жерге шұғыл жетіп барып, өз бұйымтайын сұрайды. Мұны ақын:

Таба қалса ат-түйедей сұрап ап,

Бір бүйенге тығады да бұралап..., - деп келтіреді [22, 84]. Өлеңнен байқалатыны: ем қолданушы өкпені солайынша ала салмай, бүйенге жайлайды. Емделушіні дарымдағанда да солай қағады.

Емдік шараларды жасамас бұрын тұла бойын қағып, тәнін тазартып (тәһәрет алып), пірлерге, табиғат киелеріне сиынып келеді:

Бір қолда өкпе, бір қолында тас құман,
Бірдене андып батқан күннің астынан,
«Жұм көзіңді!» дейді маған... мен тұрам,

Жұмып алған екі көзім тас тұман... [22, 85]. Мінекей, ем жасау әрекетіне осылай кірісіледі. Баланы өкпемен қағып тұрып, дарым (ем) айтылады:

Түн ауруы болсаң, ауру, түнмен кет!
Күн ауруы болсаң, ауру, күнмен кет!
Өкпеменен ұрып-ұрып болғасын,

Құбылаға жығылады күржедеп... [22, 85]. Ырымын жасап, дарымын айтып болған соң емші шаршап, болдырып қалады. Ақын өлеңінде осы көрініс те шынайы суреттелген.

Ө.Нұрғалиевтің мысалға алынған өлеңінде «өкпемен қағу» ырымына байланысты барлық этнографиялық детальдар толық көрініс тапқан және оның дарымы да айтылған:

Түн ауруы болсаң, ауру, түнмен кет!

Күн ауруы болсаң, ауру, күнмен кет!.. [22, 85]. Халықтық ырымдар бойынша ауруды осылай көшіреді. Қарақалпақ фольклорында да зиян (ауру) көшіру әрекеті жасалғанда:

Түн кесели болсаң, түн менен кет,
Күн кесели болсаң, күн менен кет,
Суұ менен кет, жел менен кет,

От пенен кет, күл менен кет!, - деп ырымдалады [28, 2]. Бұдан, дарымның айтылуы да, атқарылуы да екі халықта бірдей екені көрінеді. Айырмашылығы, қарақалпақ фольклорында аластаудың немесе көшірудің негізгі дәнекерлері болған табиғаттың байырғы төрт элементі: су, ауа (жел), от және топырақ (күл) толықтай берілген.

Ақын осы өлеңінде өзін өкпемен қақпастан бұрын да одан басқа әртүрлі ырым-дарымдардың жасалып, біраз әурегершілікке түсіп қалғандығын:

Менің нәзік, шікәсі бар жүрегім,
Тайғызып ап әрең тұрған тірегің,
Бірде жылма, бірде құйып қорықтық...

Әбден әуре қылғанымды білемін, - деген мәліметтермен жеткізеді [28, 85-86]. Халық дәстүрінде бірнәрседен шошынған, қатты қорыққан жанға осылай жылма, қорықтық тәрізді ем-домдарды қолданатыны

белгілі. Мұндай шаралар қарақалпақ дәстүрінде әлі күнге дейін сақталып келеді. Қарақалпақ халқында осы ем-домды жасау сәтінде алдымен адыраспан түтетіледі де, одан кейін іші шүңгіл ыдысқа қорғасынды салып отта еріткен күйі «қорықтық» (қарақалпақша «қорықлық») әзірлеп алып, оны қорыққан жан иесінің басынан айналдырады. Қорықтықты бастан айналдыра шайқап тұрып:

Қорқыт әўлийе қолла-я,
Бурқыт әўлийе қолла-я,
Қарахан бабам қолла-я,
Жайылқан бабам қолла-я,
Бәленің бийнеси шықсын,

Баладан кирнеси шықсын!, - дейді [13, 127]. Халық сенімі бойынша адам неден қорыққан болса, қорықтыққа соның бейнесі шығады-мыс. Тәнді жайлап алған кірне немесе зиян да қорыққанынан сыртқа шығып кетуі тиіс.

Денеден зиянды куудың түрліше жолдары бар. Балаға бәдік (күләпсан) шыққанда дарымшы оны оңаша үйге шығарып емдеген яки қыз-бозбалалар алып кетіп ауылдан аулаққа шығарады да, ортада жағылған оттан аттата отырып, көпшілік болып ылаңкесті көшіру ғұрпын орындаған. Не бірде бірнеше дарымшы жиылып, кезекпе-кезек қамшы ойнатумен бәдікті қуу әрекетін жасаған. Бұл жайында мынадай дарым қатарлары бар:

Бир бәдик бар екен деп келди хабар,
Бәдиктің дарымшылар емін табар,
Апарсаңыз бул бәдикти дарымшыға,

Ақ жауып, қамшы урып, жинин қағар... [12, 6]. Бәдік туралы іргелі зерттеулер алып барған көрнекті ғалым Б.Сарымсақов осындай ылаңға шалдыққан жанды емдеуде Жызак облысында оның үстіне ақ кездеме жауып, сыртынан және сиырдың не қойдың терісі жайылатынын, ал тері үстіне күл немесе топырақ шашылатынын баяндайды. Осыдан кейін бәдікхан (дарымшы) қолына жеті тал шыбық алып, сыртқатты сонымен жеңіл сабалап отырған [23, 155]. Сайып келгенде, халықтық ғұрыпты орындаушылар зиянды немесе ылаңды аластау үшін әртүрлі ырым-дарымдарды қолдана отырып, оларды денеден шығару, сөйтіп екінші бір орынға көшіру әрекетін жасаған.

Жалпы алғанда, ежелден халық емшілігінде қолданылып келген ырым-дарымдар өзіндік мән-мағынасына, тылсымдық көріністеріне ие және онда сөз құдіретімен емдеудің сан ғасырлық қыр-сырлары мейлінше сақталып қалған.

Әдебиеттер

1. Абылқасымов Б. Телқоңыр (қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптың фольклор). – Алматы, 1993.

2. Айымбетов Қ. Қарақалпақ фольклоры. – Нөкіс, 1977.
3. Аникин В.П., Круглов Ю.Г. Русское народное поэтическое творчество. – Л., 1983.
4. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы, 1969.
5. Артықбаев О., Сабданбекова Ә. және т.б. Дәстүрлі қазақ этнографиясы. – Павлодар, 2008.
6. Әмирлан С.Е. Дарым – дауалау айтымы // ӨзРИА ҚБ Қарақалпақ гуманитар пәнлер илим-изертлеу институтының илимий сессиясы: [Эл.-ресурс]. – Нөкіс, 2012.
7. Өуезов М. Әдебиет тарихы // Шығармалары. – Алматы, 1985.
8. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Шығармалары. – Алматы, 1989.
9. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Т. I. Материалы по диалектологии (тексты и словарь). – М., 1951.
10. Ғабдуллин М. Қазақ халқынауыз әдебиеті. – Алматы, 1974.
11. Давкараев Н. Очерки по истории дореволюционной каракалпакской литературы. – Ташкент, 1959.
12. Дарымлар // ӨзРИА ҚБ Фундаменталь кітапханасының қолжазбалар қоры: Р-1327, Инв.-№184151.
13. Дарымлар // Әмиўдәрәя. – Нөкіс, 2018. -№5.
14. Диалектологиялық сөздік. – Алматы, 2007.
15. Досмұхамедов Х. Қазақ халық әдебиеті // Аламан. – Алматы, 1991.
16. Очерки по истории каракалпакского фольклора. – Ташкент, 1977.
17. Кенжебаев Б. Салт өлеңдері // Қазақ әдебиетінің тарихы: Фольклор. I т. – Алматы, 1948.
18. Қарақалпақ фольклоры (көптомлық). 77-87 т. – Нөкіс, 2014.
19. Қасқабасов С.А. Қазақ фольклорының тарихы (жоба-проспект) // ҚазССР Ғылым Академиясының Хабарлары: Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 1988. №4.
20. Максетов Қ. Қарақалпақ фольклорының эстетикасы. – Нөкіс, 1971.
21. Мирзаева С.Р. Ўзбек халқ афсун-дуоларининг жанр хусусиятлари ва бадиияти. Филол. фан. ном. дисс. – Тошкент, 1993.
22. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы // Көне соқпақтар, соны сұхбаттар. – Алматы, 2012.
23. Саримсоқов Б. Ўзбек маросим фольклори. – Тошкент, 1986.
24. Сарынлар // ӨзРИА ҚБ Фундаменталь кітапханасының қолжазбалар қоры: Р-1386, Инв.-№185408.
25. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті // Шығармалары. – Алматы, 1964.
26. Сильченко М.С. Тұрмыс-салт жырлары // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960.
27. Уақатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974.
28. Ырым-дарымлар // ҚМУ, «Қарақалпақ фольклоры» лабораториясы. – Нөкіс, 1992. №2 д.
29. <http://www.bizdin.elcat.kg/elib/kitepter/html/kpa1/1bap/section4.html>
30. <http://kmb3.kloop.asia/2014/10/14/pamir-kyrgyzdaryny-eldik-yrlary>

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК ӨЛШЕМДЕРІ

Елеусинова Г.Е.

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

eleusinova71@mail.ru

Анатпа. Мақалада автор ұлттық салт-дәстүр, әлемдік тәжірибедегі құндылықтар жүйесі, халық ауыз әдебиетінің үлгілері сынды тектілік өлшемдерін қарастырады. Адамның өзінен өзі есеп алуы мен өзін жарып шығуы қасиеттеріне тоқтала отырып, осы бағытта еңбектенсе, толық өз мәнінде адам болып қалыптасатыны белгілі. Сондықтан автор осы мәселе төңірегінде әдебиетте, психологияда, педагогикада бар ойларға талдау жасайды. Нәтижесінде текті ұрпақты қалыптастырудың шынайы мүмкіндіктерін көреміз.

Аннотация. В данной статье автор рассматривает критерий благородности: традиций обычаи, Ценностные системы в мировом опыте, устное народное творчество. Способности человека, как рефлексия и самореализация выступают как ориентир в формирований настоящего человека. Следовательно, автор анализирует бесценные мысли в педагогике, психологии литературе. В результате мы видим реальные возможности в формировании и воспитании благородного поколения.

Annotation. In this article, the author examines the criterion of nobility: traditions, value systems in world experiens, oral folk art. Human abilities, like self-reflection and self-realization, act as a guide line in the formation of a noble generation. Consequently, the author analyzes invaluable thoughts in pedagogy, psychology, literature. As a results, we see real opportunities in the formation and upbringing of anoble generation.

Тірек сөздері. Руханият, салт-дәстүр, әлемдік тәжірибе, есеп алу, жарып шығу, құндылықтар жүйесі, мағына.

Ключевые слова. Духовность, традиций, мировой опыт, рефлексия, самореализация, система ценностей, логос.

Key words. Spirituality, tradition, world experiens, reflection, self-realization, system of values logos.

Руханият – қоғамда тарихи қалыптасқан рухани әлем, қоғамның рухани өмірі мен мәдени кеңістігі. Руханияттың өзегін құрайтын құбылысқа руханилықты жатқызуға болады. Ол адамды Ақиқаттың жасампаздық жүйесін қалыптастыратын тұсына жақындататын, рухани дамуды қамтамасыз ету арқылы Ғаламды рухандыратын, қоғамды іштей үйлесімдендіретін оң мағынадағы рухани күш, феномен. Руханилық – еркін шығармашылық белсенділік арқылы, әлемге деген адамгершілік қатынас арқылы қалыптасады. «Руханилық – бұл сыртқы болмыс универсумын тұлғаның ішкі ғаламына этикалық

негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында адамның өзіне сәйкестігі мен оның еркіндігін жүзеге асыра білуі [1].

Қазақ руханиятындағы тектілік өлшемдері неден басталады деген сұраққа жауап беру мақсатында келесі тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. Ұрпақ тәрбиесінде ұлтымыздың салт-дәстүрін берік ұстану, салт-дәстүр – тектіліктің өлшемі;

2. Құндылықтарды анықтап алу. Әлемдік тәжірибеде бар құндылықтар жүйесі туралы білім қорының болуы;

3. Рухты көтеретін халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен жұмыс жасау іскерлігін дамыту (эпостар және т.б.).

Бірінші тұжырым бойынша: салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы. Салт-дәстүрге байланысты жаңа, қызықты ақпаратты жақында баспадан шыққан этнограф, жазушы *Зейнеп Ахметованың «Күретамыр»* кітабынан алуға болады. Бұл кітапта әмме жұрттың анасына айналған Зейнеп ханым: «...тәніміз бен жанымыздың өрістік ағысын, өрістік қалауын өздігімізден ажырата алмайтын ішкі сезімдік тоқырауға ұрынғанбыз», -дей келе қазіргі қазақ келіндерінің тұздалған қияр мен қызанақпен жеріктігін басуын тектік сәйкессіздік, ұлттық болмыстың өзгеруі деп түсіндіреді [2].

Жүктіліктің алғашқы айларында болатын «жеріктік» деп аталатын табиғи інкәрліктің мағынасын білу болашақ сәбидің мінезінің дұрыс қалыптасуына, тәнінің сау болып туылуына және психикасының мықты болуына көп септігін тигізеді анық болып отыр. Зейнеп Ахметова өзінің анасы Мәлікенің қойдың таңдайына жерік болғандығын, әкесі Әскербектің жұбайының сұранысын қанағаттандыру үшін сауапты іс тындырғанын қызықты баяндайды: «жақын жора-жолдастарымен ақылдасып, бір күнде он қой сойдырып, он таңдайды жылы күйінде келіншегіне жеткізіп, жерігі қанып жегеннен қанағаттанған екен». Ал Алпамыс батырды көтергенде Аналық жан жары Байбөріге жеріктігі туралы былай деп қымсына отырып, тіл қатқан еді: «жерік – сүзектен жаман деген» деген рас екен... Жерік болып жүрмін. Бір кереметі, адал асқа тәбетім шаппайды, арамды көңілім қалайды!.. Жазмыштың бұйрығы сол шығар, бір қабылан атып берсең, тойғанымша жеп, жерігімді басар ма едім деп ойлаймын...». Жалпы баланың мінезі анасының жерік кезінде аңсаған асына байланысты болады деген ой бар. Расында да солай шығар, өйткені он қойдың таңдайы Зейнеп ханымды сөзуар етсе, бір қабыланның етін жеген Алпамыс батыр қалмақтарды таңдай қақтыра қырды емес пе? Қабыландай қайратты деген сөз тіркесі бар тілімізде.

Келіннің жерік асын анықтайтын отырысты қазақта **құрсақ шашу** деп атайды. Енесі ауылдағы жақын абысын-ажынның бәрін шақырып, құрсақ шашу шәйін өткізген. Келген қонақтар үйден бір-бір тамақ жасап келеді. Егер келіннің көңілі соның біріне тартса, сол асты жерігі қанғанша жасап беру керек. Ал жерігі қанбаған әйелдің жағдайы өте қиын болады. Одан туған бала да аурушаң болады. Аузынан сілекейі ағып, жылаңқы болып, мешел (рахит) ауруына ұшырайды. Тіпті аман болғанның өзінде ылғи көңілі толмай, қабағын шытып, ырбыып жүреді. Соның бәрі шешесінің жерігі қанбағаннан болады. Оны «ит жерік» дейді. Мұның бәрі жәй емес, түбі ұлттық қасиеттерге келіп тіреледі. Бұл салттың бәрін аналар қыздарына, енелер келіндеріне үйрете білсе, қазағына істеген жақсылығы болар еді.

Екінші тұжырым бойынша: құндылықтарды анықтап алу. Әлемдік тәжірибеде бар құндылықтар жүйесі туралы білім қорының болуы. Ол не үшін керек? Құндылықтар адам баласын Мәнмен жалғайды. Адам дұрысында өмір бойына жақсы қасиеттер жинаумен өтуі қажет, оның аты **«көркем мінез»** деп аталады. Құндылықтар анықталмаған жағдайда адам баласы өзін қоярға жер таппайды немесе өмірін күлкі мен ойынға арнап кетеді. Психоаналитик, логотерапевт, философ Виктор Франкл адамның ерекше екі қасиетті атап көрсетеді: біріншісі - **ӨЗІНЕН ЕСЕП АЛУ** қабілеті (өзінді сырттан бақылау, іс-әрекетіне күле білу, керек болса ұяла да білу, санаңмен санасу). Екіншісі - **ӨЗІН ЖАРЫП ШЫҒУ** мүмкіндігі. Мағынасы - өзінді өзіннен суырып алып, басқа кеңістікке енгізу. Рухани болмысыңды бұл дүниенің күйбеңінен босатып, рухи әлемге самұрық құстай самғай білу. Бұл ұғым Йассауи ілімінде бар: «жаннан кешу».

Тектілігімізді сақтап қалудағы құндылықтар жүйесі:

1. Жасампаздық құндылықтар бағытында ұлттық және жалпы адамзаттық рухани дүниемізді білуге деген ұмтылыстың болуы. Шығармашылыққа бейімі бар, талантты адам өнер мен мәдениетте не ғылым мен білімнің бір саласында өшпес із қалдырады. Әр мәдени мұра – рухани болмыстың бұл дүниеге қалдырған мәңгілік құндылығы. Қоғамның бізден талап етіп отырған «мәдениетке ашықтығы» адамды мәнді, мағыналы өмір сүруге ынталандырушы мотивке айналуға.

2. Сезімдік құндылықтар. Мәдени ошақтарға барып, алған әсерлеріңізді жазып отыру керек. Бұл кезде адам шығармашылық өнім бермейді. Керісінше тұтынады. Жанды тербейтін өнер туындысын көргенде кеудесіне құндылықтар құйылады. Осы тұста бір қызықты жайтты жазып өту орынды деп ойлаймын.

3. Позиция құндылығы. Кез-келген жағдаятта өзіңді жоғалтып алмау [4,13].

Роллан Сейсенбаевтың атасы кезінде баласына: «балам, адам бір келетұғын ғұмырыңда көп асылын жоғалтып алып жатады. Екі нәрсеге сақ бол. Екі нәрсені жоғалтпа, оған қақың жоқ. **Бірі – Ел-жұртың – Отаның. Екіншісі – адам атың.** Екеуіне де кір түсірме. Жоғары ұста...», - дейді. Осы әңгімені Роллан Шәкенұлы жеті жасында естиді. Кейін азамат болып Дағыстан жеріне Расул Гамзатовтың мерейтойына барғанда, Расул Гамзатов қонақтарын әкесінің бейітіне алып барып, бір бейітке тасқа жазылған аварша жазуды орысшаға аударып оқиды:

Ол данышпан да емес еді.

Батыр да болған жоқ.

Бірақ, сен оған тағзым ет,

Ол нағыз Адам болатын!

Сонда жазушының есіне атасы айтқан әңгіме түседі. Негізі тектілік ұғымы осы отбасында ата-ана айтқан ғибратты әңгімеден бастау алып, өмір бойы баланы, оның іс-әрекетін бақылап жүретін, керек жерінде ретке келтіретін құдіретті күшке айналады. Жоғарыда руханилыққа берілген анықтаманың кішігірім үлгісі осы.

«Руханилық әлем образының тұлғаның адамгершілік заңымен бірігуіне әкеледі» деген тұжырым руханилықты ерекше мағынадағы құбылыс ретінде руханияттан біршама ерекшелей түседі. Жер, аспан, әлем – мен сені жақсы көремін. Сонымен, Руханилық – іс жүзіндегі Махаббат, барлығына және барлық нәрсеге деген Махаббат, ол негізінен әрбір адамға тән және ол оның шынайы адами дамуына қажетті дүние. Руханилықтың әлеуметтік салада көрініс беруіне тетік болатын сала – өнер. Қазақ руханиятындағы әрбір шынайы өнер туындысымен танысу, ой елегінен өткізу ізденуші тұлғаны рухи деңгейге көтеріп салады. Ондай деңгейге көтерілмеген туындылар – жалған құндылықтар, үйлесімділікті шайқалтушы теріс дүниелер. Негізгі саралаушы, електен өткізуші тарихтың өзі. Адамдар сонау тарих қойнауынан негізінен өзінің рухани әлемін байыға түсетін дүниелерді, мәдени жәдігерлерді сақтауға ұмтылады. Бұл барлық ұлттық мәдениетке тән құбылыс. Сондықтан халық шығармашылығының, ұлы суреткерлердің туындыларының құдіретті күші бар.

Бес жасында хат таныған, сегіз жастан асқанда есіміне халыққа қамқор болған Мұса Шорманұлы «Мәшһүр» атын қосақтаған **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы** (1808 жылы Баянауылда дүниеге келген) бойынша тектіліктің бес өлшемі бар, олар: **иман, ақыл, сабыр, шүкір, әдеп.** «Бес қымбат» өлеңі [5, 66].

«Ең әуел керек нәрсе иман» - деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» - деген!
«Құдай кешірер!» - дегенмен, іс бітпейді,
«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» - деген...

Осы өлеңге герменевтикалық талдауды бастайық. Мұндағы тектіліктің бірінші өлшемі **иман** категориясын қазіргі ғылым тілімен айтсақ, істің нәтижесін білу, бастағалы тұрған істің не үшін керек екенін алдын-ала болжай білумен пара-пар. Ол арқылы айналаңа рухани пайда келу керек. Не нәрсе бастасаң да иманмен жасау қажет. Қазіргі ғылымда бұл мотивация немесе себептеме деп аталуда. Иман-себептеме адамның әрекетіне мағына бере отырып, оны объектіге бағыттайды. Субъект объектімен бірігуі арқылы ақыл көзі ашылады. Сондықтан иман-мотивацияны білу әрекеттің бағытын алдын ала көруге және оны бақылауға рұқсат етеді. Иманы бар адамдар (ИБА-Г.Е.) жақын мен алысты бірдей көреді. Көру қабілеті мен есту қабілеті жоғары. Олай болса оларда бағалау да жақсы дамыған. Бағалау сөзі латын тілінен аударғанда «жақын отыру» дегенді білдіреді. Объектіге жақын бола білу қабілетімен дараланатын ибалылар көп нәрсенің мағынасын түсінгіш келеді. Иманы аз адамдарда (ИАА-Г.Е.) осы процестер керісінше жүреді. Иманның бағыттаушы күші дегеніміз сол. Мәселен, профессор мен шәкірт Эйнштейннің әңгімесін келтіретін болсақ, профессор: «..Жаратушы барлығын жаратты. Мейірім мен зұлымдықты да. Олай болса, ол-зұлымдық», -дейді. Сонда шәкірті: «зұлымдық – мейірімнің жоқтығы. Жарына махаббаты жоқ адамның жүрегі зұлымдыққа толы болады», - деп ұтымды жауап қайырады. Бұл тұста біз шәкірттің жақын мен алысты қатар көру қабілетін байқаймыз. Әр нәрсе өзінің терісімен дәлелденеді. Психология кітабында бәріне таныс сурет бар: жартылай суы бар стакан. Тапсырма бойынша жартылай суы бар стакан деп көргендер оптимист, жартылай бос деп танығандар пессимист деп жатамыз. Бірақ сол стаканды орта ғасыр ғұламалары басқаша көрген екен. Олар ыдыстың жартысында су, жартысында ауа бар депті. Көру қабілетінің жоғары деңгейі деп осыны айтуға болады. Шындығында ауа болмаса тіршілік атаулының барлығы тіршілігін тоқтатар еді.

Өзіңді тұлға ретінде қалыптастыруда көптеген құбылыстарға тап болып, оның дұрыс, бұрысын іздеп шарқ ұратынымыз және бар. Осы орайда ұят мәселесі туралы ойланатынбыз. Бірде бір пысық журналист қыздың: «жастардан не күтесіз», - демесі бар ма? Ойланбастан: «ұятты болуын», - дедім. Әр сөзге жауапкершілікпен қарап, орынды жұмсауға дағдыланған ұстазбыз ғой, кейін, ойпырым-ай, білімді, еңбекшілдікті демей... ұятты болуын...

Кімге тәңір берсе ұят, намысты,
Оған қоса бергені құт, даңқты.
Ұят қасиет, нұр құяды ер өңіне,
Сүйрейді ұят ізгіліктің төріне (Ж.Баласағұн «Құтты білік») [2].

Иман категориясы ұят эмоциясымен тығыз байланысты. Қоғамдық өмірдің жағдайына тез бейімдейтін ұят сезімі тұлғаның өзін-өзі тануын тереңдетеді. Ұят өзін өзге адамның бағалауына деген сензитивтілік пен сезімталдықты арттырады. Олай болмаған жағдайда біз өзге адамның бағалауына мән бермеген болар едік. Адам өз әрекетінің салдарын бағалау қабілетін дамытады. Ұят эмоциясын дамыту даралықты дамытудың алғышарты болып келеді. Дегенмен, ұят танымдық деңгейге өткенде ғана, яғни өзімізден ұятты бөліп, оның табиғатын пән ретінде қарастырсақ, ол біздің құзырымызда болып, бақылауға ыңғайлы, конструктивті сипатқа ие болады.

Тектіліктің екінші өлшемі **ғақыл** категориясын Мәшһүр Жүсіп тауып сөзімен байланыстырады. Ақылды адам қанағатшыл келеді. Қанағаттың екі шарты бар: барға қанағат ету және үнемдей білу. Ақылды адам өзгенің дүниесіне сұқтанбайды, қызғанбайды. Өзінде барды игілігіне жұмсай алады. Тектіліктің үшінші өлшемі **сабыр** категориясын Мәшһүр Жүсіп мұратпен байланыстырады. Осы тұста қазіргі қазақ халқына адал қызмет етіп жүрген екі тұлғаны айтқым келеді. Оның бірі – Роллан Шәкенұлы Сейсенбаев, қазақтың көрнекті жазушысы, 70 томдық шығармалар жинағының авторы, Лондондағы Абай үйі мен Еуропадағы Қазақстанның көркемөнер орталығын ашуға мұрындық болған ізгі жан әлемдік әдебиет пен қазақтың ұлы ақын-жазушыларының шығармаларын кеңінен таратуды мақсат тұтқан азамат. Роллан Шәкенұлының ерекше жобаларының бірі - Халықаралық "Аманат" журналы. Екіншісі – Санжар Керімбай, қазіргі кезде оқырмандар сүйсініп оқып жүрген «Логотерапия немесе өмірге құштарлық» кітабының авторы, оқытушы, аудармашы. Бұл екі азаматты ұқсастығы - өзінің халқына деген адалдығында, қай істе болсын тек халқым үшін деп соққан жүректерінің лүпілінде. Ал ерекшелігіне келетін болсақ...

2017 жылы «RS» Баспа үйінен шыққан *«Қазақ елі немесе Дербестік пен Даралық үшін Жанталас»* (үрей мен үміт реквиемі) бірінші кітабында Роллан Сейсенбаев: «...қазақ елін бір жылда аралап шығам деген едім, енді қарасам, мен дала кезіп жүргелі екі жыл алты ай өтіпті»[3, 219]. Жай кезу емес, қазақ даласы немен тыныстайды, нені іздейді, нені күтеді?...т.с.с сансыз сұрақтарға жауап іздеген Роллан ағаның мазасыз жүрегі **ұлттық ритмді** сезе біледі. Оған қоса үн қата алады. Ұлтын, жалпы адамзатты сүйетін алып жүректің иесі

Роландай ағаның барын білу біздерге рух береді. Оның бір сұхбатында: «Тәңірім жаманға жалынудан, жақсыға табынудан сақтасын. Тәңір бізді құтты ойлардан айырмасын»,- деген.

Тектіліктің төртінші өлшемі **шүкір** категориясын Мәшһүр Жүсіп нығымет, себеппен байланыстырады. Абсолюттік танымның белгілерін көріп танушылар шүкіршілік етушілер. Ал осы белгілерді көрмейтіндерді көргенде әрине сабыр ету керек. Тектіліктің бесінші өлшемі **әдеп** категориясын Мәшһүр Жүсіп махаббатпен байланыстырады. Әдеп қайдан бастау алады? Әрине жаныңдағы адамның (шәкіртің, әріптесің, ұстазың, балаң, жолдасың, ата-анаң...) ерекшелігін, даралығын танудан, қабылдаудан, оның жетілуіне қолыңнан келетін болса, жағдай жасаудан. Біздің есімізде бала күннен сақталып келген «Әдепті бала - арлы бала, әдепсіз бала - сорлы бала»,- деген тамаша мақал бар. Шәкәрім бабамыздың аманат етіп кеткен **Ар ілімі** еске түседі.

Үшінші тұжырым бойынша: рухты көтеретін халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен жұмыс жасау іскерлігін дамыту. Ол үшін эпостық шығармаларды тәрбие үрдісінде кеңінен қолдануға бет бұруымыз қажет.

Қорытындылай келе айтарымыз, Этномәдени құндылықтар адамның рухын тәрбиелейді. Өзін рухани жағынан жетілдірмеген адамдар салқын ақыл мен практика арқылы өмірде көп нәрсеге қол жеткізе алады. Бірақ ондай адамдардың өзінен де, тындырған ісінен де қоғамға, адамға келер пайда жоқ. Сондықтан еліміздің болашағы жастар осы қағиданы біліп және өзін руханият әлеміне жақын болуға ұмтылуы қажет. Тек сонда ғана өмірден өз орнын табатын жастардың қатары көбейері сөзсіз. Іске сәт!

Әдебиеттер

1. Нұрмұратов С.. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография, Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013.- 375 бет

2. Ахметова З. Күретамыр. Алматы: Полиграф комбинат ЖШС. 2018.- 208 бет

3. Сейсенбаев Р.Ш. «Қазақ елі немесе Дербестік пен Даралық үшін Жанталас» (үрей мен үміт реквиемі). Жетпіс томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Алматы: Полиграфкомбинат ЖШС, 2017.- 361 бет.

4. Керімбай С., Нәби Ә., Төлеген М., Тайгарин С. Логотерапия немесе өмірге деген құштарлық. Алматы: Орхон баспа үйі.- 2016.-472 бет.

5. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. Таңдамалылары Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008.-416 бет.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Нугуманов Ерлан Сейлханович
Магистр, №56 ЖОББМ, Ақтөбе қ., Қазақстан
e.n1974@mail.ru

Аңдатпа. Өтежан Нұрғалиев шығармалары адам арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімді көрсетеді. Ақын өлеңдерінен мол орын алатын табиғат этюдтері. Ол табиғатпен тілдеседі, әсемдікті табиғаттан алады.

Аннотация. Произведения Утежана Нургалиева отражают гармонию и согласие между людьми в жизни и в природе. Этюды природы занимают большое место в стихах поэта. Он общается с природой, получает красоту от природы.

Annotation. Works UtezhanNurgaliev reflect the harmony and agreement between people in life and in nature. Etudes of nature occupy a large place in the poems of the poet. He communicates with nature, receives beauty from nature.

Тірек сөздері. Табиғатпен тілдеседі, табиғат этюдтері, әсемдікті сезіну, табиғаттағы жарастық.

Ключевые слова. Общение с природой, этюды о природе, ощущение красоты, единение с природой.

Key words. Communication with nature, sketches of nature, a sense of beauty, unity with nature.

Әрбір ақын-жазушының болмыс-бітімі, тумыс-тұлғасы оның шығармаларынан айқын анық көрінеді. Соның бірі Ө.Нұрғалиев қазіргі поэзия жанрында ақын сезімі айрықша көрінетін, өзіндік көркемдік бояумен, стилімен ерекшеленетін ақын. Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын оның артында қалған асыл сөзі, айтулы еңбектері ғана. Ақтөбелік ақын Өтежан Нұрғалиев шығармалары адам арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімді көрсетеді.

Өтежан Нұрғалиев адамдар арасындағы, өмірдегі табиғаттағы жарастық пен келісім жаршысы. Оның туған жеріне, табиғатына, сағынышты махаббатына, баршасына арналған өлеңдері жеке тебіреністен, жеке шабыттан, сағыныстан туған жырлар [1,215].

Адам мен табиғат егіз ұғым. Бірі бірінсіз өмір сүре алмайды. Табиғаттың әрбір әсемдігі адам жүрегінен орын тауып, ақын жазушылардың шығармаларында бейнелі суреттеледі. Сол секілді Өтежан ақынның өлеңдері де табиғаттың тылсым да құпия сырғына жетелеумен бірге, таза даланың иісін мұрныға келтіріп, мына пенделік тіршіліктен бір сәт артылып, тазалық әлеміне шақырады.

Жас иіс жас теңізді дала бүтін
Қолтығына тым жиі алады тым.

Бұрымынан бұркырап гүлдің иісі
Сай бойында – барады түн.

Оның туған жеріне, табиғатына, сағынышты махаббатына, баршасына арналған өлеңдері жеке тебіренісінен, жеке шабыттан, сағыныштан туған жырлар. Ақын «Мен туған жер» өлеңінде туған жермен өзін жақын, араласып, судай сіңісіп жатқанын:

«Әлдилеуші еді ол ақ түнмен.

Көк қасқа бұлақ сияқты

Көгалға сіңіп жаттым мен», -деп суреттеген жырларынан көруге болады.

«Ұжмағың жетеуболса да,

Туған жер, дер ем – біреу-ақ!» - деген жолдардан өз жерін барлық өлкеден аса биік қойып, қадірлейтінін көре аламыз. Сезіну бар да, оны түйсіну бар. Өтежан өлеңдерінде осы екеуі тоғысып жатады. Тіптен ақын өз шығармаларына тақырып таңдаудың өзінде «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Кемпірқосақ», «Айшуақ», «Қайыңды тоғай» деген табиғат атауларын таңдап, шығармаларын жинақтаған.

Адам табиғатқа неғұрлым жақындай түссе, солғұрлым сұлулықты, әдемілікті сезінумен бірге жан дүниесі де сілкіністер жасап, тазарту процесі жүретінін талай еңбектерде айтылып та жазылып та жүр. Ақынның лирикалық кейіпкерлері де тек табиғатқа сыр айтады, сыр шертеді.

Тау маған кеше сыр айтты,

Сыр айтты кеше тау маған:

Жалпы ақынның осы стильдегі өлеңдері көп-ақ. «Ақ нөсер» жинағына енген жырларының қай-қайсысы да табиғат тамашаларына сыр шертеді:

Бұлдырап көкжиектен сағым құлап,

Секілді тоқтамайтын ағын-бұлақ.

Аңкитып судың иісін, шалғын иісін

Желменен жарылады қалың құрақ.

Тамаша жауған нөсерден кейін жер –ананың керемет жанарып – жасарып қалатыны секілді, адам баласының көңіл-күйі де сондай бір сәтті аңсап жүретіні ақиқат. Ақынның өзі айтқан:

... Көңіл күйі о да бір өлке,

Нөсерден, оттан оянар!-дейді де жан-дүниені сілкіндірер күш-жауын, дауыл, жалын адам табиғатында болып тұрғанын қалайтын ақын өлең тілімен береді. Ақын өлеңдерінен мол орын алатын табиғат (этиодтер) көріністері, оның ішінде қысқы этиодтер.

Бұтағымен аппақ-аппақ гүл аулап,

Аяздарды ішіп алған мынау бақ.

Енді өзі соққан желден теңселіп,
Алған қардан айырылып тұр қылаулап.

Немесе

Ағаштардың тыр жалаңаш бұтағын,

Жауып апты аппақ көрпе аялап.

Қызуынан ғашық болған жігіттің,

Аязың да босай берді балбырап, - деп суреттейді.

Ғалым З.Ахметов «Поэзия тілінің сипат -ерекшелігі оның мазмұнына тікелей байланысты дейді. Өйткені, өлең тілі көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу, жеткізу талабына сай қалыптасады» дей келе, «Өлең жырдардағы бейнелі өрнекті сөздер әншейін сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық талғамнан, образды ойдан, дүниені суреткерше қабылдаудан туады»деп көрсетеді.

«Көктем келді» деп айтты айым маған,

«Көктем келді» деп айтты қайың маған, -деп өзі табиғатпен тілдеседі. Ақын қыс пен көктемді адамның жан дүниесімен үндестіріп, шеберлік танытады. З.Қабдолов «Әдебиеттің оқыған адамды баурап алар, оның жан дүниесіне әсер етер құдіретті күші осынау образдылығында жатыр дейді [2, 82]. Біз ақын Өтежанның өлеңдерін оқи отырып, оның табиғатты образды суреттеуін, бейнелі сөздердің күш-қуатын, құдіретін сезінеміз.

Әдебиет сыншысы С.Әшімбаев «Қазіргі қазақ поэзиясында кешегі мен бүгінгі өмірге жаңа көзқарасы, өзіндік концепциясы бар талантты ақындарда аз емес, деп Т.Бердияров, Ф.Оңғарсынова, М.Шахановтармен бірге Ө.Нұрғалиевті де ерекше бөліп, атап көрсетеді. Бұлардың өлеңдерінің жаналығы, жанына жақындығы сол, өмірдегі таныс-бейтаныс құбылыстар туралы әдебиеттегі осыған дейінгі таныс образ, ойларды қайталамайды. Олар не жайлы болса да өз көзқарастарының тезіне өткізіп, талғам таразысына салып барып, бейтаныс ойлар айтады [12, 52]. Ө.Нұрғалиев «Менің махаббатым» өлеңдер жинағын әдебиетке енгізді.

«Жел ұйықтап, қалғып кетіп балғын құрақ,

Тәтті үнмен сөйлеп жатыр былдыр бұлақ.

Жасыл сай, нілдей әуе, балқаймақ бұлт,

Әніне тіршіліктің тұр балбырап, -

деген өлең жолдарында ақын тенеу мен эпитеттерді әсерлі қолданады. Ақынның поэзиядағы құдіреті табиғат мінезес, табиғаттың тылсым тіршілігімен бірге өсіп, ішкі сезім толқындарымен бірге тулап жатады.

Әдебиеттер:

1.Кәрібаева Б. «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік даму арналары» Астана, Елорда 2002.

2.Қабдолов З. «Сөз өнері» Алматы,1999.

3.Әшімбаев С. «Шындыққа сүйіспеншілік» Алматы, 1993.

«СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ ЖАЗЫ» НЕМЕСЕ «ҚАРАПАЙЫМ АДАМДАРЫ ЕҢБЕКТІҢ...»

Бакытова Ақкүрен Сексенқызы
Қашаған орта мектебі, Жаңаөзен қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала Алаштың салмақты жолымен ой мен сөзін арқалаған өршіл, көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиевке арналады. «Соғыстың соңғы жазы» кітабындағы еңбек адамдарының бейнесі және бүгінгі таңдағы шығармаларының қазақ әдебиетінде алатын орны.

Аннотация. Статья посвящена последовательно Алаша, видному поэту Утежану Нурғалиеву. Книга последнему лету войны, образу труда в книге и место его современных произведений в казахской литературе

Annotation. The article is dedicated to the ideas of the follower of Alash a prominent poet Utezhan Nurgaliyev. The book "The last summer of the war, the way of work in the book and the place of his modern works in the Kazakh literature.

Көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиевтің шығармашылығына баға берген қаламгер Тұрсын Жұртбаев: «Соғыстың соңғы жазы» – оқырманын сүлесек қалдырмайтын, толғандыратын, поэтикалық қуаты мен философиялық өресі бар кітап» десе, мәдениеттанушы, сыншы Әуезхан Қодар: «Өтекең біздің антикамыз, Өтекең біздің Сократымыз һәм Эпикурымыз, Өтекең біздің Марциалымыз. Шығыс әдебиетінен теңеу іздесек, Өтекең өлең-жырларының формасы жағынан, кең құлаш дастаны тынысы жағынан шығыстың ұлы шайырларының жалғасы» деген екен. Ақтөбе өңірінен шыққан танымал жазушы Құрал Тоқмырзин «Мен білетін Өтежан өлең өлкесінде жаңа есім» деп жазады. Иә, Өтежан Нұрғалиевтің әдеби мұрасы жайында замандастары осылай деп баға берген екен.

Өтежан Нұрғалиев өзінің туған жері Жарқамыстың табиғатын тамсана жырлаған және ондағы қарапайым еңбек адамдарының өмірі ақынды қалай бейжай қалдырсын?

Адам деген - Армандардың қапшығы,

Іші толы үлкен арман, кіші арман, - дейді ақын. Әрбір адамның өз жолы, өз үні шығар биігі бар.

«Жұлдыз» журналына жарияланған өлеңдері көптің көңілінен шығып, Қуандық Шаңғытбаев оны «қазақтың Пушкиниі» деген атақ береді. Жас ақынды Алматыға шақыртып алады. Алғашқы өлеңдері Өтежан ақынды көкке көтереді.

Қиын тағдырларды бір арнаға, бір кітапқа сыйғызып, өзінше жырлады. 50 - 60 жылдары құйырықты жұлдыздай жарқ етіп көк пен жерді тамсандырған, қазақ поэзиясындағы жаңа бір арна - Өтежан Нұрғалиев еді. Еңбек тақырыбы жан-жақты қызу талқыланып, жасампаз ерліктер жайлы баспасөз шулап сөз жарысы қызып жатты. Осындай тұста Өтежан ақынның да шыңыраудың түбінен алып шыққан еңбегі «Соғыстың соңғы жазы», әдебиет әлемінде нағыз соғысқа айналды. Бұл шығарма өз оқырманы мен өз дәуірінен жүз жыл бұрын туған дүние еді.

Соғыстың салған жүз жылдық жарасы, ондағы ауыл адамдарының жарқын суреттер галлериясында, ақынның өзіндік пікірі, үні жазылды. Жарқамыс ауылының еңбекшілерінің жарқын, шынайы суреттері арқылы бар қазақ ауылының шынайы картинасын жасады. Қарапайым, көкірегі арманға толы ауыл адамдары Бейімбет поэзиясынан соңғы тағы бір тамаша „ауыл көрінісін,, күрөдетіп көрсеткен суреттер болатын. Міне осы күрең суреттер кеңес үкіметіне, билікке ұнай қоймады.

«Ақынның таңдаулы туындысының бірі «Соғыстың соңғы жазы», ал біреуі «Шұғылалы көктем» деп аталады. Бұл кітаптарды соғыс кезіндегі қазақ ауылдарының шынайы шежіресі деп батыл айтуға әбден болады», - дейді ақын Қадыр Мырзалиев.

Ауыл толы қара қағаз алған үй,

Ауыл толы азаматсыз қалған үй.

Ақынның өлеңдеріндегі - бала бейнесі. Нанға тоймаған бала, кармен иіс суын армандаған бала, асық ұрлаған бала. Шындықты бала бейнесі арқылы жеткізіп береді. Бала - адамның көзінің ағы мен қарасы ғой. Бала - қазақ жұртының болашағы, ел ертеңі емес пе?

Өтежан Нұрғалиевтің «Соғыстың соңғы жазы» атты балладалары қазіргі сан жағынан көп кітаптың ішіндегі сапа жағынан елеулі аз кітаптың бірі. Жақсы кітаптың бар екендігіне, оның ұмытылмай есте жүретіндігіне тағы бір дәлел осы кітап (С. Әшімбаев «Лениншіл жас», 1979жыл) Жарақаты жоқ адам тақырыбында өлең жазу, кейіпкер етіп суреттеу, қазіргі дәуірдегі кісі өлтірушіге кешірім сұраумен бірдей еді. Сол кезде кеңестер одағы әлемде жалғыз билікке ҮЛКЕН ОДАҚҚА ұмтылған, өзін алып держава қатарына қосқан, ал елдің ақын - жазушылары үлгі боларлық шығармалар жазу қажет еді. Адамның жаны, сезімінен гөрі станок басындағы машина сияқты адамдар маңызды болатын. Себебі айдауға көнетін, жөндеуге жүретін құл сияқты,, нағыз жұмысшылар табы,, керек болды.

Кеңестер елі ақын Төлегендегі жарқын, жағымды энергиядан қалай сескенді, тап сондай тентек, өршіл Өтежанды мақтамен бауыздағандай

«керек» етпестей халге жеткізіп, ақынның өзі айтқандай назардан, көзден таса, көңілден жырақ, көлеңкеге айналдырса жеткілікті болды.

Ақынға ең ауыр соққы жалғыз баласының өлімі орны толмас қазаға айналды. Орынсыз сын ақынды қалжыратып қана қоймай, тұншықтырып тастады. Қоғамнан жиырма шақты жыл оқшау өткізген жылдар, жалғыз қалса да сергі қаламы қолынан түспеді. Шыны сол қайғылы, мұңды суреттер болғанымен, ақынның ертеңгі күннен күткені көп еді.

Тоғыз жолдың торабындағы қарапайым адамдары еңбектің әр алуан кемпірқосақ түсіндей сан қилы тағдыр иелері, қиындыққа бас имеген даралар.

Менің көрген кереметім - таң нұры...

Адамдардың мінезінің сан қыры.

Тарғыл ала терісіндей өгіздің

Адамдардың ала-құла тағдыры.

Қаяу да жоқ, не жатса да ішінде,

Датсыз алмас - жарқ - жүрқ пішінде.

Кір жайып жүр. Кір жайып жүр жарқылдап,

Сүйген жарын көргендей - ақ түсінде.

Айтсақ айтып... айтпасақ та болғандай,

Сөзге ілінгіш бір құпия сор маңдай,

Әнеш қыздың көз жастарын жинаса,

Кішігірім ақ отауға толғандай!

Ұмытамын кең көңілдің тарлығын

Жүрегімнің тындап - тындап жарлығын.

Күн нұры ғып... Күлкі қылып көбейтем

Сынып қалған қуаныштың қалдығын....

О, сұм соғыс! Қаяу салған жас жанға,

қатты болдың жүректерге тастан да,

Мен айтпасам бұл жайында бәрібір

Ай айтады бәрін көрген аспанда.

Шындық ащы келеді. Қанмен жазылған өлеңдер сұм соғыстың елге әкелген қасіретін көресің, және де бейбіт күнге ғашық боласың. Өтежан ақын шығармаларының тәрбиелік мәні, мазмұны терең.

Тілі шықпай қалғандарға - сөз керек...

Соқырларға тастан алған көз керек...

Барлығы да болшаққа қарап жүр,
бұрынғыдан болсам деп жүр өзгерек, - дейді ақын. Дұрыс-ақ,
ертенгі күннен күтеріміз көп, көкіректе үміт бар. Өмірге ғашық болып
келер, сағыныш толы жүреппен күнді күту керек.

Ақынның шығармалары ұрпаққа үлгі, өнеге. Біз ақын
шығармаларын оқушыларға жете түсіндіріп, мүмкіндігінше қосымша
материалдарды іздестіріп, тереңірек білуге тырысамыз. Өз
тәжірибемдегі мысалдарды айта кететін болсам, ақын жайлы
материалдар жинап, «Ақ нөсер» атты топ ашып өлеңдерін фейсбук
әлеуметтік желісінде жариялап жүрмін. Ақын өлеңдерін оқушыларым
да қызыға оқып жүр.

Топта қазір 44 адам тіркелген. Фотосуреттерін ақын Байбота
Қошым-Ноғай парақшасынан алдым, бірнеше материалдарды Байбота
ағадан алдым. Біздің мектепте, яғни, Жаңаөзен қаласы №8 Қашаған
орта мектебінде «Соғыстың соңғы жазы» атты әдеби шығармашылық
кеш өткіздім. Ақын өлеңдерін оқушыларым жатқа айтты. Сонымен
бірге шығармашылық кеш сахналық қойылым, ән-күйге ұласты.

Осындай игі шаралар республикамыздың түкпір-түкпіріндегі
мектептерде өз жалғасын табады деп ойлаймын. Ақын шығармаларын
көбірек насихаттап бару, мектеп оқулықтарына ақын өлеңдері
енгізілсе нұр үстіне нұр болар еді. Мектеп оқулықтарында Баубек
Бұлқышевтің, Бауыржан Момышұлының аз-кем шығармаларынан
үзінділер өтіп жүрміз. Шынайы суреттері бар ақын Өтежан Нұрғалиев
шығармалары мектеп оқулықтарынан орын алса екен. Себебі, бейбіт
күннің баласы ақын Өтежан өлеңдері арқылы соғыстың жүз жылдық
жарасының ауыр екенін тағы бір рет түсінер еді.

Кезінде біраздың мақаласына, біраздың поэзиясына,
шығармашылығының қалыптасуына арқау болған Өтежан Нұрғалиев
еңбегі әлі күнге дейін әділетті бағасын алған жоқ, - дейді Күлпара
Жұмағали. Ия, ақын Өтежан Нұрғалиев шығармалары өз бағасын
алатын уақыт жетті.

Әдебиеттер

1. Өтежан Нұрғалиев. Соғыстың соңғы жазы. - А., 2005.
2. Өтежан Нұрғалиев. Көне сокпақтар. Соны сұхбаттар. - А., 2005.

Ө.НҮРҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫ – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ СЫРЛЫ СИМФОНИЯСЫ

Даутова Гульмира Жубановна
№6 Хромтау гимназиясы, Хромтау қ., Қазақстан
dautova_gulmira@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада ақын Өтежан Нұрғалиев поэзиясының жас ұрпақты өз елін, жерін сүюге тәрбиелейтінін, олардың рухани болмысының қалыптасуына ықпал ететіндігі туралы жазылған.

Аннотация. В статье рассказывается о влиянии поэзии Отежана Нургалиева на молодое поколение которое способствует воспитанию любви к родине, земле и формирует духовный мир.

Annotation. The article describes an influence of the poetry of Otezhan Nurgaliev to yonger generation. It helps them to be brought up in the feeling of patriotic love to mother land.

Тірек сөздері. Поэзия, ұрпақ, сана, ел, ар-ұят, рух, тәрбие.

Ключевые слова. Поэзия, поколение, сознание, народ, совесть, дух, воспитание.

Key words: poetry, generation, consciousness, people, conscience, spirit.

Поэзия – көркемдігі шексіз жұмбақ дүние. Алпыс екі тамырыңды идіріп, бойыңды шымырлатып, сұлулық арқылы сананы жұлдыздандырып, айлы түнгі сәуірдің сәулесімен жаныңды орап, жұпар самалымен тәніңді көтере жөнелтетінін жан дүниесі тербелістері адам сезе алатын шығар. Тылсым күшке, сиқырлы сырға тұнған жаркылы кеңістік пен уақыт өлшеміндегі, болашаққа қарай тоқтаусыз алып ұшатын рух дүниесі. Адам баласының шексіз махаббаты, күйреп құлдырауы, түнектен ашылған есік арқылы бостандыққа шығуы, көру және ұмтылуы мен өмірдің алапат тығырынан жермен –жексен болған адамның бір ғұмыр бойы аянышты өксігі, қасірет-зары үміт-сенімін көркемдіктің көк жиегінің астарымен бейнелейтін шексіз ғылыми, сиқырлы өнер... [1,62].

Осы шексіз әлемді тосқауылдан тайсалмай, қалыпқа сыймай, өз жаратылысында ерекше жандар ғана нұрландырып, шуағын артына тастап өтетін болар десек, біз сөз еткелі отырған Өтежан Нұрғалиев сондай ақындардың бірегейі. Ақынның көзін көрген, онымен сырлас, дос болғандар естеліктерінде оны мойындай отырып, сағынышпен еске алады. «Өтежанның Алматыға өзінен бұрын өлендері келді. Өзі де әдебиетке жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп келді». Бұл – Оразақын Асқардың пікірі. Ол поэзияға келгенде Әбділда Тәжібаев «Қазақтың Пушкині келді» деп қуанса, Қуандық Шаңғытбаев «Енді қазақтың Есенині бар» деп мәз болыпты.

Ал біздер, актөбеліктер, осындай жоғары бағалы ақынның өз жерімізден шықанын мақтан тұтамыз. Қуанып Қуандық ағамызды, сағынып Сағиды, ізінше Ізтайды айтар болсақ, Өтежан ағамызды айтқанда өрге ұмтыламыз. Тобық Жармағанбетовтей ағасы оның бойындағы бұлақ көзін ашып, Қуандық Шаңғытбаевтай ақын: «Бұл бір тәуір дүние екен. Мен мақала жазып, тұсауын кесейін», -деп поэзия ауылына жетектеп алып келген Өтежан Нұрғалиев алдыңғы буын ағаларының сенімін ақтай білді.«Өтежан алғашқы өлеңдерімен-ақ жарқ етіп көрініп, жұртты дүрліктіреді. Сол жылы «Лениншіл жас» газетіне Әбділда Тәжібаевтың алғыс сөзімен бір бетке жуық өлеңдері шығып, ел тағы шулайды. Ол кәдуілгі студенттердей студент болмапты. Поэзияға құштарлығы, ақындығы Өтежанды ортасынан ерекшелей беріпті. 1962 жылы «Менің махаббатым» атты алғашқы жинағы жарық көреді.Осыдан соң аңызы мен ақиқаты аралас, азабы да аз емес ақындық ғұмыр басталады да кетеді!»- деп жазады өз мақаласында Қ.Ибрагимова[2].

Босата алмай қыл дұзақтан тау-ботасын тұмса түн,

Көрдіңіз бе, үрпісінен жұлдыз аққан бір сәтін.

Ынырсыған тұмса дүние уызына жарытпай,

Өтер ме екем, болмай, сірә, шөл басуға мұрсатым?!

Ақынның «Түнгі жыр» өлеңіндегі осы бір шумақтың өзінен-ақ оның тіл байлығы, көкірек көзінің ұшқырлығы, ой мұхиты терең сыр шертеді. Еріксіз «жан дүниесі поэзияның нәрімен шөлін баса алды ма екен?» деген сауал көкейге келіп тіреледі. Жауабын айналып келіп, қазақ поэзиясының шамшырағы, жол бастары Абайдан іздесек, ақынның өзі де бір сөзінде: «Абай шалдың тығылам шекпеніне» дейді.

Жүректің көзі ашылса,

Хактықтың түсер сәулесі.

Көңілден кірді қашырса,

Адамның хикмет кеудесі.

Адамда екеу емес, әсілі үш көз бар екен. Соңғысы-жүректің көзі. Демек екі дүниеде адам қор болмау үшін жүректің көзі маңызды екен. Жүректе көз бар адам «қайдан келдім, не үшін келдім, қайда барам?»-деп ойлайды. Бұл ойлар сезінгенге тым қарапайым емес. Әрине, Құдайдың шарапаты сәулелі, саналы адамға түспеуші ме еді. Сәулелі адам ғарыштық ағыспен нұрланып тұрмай ма?Жаны сұлу адамның кеудесін хикмет бір сенім мен үміт жұпарлап тұратыны шындық. Жетпіс үш түрлі элементтен жаралған адам денесі табиғат қой. Тек табиғат өлгенмен, адам жаны өлмейтінін кесіп айтады. Жанның немесе рухтың мәңгі өмір сүретіндігін адамзаттық биікте тұрып жазу арқылы сол биікте мәңгілік қалды. Бұл-адамзаттың мәңгілік жыры [1,63].

Өтежан ақынның өлеңдерін оқып отырып, оның жүрек көзінің алыстан шолып, поэзияның ғарышына ұмтылғанын, пенденің рухани сұранысын қанағаттандырғанын, айтқаны мен жазғаны мәңгілік жырға айналғанын байқаймыз.

Айтпа маған, жанарынан мұң ыршыған тау жайлы,
Тау жайлы ойдың қоламтасын сезім түртіп қаузаиды.
Құмырсақдай қалың жұлдыз Құс жолымен сабылып,
Барады алып илеуіне сынық қанат зауза-айды.
Қолым жетпей аспандағы миллиард пұт алтынға,
Сонша байлық болса ғой деп қиялдаймын халқымда.

Ендігі кезекте, біздердің, әдебиетші ұстаздар қауымы, ақынның «жұлыннан құмырсақалар жүгіртіп», «жұлдыз жайып, ай бағып» кестелеген өлмес өлеңінің санасы сергек, көкірегі ояу оқырманын тәрбиелеуіміз керек деп есептеймін. «Кірпияз, рухты, мәйекті өнер-поэзия. Қастерлілігінің басты сипаты – оқырман талғайтындығында. Ол жанның үзіліп түскен бір тамшысы» - деген бағаны бағамдай отырып, Өтежан Нұрғалиев поэзиясын сүйер, түсінер оқырманды жас ұрпақтан бастауымыз керек. Жас ұрпақ бүгінгі технологияның дамығанын сылтау етіп, бар өмірлерін нұқып басар «ноқатқа» тапсырмай, ұлтының сөз өнерін танып өсуі керек. Ақынның өзі айтқандай: «Ақын халқының мазасын алып, қалғып бара жатса, бөгелек, сона болып шағу үшін, адамның ар-ұятын ояту үшін туады»

Олай болса, Өтежан ағамыздың поэзиясына осы миссияны атқаруға мүмкіндік бергеніміз дұрыс. Өтежан поэзиясы жас ұрпаққа не береді? Оған да ақын өзі жауап беріп кеткен.

Мен не берем?

Ақ көшек арымменен.

Аспаныңды бояйтын жалын берем.

Көктемнің төсіне гүл боп қонам.

Базар болып бойдағы барымменен.

Оранып ап үлде мен бүлделерге.

Кемпіркосақ төгемін шілделерге.

... Майыспайтын терегім – туған халқым,

Саған ғана сенемін, сүйем сені! –

Бүгінгі таңда «Мәңгілік ел» болып қалуды аңсаған ұлтымызға аспанды бояр жалынды жігіт пен көктемгі гүлдей нәзік арулар керек. Елді сүюді, туған жерді дәріптеуді ақын поэзиясындағы махаббаттан нәр алушы, туған жерін жанының жайлауына балаған ұрпақ керек.

Кішкене таң боп атамын

Сәулесі сөнген баулардан.

Сені іздеп келе жатамын

Аңырып тұрған таулардан.

Сен кімсің, десе соншама –

Тұрсың сен қайдан тіреу ап?

...Ұжмағын жетеу болса да,

Туған жер, дер ем – біреу-ақ! [3].

«Шындықты суреттеу, оқырманға табиғи қалпында ұсыну өз алдына. Оны көркем тілмен ұтырын тауып, ұғымға ұялата орайын тауып беру – басқа мәселе. Өтежан ақын халықтың мінез-құлқын, жанын, дәстүр-салтын бала күнінен жіті зерттеп, жете зерделегендіктен, кейіпкеріне жан бітіретін сөздерді оңай әрі орынды келтіреді», -дейді қаламгер досы Құрал Тоқмырзин. Бұған ақынның «Қазақстан бар ма екен?» деген өлеңіндегі ойды да жатқызуға болады. Елге деген жанашырлығын, оның тазалығына, ұрпағының есті болуына деген тілегі пен сол жолдағы күйінішін, қандай жағдайда да оны тастап кетпейтінін соңғы екі жолға сыйғыза алған. «Төгіп тұрып содан соң жасымызды, Осы Қазақстанға ораламыз!» Міне, бізге қанша жерге сапар шексе де Қазақстанына, Отанына, оралатын ұрпақ керек. Балаларымызға ата-бабамыздың салтын ұғындыруды, оның қасиетін таныту ұғымын Өтежан ағамызша түсіндірсек ұтылмаймыз деп ойлаймын. «Амалдың ақша қары» өлеңінің алдында мынадай түсінік береді. Жұт, жаманшылық болмайтын жылдары наурыздың 14-де, міндетті түрде, Маңғыстауда "Амалдың ақша қары" жауады. Одан әрі оны былай суреттейді:

Ақша қар тастап биігін,

Ақ құс боп қонды өріске.

Түседі оның түйірін,

Көтеріп бір-бір періште... [3]

Дүниені оятып, Жер-Ананы толғатып келетін Өз Наурыздың қасиетін осылай таныған ұрпақтың жаман болмасы-хақ. «Алланың дастарханынан» дәм татқан ұлттың жамандық атаулыға жолауына хақы жоқ.

Бүгінгі алдымыздағы мақсат-«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс...Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға есте болмайды.» -делінген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жолдауында. [4] Олай болса, Өтежан Нұрғалиев поэзиясы- бүгінгінің талабы. Ақын «Хан кегі» дастанында:

Ұлт болып қорғау керек Ұлысыңды,
Ұлыны қорғау керек Зәузат болып!..
Жалғанға жанаспаған Арлы Өлеңім,
Ұсынды алдыңызға бар дерегін,-десе,
«Таң жұлдызымен тілдесу-2» өлеңінде :
Іздерім менің мынау мекенде өшіп,
Мен де ертең аспан жаққа кетем көшіп [5].

Ақынның осы шумақтарынан-ақ оның өз елін қаншалықты сүйгенін, оның рухының биік болуын қаншалықты аңсағанын көруге болады. Олай болса, Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы тәуелсіз еліміздің қайсар ұрпағының жанын тербететін сырлы симфониясы.

Бұл тұрғыда, өз тәжірибемнен ұсынырам - «Бір ел-бір кітап», «Оқитын өлке» жобаларының жалғасы ретінде өткізіп жүрген жобам - « Бір оқушы бір автор» жұмысы. Жоғары кластың білім алушысы бір оқу жылы бойы ақынның шығармаларын оқып, өзіне әсер еткен ой маржандарын өзіне түргіп алып жинақтап отырады. Жыл соңында жұмысын сыныптастарының алдында қорғайды. Сонымен қатар оқуға келесі сыныптасына ұсынады. Сол ретте бір оқу жылында сыныптағы бала санына қарай 20-25 аралықтағы автор қамтылады. Тағы да Өтежан ағамыздың өз сөзімен айтсақ: «Арман не, түнде жыры тентіреткен, Жолына бір баланың шам жаға алсақ.» («Өлең екеуміз»)

Әдебиеттер

- 1.С.Бокан «Сықырлы сырға көмілген поэзия» мақаласы «Жалын» журналы, №9, 2011ж., 62-63бет.
- 2.Қарлыға Ибрагимова. «Өтежан Нұрғалиев: Мен "түсініксіз" болсам, болайын...» мақаласы. 05.08.2016ж, әдебиет порталы
- 3.Ө. Нұрғалиев. Өлеңдер жинағы. «Ақтөбе-Шамшырақ»ЖШС, 2013ж.
- 4.Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жолдауы
- 5.Gambo.info \\ Нұрғалиев Ө. Өлеңдер жинағы.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВТИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЖАС ҰРПАҚҚА ТАНЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сериккалиева Ақтоты
Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Өтежан Нұрғалиевтің өмір жолы мен шығармашылығы қарастырылған. Ақынның өмірі мен еңбек жолы қысқаша беріліп, «Бір махаббаттың хикаясы» өлеңіндегімахаббатқа тұрақтылықты жас буынның бойына сіңірудің басты құралы екендігі нақты деректер арқылы талдап көрсетілген.

Аннотация. В этой статье обсуждается жизнь и творчество Утегена Нургалиева. Жизнь и творчество поэта обобщены тем фактом, что любовная история в истории «Любови истории» является основным средством поглощения молодому поколению.

Annotations. This article discusses the life and work of Utegen Nurgaliyev. Life and work of the poet are generalized by the fact that the love story in the history of "Love of History" is the main means of absorption for the younger generation.

Тірек сөздері. Махаббат, беріктік, ақын өлеңдері, құндылық, туынды, поэзия.

Ключевые слова. Любовь, сила, стихотворение, ценность, производная, поэзия.

Key words. Love, strength, poem, value, derivative, poetry.

Әдебиетке алпысыншы жылдары «Менің махаббатым» атты жыр жинағымен келген ақын өлеңдерінде жаңа бояу, тың үн, тосын мінез бар еді. Ақынның өзі де әдебиетке тың мазмұнмен, тың жырларымен келген еді. Ақынның әдебиетке қосқан үлесін жаңа леп, жаңа тыныс қосты деуге болады. Ол көптеген кітаптардың авторы. Ақын әдебиетке «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Ай астында ақбоз үй», «Қайыңды тоғай», «Соғыстың соңғы жазы», «Афина мектебі» тәрізді құнды туындылар әкелді. Өтежан Нұрғалиев ә дегеннен-ақ өлең сүйер қауымның сүйікті ақындарының біріне айналып, «Құрмет» орденімен марапатталған. Оның асау жырлары өзіндік бояу, тың үн, тосын мінезімен ерекшеленіп, поэзиямызға соны леп, жаңа тыныс қосты. Аталған туындылардан тағы басқа жыр кітаптары, ал сұрапыл соғыс жылдарының тірі, көркем шежіресіндей «Соғыстың соңғы жазы» балладалары әдебиетіміздің алтын қорына қосылған құнды туындылар екеніне дауымыз жоқ. Ақынның айтқан ойлары қазіргі кезде де өз құндылығын жоймаған [1, 2].

Жазушы Құрал Токмұрзин «Өзі өлгенмен өлеңі өлмейді» атты мақаласында: «Өтежан Нұрғалиев қазақтың өте сирек қайталанатын, талантты ақындарының бірі еді. Мен онымен университетте бірге оқыдым. Сөйтіп, Өтекеңнің жасы үлкенірек болса да, курстас құрбыластарының қатарында жүрдім. Талай рет жолсапарларға бірге шықтық. Қостанай облысында, одан Ақтөбенің Байғанин ауданында болатынбыз. Әдебиетке әркім әртүрлі келеді ғой, біреу жайлап, біртіндеп келеді, біреу бет қаратпай екпіндеп келеді. Ал Өтежан әдебиетке бірден қалыптасқан ақын болып келді. Ұмытпасам, алғашқы кітабына айтулы ақын Қуандық Шаңғытбаев алғысөз жазып, бата берді. Содан кейін бұл ақын әр жинақ сайын қарыштап өсумен болды. Оның «Соғыстың соңғы жазы» деген цикл өлеңдері өте бір өміршеңдігімен, өмір көріністерін берудегі шынайылығымен,

поэтикалық орындау шеберлігімен құбылыс болды десем, қате айтпаспын деп жазған еді» [2, 1].

Адамзат қоғамының ең асыл құндылықтарының бірі «махаббат» екені әдетте көптеген көркем шығармалар мен қоғамда бір жақты тұрғыда қарастырылады. Әдетте «махаббат» сезімі адамдардың бір-біріне деген мейірінен тұрады. Осы адами ізгілік жолы А. Байтұрсынов айтқандай: «Қазақтың бас ақыны – Абай» шығармаларында мазмұны ауқымды түрде көрсетіліп өлең өзегіне өріліп беріледі» [3, 1]. Махаббат – этикалық мәні бар ұғым. Ол мазмұны кең, өмірмен тамырлас мәні бар ерекше ұғым да болып табылады. В.А. Маслова махаббат сөзінің аясында мынадай кең ұғымдарды көрсетеді: «Существует широкий спектр видов любви – от эротической влюбленности, чадолубия и патриотизма до меломании, до любви «к небу, усеянному звездами» [4,57]. Демек, махаббат ұғымының аясында ерек пен әйелдің бір-біріне деген сүйіспеншілігін, ананың баласына, өз отанына, тіпті табиғатқа деген махаббатын түсінеміз. Осы тұрғыдан келгенде, махаббат ұғымы өмірді құрайтын маңызды элементтердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Өтежан Нұрғалиев өзінің ақындық әлеміндегі «Бір махаббаттың хикаясы» өлеңінде ақын Қалқаның Жарасқа деген махаббатының беріктігін, Қалқаның он жыл Жарасты талмай күткенін, Қалқаның бойындағы ұнамды қасиеттерді жас буынның бойына сіңірудің басты құралы екендігін нақты деректер арқылы талдап көрсетеді. Ақын мінезі бірде жел болып алай-дүлей көтерілсе, бірде тау болып сабырлыққа шақырады... Бұл өлеңде махаббатқа беріктік сияқты идеялар негіз болып қаланған екенін көруге болады:

Менің қойған атым — Жарас.

Шын атын Айтсам болды, мінезі бар сынатын...

Оған біраз жылдар болған, ұмытылған.

Оның көңілі, менің көңілім бір тынған.

Екеуміз де мақсаттарға жеткенбіз,

Аш қасқырдай қой қораға ұмтылған.

Ол бір кербез, ол бір сыпа, ол – ақын,

Қонған үйге ойын-сауық қонатын.

Қонған үйдің қыздарына қырындап,

Көз тастайтын әдеті де болатын.

Тез үйленіп Қалқа деген бір қызға,

Хош айтысып ауылдағы ұл-қызға,

Ғайып болды ұзақ уақыт ауылдан

Космонавтай ұшып кеткен жұлдызға! [5,22].

Ғалымдардың пайымдауынша, қазақ халқының түсінігінде махаббат көп жағдайда отбасы, бала, қамқорлық көрсету секілді ұғымдармен іргелес түсіндіріледі. С.Г. Воркачеваның айтуынша, орыс халқының ұғымындағы махаббат туралы түсінік негізінен шыдамдылық, берілгендік, махаббаттың жолында құрбан болу секілді сезімдермен астарласып беріледі. Мысалы: Махаббат, сүю және сүйе білу – не нәрсенің болмасын бастауы, негізі болмақ. Мұндағы махаббат өзгермеген, бірақ қозғалыста, тек уақытты сезінген адам ғана. Мұндағы ерекше қамыққан көңіл өрінісі сипат алған. Бірақ бұл жерде де автор өзінің көңіл-күйін астарлап, жасырын жеткізеді. Осы махаббат тақырыбына арналған шығармалары арқылы ақын өз арнасын кеңейткенін көруімізге болады. Ақын өз өлеңінде ұнамды қасиеттерді жас буынның бойына сіңірудің басты құралы екендігін нақты деректер арқылы талдап көрсетеді. Өтежан Нұрғалиев өлеңдерін оқу үстінде біз жаңа оралым, тың тіркестер іздеуден гөрі өзгеше бір лирикалық күй кешуге мәжбүр боламыз [6, 36].

Әдебиеттер

1. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/49212/>
2. <https://www.zharar.com/kz/olen/8574>
3. <https://egemen.kz/article/otezhan-nurgaliev>
4. <http://alashainasy.kz/akyn/otejan-nurgaliev>
5. Қазақша өлең: Өтежан Нұрғалиев (Бір махаббаттың хикаясы)
6. Ермекова Ж.Т. Репрезентация концепта «любовь» в казахском и русском языковом сознании (на материале пословиц и поговорок). // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – Алматы, 2006. – №3 (93). – С. 36-38.

III. АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ АСПЕКТИ



ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚАЗАҚ-ЖАПОН РУХАНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Бораш Баян Тәліпұлы
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
bayan.borash@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ пен жапон тілдерінің жақындығы, жапон әдебиетінің XX ғасырдың басынан Еуропа әдебиетінің үлгісімен дами бастауы, бұл бағытта Р.Акутагава өзінің новеллаларымен әлем әдебиетінің жарық жұлдызына айналу жолы кеңірек қарастырылады. Және де Акутагава мен Б.Майлин шығармашылығының үндестігі мен Жапония қоғамының жетістіктері туралы Әуезов пен Торайғыров мақалалары сөз болады.

Аннотация. В статье речь идет о японо-тюркском языковом родстве, о развитии японской литературы с начала XX века на примере европейской, о больших достижениях в этом направлении писателя малых жанров Р.Акутагавы, о созвучии его новелл с рассказами Б.Майлина, о статьях на японскую тему М.Ауезова и С.Торайгырова.

Annotation. In this article we are talking about Japanese-Turkic linguistic kinship, about the development of Japanese literature from the early XX century on the example of the European, about great achievements in this direction of the writer of small genres of Akutagawa, about the consonance of his novels with B. Mailin's stories, M. Auevov and S. Toraigurov articles on Japanese theme.

Тірек сөздері. Тілдік жақындық, Акутагава, новелла, Майлин, психологизм, Әуезов, Торайғыров.

Ключевые слова. Языковая близость, Акутагава, новеллы, Майлин, психологизм, Ауезов, Торайгыров.

Key words. Language proximity, Akutagawa, novels, Mailin, psychology, Auevov, Toraigurov.

Қазақтың үлкен ғалымы профессор Қ.Жұбанов тұтқындар алдында жапон халқының этногенезімен, тілімен айналысып, жапондардың түпкі тамырының алтай тілдерімен байланысын зерттеген. Кейін НКВД жендеттерінің «тексеруі» кезінде ғалымды бұл қызықтырған тақырыптарының бірі ретінде айналысуы өзіне пәле болып жабысатынын қайдан білсін?! Жұбановқа тағылған айыптардың

бірі – осы жапон тілімен айналысқаны үшін оған «жапон тыңшысы» деген жала болатын. Ғалым ағамыздың зерттеу болжамы кейін негізсіз емес екені анықталып отыр. Қазір тек қана жапондар ғана емес корейлердің, корей тілінің де түп тамыры Алтайда, алтай тілдерінде жатқаны дәлелденді[1, 39; 2, 78]. Бұл этногенетикалық байламда үшінші және ең байырғы үзбесі қалпына келтіріліп отыр: «арғытүркілер (прототюрк) – корейлер – жапондар». Бұлардың туыстығын мынадай дәлелдер айқындайды[3, 3].

Біріншіден, екі тіл де алтай тілдері семьясынан. Жапонның «генго сейкацуіне» («ұлттың тілдік өмір сүруі») тереңдеген сайын оның түркі тіліне ойлау әдісімен де жақындығы айқындала түседі. Көптеген бір-біріне тәуелсіз бағалау бойынша қазақтарға жапон тілін игеру басқа тілдермен салыстырғанда әлдеқайда жеңілге түседі. Оған себеп – гомогендік және синонимиялық лексемалардың (сөз тұлғасының тұтастығы) жиі кездесетіндігі. Әрине, екі тілдің фонемдік-фонетикалық жүйелерінің өзгешелігінен олардың байырғытиптік ұқсастығын бірден ажырату қиын. Бірақ оны түсінуге жапон тілінде де, қазақ тілінде де бар сингормонизм заңының ұқсастығының көмегі тиеді, мысалы, ол ұқсастық қазақ пен моңғол тіліндегіден анағұрлым жақын. Екіншіден, корейлердің арғы ата-тегі арғытүркілер болса, жапондар корейлерден тараса, олар қазақтарға шығу тегі бойынша жақын ұлттар. Және мұндай шешім – жай паназиаттық патриоттық айта салу емес, бұл дәлдік және зертханалық ғылымтәжірибенің тазалығын өте жоғары бағалайтын жапон ғалымдарының тірнектеп жинаған ізденістерінің нәтижесі. Үшіншіден, жапон және қазақ әдебиетінің соңғы ғасырдағы даму жолының адам таңғаларлық ұқсастығы мен бірлігін байқатып отыр[3, 4].

Жапон қоғамын екі жарым ғасырға созылған Токугава дәуірінің шырмап алған тұсауынан босағаннан кейін жапон әдебиеті классикалық француз, ағылшын және орыс әдебиеті үлгісімен және арнасымен дами бастады. Егер алғашқы қазақ романы ХХ ғасырдың басында басылым көрсе, еуропалық канон үлгісімен жасалған алғашқы жапон романы ХІХ ғасырда жарық көрді. ХХ ғасырдың басында жаңа жапон әдебиетінің басында бар болғаны 35 жыл ғана ғұмыр кешкен *Рюноске Акутагава* тұрды. Екі-ақ новелласы – терең психологиялық *«Расемон қақпасы»* және *«Мұрын»* – авторын тек қана ұлттық емес, сонымен қатар құрметпен бүкіл әлем әдебиетінің тұғырына көтеруге жеткілікті болды. Р.Акутагава жалғыз жапон халқының ғана емес, әлем әдебиетінің жарық жұлдызына айнала бастаған 35 жасында жан күйзелісіне шалдығып, вероналдың көп мөлшерінен (ұйықтататын) дәрі ішіп, 1927 жылдың 24 шілдесінде уланып өлді. Өмірінің

өліарасындағы тіршілік тауқыметіне малтығып жүрген кезінде емес, барша жұртты мойындатып, талантына табындыра бастаған шағында жазушының өлімге мойынұсынып, өзіне-өзі қолжұмсауы күтпеген оқиға болды.

Акутагаваның әдебиеттегі жолы бірден болған жазушылардың қатарынан. 1915 жылы алғаш жарық көрген «Расемон қақпасы» және «Мұрын» әңгімелерімен-ақ ол жапон прозасының хас шебері Сосэки Нацумэнің ыстық ықыласына бөленген жалғыз жапон жазушысы болды. Сән қуған прозаиктердің соңына ілесіп кетпей, ағысқа қарсы жүзіп, сөз өнеріндегі өзгеше әлемін жасаған Нацумэні бір нәрсеге таң қалдыру қиын еді. Акутагава шешесінен жастай қалып, заң бойынша және қалыптасқан дәстүр салтымен шешесінің туған ағасы Акутагава Митиаканың қолына тәрбиеленуге беріледі. Міне, осылайша болашақ ұлы жазушының бұрынғы Ниихара деген тегі Акутагава болып өзгертіледі. Ол жас шағынан өте алғыр болып өседі. Ол бір жасында сыныптастарымен бірігіп шығарған журналды редакциялап, он төрт жасында әйгілі драматург Генрих Ибсеннің шығармаларын құмартып оқып оқиды. Жиырма жасында Еуропа ақындары, прозаиктері мен философтарының жазған дүниелерін түк қалдырмай түгесіп, Бодлер, Стриндберг, Бергсонның шығармашылығына қаттыүңіліп, шеберлігін шындайды. Акутагава Токио императорлық университетінің ағылшын әдебиеті бөліміне түсіп, проза саласындағы бағын сынап көрмекке белін буады...

1885 жылдары әдебиеттанушы Сее Цубоути «Романның мәнісі» деген ғылыми трактатын жариялап, сол уақыттағы қауым үшін жапон әдебиетінің мінезі мен келешегін айқындап қойған болатын. Ол жанашылдықтың үлгісін көрсетпекке ниет танытып, барлық жазушыларды дәстүрлі жапон поэтикасынан бас тартып, еуропалық «суреттеу машығын» қабылдап, өмірде болып жатқан оқиғаларды сол қалпында суреттеуді ұсынды. «Сядзицусюги» деп аталатын бұл әдеби тәсіл көпшіліктің көңілінен шықты. Жұрттың бәрі осы тәсілдің жапон прозасын дамытудағы жалғыз дұрыс жол екеніне кәміл сенді. Әдебиет табалдырығын енді аттаған Акутагава ғана оның өміршендігіне күдіктене қарады.

Жапон прозасының енді ғана қалыптасып жатқан елең-алаңында бұл мектептен іргесін аулақ салған Сосэки Нацумэ ғана дәстүрден қолүзбей, жапон поэтикасының барлық мүмкіндігін пайдалана отырып «Сізге аса құрметпен қарайтын мысық пақырыңыз» атты шынайы өнер туындысын өмірге келтірді. Әдебиет табалдырығын енді аттаған Акутагаваның басқа емес, Сосэки Нацумэнің шеберлік мектебінен дәріс алуы шын мағынасындағы өнердің тамырын таба білген

зеректігің аңғартады. Жазушының «Расемон қақпасы» әңгімесі соның айқын дәлелі іспеттес.

Әдебиет зерттеуші *Аркадий Стругацкийдің «Рюноске Акутагаваның үш жаңалығы»* атты еңбегінде Акутагаваның шығармашылық күдіреті туғызған әңгімесінің арқасында Расемон қақпасының әлемге әйгілі болғаны жайлы айтылады. Бұл хикаяда баяндалатын оқиғаның сюжетін ол «Кондзяку моногатариден» (XI ғасырда хатқа түсірілген ежелгі заманғы хикая) алады. Ол ескі аңыздағы сюжетті түрлендіріп, адам психологиясын зерттеудің жаңа тәсілін ойлап тапты. Бар жан-тәнімен зұлымдыққа қарсы адам қайыршы кемпірдің жасаған аюандығын көргенде жаны шыдамай, оны тонап, қылмысқа барады. Міне, осылайша Акутагава әдебиеттегі ең алғашқы жаңалығын ашты. Ол әдебиет адам сезімін суреттеумен емес, оның психологиясын зерттеумен айналысуы керек деген қорытындыға тоқтам жасады. Ал адам психологиясын ашатын бір-ақ нәрсе бар. Ол – оқиға [4, 27].

Шығармашылық ізденістің тамыры ұлттық топырақтан үзілмей, орта ғасырдағы аңыз-әфсаналар мен эпостармен сабақтасып жатқан Акутагаваның қанша уақыт өтсе де адам табиғатының өзгермейтініне көзі жетті. Міне, сондықтан да оқиға уақытына аса мән бермеген ол жазған шығарма ең алдымен адамның жан әлемінің тереңдігіне бойлай алуы керектігіне баса назар аударды.

XX ғасырдағы қазақ және жапон әдебиетінің басты тұлғалары, тек қана хронологиялық емес, сонымен қатар шығармашылық эволюциясымен және өздерінің өмір белестері, идеялық жанрлық ізденістерімен де бауырлас болатын. Рюноске Акутагава Мұхтар Әуезовтен болғаны бес-ақ жас үлкен болатын, кім білсін, өмірден ерте кетпегенде олардан қанша типологиялық ұқсастықтары табатынымызды. Екеуі әдебиетке бір уақытта келді, олардың әдеби мектебі де ұқсас болатын.

1919 жылы «Алаш» партиясының органы сияқты болған «Абай» журналында *М.Әуезовтің* «Мұхтар» деген бүркеншік атпен *«Жапония»* атты мақаласы жарияланады. Бұл мақаласында ол алғаш рет қазақ жұртшылығына Жапония елінің саяси-әлеуметтік тарихымен таныстырып, «жаңа заман додасына түскен қазақ елі алда алда не істеу керек» деген ойын жанама түрде білдіргісі келеді. Жапонияның ортағасырлық мешеуліктен шығуға бағытталған 1867-1868 жылғы революция аяқталмай қалған еді, осы орайда, оқу-ағарту, ғылым-өнер, ұлттық әдет-ғұрыпта орын алған «мейдзи-исин» оқиғасына ой жүгіртеді. Жазушы әлем тарихына назар аударып: «Біз күн батыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ ол уақытта өзіміздің

жақсылығымыз да ұмытылмасын» [5, 85] деген жапон профессорының сөзіне ықпал қояды. Жапония идеологтары еуропалық ғылым-өнерді қабылдағанда, салт-сана, дүниетанымға, жапон ұлтына зақым келтіретін жат ой-пікірлерді жастардың жүрегіне ұялатпауды қадағалаған. Қыздарды оқытқанда, білім берумен қоса отбасы, үй-іші шаруашылығы мен тәрбиесіне ерекше мән берген. Жапон тілінің қытай тілінің жетегінде кетіп, ұлт тілінің қожырағанын айта отырып, Әуезов қазақ қауымының алдағы тіл майданына ескерту жасағандай ойға жетелейді. Жазушының бұл ойы оның 1918 жылы жазылған «*Ғылым тілі*» деген мақаласында: «Қазіргі уақытта Жапонияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып содан кейін басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды... Міне осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, біз де бір күні ұрынатын секілдіміз» деп ескертуінде көп мән-мағына жатыр. Ұлы жазушының бұлай қауыптенуі, ескертуі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның басындағы жағдайға тура келіп тұрғандай. Мақалада Әуезов жапон қоғамының Мейдзи реформасынан кейінгі жетістіктері туралы сүйсіне пікір білдіреді, сонымен қатар жапон әдебиетінің еуропалық оқырманға әлі де таныс еместігін білдіреді.

Бірақ бұл мақала Әуезовтің көзінің тірісінде оның 12-томдығына да, 20-томдығына да, тіпті кейінгі жинақтарының біріне де енбеген. Сірә, Әуезовті репрессия құйынының қорқыныш үрейі өмірінің соңына дейін тастамаған болуы керек. Екінші рет тек 1987 жылы араға жетпіс жылдай уақыт салып, «Мәдениет және тұрмыс» журналында және 50 томдық толық жинағының 1-томында жарық көрді. Реті келгенде айта кету керек, қазақтың XX ғасыр басындағы көрнекті ақыны **С.Торайғыров** та «Социализм» деген мақаласында Жапонияның реформалар жүргізілгеннен кейінгі кезеңінде таңғаларлық жетістіктерге жеткенін атап өткен.

Әуезов жапон қоғамы мен әдебиетінің жетістіктерін үнемі көзден таса қылмай бақылап отырған. Өзінің ең соңғы шетелге сапарын ол күн шығатын еліне арнап (Страна восходящего солнца), сапар қорытындысы бойынша өзінің тамаша «*Жапония сапары*» (1958 ж.) жол очерктерін жазады, онда Жапонияның соғыстан кейінгі кезеңіндегі прогресіне таңдана отырып, ол жапон әдебиетінің қазіргі жағдайы мен болашақ жаңалықтарына талдау жасайды. Жеті жыл өткеннен кейін сол маршрутты қазақ әдебиетінің келесі бір ақсақалы (мәтрі) *Ф.Мүсірепов* қайталайды, ол да өзінің алған әсерлерін кейінгі жарияланған жол жазбаларында өрнектейді.

Бейімбет Майлин кезінде қазақ әңгіме новелласының шебері атанды. Ол – көркем әңгімелер арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы

мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдаған суреткер. Жазушының қысқа жаза отырып, ұлт бейнесін шебер беруі таңғаларлық болатын. Ұлт мінезінің әр қырын жіті ашып бейнелеп, образдар жиынтығын жасау тек бейімбетке ғна тән секілді. Бейімбеттің замандасы, бір дәуірдің перзенті, Күншығыс елінің жазушысы Акутагава Рюноскэны біраз талдап, неліктен әлемге танымал, Бейімбеттен қай тұсымен ерекшеленіп тұрғанын көрейік. Біздіңше ешқандай ерекшелік жоқ сияқты. Ол сол кезде шағын әңгіме жазып, сол стилімен елді ауызына қаратты. Ағымы модернизм екені айтпаса да белгілі. Себебі ол осы әдіс арқылы әңгімелерін әлемге танытты.

Студенттік кездің өзінде модернизм, қысқа әңгіме жазуды меңгеріп, күллі қауымды өзіне қаратты. Әдебиетте өзіндік дүниетанымы, көркемдік әдіс-тәсілдері, эстетикалық тұғырнамасы, төл тақырыбы бомаған жазушылар із қалдыра алмақ емес. Ал Акутагавада осылардың бәрі де бар болып шықты.

Қазір Акутагава ашқан тәсілдер әлем әдебиетінде кең қолданыс тапқан. Бұл тәсілдер әдебиет қана емес, киноматографияның да үлесіне айналғалы біраз болып қалды. Жапон киносының патриахтарының бірі Акиро Куросаваның «Қанға былғанған тақ» атты фильсоның бір айғағы. Бір қарағанда, фильм орта ғасырлардағы жапон өмірінен сыр шертетін секілді. Фильмнің негізінде кімнің, қай халықтың туындысы жатқандығын білмейтіндердің бұған сенетіндері де анық. Ал әлем әдебиетінен хабары бар жан фильм өзегінде шекспирдің атақты «Макбет» және осы пьесаға мұрындық болған байырғы шотланд ертегісі жатқандығын бірден аңғарған болар еді. Жапон өмірі туралы сыр шертетін шотланд ертегісі. Ал мұндай метаморфозалар Акутагава шығармашылығында жетіп артылады. Рас, Акутагава шығармашылығының бастауында сан ғасырлық тарихы бар жапон жазба әдебиеті жатқандығы жасырын емес. Ал бұл әдебиеттің орны ерекше. Аңғарып қарасаныз, азымыздың суы құрып тамсана беретін Кафканың атақты «Құбылуының» («Превращение») өзі де көне жапон ертегілері мен әфаналарының жадағай көшірмесіндей болы көрініп қалатыны бар. Осындай құнарлы топырақта пайда болған әдебиеттің осал болмасы да белгілі. Оған бүгінгі жапон әдебиеті куә.

Шағын әңгімелері арқылы ол сол кездегі жапон халқының мінезін танытты. Енді салыстырайық. Ол неге әлемге әйгілі, ал сол Акутавадан кем түспейтін Бейімбет неге таныла қоймады? Акутагава қысқа жазды, Бейімбет те осы ағымда қалам тербеді. Мәселен, Рюноскэның «Мұғалім Мори» әңгімесін оқи отырып, жапон оқушыларын бірден танысың. Мінезін, қандай тәрбиеде екенін білесің,

сол ұлттың мұғалімдерін танысың. Бейімбеттегі Шаншар Молда, Желдібайды көргендей боласың [6, 10].

С.Торайғыров жоғарыда аталған мақаласында: «Біз Жопониядан елу жылдай қалып қойдық. Егер біз автономиямызды елу жыл бұрын құрғанымызда, қазақтың жағдайы тура Жапониямен теңесер еді» [7, 158], дейді. Міне, үндестік қайда жатыр! Бірақ кейін қалсақ та, әдебиетіміз бірдей қалыптасты. Яғни модернизм. Ендеше Бейімбетті неге шетел тілдеріне аудармасқа? Күллі әлемді аузуна қаратып, ол неге Рюноскэның жанынан өзінің лайықты орнын алмасқа? Сонда күллі әлем Рюноскэның әңгімесінен жапон ұлтын танығандай, оның шығармаларынан қазақ халқын таныр еді. Рас, «Абай жолы» қазақты танытты. Бірақ қазір том-том романдар оқуға ешкімнің уақыты жоқ. Көбіне қысқа әңгіме ғана қазіргі заманда өз оқырманын табады. Міне, Бейімбет әңгімелерін қазіргі заманға арнап жазып кетті, келешекте қазақ халқы есін жиғанда осы әңгімелер арқылы ұлтымды танысын деді. Қазақ жазушыларының шеберлігі көрсін деді. Ұлы ұлттар қатарында екенін әлем мойындасын деді. Едеше жапонның Акутагавасынан біздің Майлиннің қай жері кем? Керісінше, көп жері артық екендігі дәлелдеулі. Рюноскэ көп жерлерді анайы жазса, Бейімбет ондайға бой ұрмай, нағыз зиялылық танытады. «Мен ақынмын. Жазушымын. Онымен бірге қоғамның да мүшесімін», дейді жапон жазушысы. Бейімбет те өзін әрі ақын, әрі жазушы, оның үстіне қазақ қоғамының мүшесі ретінде санап, ұлттың дамуына зор үлес қосты. Міне, тағы бір үдестік [6, 10].

Кеңес кезіндегі әдебиетіміздің классиктерінің бірі жазушы Бейімбет бізге қазақ халқының сол дәуір өмірінің шынайы мінезін, терең шындығын өнеге етіп кетті. Сұлулықты әшекей жылтырақтан аршып, қарапайым ұлы қалпында көрсетті. Оның шығармалары өмірдің өзі сияқты қызылды-жасылды боямадан, даурықпа дақпырттан аулақ. Әдебиеттегі Майлин сияқты құбылыстар асықпай терең зерттеуді, ойлана зерттеуді керек етеді. Майлин дәстүрі Акутагавадай кең тынысты, болашағы мол дәстүр.

Әдебиеттер

1. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957. – с. 222.
2. Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. М., 1921.
3. Кул-Мухаммед. Миром правит слово. «Казахстанская правда», № 293, 24.12.2004, 5-б.
4. Стругацкий А.Н. «Рюноске Акутагаваның үш жаңалығы». М., 1980.
5. Әуезов М.О. Жапония. // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1 т., Алматы, «Ғылым», 1997.
6. Майлин Б. Бейімбет дәстүрі һәм Акутагава. «Қазақ әдебиеті» № 212, 03.11.2017.

7.Торайғыров С. «Социализм». // Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т., Алматы, «Ғылым», 1993.

MUHTAR AVEZOV'UN "KÖKSEREK" HİKAYESİ VE MİLLİ KİMLİK

Dr. Orhan Söylemez-Samet Azap
Kastamonu Üniversitesi, Türkiye

“Benim hayatımda iki Muhtar oldu. Biri, babam gibi yakın desteğim, üstadım, büyük yazar Muhtar Avezov; ikincisi ise aydın şair, nice yıllardan beri sırdaşım, kardeşim Muhtar Şahanov’dur.”

Cengiz Aytmatov

Muhtar Avezov’un “Kökserek” hikâyesi, TölögönKasımbekov’un “Bozkurt” hikâyesinde olduğu gibi, yavru iken insanlar tarafından ininden kaçırılan kurdun, insanlar tarafından köpeğe dönüştürülmek istenmesi ve aslını unutmayan kurdun insanlardan intikam alması üzerine kurgulanmıştır. Hikâye simgesel anlamda düşünülmelidir. Kurt, hikâyede simgesel anlamda aslı unutturulmak istenen ancak aslını yitirmeyen Türk halkları için kullanılmıştır. Türkler için önemli bir değer olan kurdun geçmişten günümüze yansıyan yüzü anlaşıldıkça hikâye daha da belirginleşecektir.

Так сложился основной закон эстетики антиутопии – низвержение утопии. Таким образом, утопия сыграла свою провокационную роль, не только ради, появления, антиутопии, но и как покажет дальнейшая, история жанра ради самой себя, потому что оппозиция утопии – антиутопии представилась идеальной почвой для их последующего совместного движения. Мечта возобновляется с новой силой на руинах антиутопической атаки; восставая, из пепла подобно Фениксу. И сделать это было тем легче, чем безысходнее и пессимистичнее автор антиутопии: разбивал очередной проект светлого будущего. Классическая антиутопия предлагала, именно пессимистический исход своих сюжетов *апокалипсис*, который тут же - вступал в невыносимое: противоречие с естественным желанием читателя; увидеть *продолжающийся* мир; а не погибающий. Даже в антиутопиях, предлагающих гармонически организованную жизнь общества сытую, обеспеченную, приятную, в определенной точке сюжета наступает «момент истины».

Антиутопия обычно направлена на развенчивание утопических тенденций, высмеивает увлечение НТР. Отсюда проистекает еще одна нить тесной связи утопии и антиутопии: как только антиутопия слегка отойдет от своего регламента и, поставив «диагноз», предложит способ исправления «плохого» общества, то есть сделает хотя бы намек на возможность светлого исхода, тут же она оборачивается новым утопическим проектом.

Для современного определения утопии, ее сущности и смысла появления вообще в культурном обиходе человечества важна позиция (довольно распространенная) *«чистоты фантазии»* как главного признака утопии.

Противоположное мнение по поводу воображения и утопии высказывает М.Эпштейн: «Воображение – главная из освободительных сил, двигавших вперед человечество; но когда, как вагоны к локомотиву, к воображению прицепляются такие архаические инстинкты, как жажда власти или всеобщего уравниательства, тогда воображение превращается в утопию, кладет предел самому себе, утверждаясь на какой-то одной, незыблемой и абсолютно «правильной» картине будущего. Утопия - это самоубийство воображения: созывая массы людей на переделку мира, она превращает их в могильщиков своего будущего» [9, с. 25].

Вопрос об *отношениях* литературы с реальной действительностью всегда был важен для определения природы художественного образа, и

этот вопрос решался на уровне всех эстетических концепций, направлений, школ, художественных открытий. Несомненно, что в отношениях утопии и реальной действительности может быть скрыт особый тип художественного осмысления жизни – осмысления *коллективного*, или от имени коллектива, то есть *квази-коллективного*. А.Латынина, сопоставляя утопию и антиутопию по признакам их отношения к реальной действительности, видит в них специфику утопической идеологии. «Если утопия рисует действительность такой, какой она хочет ее видеть, то антиутопия – идеал таким, каким он воплощен в действительности. И тогда оказывается, что любая-абсолютизированная идея обречена на то, чтобы обратиться в свою противоположность. Так, отрицание собственности становится равносильным возведению ее в превосходную степень, когда государство претендует не только на имущество граждан, но и на их мысли и желания, а изобразив труд как магический способ преобразования природы, мы превращаем его в обряд. Главный парадокс утопической идеологии в том, что это идеология достигнутого и завершеного идеала. Между тем идеала нельзя ни достичь, ни воплотить его без того, чтоб он не перестал быть идеалом, а стал чем-то другим: идолом или догмой, например...поэтому первые антиутопии появились тогда же, когда и первые утопии: представление об аде ничуть не моложе представления о рае» [6, с.186 - 187].

Все это говорит о необходимости исследовать утопию и антиутопию во взаимном контексте, то есть в ближнем друг для друга, и в контексте других литературных явлений. Контекст времени создания, утопии тоже чрезвычайно важен: сегодняшняя; антиутопия через какое-то время может представиться вполне доброй и светлой утопией.

Идеи утопии культивировались в татарской литературе через просветительский реализм. Они были очень популярны в обществе в конце XIX начале XX века. В эту же эпоху видоизменяется движение джадидизма, которое зародилось в XIX, стремясь избавить народ от невежества, рабских оков средневековья, и хотело сделать его просвещенным. «В начале XX века под благоприятным воздействием внешних, общероссийских и внутренних факторов, это движение превращается в крупную силу, новую национальную идеологию, способную проникнуть во все слои татарского общества» [10, с 7].

В эту же эпоху творит и Ф.Амирхан, один из ярчайших представителей просветительского реализма. В его первом рассказе «Сон накануне праздника» («Гарэфэ кич төшемдэ», 1907) преобладало

ироничное отношение к действительности. «Обращаясь к приёму контрастов – утопии и антиутопии, яви и сна, к эстетике прекрасного и безобразного, идеального и реального, автор подвергает критике феодальную косность, царящую в татарском обществе, утверждает идеалы национального возрождения» [7, с 145].

Именно его перу принадлежит одно из произведений фантастики, которое мы можем рассмотреть в рамках антиутопии – это повесть «Фатхулла хазрат» («Фэтхулла хэзрэт», 1909). В данной повести события разворачиваются в середине XX века, «чтобы выявить комичность феодально-патриархальных устоев, средневековой морали, религиозной схоластики, автор воскрешает главного героя, кадимиста Фатхуллу, в лаборатории Казанского университета через сорок лет после его смерти и переносит события в 1950 год, то есть в середину двадцатого столетия, в век научно-технического прогресса, торжества гуманистических нравственных идеалов» [7, с 145]. Это собирательный образ, через который автор критикует религиозных деятелей схоластов-кадимистов начала века, обвиняя их в невежестве, лицемерии.

Безусловно, это сатирическая повесть, но в ней есть место и утопическим представлениям. По замыслу автора движение джадидистов, просветителей одержало вверх над схоластами, проникнув во все сферы жизни общества (наука, религия, искусство и т.д.). Р. Ганиева пишет: «На наш взгляд, конфликт произведения «Фатхулла хазрет» далёк от отражения социально-экономических проблем тогдашнего татарского общества. На всех художественных уровнях произведения внимание автора направлено на показ духовной нищеты и низкой морали защитников феодальной старины. Фатхулла хазрет Ф. Амирхана – собирательный образ, вобравший в себя типические отрицательные черты кадимистов, «святых отцов» нации. Повесть Амирхана «Фатхулла хазрет» – классический образец произведения просветительского реализма, соотносённого с элементами романтической утопии об идеальном будущем татарского общества» [3, с. 93].

Другое произведение этого же автора носит уже антиутопический характер – это повесть «Дядя Шафигулла» («Шэфигулла агай», 1924). Это тоже своего рода шарж, но уже не на кадидистов, на правительство советов. «Через судьбу Шафигуллы показывается, какие духовно-нравственные потери понес татарский народ в эпоху «советов» [10, с. 59]. В этом произведении ярко прослеживаются то, каким образом разрушились мечты интеллигенции связанные с падением царизма и приходом к власти большевиков. Именно в этом

мы можем проследить антиутопические моменты. «Хотя автор рекомендует его как дружеский шарж, рассказ больше напоминает памфлет на молодое советское государство и объединяет в себе черты сатиры и футурологии, является модификацией утопии – антиутопией» [7, с. 146].

Еще одна фантастическое произведение, написанное в это время, повесть Г.Исхакия «Гибель через двести лет» («Йке йөз елдан соң инкыйраз»), 1902). Р.Ганиева жанр этого произведения определяет как антиутопия, дистопия [10, с. 88]. В этом произведении мы можем обнаружить как утопические мотивы (это всемирная известность болгар, развитие болгарской культуры, искусства, музыки и т.д.), так и антиутопические (исчезновение нации) Здесь ярко проявляется то как «автор антиутопии воплощает свою позицию с помощью приемов и художественных средств утопии» [3, с. 62].

Г. Исхаки в рассказе «Лукман-хаким», написанном в Берлине в те же годы, что и «Шафигулла агай» Ф. Амирхана, также перенёс в будущее отрицательные тенденции общественного развития в России, присущие настоящему, и нарисовал худший образ мира по сравнению с той действительностью, которую он хорошо знал. «Шафигулла агай» отличается от антиутопической повести Г. Исхаки тем, что в последней смещены временные и пространственные структуры, используются фантастика, символы, аллегии, гиперболы, устойчивые мифологемы, архетипы, что обуславливает и особенности образно-композиционной структуры и стиля. Эти художественные средства воплощают содержание с противоположной идейной направленностью, но без комизма. «Лукман-хаким» ближе к субжанру дистопии – типу антиутопии, который разоблачает утопию, описывая результаты её реализации. Она отличается от тех антиутопий, которые изобличают саму возможность осуществления утопии или абсурдность и ошибочность логики её создателей. Таким образом мы видим, что в начале XX века в татарской литературе под влиянием социальных, общественных конфликтов возникают фантастические, утопические/антиутопические произведения, требующие более глубокого изучения. Но мы с четкостью можем сказать, что все они создавались с целью показать каким должен быть идеальный социальный строй, общественная жизнь.

Литература

- 1.Брандис Е.П. Научная фантастика и художественное познание действительности // Художественное творчество. – М.: Наука, 1983. - С. 37-58.
- 2.Воробьева А.Н. Русская антиутопия в контексте мировой антиутопии. – Дисс...доктора филол.наук. - Самара, 2009. – 585 с.

3. Галиуллин Р. Татар әдәбиятында детективның эволюциясе. – К.: Школа, 2007. – 161 б.
4. Кямилев Х. У истоков турецкой литературы. Москва. Наука. 1967. 186 с.
5. Краткая литературная энциклопедия. Т.7. – М.: Советская энциклопедия, 1972. – 1008 с.
6. Латынина А. В ожидании Золотого Века // Октябрь. – 1989. - №6.–С.177-187.
7. Осипов А. Фантастика от А до Я. Краткий энциклопедический справочник. – М.: Дограф, 1999. – 352 с.
8. Философский энциклопедический словарь. – М.: Сов.Энциклопедия, 1983. – 840 с.
9. Эпштейн М. Теория искусства: и: искусство теории // Вопросы литературы. – 1987. – №12. – С. 18-34.
10. Хасанов М. Феномен российского мусульманства. Понарам-форум. Специальный выпуск. Ислам в татарском мире: история и современность. 1997. № 12. С. 11.

ТАЛҒАМЫ БИИК, ТАНЫМЫ ТЕРЕҢ

Қапасова Б.Қ., филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Елікпаев С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, профессор
С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жазушы, публицист Ж.Аймауытовтың шығармашылығы талданады. Жазушының көркемдік әлемі мен публицистикасының сипаттары «Әнші» әңгімесі және мақалалары арқылы ашылады.

Аннотация. В статье раскрывается творчества писателя и публициста Ж.Аймауытова. Художественный мир писателя рассматривается через публицистические статьи и рассказ «Әнші».

Annotation. The article reveals the creativity of the writer and journalist Zh. The artistic world of the writer is considered through journalistic articles and the story "Anshi".

Тірек сөздері. Көркем шығарма, жазушы, кейіпкер, публицист, мақала

Ключевые слова. Художественное произведение, писатель, главный герой, публицист, статья.

Key words. Artwork, author, main character, writer, article.

Ж.Аймауытов – шығармашылығы терең ойлы жазушы, шебер публицист, көркем кестелі драматург, тұнық тілді акын туындылары қай кезең үшін де зерттеу үшін мәнді екені белгілі. Ж.Аймауытов – сан қырлы талант иесі. Жазушы, драматург, аудармашылығымен қоса 1926 жылы жазған «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» зерттеуі – қазақ ғылымында маңызын жоймайтын туындылар. Сын мақалалары

бар («Абайдан соңғы ақындар» (1918 жылы М.Әуезовпен бірігіп жазған), «Мағжанның ақындығы туралы» (1923).

Жазушы шығармашылығының келесі бір тобы – аудармалар. Н.Гогольдің «Ревизорын» («Бақылаушы»), А.Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», А.Дюманың «Дәмелі», Дж. Лондоннан «Телегей теңіз» т.б. аудармалары қазақ әдебиетіндегі көлемді прозалық шығармаларды аударудың алғашқылары болуымен де мәнді.

Жүсіпбек Аймауытов – қазақ әдебиетіндегі стилі бөлек, көркем бейнесі өзгеше, кейіпкері басқаға ұқсай бермейтін туындылардың авторы. Жазушының «Әнші» әңгімесі жазылған уақыт 1925 жылы болатын. Туынды 20-ғасыр басындағы бар қайшылықты бірақ жинап оқырманға тосады. Ол дала тынысы мен қала тіршілігі, өнер мен өмір, ерлік пен ездік қатар араласып, тең түсіп тұрған кезде туған.

Алаш алыптарын көрген, үзеңгілес болған Кеңес әдебиетіне енді бет қойған автор басындағы өткен күнге сағыныш көп қабат, мол көмбемен оралып берілген. «Әнші» әңгімесінің прототипі – атақты қазақ әншісі Әміре Қашаубаев. Жазушы ақын талантын ашады. Сонымен бірге әнші тағдыры, жан-дүние, сезім, көңіл күйін де ашады. Өнер адамының өзгеше сезім иірімдері нағыз дарынға ғана тән екендігін айтады.

Ортаққа көнген, бәрін бөліскіш адал жүрек әнші өз сүйгенінен шын ұнатқанынан айырылып қалғанын автор шым-шымдап жеткізеді. Әнші өмірінің – өнер адамының бір кезеңін тақырып етет отырып, өнердің биік қалпын, хас өнерпаздың табиғи бейнесін танытады. Басталуында жазушы не, қандай оқиға деген тұстан бастайды. Шетішатыр қаласы туралы айта келіп, қымызханадағы меймандар және Шәкет қызға көшіп байланыста жана ой, оқиға т.б. қосылады. Оқырманды таңдандырып, таңдай қақатыратын Әмірханның алғаш көрінуі, бірінші әнін естуі, ойын кезіндегі өнері оның бейнесін ашуға әзірлік қана екен. Шарықтау шегіндегі барлық оқиғалар мен әрекеттердің соңғы нүктесінде Әмірхан биіктей түседі. Ақтамақты алып қашуы, Ақтамақ оқиғасы әңгімедегі әсерлі тұс. Әмірханның адамгершілік қалпы, өнер мен адамдық қалпы биіктей көрінеді. Өнер адамының табиғи қалпы шығарманың шешімінде оқиға, әрекет, ой, түсінік т.б. бір арнаға құйылуынан, Ақтамақтан айырылып қалуынан ашылады. «Дүниеде күліп-ойнап жүрген жолдастың мырт-мерезі жаман екен... Көпте мейірім болмайды екен... Ұры құрлы болмады. Не де болса, ердің қолынан келеді ғой, – деді». Шығарманың соңғы нүктесі «Екі қаз, үш қасқалдақ арқалап Дәулетжан да келіп қалды», - деген сөйлем әрі деталь, әрі идеяны түйіндеуші де бола алады. Шығарма мазмұны құрылымымен үндесе туып, ілесе жүреді. Композиция айтар оқиғамен

сәтті жымдасқан. Мысалы: Жетішатыр қаласы сауықшыл, ойын-күлкі ордасы екендігі айтыла келіп, ел жиылар қымызханаға соғып, сауық гүлі Әмірқан әншіге асықпай жетеді. Асығып тұрмын деген әнші ғажап дауысымен барын сусындатып, толық тойдырмай, тамсандырып кетеді. Ал шарықтау шегінде сырт көрмеге салдыр бос көрінер Әмірқанның ар жағындағы асыл, асық арманы Ақтамақ болып жарқ етіп, жана көрінеді. Ақтамақ сертіне серік әнші де ол жерде – ер, қолға түскен шағындағы жат жігіттер ертегі еліндегідей қылықтарымен елітеді. Ал әңгіме шешімі – біз қауіп еткендей бүгінгі күннің нағыз шындығын айтады. Ақтамақ – арамдық құрбаны. Әнші де налушы, жылаушы, амалсыз тұрмыс тұтқыны болып танылады. Бұған қоса эпилогта атылып алынған құстар басқа бір баянмен бітеді. Ұшқан құс, атылған Ақтамақ армандай, әнші жарасындай. Демек, шығарма мазмұны мен құрылымы – желімсіз жымдасқан шын шебер туындысы.

Басты кейіпкер Әмірқан – тума талант, ән перісі, жақсыға жаттығы жоқ ел еркесі. Бірақ шын үңілгенде тұрмысқа байланған, ғашығы ғайып болған ғаріп. Өзі айтар әр әндей ерекше әлем. Тек әншісі, сайратары табылса, барын көрсетпек. Тағы бір тумысы бөлек кейіпкер – Шәкет қыз. Сұлу емес, қылықты бойжеткен қыздыра тартып, даурыққан жұрттың теңгесіне ортақтасып, бір отбасын асырап отырған қымызхананың жылусыз қызылы. Ол – дала көрмеген, қаланың сұмдық сұлуы. Ақтамақ – әр өнер адамының арғы жағында жүрер, егіле еске алар мұңлы музасы тақылеттес. Әңгімедегі көркемдік сипаттардың ішінде өзгеше қолданылатыны – градация (үдету). Мысалы: «Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты» т.б..

Жұрт алдында жүрген өнер адамдарының ішкі сыры, шын шыңырауы басқаша екендігі. Өнер дегеннің тағдыр, талант дегеннің көрінбес кісен екендігі айтылады.

1. Әмірқан – ел еркесі, топқа ортақ. Демек, оның Ақтамақтай сұлудың қасында бірге жүре алуы қиын. Өйткені ол отбасылықтан алыс, ортақтыққа жақын.

2. Өнер адамы армансыз, қиялсыз өмір сүруі мүмкін емес. Ақтамақ Әмірқанның қиялдап туғызған, санамен соққан сұлуы шығар деген ой да келеді. Өнерпаздың қиялдан жасаған кейіпкеріндей. Бірақ Әмірханмен бірге сенесіз. Кейінгі өміріне қарап тұрып, күздік аласыз, жазушының шеберлігі де сонда, - бар мен жоқтың ортасын кейіпкер мен оқырманды байлап қояды.

«Әнші» әңгімесінде артық көркемдеу жоқ, жазушы биік пафоста суреттейтін тұстың өзінде өмірдің таза қалпы, табиғи бейнесі бар. Бұл

қаламгердің журналистің қырынан да танылады. Әңгімелеріндегі суреттеуде, әңгімелерінде публицистикалық стиль белгілері де қаламгердің төкпе дарынын, қалам қуатын көрсетеді.

Ж.Аймауытовтың «Әдебиет мәселесі» мақаласы 1925 жылы «Ақ жол» газетіне басылған. Мақалада сол кезде жүріп жатқан пікірталасқа үн қосып, «әлеуметтің зор құралы, тап тартысының құралы – әдебиеттің» сауалдарына жауап берушілік бар. «Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты – ұлт теңсіздігіне, мәдениетке талпыну, ішкі мазмұны – қазақтың халіне қайғыру, патша өкіметінің отаршылдық саясатына, қала берсе орыс атаулыға ереуіл жасау еді. Қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жақтан уайым- қайғы, торығу кіргізді. Әдебиетіміздің ендігі беті төңкерісшілдік, бұқарашылдық болу керек. Бұрын оянған ұлт сезімін тұншықтыру емес, тегістік, теңдік жолына икемдеп, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру болу керек».

Ж.Аймауытовтың сан салалы шығармашылық қызметі заман талабынан туды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, руханиятына қажет деген тұстардың барлығын дерлік қаламгер өз туындыларында қамти алды. Бұл сол кезеңдегі қазақ зиялыларының барлығына дерлік ортақ сипат болатын. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде қоғам қажетін өтейтін тұстар назардан тыс қалған жоқ. Сондықтан да, жазушы, ақын, драматург, аудармашы, сыншы, ғалым да болды. Бұндай кең ауқымды шығармашылық әлем талатпн пен дарынды, еңбек пен білімді қажет етері сөзсіз.

Ж.Аймауытов та – сол кезеңдегі қазақ зиялыларынан шыққан таланты мен дарынын, еңбегі мен қажыр-қайратын тек халқына арнаған ұлдарының бірі. Бүгінгі қоғам ұлттың барлық құндылықтарына өзгеше, жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Жаһандық өзгерістер қазақ баспасөзіндегі талай уақыттар ақтандақ болып келген тұстарды әлі де қайтап қарастыруды қажет етеді. Сол ақтандақ беттердің бірі – Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы. Шығармаларының ішінде көркем туындылары біршама зерттелді. Жазушының романдарының көркемдік кестесі, әңгімелерінің қазақ әдебиетіндегі мәні мен орны бірнеше зерттеу нысанының негізі болғаны анық. Қаламгердің көркем шығармалары мен бірге көптеген мақалалары мен баяндамалары, очерктері бар. Қаламгердің публицистикасының бірнеше ерекшеліктері де бар.

1. Ж.Аймауытов публицистикасының тақырыптары қоғам өмірінің ең маңызды тұстарына арналады. Журналист бір кезеңдік емес, ұлт болашағы үшін өміршең ойларды айтады.

2. Журналист туындыларының құрылымдық, мазмұндық сипаты, тіл қолданысы бүгінгі қалам ұстағандар үшін қажетті және үйренер мектеп болары анық.

3. Қаламгер ұлт құндылықтарының маңызды тұстарына зер салады. Бүгінгі қоғам тұрғысынан сол ойлардың қазіргі кезеңмен сабақтастығын ашудың да мәні бар.

4. Журналистік мәдениет, журналист беделі үшін қаламгердің қандай сипаттары болғаны дұрыс, ол шығармашылығында қалай көрініс табады деген сұрақтарға жауап таба білу үшін де Жүсіпбек Аймауытов публицистикасына қайта зер салған жөн.

5. Қоғамға қажет тақырыптар қандай, олардың идеялық мәні қалай ашылуы тиіс? Жауапты қаламгер публицистикасынан аламыз.

Ж.Аймауытовтың қаламгерлік шеберлігі, журналистік таланты өз кезінде-ақ бағасын алған. «Қазақ тілі» газетінің шығуына бес жыл толуын той ретінде атап өткен газет алқасы «Қазақ тілінің еңбеккерлері» атты көлемді мақаласында Ж. Аймауытовтың газетке сіңірген ерен еңбегін жоғары бағалап: «...Жүсіпбекті киіз түндікті қазақ елінің көбі білетін шығар. Жүсіпбек өзінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмашы (үш-төрт жазушыларымыздың алдыңғыларынан.) Мәннан ағай осы «Қазақ тілін» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірмеген. «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі - Жүсіпбек...» деп жазады («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь)» [1, 198]. 1989 жылдың желтоқсанында қазақ жұрты бұған дейін халық жаулары деп келген Ш.Құдайбердіұлын, А.Байтұрсыновты, Ж.Аймауытовты, М.Жұмабаевты, М.Дулатовты толығымен ақтады.

20-ғасырдың бас кезі дүниежүзі тарихында әлем елдеріндегі өзгеше оқиғалармен басталды. Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы революция, бірінші дүниежүзілік соғыс патшалы Ресейді саяси, әлеуметтік жағынан әлсіретіп кетті. Ресейдің өз ішіндегі наразылық, бодан елдерге де жетті. Қазақ зиялылары қазақ ұлтының жеке елдігі, мемлекеттілігі, өз билігінің бостандығы жолындағы күресте әдебиетті негізгі құрал етті. Әдебиетте ұлттың жаңа кезеңдегі жаңа бағыты, өзгеше дамуы, өсуі қажеттігі алдыңғы қатарға шықты.

Әдебиет ұлтқа қажет тақырыптар ретінде өнер, білім тақырыптарын, өзге елдермен тең тұру, ғылым үйренуді көтерген ұлы Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлихановтан басталған жолды қадір тұтты.

Бодан бұғауынан босап, еркін жолды таңдаған күрескерлік бағыт әдебиетте жаңа бейнелер жасады. Күрескер бейнесі, ұлтжанды, ел үшін жанын беруге әзір азамат бейнесі азаттық идеясының жемісі

болатын. Ж. Аймауытов – 20-ғасыр бас кезеңіндегі қазақ зиялыларынан шыққан талантты мен дарынның, еңбегі мен қажыр-қайратын тек халқына арнаған ұлдарының бірі.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1988 жылдың желтоқсаныда қайта құру, жариялылық кезінде республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, жаңа қоғам заңдылықтарын бұзудың құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшыраған қазақ мәдениеті мен әдебиетінің бір топ қайраткерлерін ақтау туралы қаулы қабылдады. Осы қаулы және Орталық Комитеттің осы мәселелерді зерттеу үшін құрған арнаулы комиссияның қорытындыларында А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдебиеттік қызметі жайлы толық баяндалған. Сонымен бірге онда олардың шығармашылығына қатысты «тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру», «қателіктері мен уақытша адасуларын сын тұрғыдан қарап зерделеу» қажеттілігін атап көрсетті.

Бір кездерде «ұлтшылдық» әдебиетінің өкілдері саналып келген бұл қайраткерлердің қоғамдық, творчестволық еңбегі шынында да түгелдей қазақ халқының ұлттық мүдделерімен байланысты өтті. Саналы өмірін революциядан бұрын бас таған олар сол кездегі қоғамдық дамудың мешеулігін, қазақ халқының қараңғылықтағы, қанау астындағы аянышты өмірін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ауырлатып, саяси құқығын қанап отырғанын көре білді. Қазақ халқын бай, кедей деп бөлмей барлығын бірдей көріп, ұлтты біртұтас қалпында тілін, ділін, тарихын, таным, тіршілік, шаруашылық, байлығын сақтап елдің өз бақытына жаратуды мақсат етті. Сол істің жолында қызмет етті. Сол ұлы іс үшін құрған болды. Олар халықты ағарту, өнер-білімге тарту идеясын ұсынды. Соның ішінде озық ойлы Еуропа, шығыс, орыс, мәдениетінің үлгілерін насихаттады, шетелдерің әдебиетінің бірқатар шығармаларын аударып таратып, оны өздерінің ағартушылық мақсаттарына пайдаланды. Халықты патшаның отаршылдық бұғауынан құтқарудың жолын іздеді. Осындай жағдайда болған 1917 жылғы буржуазиялық-демократиялық февраль революциясын, патшаның тақтан түсуін олар шын пейілімен қуана қабылдады. Нақты отыршылдықтан азат, билігін өзі ұстаған ел ету (Россияға бағына отырып) жолын іздеді. Осы жолда бұладың тапқан «панасы» - «Алашорда» еді. Біраз уақытын, еңбегін Алашорда үкіметімен Алаш партиясын дамыту, нығайту жолына жұмсаған олар көп кешікпей-ақ бұл бағыттың, халықты бақытқа, азаттыққа жеткізудегі мүмкіндігі шамалы екенін түсінді.

Еліміздегі жаңа жаңғыру, ұлттық мәдениетке қайта баға беру жағдайында, демократия мен ел егемендігін өз қолына алып тұрған кезінде, жазықсыз жазаға ұшырап кеткен сол бір үлкен қайраткерлер жайында сөз қозғалып, шешім қабылдаудың себебі де, жеке адамға табыну тұсында кеткен сол бір қателіктерді түзетудің қажеттігінен туған еді. Жүсіпбек Аймауытов – осы қатардағы аса ірі тұлғалардың бірі. Ол – ақын, прозашы, драмашы, сыншы, публист, аудармашы. Әдебиеттің әр алуан жанрларында белсенді қызмет ете отырып, Жүсіпбек революциядан кейін туған жаңа Кеңестік әдебиеттің негізін салушылардың алғы лебінде болды. Көптеген ірі шығармалары мен жаңа жанрларындағы ізденістерді орнықтырды.

Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық ғұмырында 20-ғасыр басындағы қазақ зиялыларының есімдері бірге жүреді. Бұл тегін де емес. Қазақ мәдениетінің негізгі ортасы болған, рухани нәрінің алтын өзегіне айналған ұлы Абай өлкесінде Семей шаһарында М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Сәтпаев, Нәзипа Нұрғали Құлжанов, Ә.Қашаубаевтармен бірге аралас болып, сырлас болып, бірін аға, бірін бауыр, бірін бірге оқитын дос ретінде бағаласа, Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатовтармен пікірлес, ұлы істе рухтас болды. Ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ішінде Ж.аймауытовтың шығармашылық ғұмыры үшін М.Ж.-Көпейұлының орны ерекше екені мәлім. Аталас туысы, бір рудан шыққан ұлы тұлғамен аралас қана емес, ішкі жан сырын ашар ең жақындарының бірі болғандығын хаттары дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіп пен Жүсіпбек Аймауытовтың жан сырларын, рухани әлемдерін ашар екі хат сақталған. «Жүсіпбек Аймауытұлына (бірінші хат)» және «Жүсіпбек Аймауытұлына (екінші хат)» сақталған.

Кейіннен Мәшһүр-Жүсіп шығармаларына енгізілді [2]. Айтар мәліметтері мол хаттар 1927-1928 жылдары жазылған. Мәшһүр-Жүсіп:

Астыңа құтты болсын ағаш атың,

Артылсын күннен-күнге алапатың!

Қаламыңның ұшына қыдыр дарып,

Әуелеп өрлей берсін жазған хатың! [2, 274]. – деген келешекке

жасқа тілек айтса, Жүсіпбек ағасының түскен көңілін көтеріп, жанын жылытар сөздер айтады, өз істері туралы баяндайды. «...Сіз – қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адамқылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді, салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған

сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзбен айта білуінде» - десе, ендігі бір жерде елдегі ағасын өзінің көңіліне жаққан ісін аяқтаған қуанышымен бөліседі. «Екі жарым ай болды – үйден-түзге, отыра шықпағаныма. «Не істедің?» - десеніз, қылуегте (хылуатта) жатып, бір роман жазып, бітірдім. Өзіңіз көрген «Қартқожадан» үлкендігі екі есе үлкен болады. Бар ойым, ынтам, рухым сол романға кетіп, тап жынды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті, қымбат(хұмбат)ағаны ұмытып кете жаздаппын. ...Бірақ бұл күнде романым бітті. Баспаға жібергелі отырмын. Басылып шықса, көрерсіз» [2, 274].

Жазушының 1928 жылы жазылған «Ақбілек» романын жазу кезіндегі шығармашылық, ішкі рухани сезім толқыныстары хатта анық көрінеді. Сонымен бірге Сұлтанмахмұт жайында, сол кезеңдегі қоғам туралы ойлары кейінгі әдебиеттану ғылымы үшін құнды материалдар болуымен мәнді. Қорыта келгенде, Ж.Аймауытовтың шығармашылық ғұмыры қарымды журналистің қазақ жазба өнерінің әр саласында өз талантын танытқан қаламгер екендігін дәлелдейді. Аймауытовтың көркем прозасы, ширыққан драмасы, публицистикасының да көркем және тегеурінді болуына негіз болғанын дәлелдейді.

Әдебиеттер

- 1 Байғабылов Б. Қайта оралған қаламгер: Талантты жазушы Ж.Аймауытов туралы / Байғабылов Б. // Зауал / құраст. Б.Қойшыбаев.- Алматы, 1991. – 369 б.
- 2 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1- том. - Павлодар, 2003. 270-276 б.б.
- 3 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалары. 5-том, – Алматы: Ғылым, 1999. – 298 б.

А.АЛТАЙ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

Ментебаева Айман

Филология ғылымдарының кандидаты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

aiman.mentebaeva@gmail.com

Андатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Асқар Алтайдың романдарындағы жалғыздық тақырыбы талданған. Мақала авторы А.Алтайдың әр уақытта жарық көрген екі романын салыстыра талдай отырып, екі шығарманың даралығы мен ұқсастығын анықтауға тырысады. Сол арқылы осы екі романның бірін бірі толықтырып тұрған көркем дүниелер екенін дәлелдеуге ұмтылады.

Аннотация. В статье исследуется тема одиночества в романах современного казахского писателя А.Алтай. Автор статьи рассматривает два романа в сравнительном аспекте, написанные в разные годы творческой

деятельности писателя, определяет их сходства и различия. Таким образом, автор пытается доказать что эти произведения взаимно обогащают и дополняют друг друга.

Annotation.The article studies the theme of loneliness in the novels of the modern Kazakh writer A.Altai. The author of the article considering two novels in a comparative aspect, written in different years of the writer's creative activity, determines their similarities and differences. Thus, the author tries to prove that these works mutually enrich and supplement each other.

Тірек сөздері. Асқар Алтай, роман, жалғыздық тақырыбы, қазіргі қазақ прозасы

Ключевые слова. Асқар Алтай, роман, тема одиночества, современная казахская проза

Key words. Askar Altay, novel, theme of loneliness, modern Kazakh prose

Көркем шығарма, әсіресе, «роман жанрының оқырманы кеміп барады, ұзақ-сонар туындыны оқуға ешкімнің уақыты да, қалауы да жоқ» деген кесімді тұжырым басымдық танытқан уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қайдам, жақсы туындыны оқырман көлеміне қарап оқымайды ғой... Интернеттегі түрлі маңызды-маңызсыз жаңалықтарға, керекті-керексіз ақпараттарға сағаттап уақыт жоғалтып жатамыз. Оның қасында көркем шығарма, роман дегеніңіз басқа әлемге ертіп кетіп, жаңа адамдардың ортасына түсіріп, жаңа тағдыр кешіріп, жаңа ой түйдіріп, өмірге басқа қырынан қарата алатын бір шебер дүние емес пе?!

Біз сөз етер қос роман да сондай көркем дүниелер. Жазушы Асқар Алтайдың бірі ертерек («Алтай балладасы» 2001) [1], бірі кейін («Туажат», 2012) [2] жарық көрген екі романын қарастырмақпыз. Оның да өз мәні бар. Жазушы Асқар Алтай шығармашылығы қалың оқырманға жақсы танымал. Қай туындысы болмасын аға буын өкілдерінен де, өз қатарластарынан да, жас буыннан да оң бағасын алып үлгерген. Қаламы қарымды жазушы не жазса да көркемдеп, шұрайлы тілмен, шынайы жазады. Сәкен Иманасов сөзімен айтсақ, «не жазатынын жақсы зерттеп, біліп алатын жазушы».

Автордың қарастырылып отырған қос романы сюжеті сүренсіз, тілі жадағай, танымдық сипаты олқы түсіп жататын кейбір шығармалардан жұрт «түңілген» қазіргі заманда алыстан шөлдеп келе жатқан жолаушы-оқырманның сусының басатын кәусар бұлақтай дүниелер дей аламыз. Тіпті, тәуелсіздік тұсында жазылған қайсыбір шығармалардан оқ бойы озық тұр.

Жазылған уақытына қарамастан қос туындыға тән бір ортақтық бар. Ол – жалғыздық тақырыбы. Автордың өзіне осы тақырып етене жақын тәрізді, жалғыздықтың мәні мен мағынасын, қадірі мен қасиетін жақсы білетіндей... Қос романның бас кейіпкерлері – аңшы Ұлар мен

жауынгер Байбура. Екеуі де кең даланы, оның күз-шатқалын, аң-құсын жанына жақын тартып, адам баласынан алшақ жүреді. Ұлар аңшыға бұл жалғыздық дүниеге шыр етіп келген күннен маңдайына жазылған болса (аңшылықпен күн көрген әке-шешесі Алтай баурайында жеке-дара көшіп-қонады), Байбураны тағдырдың тар соқпағы жалғыздыққа жетелеп апарды. Қос кейіпкер де осы үйреншікті өмір салтына бауыр басып, одан ажырағысы келмейді, жалғыздықтан жандарына жайлылық табады. Автор сөзімен айтсақ, «Адамнан гөрі аңға тән тіршілікке үйір».

Адам баласынан шет қалғанды «жалғыз» дейміз. Шын мәнісінде, Ұлар мен Байбөрі жалғыз емес. Қалың қауымнан сырт жүргенмен олар ұлы Алтайдың сұлу табиғаты, азулы аңы мен алуан құсына жақын жүреді. «Алтай балладасы (Алтайдың алқызыл модағайы)» романында Алтай өңірінің ауызбен айтып жеткізе алмас табиғаты, суы мен нуы, оны мекендейтін аң-құсы соншалықты шынайы әрі қыз баланың қолынан шыққан кестедей көркем суреттелген. Осы тұста танымыңыз кеңейіп, Алтай өңірі, ондағы тіршілік жайлы мол мағлұмат аласыз. Өз басым көп нәрсені осы романнан білдім десем артық айтқандық емес. Автордың жер жағдайын, ел жағдайын, жан-жануар мен аң-құс жайын, этнография мен ұмыт болған аңшылық, саятшылық туралы жақсы білетін мол біліміне таң қалмасқа шараң жоқ. Бүгінгі күнде кез келген тақырыпқа білсін, білмесін жаза беретіндер көп қой. Асқар Алтай олай етпейді. Алтай баурайын суреттегенде автордың өзі ерекше шабыттанып кететіндей. Бүге-шегесіне дейін бейнелеп, тәнті етеді. Алтай өңірінің адамдары, аю тіршілігі туралы молырақ білгіңіз келсе, «Алтайдың алқызыл модағайын» оқыңыз дер едім.

«Туажат (Тамұққа түскен сәуле)» романында автор тайыншадай арлан мен арқардай қаншықтың тағылық тектілігін, арланның аң да болса «арлы» әрекетін, Байбураның аңшылық әккілігін, аңшы жігіт пен ақшулан қаншық арасындағы өмір үшін тайталас, иен даладағы қос жыртқыштың қасиетін, характерін ашып береді. Автор екі романда да түз тағысы туралы жаза отырып (бірінде – аю, бірінде – қасқырлар), олардың тағылық тектілігін танытады. Адам мен жыртқыш аң арасындағы тайталас, текетірес оқырман бойына рух береді, жігерлендіреді. Екі романда да жыртқыштан қорқу сезімінен гөрі оқырман бойына қайсарлық дарытуға тырысқандық байқалады ма, қалай?

«Алтайдың алқызыл модағайындағы» Ұлар иен тауды дара мекендеп, ата кәсібін жан-тәнімен сүйген кәнігі аңшы болса да қатыгез емес. Ал «Тамұққа түскен сәуле» романындағы Байбура болмысынан қатыгездік байқалады. Нағашысының жар дегенде жалғыз атын жем

кылған соң «бөрі қуғынға» бет алған жас аңшы қолына түскен құмбыл қаншықты тірідей сояды. Жантүршігерлік құбылыс. Автор бұл қатыгездіктің себебін өзі ашып береді. Байбура қаны қазақ, жаны қазақ әрбір азаматтың жанына жара боп батқан, бойында ыза мен намыс ойнатқан «сексен алтының» – атакты Желтоқсан көтерілісінің куәгері. Сол бір бейкүнә жастар мен қатыгез қоғам арасындағы қақтығыс жас жігіттің жүрегіне «шер-шемен» болып байланған. Бұл соның салдары.

Қатыгездік – қоғамда қатыгездік қана тудырады. Ал адам баласына жалқы тірлік кештіріп, жан дүниесінде жалғыздық сезімін күшейтеді... Қоғамнан қатыгездік көрген жас жігіт *жалғызсырау, жатсырау* сияқты «жетім» күйге түседі, автор сөзімен айтсақ, психологиялық тұрғыдан Байбура *туажат күй* кешеді, философиялық тұрғыдан *туажат ой* меңдейді. Суреткер осы романы арқылы бұрынғы *әдеби-мәдени* ұғымға таныс емес, қазіргі қоғамның сипатын айғақтайтын ТУАЖАТ деген жаңа ұғым қалыптастырып, айналымға енгізіп отыр. Қазақы *туажат (жүрежат, жұрағат)* деген туыстық атауға жаңа мәнғ соны мағына үстеп бергені анық көрініп тұр. Ал террор мен зинақорлық, қатыгездік сияқты сұмдықтар ашық көрініс тапқан қазіргідей «*маламатан қоғамда*» жазушы өзін тереңнен тербеткен сойқан жағдайларға суреткерлік көзбен ой жіберіп, тың таным қалыптастырып отырғаны тағы шындық. Бұл енді кез келген оқырман мен зерделеушіні қызықтырарына, жаңаша ой жүгіртеріне жол ашады...

Асқар Алтайдың өзі де «туажат» ұғымына бірден келмегеніне қос романды оқу үстінде көзіміз жете түскендей. Алдымен Ұлар аңшының жалғызбасты ғұмыры жазылса, жылдар өте келе жазылған Желтоқсан көтерілісінен кейін жалғыздыққа ұшырайтын Байбура тағдырында рухани сабақтастық, іштей түлеу бары сезіледі. Жалғыздықтан жанына тыныштық тауып, қоғамнан тыс қалған *туажат ой* иелеп алған қос кейіпкерінің тағдыр-талайы араға уақыт салып туындағаны байқалады.

Өзінің тағдыр-талайы мен жаратылысын өзіне жат қылған, жау қылған зұлым қоғам – жат қоғам, туажат қоғам. Шығарма атауының «Туажат» аталуы да осы себепті. Ол жайлы автор былай дейді: «Мынау өзіндей туажат адам тудырған қиянкескі қоғам, өзіндей туажат пенде тіксінген қияметті дүние жалғаса берері хақ. Ал Туажат – осы бір оспадар сұмдығын жасырған жалған дүниеге, озбыр қылығын жасырған қоғамға жат жан иесі. Ендігі уақытта қорланған сезімі, қор болған сенімі жүрегін суынтқан Туажат шыдай алмас... Алапат әрекетке белін байлар, ірі іске басын шалар».

Шығармада Байбурамен қатар аяқ алып жүретін, ерекше сұлу суреттелетін және бір образ бар, ол – Бозие – Ана-Бөрі сұлбасы.

Мифтік образ, автор қиялынан туған образ, бірақ өте әсерлі әрі көркемдік қызметі жоғары образ. Бұл – Байбура өзі терісін тірідей сыпырған қаншық қасқырдың өлі денесінен бұмен бірге көтеріліп, боз сағымға айналған беймәлім сәуле. Ол да сыңарынан Байбураның айыруымен жалғыз қалған, жалқы күй кешкен жұмбақ бейне. Байбура тығырыққа тірелген сәтте көз алдында көктен сәуле боп құйылар құбылыс... Сана жетпес жырақтан жалғыз сорғалап түсер ғажайып субстанция.

Ана-Бөрі сұлбасы қанша рет қиын-қыстау кезеңде Байбураға көмекке келіп, қанша жерде туажат пендені ажалдан аман алып қалады. Туажаттай бас кейіпкердің бойында өзіне кәміл сенім оята білген де тек осы Ана-Бөрі образы. Ал, «Алтай балладасындағы» көңіл сүйсінтер образ – Алтайдың ақ төс қара аюы – Айқоңыр. Менің алғашқыда жатсынып, соңында ерекше жақсы көріп қалған образым. Азулы дала жыртқышының өмір салты мені ерекше қызықтырды. Жақсы көріп қалғаным соншалық, оның жыртқыштық құмарлықпен Атқыбұлаққа шомылуға келген құла құнанды қыз Бұлабикеге тап бергенін – бойжеткен қыздың иен тау арасына жалғыз келген өз кінәсі, Ұлардың Шаған анасын шапқанын – қос Қаражал арасындағы алып астау сайға жалғыз үй – қараша қосын тігіп, анасын жалғыз тастап кеткен Ұлардың кінәсі деп, тіпті Айқоңырдың Бұлабике бейітін қазып, сүйегін көрден шығарып алғанын – жыртқыштық құмарлыққа балап, кешіріп қойдым!.. Міне, бұл романның малға шауып, кісі етін жеп, өзінің тағылық қасиетінен айнымаған жыртқышының өзі оқырманды баурап алады. Оған бауыр басып, жақсы көріп кетесіз. Ол да еркек аюға тән жалғыздықта тіршілік етеді... Ұлар екеуі де жалғыздықта жүріп бірге жан кешеді... Ал, туажат күй кешкен Байбура да жалғыздықта өмірден өтеді... Тіпті оның өртке оранып, жалғыз өлгенін ешкім білмей қалады.

Айқоңыр – аю да болса есті, бойында терең түйсікпен жақсы көре білетін, өзінің тағы ғұмырын талғаммен сүретін жыртқыш. Автор оның мінезі, әрекеті, өмір салты, тіпті табиғатта аңға тән «ұстанымын» да соншалықты нанымды суреттейді. Аюдың мұншалықты көркем образға айналуының өзі шығармаға ерекше көрік, қайталанбас мағына беріп, ерекше образ тудырып тұр. «Терең түйсікпен жақсы көре білетін» деуіміздің себебін түсіндіре кетейік. Шығарма Айқоңыр аюдың Атқыбұлақ басына шомылуға келіп жүрген Бұлабике қызға деген сезімі оянып, оны бірнеше күн аңдып, соңында қызды қармағына түсіргені жайлы күтпеген оқиғамен басталады. Аю сұлу Бұлабикеге жемі үшін емес, ару қызға лайық тәніне қызыққан соң шабады...

Көпшілік білсе керек, ел аузында аңыз бар. Ертеде аю бір әйелді ұрлап әкетіп, үңгірінде ұстап, жауырынын жалап жүн шығарып, жабайы жан қылып жіберген екен. Автор осы аңызды арқау еткен сияқты, онысы барынша нанымды шыққан. Сонымен қатар жазушының туған өңірінде, ақиық Алтайдың биігінде «Қызбейіт» атты жер бар екен. Атауының өзінде жұмбақ сыр жасырылған Қызбейіттің де шығу тарихында осындай аңыз жатса керек [3].

Көркемдік тұрғыдан да шашау шықпаған, сюжеттік тұрғыдан да тартымды роман оқырманды еліктіріп әкетеді. Жыртқышқа тән жалғыздық пен тағылық сезім шығарманың өн бойына созылып жатыр. Қимастық сезім билеген Айқоңырдың есінен Бұлабике елесі ешуақытта шыққан емес, сол үшін басын қанша рет қатерге де тігеді... Аюдың осы аңсар сезімі оны оқырманға танытып, оқиға алаңына шығарады; осы аусар сезім түбіне жетіп, ажал құштырады.

«Туажат» романы да аңыздық негізден, түркілік танымнан ада емес. Шығармадағы Ана-Бөрі сұлбасы – түркілік Көкбөрі тотемі негізінде алынып отырғаны анық [4]. Ана-Бөрі сәби шағынан жетім өскен Байбураны бауырына тартып, туажат қоғам тудырған туажат пендесін періштедей жебеп, қиын-қыстау кезеңде «адасқақ ұлын» анасындай ажалдан құтқарып қалып жүреді. Себебі, Байбураның болмысында, характерінде бөрілік қасиет бар. Сәби шағында анасынан айырылып, жетімдік көріп өскен Байбураның бойында қатыгездік пен жалғыздық, анасын ер-азаматқа тән үнсіз жоқтау, іштей егіле іздеу секілді сезімдерге орын бар. Қаншық Ана-Бөрі сұлба-сәулесін анасындай қабылдайтыны да содан. Ал түз тағысы еркіндікті, дербестікті сүйеді. Байбура да сондай. Қасқыр өліспей беріспейді, өлімге бас тіккіш, Байбура да... Бөрі тәкаппар, өлексеге әуес емес, бойын таза ұстауға тырысатын текті жыртқыш, Байбура да... Сондықтан да бөрі рухты Байбура – сұмдығы мол лас қоғам мен дүмше дүниеге Туажат. Байбураны ахиретке де қамқоршы киесі – Ана-Бөрі алып кетеді. Өмірде өзі жол көрсетіп, жетелеген Бозиесі өлімге де өзі бастап барады. Ана-Бөрі – Бозие бейнесі – жазушының аса бір сәтті ойлап тапқан, бәлкім санасында найзағайдай жарқ етіп туған тылсым образ десек те болады. Қазақ оқырман үшін тылсым күш, ғайыптан келер көмектің қасқыр Ана кейіпінде келуі әрі нанымды, әрі соншалықты әсерлі. Бөрі тектес, бөрі тағдырлы қазақ баласының жанашыры Ана-Бөрі болуы оқырманға рух береді, қанаттандырады. Жалпы, автор осы бір романдары арқылы *жалғыздық психологиясымен жалғыздық философиясы* секілді күрделі ұғымдарға өзі де терең бойлауға күш салғандай әсерде қаласын... Ол шығарма табиғатынан авторлық ремаркамен анық сезіліп отырады.

Екі шығарманың шешілу шешімі де өте тартымды. «Алтай балладасы» романында Бұлабике бейітін қазып, жас сұлу мәйітін бейіт сыртындағы кәрі қарағайға сүйеп қойған Айқоңыр аю мен бейіт басына таң қараңғысында жеткен Ұлардың жекпе-жегі, бір қызға ғашық болып, құмартқан адам мен хайуан – екеудің бірін бірі жеңе алмай, екеуі де жастығын ала өлгендігі суреттеледі. Шығарма немен басталса, сонымен аяқталады. Роман Айқоңырдың Бұлабикеге құмарлығы, қапылыста жыртқыштың қолына түскен бойжеткенді Ұлардың ажал аузынан аман алып қалған бетпе-бетінен басталып, шығарма соңында Бұлабике сүйегін жыртқышқа қорлатпаймын деп арашашы болған Ұлар мен аюдың жекпе-жегімен тәмамдалады. Алғашқы кездесу аю үшін де, жастар үшін де жақсы аяқталғанымен, соңғы кездесу екеуінің бірдей ажалына себеп болды. Мұның арасында – аңшылық тұрмыс, Алтайдағы аю тіршілігі, психологиясы, із-түссіз жоқ болып кеткен әке, Айқоңыр аюға жем болған ана, Бұлабикенің әкесі Қызыр байдың ауылы көрінісі, алтын қазып жатқан кержақ-орыстар жайы және т.б. көптеген қоғамдық, тарихи-саяси мәселелер сөз болып отырады. Бірақ негізгі сюжеттік желі – «Айқоңыр – Бұлабике – Ұлар» ұштағанынан тұрады.

«Туажат» туындысының шешімі мүлде басқаша. Шығарманың аяқталуы өте ойлы, өзгеше сезімге жол ашады. Оқырман автордан мұндай шешім, мұндай нәтижені күтпесе керек. Швед қызы Мария-Агатаның бойына бала бітуі, оны ахиретке жол тартып бара жатқан Байбураның «сана көзімен» көруі, сол жатырдағы шарана арқылы жат ел, жат жерге бұйыратын ұрпағы болатынын сезінуі, қалтасынан түсіп қалған дөнес шынының алапат өрт тудыруы – бәрін де шағын-шағын суреттеулер арқылы қысқа қайыра отырып жазушы барлық оқиғаны, барлық ойды бір түйінге шебер жымдастыра білген. Сюжеттің жылдам шешім табуы да туындыға көрік беріп тұр.

Айтпақшы, «Алтай балладасында» өліп бара жатқан Ұлардың басында «Ұлым...» деген бір көмескі ой жылт етеді. Ол да соңғы сәтте, жалғаннан фәниге аттанар шешуші сәтте ұлын есіне алады. Бұл – оң жақта отырып Ұлардан жүкті болып қалған Бұлабике дүниеге әкелген сәби... Екі шығарманың бас кейіпкері өздері өмірден өтіп бара жатса да, соңынан ұрпақ қалғанын бірі (Байбура) сана көзімен, енді бірі (Ұлар) ақыл көзімен көріп, ақтық демі таусылар шақта есіне алады. Кездейсоқ ұқсастық па, әлде... Бәлкім, кейіпкер болмысына лайық зандылық болар. Кейіпкер атаулының өз өмірі, өз тағдыры, өз сезімі мен өз психологиясы, өз философиясы бар емес пе?!

Екі роман да рухани жақтан жалғыздық психологиясы, жалғыздық философиясы арқылы бір-бірін толықтырып тұрғаны ақиқат. Қос

роман соңында жарық дүние мен жалған қоғам, қилы-қилы қоршаған орта бүкіл саналы ғұмырында әділдік, адалдық үшін аласұрып тіршілік кешкен, өз ұстанымынан айнымаған қос «жалғыз» (Ұлар мен Байбура) – көкжал азаматтар ақырынан соң да кең дүние өз күйбең тіршілігіне көшіп, қалыпты өмір айналымын жалғастыра береді... Өзекті қарыған өкініш, сананы сілкінткен жігер оқырман санасына өзгеріс әкелері сөзсіз.

Бұл дегеніміз – көркем шығарма өзінің басты поэтикалық міндетін атқарып шықты деген сөз. Авторлық қуатты ізденістен туған романдар оқырман санасын тағы бір дүр сілкіндіріп салды. Адамдық пен тағылықтың, табиғат пен болмыстың мынау дүрмек дүниеде *жалғыздық сезім* жайлап, *туажат ой* кернеген кезде қандай күй кештілерін қос роман қайыра бір еске түсіріп өтсе керек.

Әдебиеттер

- 1 Алтай А. Алтай новелласы: роман-миф. – Алматы: Өлке, 2001. – 292 б.
- 2 Алтай А. Алтай балладасы. – Алматы: Арда, 2017. – 400 б.
- 3 Алтай А. Қызбейіт. // <http://qamba.info/site/book/online/qyzbeiiit/content>
- 4 Ибрайымжанов Қ. Көкбөрі. // <http://mezgil.kz/e/action/Showinfo.php>

НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИН МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Алиев Басқар Бақдәулетұлы

PhD докторанты, Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
baskar66@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Нұрпейіс Байғанин шығармашылығының зерттелуі сөз болады.

Аннотация. В статье рассматриваются исследования творчества Нурпеиса Байганина.

Abstract. The article deals with the study of creativity Nurpeis Baiganin.

Тірек сөздері. Фольклористика, жырау, жыршы, жанр, сюжет.

Ключевые слова. Фольклористика, сказитель (жыршы, жырау), жанр, сюжет.

Key words. Folklore, narrators, genre, plot.

Нұрпейіс Байғанин өмірінің көбін патриархалдық-феодалдық ортада өткізді және төңкеріске дейін негізінен эпостық жырларды көп жырлаған ақын. Нұрпейіс шығармашылығына көз жіберсек, ол-екі ғасырдың арасын жалғап жатқан тірі көпір тәрізді, қалың қазақтың төңкеріске дейінгі және одан кейінгі көңіл-күйін, арман-мақсатын төл жырларымен кеңінен бейнеледі. Ақынның төңкерістің арғы-бергі жағынан бастап 1938 жылдарға дейін шығарған өлеңдері болуы мүмкін, әсіресе шығармашылығы туралы газетте жазылған

редакциялық мақалаларда көрсетілген фактылар, яғни Нұрпейіс 1924 жылы кедейлердің I съезінде, 1927 жылғы жер бөліс, 1938 жылы Нұрпейістің Жамбылдың тойына қатысқандығы туралы сөз болады. Осы кезден бастап ақынды Қазақстан жұртшылығы кеңінен тани бастады.

Кенес үкіметінен кейін Нұрпейіс Байғанин шығармалары тек газет-журнал беттерінде ғана емес, өз алдына жеке жинақ болып та жарияланып тұрды. Бұған «Өрістеген өмір» (1939), «Ақын шабыты» (1940), «Таңдамалы шығармалары» (1945), «Избранные произведения» (1945), «Шығармаларының жинағы» (1950, 1956, 1991, 2006) сияқты әр жылдарда шыққан кітаптары дәлел. Нұрпейістің шығармашылығы туралы алғашқы зерттеу мақалалар 1938 жылдан бастап жариялана бастады. Әсіресе, ақынның «Қазақ ССР-ның өнеріне еңбегі сінген қайраткер» деген құрметті атақ алуы мен 80 жасқа толуына байланысты жазылған үлкенді-кішілі мақалалар мол. Бұл ретте Ғ. Мүсіреповтің, Ғ. Мұстафиннің, В. Копытиннің, Е. Ысмайловтың мақалаларын атап өтуге болады. Ал О. Нұрмағанбетованың бірнеше зерттеу мақалалары мен Н. Байғанин шығармашылығына арналған кандидаттық диссертациясы бұл салада істелген еңбектің ең сүбелісі деуімізге болады.

Нұрпейіс Байғаниннің өмір жолы, шығармашылығы жөнінде мәліметтерді, яғни зерттеулерді тек Е. Ысмайлов пен О. Нұрмағанбетованың еңбектерінен ғана кездестіріп қана қоймаймыз. Сонымен қатар басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқанын аңғара аламыз. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде Серікқали Байменшенің «Тағзым» атты кітабын айтуға болады. Ғ. Мұратбаев атындағы сыйлықтың иегері С. Байменшенің аталған кітабының «Жырдың нұры – Нұр-ата» тарауында жыраудың шығармалары жөнінде мәлімет беріледі. Ғалымның көрсетуінше Нұрпейіс – екі ғасырдың арасын жалғап жатқан тірі көпір тәрізді, қазақтың төңкеріске дейінгі және одан кейінгі көңіл-күйін, тұрмыс-тіршілігін, арман-мақсатын төл жырымен біршама бейнелей алған ақын. Кезінде Нұрпейіс шығармаларының екі қыры, яки айтыс ақыны және батырлар жырын айтушы жүйрік жырау ретіндегі өзіндік орны зерттеушілер тарапынан лайықты бағаланғандығын да ғалым өз еңбегінде айта кетеді.

Н. Байғанин шығармашылығы әдебиет зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалымдар зерттеушілеріне өзек болып, іргелі ізденістерге арқау болып келеді. Атап айтсақ, жоғарыдағы зерттеушілер қатарына М. Ғабдуллин, С. Мұқанов, Ы. Дүйсенбаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, С. Негимовтың есімдерін қосуға болады. Аталған ғалымдар өздерінің мақала зерттеулерінде ақын өмірі мен шығармаларына терең тоқталады. Сол

сияқты Х.Сүйіншалиевтің «Ақиық ақын жырлары» әдеби зерттеулері, сонымен қатар «Қазақ әдебиеті», «Коммунизм жолы» (бұрынғы «Социалистік жол») газетінің әр жылғы сандарында жарияланған Ж.Әлсейтов т.б. мақала естеліктерін де қосуға болады. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші ғалымдарымыз Нұрпейіс шығармашылығы туралы қадау-қадау пікірлер айтты.

Нұрпейістің шығармашылығы туралы алғашқы мақалалар 1938 жылдан бастап жариялана бастады. Әсіресе, ақынның «Қазақ ССР-ның искусствоға еңбегі сінген» деген құрметті атақ алуы мен 80 жасқа толуына байланысты үлкенді-кішілі мақалалар бар. Мұнан кейін зерттеулер жазыла бастады. Бұлардың ішіндегі ең ірісі – белгілі ғалым Оразгүл Нұрмағанбетованың 1953 жылы «Нұрпейіс Байғанин – кеңестік дәуірдің жыршысы» атты кандидаттық диссертациясын қорғауы. Кейіннен 1950, 1956 жылдардағы Нұрпейіс Байғанин шығармалар жинағының алғы сөз, түсініктерін жазып кітап етіп баспадан шығарды. Соңғы кітабы «Таңдамалы» деген атпен 1991 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Бұдан басқа Нұрпейіс Байғанин шығармашылығы туралы әр түрлі газет-журналдар бетінде бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Нұрпейіс Байғанин шығармашылығын зерттеген О.Нұрмағанбетованың үлесі неде дегенде алдымен оның ел арасында экспедициясы шығып жарыққа шықпаған өлеңдерін тауып, оларды айналымға қосуында, зерттеуінде дер едік. Бұрын жыршылық өнермен айналысқан ақынның кеңес дәуіріндегі шығармашылығының дамуы, оның жаңа саласы, оның әдебиет тарихынан алатын орны айтылады. Ақынның тілі, стилі, ақындық шеберлігі кеңінен сөз болады. Қазақ зерттеушілерінің арасында Нұрпейіс шығармашылығын танытуға белсене атсалысқандардың бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор Есмағанбетов Ысмайлов. Еңбектерінің қай-қайсысы болса да жадағай мазмұндаудан аулақ, ақынның өзіндік ерекшелігін ашуға, жалпы әдеби дамудағы орнын әділ бағалауға бейім ғалым көп жылғы зерттеулердің негізінде «Ақындар» (1956) монографиясын жариялады. Қазақ халқының ертеден келе жатқан төкпе ақындық, жыраулық, жыршылық өнері кеңес дәуірінде де тоқырамай дамып келе жатса, осының сыры неде? «Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен» - деген М.Әуезов пікірінің Нұрпейіске де қатысы бар. Нұрпейіс секілді тағы да басқа көптеген ақын, жыршылардың өмір жолына, шығармашылық шеберлігіне ғылым көзімен қарап, осы импровизаторлық өнердің даму заңдылықтарын ашуға аса мол зер салған Е.Ысмайлов кеңес дәуірінде өмір сүрген ақындар болмысын әр

алуан шындығын баян етеді, кешегісін саралай отырып бүгінгі бет алыс, бағытын бағдарлайды. Монографияда негізгі объектілердің бірі ретінде Нұрпейістің алынуы заңды да еді. Онда Нұрпейістің ақындық жолының қалыптасып дамуы, фольклорлық дәстүрді сақтап, жаңа дәуірде жаңа сапаға көтеріп, дамытушы болғаны тұтастыққа қаралған еді. Ғалым сонымен бірге Жамбылдың үзенгілес шәкірттерінің бірі – жыр дүлдүлі Нұрпейіс шығармашылығына тереңірек көңіл бөлді. «Ақындар» монографиясының құндылығы басқа замандастары секілді Нұрпейістің шығармашылығын жан-жақты зерттеуге ғана емес, жалпы суырып салма ақпа ақындық өнер туралы бұрын айтылып жүрген пікірлерді саралап, бір жүйеге келтіруде және өзінің тың тұжырымдарын жасауда, сөйтіп бұл жайында ғылыми-теориялық пікірлерді жинақтап түйіндеуінде екендігі даусыз. Ғалым 1940 жылы өзі алғысөзін жазып баспадан шығарған Нұрпейістің «Ақын шабыты» деген кітабының кіріспесінде былай дейді: «СССР Ғылым академиясының Қазақстан филиалының әдебиет және халық шығармасы секторында Нұрпейістің жырлап берген аса бағалы «Батырлар жырының желісі», «Қараұлектің Мамайды жоқтағаны» деген жырлар және «Қобыланды батырдың» 9000 жолдық ұзақ дастаны бар. Мұның бәрі 1939-40 жылдардың ішінде ғана ақынның жатқа айтуынан жазылып алынды. Нұрпейіс «Қырымның қырық батырын», Исатай, Есет, Бекет, Көтібар батырлардың талай ұзақ жырларын, ноғайлы заманындағы Едігі ұрпағындағы батырлардың жырларын, Кенесары, Жанқожа батырлардың жырларын, тағы сондай жырларды көп біледі. Бұл жырларды Нұрпейістің аузынан жазып қағазға түсіру үлкен ғылыми мәдениеттік маңызы бар жұмыстың бірі. Нұрпейістің бұл тарихи жырларын тыңдап отырғанында бір қайран қалатын нәрсе – оны үлкен шежіреші, тарихшы ақын екендігі, көпті көрген, көпті білген қария білімді ақын екендігі, өз халқының тарихын жанындай жақсы жырлайтындығы» [1, 14]. Амал не бегілі ғалым тізіп айтқан жырлардың көпшілігі бізге белгісіз. Осы кітаптың алғы сөзін тағы бір жерінде Нұрпейісті қарт жырауларды көзіне елестеткендей болады: «Шынында Нұрпейіс ерте шапса кешке озған қысқа күнде қырық рет бәйге алған кәрі тарлан жүйрік ақын. Сөзінің нұры қайтпаған, жастық қуаты әлі нарттай жанып тасып тұрған, бурыл шашты, күмістей ақ сақалды, толықсыған қарт. Денесін нық, еркін ұстап, шалқая отырып, шалықыта сөз тастаған, суырылып топ бастаған дана жырау Нұрпейісті көргенінде өткен тарихымыздағы даналығымен аты сөзге жүйрік, тілге шешен дария жыршы – Бұқар, Шортанбай, Дулат, Мұраттар қайта туып, бүгінгі өмірді көріп, көп алдында жырлап тұрған тәрізді. Нұрпейіс тек сырт тұлғасындағы осындай толымды

жарастығымен ғана емес, ол әрбір толғау сөзінде заманның бере білуімен көзге ерекше түседі» [1, 106].

Жыр алыбының өмірбаянын кеңейте түсетін деректер де бар. Мәселен, ақынның жастық шағын тәп-тәуір суреттеп шыққан жазушы Тобық Жармағанбетовтің «Бәйтеректің жас шағы» повесі [2]. Ғ.Мұратбаев атындағы сыйлықтың иегері, ғалым С.Байменшенің «Тағзым» атты кітабының «Жырдың нұры – Нұр-ата» тарауында жыраудың шығармалары жөнінде көптеген мәліметтер беріледі. Ғалымның көрсетуінше Нұрпейіс шығармаларының екі қыры, айтыс ақыны және батырлар жырын айтушы жүйрік жырау ретіндегі өзіндік орны зерттеушілер тарапынан лайықты бағаланғандығын да ғалым өз еңбегінде айта кетеді [3].

Нұрпейіс туралы естелік жазушылар ақынды алғаш қашан, қалай көргенінен бастайды. Бұған мысал ретінде Дихан Әбілевтің «Ой толғауы» кітабының ішіндегі «Жыр тарланы» атты естелігі [4]. Естелікте Дихан Әбілевтің Ақтөбеге арнайы Нұрпейісті іздеп келгені, Алматыға Жамбыл тойына апарғаны айтылады. Әбділдә Тәжібаевтың Алматыда Нұрпейіспен кездесіп, дастархандас болғандығы, жыр тындағаны, өзіндік ерекшелігі «Жылдар, ойлар» кітабында шебер суреттеледі [5]. Ақынның 150 жылдық мерейтойы тұсында Ұлттық Ғылым академиясынан шыққан 3 томдық шығармалар жинағын Байғанинтануға қосылған қомақты үлес деп бағалауымызға болады. Мұның бәрі Нұрпейіс шығармашылығын тереңірек қарастыруға болашақ зерттеушілерге көмегі мол дүниелер.

Әдебиеттер

1. Ақын шабыты. –Алматы, 1940.
2. Жармағанбетов Т. Ақ жауын. –Алматы, 1984.
3. Тағзым. –Астана, 1999.
4. Әбілев Д. Ой толғауы. –Алматы, 1981.
5. Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. –Алматы, 1976.

ӘБУБӘКІР АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ РУХ

Тәжіғалиева С.О.

Магистр, Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
sabiraisha@mail.ru

Андатпа. Мақалада ақын Әбубәкірдің ақындық шеберлігі сөз болады.

Аннотация: В статье рассматривается поэтическое мастерство поэта Абубакира

Annotation: The article deals with the poetic prowess of the poet Abubakir

Тірек сөздері: ақын, заман, қазақ халқы, дәстүр, тұрмыс тіршілік.

Ключевые слова: поэт, эпоха, казахский народ, традиция, бытовая жизнь.

Key words: poet, era, Kazakh people, tradition, home life.

Замана бел-белесіне тек сыртқы түрі ғана емес, кісілігі, парасатымен тоғышар пенделер мал, дәулет, ақша-қаражат күшімен не туыс-жекжаттық қолдау арқасында билікке ие болып, аспанға қарайтын, елдің әлеуметтік өміріне іріткі салатын кездері болады. Әбубәкір осындай әділдік пен шындықтың даусы шықпай, бұра тарту көбейіп, бұзықтық жол алған заман халіне ашу - ызамен шамырқана сөйлейді. Өмір, заман, адам, мінез - құлық сырларын ағытып, ақтық, адалдық жолға үндеген өлең, толғауларын оқығанда Әбубәкір айтпаған, жырлаған, толғаған мәселе қалмағандай.

Бұл заманда бір бірлік –

Көрмегенге нанбаған.

Екі достың арасын

Айырады оңбаған.

Ақиқат өзі көрмесе,

Тілге азбайды оңды адам [2].

Әбубәкірдің аңсағаны құдайын есінен шығармаған әділет-ақтық пен иманды – инабаттылық, жасы үлкені мен әкімін тыңдаған, құлық–сұмдық, озбырлық, арсыздық балаламаған тыныш та дарқан, бағзы қазақ өмірі. Осындай өмірді ақын «Қазағым» атты өлеңінде халқымыздың бұрынғы бақыт, берекесі мен кең пейіл, ақ көңіл адалдығын, елдігі мен ерлігін тебірене жырлауы да сондықтан.

Қазағым:

Қыс болса қыстаушы еді қырға барып,

Көлденең шыңыраулы шыңға барып,

Жарлы деп жүз қой бітсе айтушы еді,

Қой, жылқы толықпаса мыңға барып.

Саралап ат, айғырын мырза, байлар

Үргенішке сатушы еді жылда барып.

Әбубәкірдің ой–пікірі, бағыт, көзқарасы толқымалы, біріне бірі қарама-қарсы, шытырман қайшылықты. Ол өзі сөз еткен тақырыптарының кейбірі, ең негізгісі туралы біресе олай, біресе бұлай деп, біріне бірі қайшы екі түрлі ой түйеді. Мысалы, өз заманын, қазақ халқының өз тұсындағы хал – жайын сөз еткенде, Әбубәкір оны біресе мақтайды. Әңгімені қазақ халқының Россияға қосылуынан бастап, ол өте орынды болды, қазақ халқы:

Бағынған бұл патшаға әуел бастан,
Әділдік табылар деп артын ойлап.
Кіріпті Әбілқайыр заманында,
Кеңдік бар деп осының ғаламында.

Ойлағандай болды: патша өкіметі қазақ халқына кеңдік берді: қазір қазақтың жерін, елін қазақтың өз биі, болыстары, тілмаштары билеп тұр, патша өкіметі қазақ арасынан мектеп, медресе, школа ашты: қазақ балаларының оқып, білім алуына, ғылым, өнер үйренуіне жағдай жасады; патша әділ: ел ішіндегі жолсыздықты тыйды; патша өкіметі өнерін асырып, отарба, түрлі машина шығарды, қазақ соны пайдаланып, дәулетті, мәдениетті болып отыр дейді. Біресе Әбубәкір осының бәрін жоққа шығарады: қазір заман бұзылды, бұл заманның адамы, заңы, дәстүрі бұзылды; қазақтың жері тарылды, дәулеті сарқылды, - деп зарлайды:

Заманым өтті, ел азды,
Ел ішінде ер азды.
Айдын – айдын сулардың
Балығы кетіп, көл азды.
Ойпаң – ойпаң жерлердің
Оты кетіп, жер азды...
Еділ, Жайық екі су
Ел қонуға тар болды.

Әбубәкір Ресей империясының отарлау саясаты ықпалымен адам мен заманның аузын, озбырлық пен араздықтың кең етек алуын өзінің «Заманның опасыз халіне айтқан» өлеңінде ашына толғайды.

Жалған сөз азаматқа болды оңай,
Замана болды, халқым, әлде қалай?
Сөйлемей тілін тістеп отырмасаң,
Аузыңнан жалғыз шыққан кәлем сөзің.

Әбубәкірдің патша өкіметінің отарлаушылық саясатын сезіне білмеуі мүмкін емес еді. Патша озбырлығының айқын көрінісі – өз әкесі Боранқұл мен оның туыстарының Жайық бойындағы бағзы қонысынан айрылып, Ақтөбе маңына көшіп келуі еді. Тек бұл өзінің

ғана емес, бүкіл қазақ елінің бірқатар ауылдарының ата қонысынан ажырап, жері тарылып, малы азайып, дәулеті саркылып, дәуірінің дәстүр - заңы бұзылып, адамының пиғылы өзгеруі Әбубәкір дәуірінде болды.

Патша өкіметінің қазақ елінің қарын жаздырмай, барлық әлеуметтік өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына кеулеп еніп бара жатқан зиянды жаңалықтарын ақын тап басып, дәл көрсете алған:

...Орысша білім білмесең,
Еш пайдаға аспай тұр.
Мұсылманша моллаңыз,
... Қараның ұлы хан болды,
Құлдан туған паң болды.

Ақын бұл жерде көненің күні өтіп, орнына жаңаның келетін заңдылығын айта отырып, сол дәуірдегі өмір шындығын шынайы суреттейді:

Дүнияның терең түбі жоқ,
Һәммасы жалған, шыны жоқ.
Пенденің бәрі арманда,
Ақылсыздың мұңы жоқ.
Дүнияны қалай шын дерсің,
Атамыз – адам пайғамбар,
Сонан бергі адамның
Өлмей жүрген бірі жоқ.
Заманым қалды өсекке,
Шамаласам ары жоқ [2].

Міне, бұл жолдар өмірдің өзгеріп, әдет - дағдының бұзылуын, заманның азуын аңғартады. Ақынды әділ, тура биліктің құны кетіп, әділет, шындық пен дін шарифат - имандылықтың аяқасты болуы, ішітарлық пен өсек-өтірік өршіп, ниет-пиғылдың азуы, елдің әкімді, жастың кәріні сыйламауы қатты ойландырады.

Патша өкіметі ықпалымен өзгерген дәуірде ақылы шолақ әкімнің, «алхамды» шала білген дүмше молданың пайда болуы, көрсекызар қызылшылдардың жат әдет - дағдыға орынсыз еліктеуі ақынға жат көрінеді. Сонымен қатар, ақын бірқатар өлең, толғауларында оқу, өнерді, дін – шарифатты, ғылымды, азаматтық – кісілікті, жақсы мінез, жарастықты, әдет – ғұрыпты насихаттады. Өмірдегі жақсыны – жаманды, әртүрлі құбылысты, мінез – дағдыны салыстыра отырып, имандылық жолын уағыздайды. Ол орысша да, мұсылманша да оқудың ешқайсысын жатсынбайды, керісінше, жас қауымның өнерлі, білімді, инабатты болуын қалайды.

Бір құдайды жад етіп,
Қаламды қолға алған соң,
Әбубәкір толғансын.
Дүнианың арты баянсыз,

Аспан, жерлер таяусыз, - деп, өз дағдыңнан жаңылып, әдет – ибаңды ұмытып кетпе, сенім – нанымды жоғалтып алма деген ой тастайды ақын. Бұл тұста Әбубәкір ақын өзінің замандастары болған Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы сияқты бірқатар ақындармен үндес келеді. Мысалы: «Мұраттың жалпыға айтқан» өлеңін келтіруге болады.

Жалғаншы фәни заманда,
Топырақтан жаратқан
Осы бір жүрген адамды,
Асырап, сақтап өсірген
Он сегіз мың ғаламды.

Әбубәкір «Ноғай халқына насихат қылып айтқаны» өлеңінде өз халқының арын арлап, мүддесін қорғаушы аузы дуалы азамат ретінде танылады. Туыс халықтардың бағзы бірлігін, тату тіршілігін қалап, көңіл жаралайтын жағымсыз сөзге үйір жеңіл ауыздыларды сыпайы сынай біледі.

Қараңыз қазақ, ноғай көзінді ашып,
Барады өнер білген бақыты асып,
Россия ең әуелде нашар еді,
Өнермен барады халықты басып.
Жиһанға оқып ақылы жеткеннен соң,
Дәулеті бара жатыр судай тасып...

Ақынның Орскіде тұратын Сары Ахмет (Ахметжан) баласы Нығметжанға, оның Әбубәкірге жазған хаттары шығыс шайырлары үлгісінде. Әрине, екі хатты да Әбубәкір ақын өлеңге айналдырып өзі жазған болуы керек. Бұл хаттарда айтылатын мәселе – Әбубәкір шығармаларын бастыру, хат иелерінің бір-бірін қадір тұтып сыйламайтындығы. Осы сыйластық нәтижесінде ақынның «Әдебиет қазақия» атты шығармалар жинағы 1902, 1905 жылдары Қазан қаласында екі дүркін жарияланған.

...Жібердім бірталай сөз нақыл етіп,
Алсаңыз көңіліңізге мақұл етіп.
Баршасын бастырып шығаруға,
Қол қойдым ақырында уәкіл етіп.

Әбубәкірдің азаматтық – әлеуметтік тақырыпта жазылған бірқатар арнау өлеңдері де бар. Ақын арнаулары әркілі адамдарға: билерге, саудагерге, насыбайшыға, дөрекі, жалқау қызметкерге, инабатты хәм

инабатсыз адамдарға, ұрыға, үйіне қондырмаған қызға, тәкәппар сұлу келіншекке, надан сопыларға, сараң байларға, менмен әкімдерге арналады. Әрине, ақынның көптеген уағыз, насихаттары барша халыққа бағышталғаны белгілі. Өсиет – үгіт, әзіл – оспақ, сын – сықақ, әшкерелеп тілдеу ретінде бұл өлең - толғауларында ақын адам бойындағы жағымсыз қылықтарды көрсете отырып, кісілік - адамгершілік жолды нұқсайды. Халықты ізгі әдет - ғұрыпқа, имандылыққа тәрбиелеуде бұл өлеңдердің мәні зор. Және ел іші, дүйім жұртшылық мұндай шығармаларды ықыласпен тыңдайды, өздері өмірде күн сайын кездесіп жүрген ұқсас жайларды сынап, әшкерелеуде өте қажетті рухани құрал етіп айтып отырады.

Әдебиеттер:

1. Мәдібай Қ. XIX ғасыр басындағы әдебиет 1 кітап. – Алматы: Жазушы, 2001. - 192 б.
2. Кердері Ә. Б. Қазағым – Алматы: Жазушы, 1993. – 283 б.
3. Елікбаев С. Т. Қазақ әдебиеті – Алматы, 2005. – 320 б.
4. М. Әуезов, М. Жолдыбайұлы, Ә. Қоңыратбаев XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы – Алматы: Жазушы, 1993.
5. Ахметов Ф. Кердері Әбубәкір ақын хақында //Жұлдыз. – 1991. - №6.

ІҮ. ӨТЕЖАН НҮРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ПАРАДИГМАСЫНДА



АҚЫН ӨТЕЖАН НҮРҒАЛИЕВ ӨЛЕНДЕРІНІҢ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Садирова Күлзат Қаниқызы,
филология ғылымдарының докторы, профессор
филология факультетінің деканы,
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
kulzat.sadirova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада ақын Өтежан Нұрғалиев шығармалары құрылымының синтаксистік ұйымдасу ерекшеліктеріне талдау жасалады. Ақын шығармаларының тақырыптарының үстірт және астырт құрылымдарына сабақтастықта талдау жасай отырып, ақын өлеңдерінде, тақырып беруде қолданылған синтаксистік құрылымдар сипатталады.

Аннотация. В статье даётся анализ особенностям синтаксической структуры построения произведений У. Нурғалиева. Синтаксические конструкции характеризуются с точки зрения подачи темы, а также в тесной взаимосвязи как глубинного, так и поверхностного взгляда на творчество автора в целом.

Annotation. The article gives an analysis of the features for U. Nurgaliev's work in the syntactic structure. Syntactic construction are characterized from the point of view of presentation as well as in close connection with both deep and a superficial view for author's work in general.

Тірек сөздері. Дискурс, мәтін, астырт құрылым, үстірт құрылым, синтаксистік құрылым, сұраулы сөйлем.

Ключевые слова. Дискурс, текст, глубинная структура, поверхностная структура, синтаксическая структура, вопросительное предложение

Key words. Discourse, text, deep structure, surface structure, syntactic structure, interrogative sentence

Поэтикалық мәтіндердің құрылымдық және мәндік ұйымдасуының өзіне тән заңдылықтары бар. Ол заңдылықтар Т.Қордабаев [1], Р.Сыздықова [2] т.с.с. ғалымдар зерттеулерінде арнайы зерттеу нысанына айналды. Дегенмен өлең мәтіндері ұйымдасуының синтаксистік деңгейде зерттелуі өзектілігін жойған жоқ. Өйткені синтаксистік құрылым - мәтіннің негізгі мәнін тасымалдаушы, ақынның ойы мен дүниетанымын оқырманына жеткізуші конструкция.

Ақын өз ойын оқырманына жеткізуде сөз қолданыстарының мағыналық, мәндік жүгін таңдағаны тәрізді соған сәйкес түсетін синтаксистік қалыпты да таңдайды. Әрине, бұл біз даралап айтып отырған мәселелеріміз, ақын санасында ішкі сөз түзу заңдылықтарына сай автоматты түрде туады, шабыт қысып, сыртқа шығар өлең толғағы піскенде түсер қалыбы да еріксіз таңдалады. Сыртқы синтаксистік қалып кездейсоқ іріктелмейді, оның да өлең табиғатына сай тіркесімі мен ырғағына, ұйқасына сай оймен сабақтасады. Синтаксистік құрылым не синтаксистік бірліктер – ойдың тілдік жамылғышы, ол үстірт қабатты құрылымға жатады. Ол бірліктердің түзілуіне түрткі болған ақын ойының өзегі мен ішкі сөздегі түзілісі (адам ойындағы) астырт құрылымға тиесілі. Астырт құрылым мен үстірт құрылым біртұтастықта адамның ойы мен оның тіл мен сөздегі көрінісін құлаққа естілетіндей дыбыстық жамылғышпен жауып екінші адамға жеткізеді. Өлеңдегі негізгі мәнді оңай қабылдауға, түсінуге мүмкіндік беретін сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы ғана емес, соларды тұтастандырып тұрған – синтаксистік құрылым. Біз осы мақалада ақын Ө.Нұрғалиев өлеңдері құрылымының синтаксистік тұрғыдан ұйымдасу ерекшеліктерін талдамақпыз. Бұл мақсатқа жету үшін ақынның «Соғыстың соңғы жазы» шығармасының синтаксистік құрылымы мен оның ұйымдасуын туғызатын тәсілдерді сөз етеміз. Ол үшін үстірт құрылымдағы тіл бірлігі мен оның астарындағы астырт құрылымның арақатынасы талданады. Бұл не деген сөз? Нақты түсіндірсек, айтылған не жазылған бірлік тек өз бойында тұрған ақпаратты ғана білдірмейді, оған қазықталған тұтас бір мәтіндік ақпаратты білдіріп тұрады. «Соғыстың соңғы жазы» атауы синтаксистік тұрғыдан алғанда, үстірт құрылымда тірек сөзі тәуелдік тұлғалы зат есімнен жасалған атаулы сөйлем түрінде жұмсалып тұрған синтаксистік бірлік. Осы бірлікке бекітілген астырт құрылым тұтас мазмұнға ие ақпараттық, ассоциациялық мәтіндерді *1945 жыл, Ұлы Отан соғысы, неміс фашистері* т.с.с. сөздерге қазықталған тұтас тарихты, сол кездегі оқиғаларды, соғыстың қиыншылығы мен ажал құшқандарды, жауған оқтың ортасында қалмаса да жеңісті жақындатуға күш салған тылдағы еңбек пен адамдар өмірі, соғыс тақырыбында жазылған шығармалар мен өнер туындыларын ойда қозғайды. Ал осы мәндер мен ақпараттар «Соғыстың соңғы жазы» деген жарыса сабақтаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркесімен берілген. Осы тіркес айтылғанда/оқылғанда оқырманның санасында, ойында оның астарындағы аталған мәндер соғыс тарихынан хабары бар жандарда бірден ұғынылып қабылданады.

Ақын өлеңдерінің тақырыптарының синтаксистік құрылымы да алуан түрлі ақпарат пен мәнді қазықтаған. Аталған шығармасының мазмұнындағы өлең тақырыптарын синтаксистік құрылымына сай топтастырып көрейік:

1) шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрылымымен келген атаулар: *Барсаң, сәлем айта бар Байганинге!*

2) Сұраулы сөйлем құрылымында келген атаулар: *Бақыт деген не? Барып қайтсақ болмай ма? Біреу саған ошағын бере ме?*

3) Инверсияланған хабарлы жай сөйлемдер: *Алыста қалған жырақтың әні, Кеудемде жанған шырақтың әні* – құрылымы бірдей сипатқа ие. *Балам менің өлген жоқ!*

4) Қалыпты жай сөйлем құрылымында келетін атаулар: *Алматыда сол жылы гүл жауды, Ауыл тола түйе еді, Жалаң аяқ табандарды өлшейтін!, Қағаз ұшып барады, Мұқамбеттің үлкен қызы – Дәнекер, Сағындықтың жалғыз ұлы – Әбілхайыр, Чертежіме тиіспе!, Шынтемірге сәлем бер, Немересін сақтай гөр!, Мен болайын! Күллі документіңді әкел!, Мыңбай гүлдегенде, Аға алдына барғанда.*

Бұл қатардың өзінде синтаксистік құрылымдардың бірнеше топқа жіктеліп тұрғанын аңғаруға болады:

Мұқамбеттің үлкен қызы – Дәнекер, Сағындықтың жалғыз ұлы – Әбілхайыр – Субъект пен есім предикат құрылымында келген жай сөйлемдер;

Чертежіме тиіспе!, Шынтемірге сәлем бер, Немересін сақтай гөр!, Мен болайын! Күллі документіңді әкел! – бұйрықты жай сөйлем;

Мыңбай гүлдегенде, Аға алдына барғанда – мезгілдік мәнде жұмсалатын толымсыз эллипсистенген сөйлемдер.

5) Атаулы сөйлемдер құрылымында: *Басқарма мен Шоқат. 1944 жыл, Жынды өгіз бен Тәжібай, Көмекбай туралы аңыз, Қалқа туралы аңыз, Түйе туралы аңыз, Жансүгіров туралы аңыз, Оқуға бармаған жыл, Бір махаббаттың хикаясы, Үлкен бақыт туралы әңгіме, Шоқат Әлібеков туралы жыр, Жылқы туралы жыр, Түйенің тулауы туралы өлең, Қайран бала мінезі-ай!*

Бұлардың қатарында бірдей құрылыммен келген синтаксистік бірліктерді топтастырсақ:

Басқарма мен Шоқат. 1944 жыл, Жынды өгіз бен Тәжібай – салаласа байланысқан сөз тіркесінен тұратын синтаксистік құрылым.

Көмекбай туралы аңыз, Қалқа туралы аңыз, Түйе туралы аңыз, Жансүгіров туралы аңыз, Үлкен бақыт туралы әңгіме, Шоқат Әлібеков туралы жыр, Жылқы туралы жыр, Түйенің тулауы туралы өлең – туралы шылауымен келген анықтауыштық қатынастағы күрделі, есімді сөз тіркесі құрылымымен келген бірлік.

Бір махаббаттың хикаясы, Әнештің бірінші хикаясы, – сатылана байланысқан есімді сөз тіркесі құрылымымен келген.

Қайран бала мінезі-ай! – ай демеулік шылауының қатысымен жасалған атаулы сөйлем құрылымы анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркесінен жасалған.

6) Пысықтауыштық не толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркестерінен болған атаулар: *Кейін қарай жүру, Өкпемен қағу, Сол жылдары еске алу, Көзірмен ұру*

7) Есімді сөз тіркестерінен жасалған тақырып аттары: *Мұз үстіндегі тәуекел, Жарты өлең, Бота баққан ақын, Қалада баққан қой, Өлең жазатын адам, Олжа үлестірген Сағындық, тағы да Сағындық туралы, Жан баспаған арал, Өртке кеткен шақша, Жарақаты жоқ адам, Гүлайша тұрмысқа шыққан жыл, Ақмолданың аңызы, Жеңіл ұры, Шалбар әні, Ақ бота, Екі қасық сүт, Ақсақ қалыңдық, Жылдарға сапар, Тәжайықтың даласы, Мұқаштың ақыры, Басқарманың баласы, Менің кітапханам, Алғашқы шапалақ, «Жақсы жігіт», Туған ел сәлемдері, Денсаулықтың қадірі.*

Бұл қатардағы синтаксистік құрылымдарды өзара бірдей сипаттарына сай топтастырсақ, мынадай жіктемені аламыз:

Қалада баққан қой, Бота баққан ақын, Олжа үлестірген Сағындық, Жан баспаған арал, Өртке кеткен шақша, Өлең жазатын адам – анықтауыштық қатынастағы бағыныңқы сынары күрделі (зат есім мен –қан/-кен, -атын/-етін тұлғалы есімшемен келетін) басыңқы сынары зат есімнен жасалған сөз тіркестері.

Ақмолданың аңызы, Жеңіл ұры, Шалбар әні, Тәжайықтың даласы, Мұқаштың ақыры, Басқарманың баласы, Менің кітапханам, Туған ел сәлемдері, Денсаулықтың қадірі – матаса байланысқан есімді сөз тіркестері.

Ақ бота, Екі қасық сүт, Ақсақ қалыңдық – есім мен есім сөздің тіркесінен жасалған анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері.

Жарақаты жоқ адам, Гүлайша тұрмысқа шыққан жыл – бағыныңқы сынары предикаттық қатынастағы тіркеспен, басыңқы сынары зат есімнен жасалған синтаксистік құрылым.

Бұл өлең тақырыптарының синтаксистік құрылымдары мен оған бекітілген мәннің қалай біртұтастықта болатынын түсіндіріп көрейік: «*Барсаң, сәлем айта бар Байғанинге!*» деген құрылымның шартты білдіретін бөлігі (Сен егер барсаң) сәлем жеткізудің қалыптасқан жағдаятының автор және оқырман санасында орнығуымен байланысты. Танымайтын жанға, бейтаныс ортаға біреуден сәлем айтылмайды. Сәлем айту – адамның бойындағы сағынышты, не сәлем қабылдаушыға қатысты ыстық ықыласты өзі тікелей айту мүмкіндігі

жоқ болған кезде, өзге жан арқылы жеткізу. Бұл қазақтың әлеуметтік тәжірибесінде бар, қарым-қатынаста орныққан әрекет түрі, ол тілде *сәлем айт* бірлігінің мазмұнында бекіген, ұлттық мәдени мазмұн сапасында орныққан. Санада оның осы қалпындағы қолданысы сақталып, дискурста өзекті, белсенді қолданылады. Осы дайын құрылым өлеңнің негізгі мәнін көрсетіп, негізгі ойды синтаксистік құрылымға шақтап тұр. Өлең жолдарында аталған мән мазмұнды синтаксистік құрылымға қазықтап тұрған бірлікке көңіл аударайық:

Ақ қағаздан қорқушы ем нүктесі жоқ,

Айдаладан қорқушы ем бүкпесі көп.

Нүктесін де **көп көрдім**, бүкпесін де,

Маған, сірә, бұл жердің өкпесі жоқ.

Ерғараның иесіз орманында,

Таңды көрдім Ақтамда қонғанымда.

Күнді көрдім мен тұңғыш құмға батқан,

Қызыл жирен Құмсайдың ар жағында.

Атты көрдім аяғы тұсалмаған,

Құсты көрдім аспанға ұша алмаған.

Айдын көлдің аққуын **сонда көрдім**

Құшамын деп, құшам деп, құша алмаған (Ө.Нұрғалиев. Соғыстың соңғы жазы. 2-том.3-4-бб.).

Өлеңнің негізгі мәнін қазықтап құрылым мен мағынаны тұтастырып тұрған **көрдім** етістігі, оның себебі де түсінікті, өйткені сәлем айтуға итермелеп тұрған ақынның туған жерге деген сағыныш сезімі, ал сағыныш сезімін қозғап тұрған – ақын көңіліндегі туған ауыл келбеті, суреті. Бірақ ақын көрген көрініс тыныш, жанға жайлы көрініс емес, көңілге мұң ұялататын көрініс: *аяғы тұсалмаған ат* – тұсайтын иесінің болмауы, *аспанға ұша алмаған құс* – қанаты бола тұра ұша алмау – қара жамылу, қанатынан қайрылу (қайғы), *құшамын деп құша алмаған аққу* – құшпақшы болса да, сыңары жоқ, онан айырылған (жесір), *құмға батқан күн* – ұясын өзгертіп батқан күн де – бас көтертпес қайғының көрсеткіші. Осы ауыр тірлік көрінісін **көпкөрген** ақынныңсағыныш сәлемі өрілген өлең мәтіні **көрдім** етістігімен бекітіліп, соның айналасына өзге бірліктерді шоғырландырып, өлеңнің құрылымдық-мағыналық біртұтастығын туғызып тұр. Әрі осы өлең құрылымының бірінші құрылымдық-мағыналық бөлімін екіншісінен әрі бөліп, әрі жалғап тұр. Олай деуіміздің себебі мынада: ақын сәлем айтып отырған елінде көргенін еске түсіріп, сәлем айту негізін ұқтырса, өлеңнің келесі үш шумағы осы ауыл көрінісін жалғастырады, бірақ қалыпты, мұңсыз, нақты кейіпкер бейнесімен еске түсіріп сәлем айту әрекетінің қалай болуы керектігін ұсынады:

Өтті, кетті, жасық боп – жыламаймын,
Өткен күнді еске алам, сынамаймын,
Жемнің арғы бетінде құлан құсап,
Жылқылары жүр ме екен Жұмабайдың.

Бұл шумақ алдыңғы мұнды көрініске қатысты туындайтын ойды тиянақтап, *сәлем айту* әрекетінің *сәлем беру* әрекетімен сабақтасып орындалатына ауыстырады, өлең құрылымын өзара байланыстырады. Ол өлең тармақтарында *барсаң, сәлем бере шық, сәлем беріп, барсаң, сәлем айта бар* синтаксистік құрылымдарымен берілген:

Жауды көрсе әлі де ақия ма,

Тар болмай ма жетпіс жас тақияға –

Бір *тай мінер* уақытым болды менің,

Барсаң, сәлем бере шық Жақияға.

Сәлем беріп, мен болып *тайға мін* де,

Барсаң, сәлем айта бар Байғанинге,

Анда-санда құлақ сап жүр дегейсің,

Жүрегінде жоғалмай қалған үнге (Ө.Нұрғалиев. Соғыстың соңғы жазы. 2-том. 4-б.).

Қаладағы тумасы үшін сый-сияпатын, еншісі мен сыбағасын сақтап отыратын ауыл қазағының әдетіне сүйене отырып, сәлем беріп, өзінің сәлемін жеткізуді тапсырады, өз жүрегіндегі үнге құлақ салып, ауылын, ауылдастарын сағынып жүргенін жеткізеді. Осы өлеңнің құрамындағы екі бөлік, нақты айтқанда, екі синтаксистік тұтастықтың бір ой төңірегінде болуы ақын өлеңінің мәндік-құрылымдық тұтастығын туғызуға ықпал етіп тұр. Күрделі синтаксистік тұтастықтың прозалық шығармада да, поэзиялық шығармада да кездесетінін атай отырып, академик Р.Сыздықова былай деп жазады: «Әдетте, белгілі бір айтылған ой жазушының тұтасқан сөзі (связная речь) екені мәлім. Ал тұтас текстің құрылымын синтаксистік жағынан талдағанда, әрбір жеке сөйлемді алып, соларға қарай талдамай, айтылған ойға (высказыванию) қарай анализ жасау қажеттігін біз де құптаймыз» [2, 297]. Демек, өлең құрылымының синтаксистік ұйымдасуына ұйытқы болатын негізгі нәрсе – айтылған ой.

Өлең құрылымының мағыналық-синтаксистік ұйымдасуын камтамасыз ететін амал-тәсілдерді ғалым [2, 298 – 304] топтастырып береді. Оларды санамаласақ және Өтежан ақын өлеңінің синтаксистік құрылымында кездесуіне көңіл аударсақ:

1. Біртектес параллель сөйлемдердің қатарласа келуі. Параллелизм сөйлем мүшелерінің саны мен олардың тұлғаларының бірыңғайлылығынан туындайды. Мұндай синтаксистік параллелизм ақын Ө.Нұрғалиев өлеңдерінің ұйымдасуына да қызмет еткен:

Ақ қағаздан қорқушы ем нүктесі жоқ,
Айдаладан қорқушы ем бүкпесі көп.

Барсаң, сәлем бере шық Жақияға.
Барсаң, сәлем айта бар Байғанинге,

2. Синтаксистік тұтастыққа топтасқан сөйлемдер бір субъектімен (логикалық) қазықталады. Бұл Ө.Нұрғалиевтің біз талдап отырған өлеңінде ауылға сәлем айтып отырған жан – өзі. Сондықтан да аталған өлеңде **көрдім** етістігі негізгі рөлді атқарып тұр.

3. Өлең құрылымын біртұтастыққа біріктіруге есімдіктер де қызмет етеді. Бір шумаққа немесе бір шоғырға (абзацқа) топталған сөйлемдерді олардың біреуінде (кейде бірнешеуінде) келтірілген есімдіктер бір-бірімен тығыз жымдастырады, яғни алдыңғы жолдардағы бір мүшені соңғы жолдардың бірінде есімдік арқылы қайталап береді. Ақын Ө.Нұрғалиев өлеңінен мысал келтірсек:

Солқорғасын сол тоғысқан жерінде

Қалды ілініп тікен құсап **терімде**.

Терімде емес, жүрегімде қалдыол,

Жүректе емес, қалды туған жерімде (Өкпемен қағу).

4. Сөздердің не сөз тіркестерінің қайталануы да өлеңнің синтаксистік құрылымының ұйымдасуына ықпал етеді. Жоғарыда келтірілген мысалда қою шрифпен таңбаланған сөздер мен сөз тіркестері осының дәлелі: **сол, терімде, Терімде емес, жүрегімде қалды, Жүректе емес, қалды**. Бұл тұста синтаксистік параллель құрылым да бар: **Терімде емес, Жүректе емес**.

Ақын Ө.Нұрғалиев өлеңдерінде мұндай қайталаулар өте жиі қолданылады. Мысалы:

Сол өкпемен қайғы **тескен**, мұң **тескен**

Тесіп шықтым қара аспанды бұлты өшкен.

Тесіп шықтым төбесінен арманның

Сәуле көріп көкейімді бір **тескен** (Өкпемен қағу).

5. Өлең ұйқасын морфологиялық көрсеткіштері бірдей тұлғалы етістікке құру да – өлең тұтастығын құрайтын сыртқы тәсілге жатады. Бұл тәсіл де Өтежан ақынның өлеңінде кеңінен кездеседі:

Алған медаль ата жауға оқ **атып**,

Алған медаль қорғасынды **боратып**,

Әлі де болса бес медалің бар ғой **деп**,

Балғазы шал қояды оны **жұбатып** (Ақмолданың аңызы).

6. Өлеңнің синтаксистік құрылымында белгілі бір сөздің тәуелдік тұлғада келуі оны мәтіндегі өзге ойлармен іліктестіреді. Мысалы:

Бауырың – шалғын,
Балағың – самал,
Балтырың – балғын,
Төсің – нұр.

7. Бұл айтылғандардан бөлек ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылымында жиі қолданылатыны – сұраулы сөйлемдер. Олар ақынға соғыс азабын тартқан жандардың көңіліндегі жазылмас жарасын шынайы жеткізуге астырт құрылымдағы ой өзегін сұраулы сөйлем құрылымына сыйғызуға көмек береді:

Сол кездерде сұрамаған нан бар ма?

Сол кездерде жыламаған жан бар ма?

Бөліспеген қайғы бар ма басқамен

Қой орнына қоян бағып қалғанда? (Мұз үстіндегі тәуекел)

Қан майданда қан бөліссе несі айып?

Аш балаға нан бөліссе несі айып?

Қан бөліскен, Нан бөліскен кезеңге

Қалай ғана біз қиянат жасайық! (Мұз үстіндегі тәуекел)

Ақын сұраулы сөйлем түрін қолдана отырып, соғыс кезеңдегі жайттан хабар береді: нанға жарымау, әр үйдің қиналысы, қайғы жұтып қалса да, елдің бірлікте болып өзара бөлісуі, біріне-бірінің қарайласуы, сол кездегі қиындықты бөліскен кезеңді ұмытуға болмайтыны сұраулы сөйлем түрінде берілген. Бұл өлеңнің негізгі ойы мен оның «Мұз үстіндегі тәуекел» аталатын тақырыбымен біртұтастығын түзуге ықпал етіп тұр, әрі ойдың оқырман тарапынан қабылдануына, салмақты ойдың түзілуіне түрткі болып тұр.

Немесе «Кейін қарай жүру» өлеңінде:

Ойнадың ба? Таныстың ба «жартымен»?

Ішкіштердің жасымен де қартымен?

Кері кеткен шоферларды көрдің бе?

Ылғи ғана жүретұғын артымен?

Ойбай тоқта! Біздің жол ма мынау да –

Тереземді көміп тұрған қырауға?!

Мынау жол да мен өтетін жол ма екен,

Кірдім барып андап тұрған сұрауға!?

Бұл өлеңдегі сұраулы сөйлем құрылымы жоғарыда айтылғандай қандай да бір хабарды жеткізу міндетін ғана атқарып тұрған жоқ, бұл синтаксистік құрылымда ақынның өмір жолы туралы философиялық пайымдауы беріліп тұр.

Ақынның «Жеңіл ұры» өлеңінде де қолында барын өзіне өзі қимаған жанға қатысты ой-пайымдауы сұраулы сөйлем құрылымында кездеседі:

Сол оңаша оралтпай ма жас күйін!?

Киінбей ме сол ақшаға тас түйін!?

Төбесінде тесігі жоқ... тәуірлеу

Тым болса кимей ме екен бас киім!?

Ақынның өлең жолдарында риторикалық сұраулы сөйлем құрылымы да қолданылады. Мысалы: «Барып қайтсақ болмай ма?» өлеңінде ол былай қолданылған:

Сол бір күндер бұлдырайды шалғайда,

Жолдар бізді сол кезеңге жалғай ма?

Аяқ бізді апармаса,

Жүрекпен

Сол кезеңге барып қайтсақ болмай ма? (104-б.)

Өлең тармақтарының сұраулы сөйлем құрылымымен келуі, бір сұраулы сөйлем құрылымының ақынның ойы мен коммуникативтік мақсатына сай түрлі қызмет атқаруы, түрленуі Өтежан Нұрғалиев танымының өзіндік ерекшелігі мен тілдік және дискурстық құзыреттілігінің өзіндік келбетін танытады.

Қорыта айтқанда, ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылымы – «көкіректегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда әрін кетірмей» ұстап тұратын қалпы ғана емес, Өтежан ақын шығармаларының құрылымдық ерекшелігінің де көрінісі.

Әдебиеттер

1. Қордабаев Т. Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы. Тарихи синтаксис мәселелері. А., 2010

2. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. А., 2010

3. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2015.- 288-б.

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР МӘНІ

Кушкимбаева Айнұр

PhD докторы, Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

Андатпа. Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты. Ол сол елдің тарихына, мәдениетіне ғана емес, өркениетті құрайтын талғамдар жинағына, өмір сүру әдісіне, руханият, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктеріне де байланысты. Сондықтан тіл ақыл-ойдың хабаршысы қызметін атқарып қана қоймай, тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды

насихаттайды. Мақалада Ө.Нұрғалиевтің сөз қолданысындағы бірліктердің лингвомәдени мәні ашылады.

Аннотация. Язык тесно связан с обычаями его народа. Это зависит не только от истории, культуры страны, но и от сбора вкусов, образа жизни, духовности, достижений в области цивилизации. Поэтому язык не только служит посланником ума, но и пропагандирует исторические, культурные и цивилизационные ценности. В статье раскрывается содержание культурных значений в употреблении слова Нурғалиева.

Annotation. Language is closely related to the customs of its people. It depends not only on the history, culture of the country, but also on the collection of tastes, lifestyle, spirituality, achievements in the field of civilization. Therefore, the language not only serves as a messenger of the mind, but also promotes historical, cultural and civilizational values. The article reveals the content of cultural meanings in the use of the word Nurgalieva.

Тірек сөздер. Лингвомәдени бірліктер, мәдени құндылықтар, эталон, стереотип, концепт

Ключевые слова. Лингвокультурные единицы, культурные ценности, эталоны, стереотипы, концепты

Key words. Linguistic and cultural units, cultural values, standards, stereotypes, concepts

Дүние бейнесі мен тіл, мәдениет өзара күрделі байланыста болады. Тіл әр ұлттың дүниетанымын, болмысын анықтап, дүниені игерудегі тәжірибесін сипаттап қоймай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Когнитивтік лингвистикалық зерттеулерде түрлі ұлттарда дүниенің тілдік бейнесі түрліше қалыптасқаны айқындалып отыр [1]. Тілде алдыңғы ұрпақтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық мәдениетінің жетістіктері мен тәжірибесі, ұлт өркениетіне қатысты белгілер шоғырланған. Сондықтан тіл, мәдениет пен өркениетті бір-бірінен ажырағысыз тұтас дүние ретінде қарастыру бүгінгі таңда өзекті мәселелер қатарына жатады.

Лингвистиканың бір саласы ретінде дамып келе жатқан лингвомәдениеттанудың негізгі міндеттеріне дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттың мәдени ерекшеліктерін, сөз мазмұнындағы мәдени мәнділіктерді айқындау, оларды тілдік әрі мәдени субъектінің когнитивтік санасымен тығыз байланыста қарастыру т.б. жатады. ХХІ ғасыр лингвистикасы «тілді мәдениет феномені, ұлттың мәдени коды» ретінде қабылдап, зерттеу өзегіне айналдырып отыр [2].

Мәдени ұлттық сипат тілдің барлық деңгейлерінде көрініп отырады, алайда барлығы бірдей мәдени бірлік емес. Сөз мағынасында, оның реңктерінде, ұлт тілінің фразеологиялық бірліктерінде, паремиологиялық қорында халықтың мәдениеті, өмірі, тарихы жатыр. Сондықтан тілдік құбылыс халықтың тарихына, оның

тұрмысына терең бойлап кете береді. Тіл мәдениет пен өркениетті жарыққа шығарушы рөл атқарады. Дегенмен, тіл мәдениет пен өркениеттің өмір сүруін қамтамасыз ететін жай ғана көмекші құрал емес. Ол байланыстырушылық қызмет атқарады. Сондықтан тіл, мәдениет пен өркениет бір-бірінен ажырамайтын тұтас дүние ретінде қарастырылуы тиіс.

Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты. Ол сол елдің тарихына, мәдениетіне ғана емес, өркениетті құрайтын талғамдар жинағына, өмір сүру әдісіне, руханият, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктеріне де байланысты. Сондықтан тіл ақыл-ойдың хабаршысы қызметін атқарып қана қоймай, тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды насихаттайды [3, б. 91].

Әдеби-көркем шығарманың ұлттық тілді барлық бітім-болмысымен, өзіндік ерекшеліктерімен, байлығымен жан-жақты толық ашып көрсететіні белгілі. Шығарманы дүниеге әкелуші тіл оның ұлттық белгісінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады. Әдебиетке алпысыншы жылдары «Менің махаббатым» атты жыр жинағымен келген Өтжан Нұрғалиев өлеңдерінде жаңа бояу, тың үн, тосын мінез бар. Ақынның өзі де әдебиетке жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп келді. Әдебиетке жаңа леп, жаңа тыныс қосылды. Ол көптеген кітаптардың авторы. Шығармалары: Менің махаббатым. Өлеңдер. «Жазушы», 1962; Ақ нөсер. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1968; Нөсерден кейін. Өлеңдер. А., «Жалын», 1971; Ай астында ақбоз үй. Өлеңдер. А., 1972; Қайыңды тоғай. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1973; Таңдамалы. Өлеңдер мен балладалар. А., «Жазушы», 1976; Соғыстың соңғы жазы. Балладалар. 1-кітап. А., «Жалын», 1977; Соғыстың соңғы жазы. Балладалар. 2,3,4-кітаптар. А., «Жазушы», 1978, 1980, 1984; Тыныштық. Өлеңдер. А., 1987; Афина мектебі. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1997. «Құрмет» орденімен марапатталған [4].

Талантты ақын Ө.Нұрғалиевтың «Соғыстың соңғы жазы» деп аталатын балладалар жинағы – сонау соғыс жылдарындағы бір ауылдың өмір суреті сияқты. Егер ол суретші болса да дәл осы оқиғаларды бейнелер еді. Өйткені өзі көрген, көзі көрген, көңілінің түкпірінде қарайып қалған қаяулы жылдар суреті өткенді еске түсіре береді. Бір ауылдың, бір ауыл адамдарының, бәрінен бұрын нанға, киімге, қағазға, қарындашқа телмендей қараған қаршадай баланың қатал тағдыры – көз алдыңызға келеді. Бұл оқиғалар бір ауылда, Байғанин ауылында, болғаны ақиқат, бірақ ол бүкіл бір кезеңге, бүкіл елге тән, ортақ тағдыр. Бала жүрегінде қалған қатал кек арада 30 жылдан астам уақыт өтсе де, азамат ақын жанын сыздата береді, кеудесіне сыймай, көкейіне лықсып келіп, ақыры, айтылып тынады.

Бұл жырларды оқығанда сол соғысқа қарсы бар даусымен айғайлаған бала даусы құлағымызға келеді [5].

Көркем шығарма, яғни мұра (мәтін) неғұрлым ұзақ жасаса, яки автор мен қабылдаушы арасын бөліп тұрған уақыт өлшемі молайған сайын өз кезегімен адресаттар да ауысып отырады. Ал адресаттардың ауысуы – мәтінді басқаша қабылдауға әкеледі, бұл – жаңарған мәтін пайда болғандығының белгісі. Көркем мәтін жазылған (айтылған) уақыттың әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстері мәтінде сақталатын кілт (код) ретінде тілдік тұлғаның ұлттық ғалам бейнесін танытатын тіл бірліктерін, әсіресе «ертеден сақталған мәдени ақпараттардың (бұл ақпараттар мәдени сема, мәдени концепт, мәдени коннотация, мәдени стереотиптер түрінде сақталады) мәнін» [3,б. 11] анықтауға мүмкіндік беретін Ө.Нұрғалиев шығармаларындағы тілдік мағыналардағы лингвомәдени бірліктерді танимыз. Біздің мақаламызда ұлттық болмысты танытатын тіл бірліктері мағыналарының прагматикалық мәні ұлттың дәстүрі, салт-жоралғысы, тарихы, өзіндік ерекшеліктері туралы ақпараттың бейнеленуінен көрінеді. Мысалы: Қайыңды тоғай

Қайырлы күн.

Қайыңнан жонған

Көп **Зерең** едің.

Көп **Зерең** едің

Кешегі өртте

Қорғасын тескен

Оқ жеген [6], – өлеңдегі **Зерең** лингвомәдени бірлігіне тоқталар болсақ, ағаштан жонып жасалған, қымыз, сүт өнімдерін құятын үлкен сырлы аяқ. Автор ол туралы «Қайыңнан жонған» леп өзі де ақпарат беріп тұр. Және осы Зерең – Қайыңды тоғайдың метафорасы қызметін атқарып тұр. Зерең сөзін қазір біреу білсе, біреу білмес. Ал сонау бағзы замандардан халықпен бірге жасап келе жатқан осы бір көне сөзді автор адресантына жеріне жеткізе түсіндіреді. Оның кешегі өртте, қорғасын тескен, оқ жеген тіркестері арқылы адресанттың есіне сұрапыл соғысты салып отыр.

Дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындайтын лингвомәдени бірліктерді анықтау оңай емес. Себебі кейбір сөздердің мағыналық құрылымында лингвомәдени компоненттер ашық кездесе, енді біреулерінде мәдени ақпараттар мағына тасасында қалады. Сөз мағынасындағы көрінбейтін мәдени компоненттер зерттеуде образдар, эталондар, стереотиптер, семалар, концептілер, тілдік бірліктердің ішкі формалары аялық білім арқылы ашылады.

Ақын өлеңдеріндегі семиотикалық белгілер көркемдік немесе тәрбиелік қызмет атқарып қана қоймай, ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттаушы да. Алақан жаю – тілдік бірлігінің мағынасын түсіндіру үшін ақын Шон кемпірдің басынан өткен ауыр халді еске түсіреді.

Көрші кемпір қалған кезде шекісіп,
«Отыр дейсің қайбір ол да жетісіп,
Алақанын жайып өткен Шон ғой ол
Жарымаған, жамау етек, беті ісік»...

Деп жамандап, Шонға тілін түйрепті,
Бұл ауылда бұлай сөйлеу сирек-ті.
Алақанын жайды деген жаман сөз
Бөліп өткен тас сияқты бүйректі[6].

Әрі қарай Шон кемпірдің жанкешті жағдайын көз алдына елестете отырып, суреттеп береді. Яғни, ұлттық танымға алақан жаю дегеннің мүлдем жат екенін дәлелдеп береді.

Тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болатыны белгілі. Мысалы, «Бота баққан ақын» атты тарауда ақынның Бота арқылы дүниенің ащы-тұщысының дәмін татып өскенін байқаймыз: «...тұңғыш рет ащы сөзді үйренгем, моп-момақан бота менен тікеннен», «...бөзінгеннің бозалаңдау көжесін, біліп алды менің нәзік таңдайым», «Бота кетті!!» десе болды зырлаймын, Екі көзім ұйықтап жүрген күйімен», «Бота кетті!» деді біреу...мен үшін, «Өрт» дегендей боп естілді ойбайлап», «айқай қалды құлағымда...үзілмей, Енесіне жамыраған ботадан», «Құйттай бала жүрегімнің ішінде, Бота қуып кетіп бара жатады» т.б. Бота түйенің жаңа туған жас төлі. Ұлттық танымдағы **Бота**, ботақан, көшек – түйенің бір жасқа дейінгі төлі. Отықпаған 1-2 айлық ботаны ботақан деп те атайды.

Ақын сол ботаны суреттеу барысында ұлттық мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім жүйесін меңгере отырып, өз танымындағы дүниенің тілдік суретін береді. Ақын танымындағы Бота – оған жауапкершілік, еңбекқорлық, шыдамдылық, сабырлылықты үйреткен. Сондай-ақ ақ киіз, шөңге, несібе, көген, шұбат т.б. көптеген лингвомәдени бірліктердің мәнін ашуға болар еді Ол – алдағы күннің еншісінде.

Ө. Нұрғалиев поэзиясында тілімізде ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлтымыздың мұрасы, тәжірибесі, салт-дәстүрі мен мәдениеті көрініс тапқан. Халқымыздың дүниетанымынан,

тұрмыс-тіршілігінен мол ақпарат беретін, тағылымдық-танымдық мәні зор, парасатты ойлар мен өнегеге толы, ұлттық болмысты айрықша көрсететін жоғарыда келтірілген мысалдар – мәдениетті танудың негізі.

Әдебиеттер

1. Карпенко М.А. Понятия «лингвокультурология», «лингвострановедение», «лингвокраеведение» и их соотношение // «Язык и культура»: доклады междунар. конф. – Киев, 1997. – Ч. 3. – С. 89-91.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2001. – 400 с.
3. Лакофф Д.Ж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // Язык и моделирование социального взаимодействия. – М., 1987. – С. 126-170.
4. <http://madenportal.kz/author/>
5. <http://www.bjka.kz/nurgaliev.php>
6. Соғыстың соңғы жазы: балладалар.- Алматы: Жалын, 1978.- 144 б.

ТІЛДЕГІ ЭМОЦИЯНЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ

Аширова А.Т.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
anara_314@mail.ru**

Аңдатпа. Тіл-қатынас құралы. Адам баласы қоғамда тіл байлығын дамытып, сөйлеу мәнерін жетілдіріп, өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін жан-жағымен көптеп қарым-қатынасқа түседі. Осы орайда басынан көптеген сезімдік күй кешеді. Жағымды жаңалықтар мен игі істерге қуанып, сүйсініп, шаттанады. Ал көңіліне қаяу салар жағдайларға қайғырып, күйініп, тіпті кейде ашуланып та жатады. Осындай жағдайларға байланысты жағымды мен жағымсыз эмоция туады. Эмоцияның тіл арқылы бейнеленіп, тілдік құралдар арқылы берілуі қиындық тудырғанымен, тіл білімінде маңызы өте зор. Неге десеніз, адамның эмоциясыз жүруі қоғамда тым сирек кездесетін құбылыс, тіпті жоқтың қасы деуге де болар. Сондықтан, эмоцияның қазақ тіліндегі рөліне баса назар аударғанымыз жөн.

Аннотация. Язык – средство общения. Для того чтобы полноценно формироваться как личность, чтобы развить речь, дикиню человек коммуницирует с окружающей средой. В это время человек испытывает различные эмоции и чувства. Радуются хорошим новостям и делам. А, если, новость печальная, то проявляется грусть, печаль, иногда даже агрессия. От определении случаев эмоции делятся на положительные и отрицательные. Роль эмоций в языкознании велика. Так как, в обществе можно сказать нет человека без эмоций. Поэтому, обратим внимания на роль эмоций в казахском языке.

Annotation. Language is a means of communication. In order to fully form as a person, to develop speech, a person communicates with the environment. At this

time a person experiences different emotions and feelings. Rejoice in good news and business. And, if the news is sad, then there is sadness, sadness, sometimes even aggression. From the definition of cases, emotions are divided into positive and negative. The role of emotions in linguistics is great. Because, in society, you can say there is no person without emotions. Therefore, let's pay attention to the role of emotions in the Kazakh language.

Эмоцияның маңызын анықтамас бұрын оның мәнін баса ұғынып алғанымыз дұрыс. **Эмоция** термині толғандырамын, күйзелтемін деген мағынаны білдіретін латын тіліндегі *emoveo* деген лексикалық бірліктен қалыптасқан. Адамның жан-дүниесінде болатын қуаныш, қайғы, ашу, ыза, кек, қорқыныш, үрей, т.б. да күрделі психикалық құбылыстардың (толғаныстардың, күйзелістедің) жиынтығы бір сөзбен эмоция деп аталады. [1. 28б.] Эмоция арқылы адамның өзін қоршаған ортасына деген қарым-қатынасы айқын көрінетін кездері де болады. Тіпті, табиғат құбылыстарына, жан-жануарларға деген көзқарастары да осы эмоция арқылы байқалып жатады.

Эмоцияның ерекше белгісі ретінде оның субъективтілігі танылады. Эмоцияның анықтамасы 3 аспектіні қарастырады:

А) ішкі уайымдау;

Б) Физиологиялық белсенділік (жүйкелі, эндокриндік және ағзаның өзге де жүйелерінде көрініс табатын процестер);

В) Бақыланатын эмоциялар кешені (мінез-құлықтағы сыртқы сипат). [2. 97б.]

Эмоциялар адамның әлеуметтік болмысын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық құрал болып табылады. Сондықтан олар адамда оның ішкі жан дүниесінің қажетті жағы ретінде пайда болып, өмір сүреді. Мынадай функцияларды атқарады: бағалаушы, сигналдық, оятушы және коммуникативті, сонымен қатар физиологиялық және танымдық процестерге әсер ету функциясы. Адамға оның қажеттілігінің күйі туралы сигнал беріп тұрады. Бір нәрсеге деген мәжбүрлік өзектілігінен, сәйкесінше эмоциялық күйзелістер (ашығу, қызығу) туады. Олар қажеттіліктер деп аталады.

Түрлі авторлар эмоциялық құбылыстардың әр түрлі жіктеуін ұсынады. Осыған орай эмоцияларды бірнеше топқа жіктеуге болады. Олардың бір тобы *жағымды не ұнамды эмоциялар* деп аталады. Бұлар адамның қажеттілігіне орай, оның ішкі өмірінің шарықтап, жан-жағы өсу шарттарының бірі болып табылады. Мәселен, қуаныш, сүйіспеншілік, көңіл қоштық, т.б. Осындай эмоциялардың енді бір тобы *жағымсыз не ұнамсыз эмоциялар*. Бұлар – белсенді әрекетке азды-көпті нұқсан келтіретін сезімдер. Мұндай эмоцияларға қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үрейлену, т.б. жатады. Сыртқы

дүниенің әсері адамның миында тек қана сәулеленіп қоймай, адам оған толғанып, тебіреніп, өзінің қатынасын білдіреді. Эмоция адамның сыртқы келбеті, бет-әлпеті, қимылдары арқылы айқын көрінеді. Осыған орай *қарапайым, күрделі* болып бірнеше түрге бөлінеді. **Күрделі** эмоцияларға аффект(жан ұшыру), құмарлық жатады. Мұндай эмоциялар кейде ұзақ мерзімге созылатын адамның көңіл-күйі, толғаныс-тебіреністері. Мәселен, мұндай көңілдің бір қалыпта ұзақ мерзімді орын алатынын әрбір адам өзінің жеке өмірінен байқай алады. Кейде біраз уақыт адамның көңілі түсіңкі, енді бірде көтеріңкі болып, ол шаттанып, масаттанып жүреді. Онда жақсы, жағымды сезімдер пайда болып тұрады. Бірақ адамдар тек өз-өзінің құлы болмай, өз кейпін басқарып отыруы тиіс. **Қарапайым** эмоциялар тар мағынада, көңіл құмарлық, т.б. салыстырғанда адамның бет-әлпетінен, қимыл-қозғалысынан білініп отыратын толғаныстар. Мәселен, қуаныш, күлкі, қайғы, ашу, қорқу, жек көру, табалау, т.б. Қуаныш – адам кейпінің көтеріңкі болуымен, оның көңілді болуын, адамда жағымды, шұрайлы сөздер пайда болуымен байланысты. Мұндайда адам өте жомарт, мырза болса, керісінше, ашу үстінде кісі қатаң болып, сарандығы ұстауы мүмкін. **Қорқу** эмоциясы қауіптің пайда болуынан туындайды. Мұндайда адам бір дегеннен не істерін білмей, сілейіп тұрып қалады. Тіпті мықтап үрейленсе қашып та кетеді немесе қорғану әрекеттерін жасайды. **Ашу.** Мұндайда адам қысылады, көзі жалт-жұлт етіп, дем алысы жиілейді. Ашудың күші барлық адамда бірдей емес. Оның күшті немесе әлсіз болуы адамның мінезіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Жеңіл мінезді адамдарда ашу көп уақыт тұрмайды. Ашуланғанын біраз уақыттан соң ұмытып кетеді. Ал өр мінезді адамдарда ашу тез тарқамайды, ол әркез бұрканып, кектеніп жүреді. **Табалау**ыза мен қуаныштың қосынды түрі. Табалау – бұл біреуді мұқату, әшкерелеу. Ол адамға жаман сезім тудырады. Оны ызаландырып, мұқатумен бірге, оған ырза болып, кекесінмен күліп, келемеждейді. Өшпенділік, жек көру, негізінен жағымсыз эмоция. Эмоциялардың аз мерзімде бұрқ етіп, сыртқа шығарып, аз уақыт әрекет ететін түрі – **аффект** деп аталады. Оған өкініш, ашу, үрейлену еріп отырады. Аффект кезінде кісі кейде не айтқанын білмейді, себебі, өзінің әрекетін бақылай алмай қалады.

Эмоциялар *оң және теріс* болып бөлінеді. Оң эмоциялар организмнің белсенділігімен анықталады. Теріс эмоциялар организмнің қанағаттанбаған жағдайымен анықталады. Оң және теріс эмоциялар мінез-құлықта маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, төменгі және жоғары эмоциялар да бар. Төменгі эмоциялар элементарлы, ол жануарлар мен адамдардың органикалық

қажеттіліктерімен байланысты. Ал жоғары эмоциялар тек адамзат баласында ғана болады, себебі, ол әлеуметтік және идеалды қажеттіліктердің қанағаттануымен байланысты (интеллектуалдық, моральдық, эстетикалық, т.б.). Бұл күрделі эмоциялар сана базасында дамып, төменгі эмоцияларға тежегіш және бақылаушы әсерлер береді.

Бұлар эмоцияға және оның түрлеріне берілген шағын анықтамалық. Ал тілімізде бұл құбылыстың маңызы сөйлемдер арқылы айқын білінеді. Қазақ тіліндегі эмоцияның айрықша рөлі жайында қазақ тіл біліміндегі белгілі тілшілер Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. еңбектерінде осы жөнінде өз пікірлерін мысалмен дәйектейді: «Қазіргі қазақ тілінде басқа тілдердегі сияқты сөйлеушінің бір затқа немесе құбылысқа эмоционалдық көзқарасын білдіретін бір топ сөздер бар. Бұл категориядағы сөздердің тіл ғылымында эмоционалдық лексика немесе эмоционалдық мәні бар сөздер дейді. Сөйлеуші орман, көл, бес, тағы басқа сөздерді айтқанда бұл заттардың атауында ешқандай эмоционалдық мән болмайды. Ал кейбір сөздерде, құбылыстардың атауларында жақсы немесе жаман қатынасты, психологиялық күйді білдіретін мән болады. Мысалы: айналайын, оңбаған, боқмұрын деген тек тиянақталған, тұрақты сөздерді ғана емес, сонымен бірге сөйлеушінің ой-күйін де білдіреді. Эмоционалдық лексика белгілі бір құбылысқа, затқа қауымның беретін бағасын аңғартады. [3, 124 б.]

Тіл біліміне аса зор үлесін қосып жатқан Әмір Р. өз еңбегінде эмоцияның тілде көрінуіне екі коммуникативтік себеп барын көрсетеді: «Эмоция – психикалық құбылыс. Оның тілде көрінуіне екі коммуникативтік себеп бар. Бірі – болмыстан алған әсерді білдіру, тандаушыға жеткізу. Екіншісі, тындаушыны (немесе үшінші бір жақты) бір іске жұмылдыру үшін әсер ету. Тілдің синтаксистік жүйесінде эмоциялық тудыратын формалар көбіне баяндауыш мүше қатарынан көрінеді. Бұл заңды да. Өйткені, баяндауыш сөйлемді ұйымдастыруда негізгі қызмет атқарады». [4, 73 б.] Сонымен қатар, интонацияның да мәнінің зор екенін атап өтеді. Сөздің мәнін, мағынасын түрлендірудегі **интонация** қызметінің ерекшелігін көрсететін деректер:

1) Айнаш! Ау, Айнаш-деген үннен селк етіп оянды. (О. Бөкей)

2) – Киін! Почтаны тексереміз.

- Сен кімсің-ей?» («Бес тиын»)

3) – Қайтасың!- деді міз бақпай... (О. Бөкей)

Бұл сөйлемдердің барлығы леп белгісіне аяқталып, дауыс ырғағының көтеріңкі айтылатыны белгілі болып отыр. Осыдан интонацияның эмоцияда маңызын анық байқаймыз.

Доцент Иманалиева Ғ. осы тақырып жөніндегі зерттеуінде эмоцияның түрлерін көрсетіп, оған көптеген мысалдар келтірген. Соның бірнешесін атап өтсек. Олар: адамның органикалық қажеттіліктерінің өтелу, өтелмеуіне қарай **жағымды** және **жағымсыз**, белсенділігіне ықпал етуіне қарай **күшті** және **әлсіз**, сапалық ерекшеліктеріне байланысты **қарапайым** және **күрделі** эмоциялар.

1. Жағымды эмоцияға қуану, сүйсіну, еркелету, т.б. жатқызады. Мысалы: «Лабак-ахун одан сайын аруактанып, домбыраға шүйлігіп, тере сөзді нәсерше төгіп, бұршақша боратты. Шәріптің делебесі одан сайын қозып:

- Пах, пах! Бас! Аяма!-деп қиқулады». (С. Елубаев)

2. Жағымсыз эмоцияны қорку, ашулану, қайғыру, налу, т.б. деп береді. Мысалы: «Тиегі тырсылдап келіншек тұсындағы жібек кілемге ілулі арғын домбыра тұр екен. Сатанның көзіне оттай басылды. Көптен домбыра тартпаған. «Әттең!...деді».(І. Жансүгіров)

Кейде бірқатар одағайлардың да көпмәнді болып келіп, қолданылу ыңғайына қарай кейде жағымды, кейде жағымсыз эмоцияны білдіретінін айта келіп, оған мынадай мысал келтіреді:

1) Досан таңырқап қарап отырып:

- Ай, тегі пенде болмассың, сайтан шығасың! – деді. (І. Жансүгіров)

2) – Ай, ер-ай! Неге соғар екен ісің? (І. Жансүгіров)

3. Адамның ерекше белсенділігін тудыратын қуаныш, ашу сияқты эмоциялар күшті эмоция болып есептеледі. Мысалы: «Осы жерде атымен екпіндеп кимелеп жұртты бұзып-жарып ортаға шыға келген Өзберген қамшымен Асан бәлшебекті қақ бастан тартып жіберді. Асанның кепкасы ұшып түсті. Маңдайынан қан саулап берді. Опыртопыр болды да кетті төңірек. Жаяу жұрт бытырап тұра қашты». (С. Елубаев)

4. Ал эмоцияның әлсіз түрлеріне қорқыныш, сағыныш, уайым, енжарлық, т.б. жататынын айта келіп, күшті мен әлсіз эмоцияға байланысты Жарықбаев Қ. жазған пікірмен тәмамдайды: «Бұл жерде мынадай бір жағдай есте болсын. Түрлі нақтылы жағдайлардың ретіне қарай адамдарда бір сезімнің өзі бірде қуатты, бірде әлсіз болып көрінуі мүмкін. Мәселен, қорқыныш сезімі кейде бір адамның буынын босатып, пәрменсіз етсе, енді бірде қауіп-қатерге қарсы тұрғызатын айбаттылыққа (күшті сезім) ауысуы мүмкін.

5. Қарапайым эмоцияға адамның қарны ашқан кездегі тәбетінің ашылуы, тағамды аңсауы мен дәмді тағам ішкен кездегі ләззатынан бастап эмоцияның барлық түрін жатқызады. Мысалы: «Бұл дүкеннен

шыққанда мұрнына жас сорпаның аңқыған иісі келді. Сол-ақ екен, жүрегі сазып, қарны ашып сала берді». (С. Мұратбеков)

6. Эмоцияның күрделі түрлеріне көңіл, аффект, құмарлықты кіргізеді. Мысалы: «Қабағы қарс жабылып түн өлкесіне бұ да қарады. Аузын ашса, іштегі ашу-ыза лақ ететін түрі бар. Ақыры шыдамады, талағы тарс айырылды». (Ж. Аймауытов)

Жалпы, тіл білімінде эмоционалдықты білдіретін тілдік құбылыстарды зерттеудің өзіндік қиындықтары мен мәселелері де бар. Негізгілерін былай атап көрсеткен: эмоция мен сезім, көңіл, күй сияқты ұғымдардың ара-жігінің ашылмауы; эмоционалды лексиканың құрамына, оны жіктеуге қатысты бірауыздан мойындалған ғылыми тұжырымның жоқтығы; эмоцияны бейнелейтін және білдіретін тіл мәселесі, т.б.

Тілдегі эмоцияның мән-мағынасын **тұрақты тіркестер** де күшейтуге ат салысады. Күшті эмоциялық сезімді сыртқа шығаруға үлкен шабытпен айтылатын серпер сөз керек. Алайда, болып жатқан іс-әрекетті әркім әрқалай қабылдайды. Біреу жай ғана әсермен қалса, екінші біреу делебесі қозып, жігерленіп кетеді. Мысалы, ренжу мен ашулану бір-біріне синоним болғанымен, екеуі екі түрлі сатыдағы психологиялық жағдай. Осыған мысал ретінде: «Салы суға кеткен Жанғозин жолдас тағы да ауыл советке жол тартты». (С.Т.) Ал, ашулануға: «Қалшылдап, бетінің қаны қашып, сұрланып кабинетіне кірді. Жас жігіттер құсап жаман мінез көрсетіп, шырт ете қалмайды». (С.О.) Мұндай мағыналық ауқымы, образдылығы әртүрлі эмоционалды мағына үстеудің әрі қайталай беруден гөрі жаңа тіркеспен ойды жаңалай білудің кепілі [5,124 б.]. Сонымен, эмоция-сезім, көңіл-күй, әсерге байланысты сөздер. Оның қазақ тіліндегі маңызды деген рөлін аз ғана шолып өттік. Дегенмен, бұл қазіргі таңда әлі де көптеп зерттеуді қажет ететін мәселе. Бұл мәселенің толыққанды шешімі келешек ұрпақтың ойында болады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Б. «Психология негіздері». – Алматы: «Эверо», 2005. - 462б.»
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі», - Алматы, Қаз. мем. оқу баспасы, 1962, - 315 б.
3. Әмір Р. «Жай сөйлем синтаксисі», оқулық. – Алматы, «Санат», 1998. – 192 бет
4. «ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы». №6(78), -Алматы. Қазақ университеті, 2004. -228 бет
5. Жақыпов С.М. «Жалпы психология негіздері». – Алматы: Қазақ университеті, 2008. -160б.

ТІЛДІК ТҰЛҒА ПАРАДИГМАЛАРЫ

Мұратбек Б.Қ.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

baglash@mail.ru

Анатпа. Мақалада тұлғаның өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынасын, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылуын, тұлға ретінде қалыптасуы қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются аспекты общения личности с другими людьми, социальными институтами, признание в системе социальных связей, становление личности.

Annotation. This article provides for the communication of the individual with other people, social institutions, recognition in the system of social relations, the formation of personality.

Тірек сөздері. Тілдік тұлға, парадигма, лингвистика, прагматика, стиль.

Ключевые слова. Языковая личность, парадигма, лингвистика, прагматика, стиль.

Key words. Language personality, paradigm, linguistics, pragmatics, style.

Көркем әдебиет тілін зерттеу барысында әдетте, не автор тілі мен стилінің ерекшеліктеріне, не кейіпкерлердің сөйлеу мәнеріне, сөзіне баса мән беріледі. Кейінгі жағдайда ол сипаттамалар образ сомдау тәсілдері ретінде қарастырлып, ақын-жазушы шеберлігіне баға беруге негіз болады. Көркем әдебиет тілін зерттеудің тағы бір қыры – олардың оқырманға тигізетін әсеріне талдау жасауға арналған еңбектердің саны салыстырмалы түрде аз. Тілдік тұлғаны нақтыланудың соңғы, жоғарғы сатысында қарастыру күрделі де қызықты міндет болып табылады. Өйткені, осы тұрғыдан алғанда, бұл ұғым мазмұнына нақтыланудың алдыңғы екі сатысы да еніп кетеді, яғни бұл жерде оны талдау барысында тіл мен оны ұстанушының жалпы адамзаттық сипаттамалары да, олардың ұлттық нышан-белгілері де ескерілуі тиіс болады, талап етіледі. Бұл жолды таңдағанда мұндай зерттеуге қажетті репрезентативті материалды табу қиындық тудырады. Яғни қандай да бір ұлт тілінің ұстанушысы (өкілі) болып табылатын белгілі бір индивидуум қаламынан туындаған мәтіндер көлемінің ауқымды да жеткілікті болуы аса маңызды мәселе саналады. Осы параметрлерді ескере отырып, Ю.Н. Караулов тұлға құрылымы өзара байланысқан үш деңгейден тұрады дейді. Әрбір деңгейдің құрылымы сәйкес бірліктерден және олардың арақатынастарынан, сондай-ақ әр деңгейге тән стереотиптік

бірлестіктерден тұрады. Сонымен Ю.Н. Карауловтың пікірінше, тілдік тұлғаның құрылымын мына деңгейлер құрайды:

1) Вербалды-семантикалық деңгей;

1) Лингвокогнитивтік деңгей;

2) Мотивациялық деңгей.

Берілген үш деңгейлі ұстаным тілдік тұлғаның әр түрлі сапалық белгілерін үш маңызды сипаттама (вербалды-семантикалық, когнитивтік (танымдық) және прагматикалық) тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Вербалды-семантикалық сипаттама жеке адамның сөздік қорынан құралады, яғни табиғи вербалды қарым-қатынаста қолданатын барлық сөз қоры мен сөз тіркестері. Сонымен қатар лексикалық бірліктер саны ғана емес әрі оларды функционалды стилистикалық құндылықтарға сай, әлеуметтік вариациялық қағидаларға сәйкес дұрыс қолдана білу қабілеті. Бұл сипаттаманың ерекшелігі тек осы қабілетті меңгеру деңгейімен ғана емес, сондай-ақ сөзжасам, грамматика және айтылу нормаларын дұрыс қолдану немесе бұзумен де анықталады. Осы деңгейде тілдік тұлға жалпы тілге тән айшықтарды меңгермек. Оны қазіргі тіл білімінде аялық білім (аялық білім) деп түсіндіреміз. Айталық оқырманның көркем шығарманы оқу барысында автор қолданған образдардың, тілдік тәсілдердің (метафора, теңеу т.б.) мағынасын түсініп отыруы – тұлғаның осы нөлдік деңгейін анықтайтын өлшем болмақ. Когнитивтік сипат тұлғаның интеллектуалдық (зиялылық, парасаттылық және рухани) өрісі, яғни, ойлау үдерісін жорамалдайтын адамның танымдық әрекеті негізінде байқалады. Әрбір жеке адам бойында өзінің даму барысындағы болмысын бейнелейтін идеялар, концептілер туындайды, яғни оның санасындағы әлеуметтік тәжірибе мен әрекет негізінде құрылған әлеуметтік және мәдени құндылықтар жүйесі. Бұл ұнамды сөйлеу ережелері мен жеке сөз орамдарын қолдануда байқалады, осылардың нәтижесінде біз өзімізге «таным» тұлғаны көреміз. Прагматикалық қарым-қатынас міндеттері негізінде сөйлеушінің ниеті, оның ықыласы, себептері мен нақты коммуникативтік мақсаттары анықталады. Баяншының нақты уәжі қарым-қатынас әрекетінің қажеттілігі бола отырып, тілдік тұлғаның прагматикалық деңгей бірлігі болып табылады әрі жеке адамның логикалық ойлау білім деңгейін ғана анықтап қоймай, сонымен қатар айтарлықтай деңгейде оның жан толғанысымен қарым-қатынас барысындағы ситуациялық факторларын белгілейді. Бұл деңгей стереотипті образдар мен прецедентті мәтіндердің символдарынан тұрып, сөйлеушінің тілдік үлгісінде көрініс табады.

Аталған үш тілдік тұлғалар деңгейінің тек соңғысы ғана индивидтің коммуникативтік мақсаттағы мүмкіншілігін сипаттап бере алады. Вербалды семантика арқылы коммуникативтік мүмкіншіліктерді толық бағалай аламыз. Нақты қарым-қатынас барысында 65 пайызға дейінгі ақпараттың мазмұны мен мағынасы бейвербалды амалдар арқылы берілетіні белгілі. Когнитивті деңгей жоғарыдағы сипаттаудан байқағанымыздай, негізінен тұлғаның тілдік сипатына қарай бағытталады. Қарым-қатынас барысында әлеуметтік және мәдениеттік құндылық жүйесінде өзге де қабылдау мен ақпараттың мақсатты бағытталуы сияқты танымдық факторлар да үлкен үлес алады. Тілдік тұлға өзара әлеуметтік вербалды қарым-қатынас жүйесінде өзін таныту арқылы нақты қызмет атқарады.

Қазіргі таңда лингвистикалық зерттеулерде адам проблемасы басты назарға алынып, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл мәселе лингвомәдениеттану, психоллингвистика, этнолингвистика, когнитивті лингвистикада, прагмалингвистикада сөз болып, аталған салалар соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Бұл - «тілді өз ішінде өзі үшін» зерттеуден экстралингвистикалық факторлар аясында зерттеуге сүйенетін сыртқы лингвистиканың салаларымен байланысты бағыттар. Әсіресе тілді адамның өмір сүруінің тетігі, оның іс-тәжірибесін вербалды түрде жеткізудің құралы, адамдардың бірлескен қызметі үстінде өзара қарым-қатынасты орнататын қызметті ұйымдастыратын құрал ретінде қарау бағыты маңызды.

Прагматика тілдің өмірдегі қолданысын, оның ұжымдық тәжірибеде жүзеге асуын көрсетеді. Ал мұның өзі ұжымның өмір заңдылықтарымен, тілді қолданушының психологиясымен, дүниетанымымен, оның когнитивтік базасымен, мәдени стереотиптермен, ұлттық дәстүрмен байланысты. Сол себепті объективтендірілген, сөйлеуші адамнан ажыратылып алынған тілден бірте-бірте әрекет үстіндегі, адамдар арасында қолданысқа түсетін тілдің қызметі зерттеу нысаны бола бастады.

Сөйлеу – тілдің коммуникативтік қызметінің жүзеге асуы. Тіл – сөйлеу арқылы өмір сүреді, сөйлеу арқылы көрінеді. Тілді мәтін арқылы көруге, естуге сөйлеу үстінде тыңдауға болады. Яғни тіл мен сөйлеудің қарым-қатынасы құбылыс пен оның мәнінің арақатынасы болып табылады. Олай болса, кейіпкер – адамның, белгі бір тарихи кезеңдегі адамдардың әлеуметтік топтарының, өмір сүру дағдысы, жағдайы, тіршілік әрекетінің көрінісін тілдік таңба, тілдік амалдар арқылы жинақтайтын біртұтас құбылыс мәтін, көркем шығарма мәтіні деуге болады. Көркем шығарма мәтіні автордың мақсатына орай

ұлттық тілдің барлық тармақтарымен сабақтас болады. Сол тармақтың қазыналы бөлігі – жергілікті ерекшеліктері.

Жазушы адам туралы бағалаушылық көзқарасын көркемдік-танымдық әрекеттің орталық субъектісі ретінде, ең алдымен, кейіпкерлер жасайтын бейнелер арқылы білдіреді. Сонымен, автор-кейіпкер-оқырман категориялары көркем шығарманың антропометриялық құрылымының мағыналық орталығы болып табылады. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатынасты жүзеге асыратын тұлғаларды зерттей келіп, мәтінді «...ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» деп сипаттайды, мәтінді тілдік қатынастың мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін жүйе деп таниды [3, 64].

Әр оқырманның көркем мәтіннен қабылдайтын мағыналық және эстетикалық ақпаратының көлемі де әр түрлі болады. Көркем мәтін ақпаратын қабылдап шығарма мазмұнын талдау оқырманның білім деңгейіне, жеке талғамына және қызығушылығына байланысты. Прагматикалық тұрғыдан келгенде, көркем мәтінді зерттеуде адам факторын ескермеуге болмайды, себебі көркем мәтін прагматикасы тілдік қарым-қатынас субъектісіне қатысты, соған сүйенеді. Автор коммуникативтік мақсатқа жету үшін тілдік көрсеткіштер кешенін таңдайды, олар автордың лингвистикалық нұсқаушылары болып табылады.

Кез келген мәтін дүниетанымдық, прагматикалық аспектіден түзіліп, тілдің көпқырлы бірлігін құрайды. Мәтіннің дүниетанымдық аспектісі оның семантикалық, композициялық жағын құраса, прагматикалық аспект семиотикалық және композициялық жағын құрайды. Сонымен, мәтіннің композициялық жағы дүниетаным мен прагматикалық қырын байланыстырушы дәнекер ретінде қолданылып, мәтінді адам ойы мен көңіл-күйінің көрінісі ретінде сипаттайды.

Көркем әдебиетте баяндаудың сәтті шығуына автордың дүниетанымы, шығармашылық ұстанымы, композиция мен сюжет, кеңістік пен уақыт ұғымдары арасындағы байланысты көрсете білуі ерекше маңызға ие болады. Академик Р.Сыздық романды (әңгімені, повесті) тарихи стиль тезіне салғанда, автор өзі суреттеп отырған тарихи кезеңге сәйкес зат, бұйым, құбылыс, әрекет атауларын келтіруге тиіс, кейіпкерлерін мүмкіндігінше сол кезеңге сәйкес сөйлетуі керек, оның өзінде де әр кейіпкерді өзінің әлеуметтік орнына, тәрбие-танымына, жасына, жынысына қарай «сол кезеңше» сөйлетуі керектігін айтады [4, 98]. Өйткені сөз субъектісінің ақиқаттағы зат

құбылысқа қатысы, зат құбылысты қандай сөзбен атайтыны, оған өзінің қатысын қандай сөзбен білдіретіні тәрізді көптеген мағыналық, мазмұндық құндылықтар мәселенің прагматикалық-коммуникативтік қырларына жатады. Ғалым Н.Уәли сөз субъектісінің сөз әрекетімен байланыста пайда болған мәнділіктерін прагматикалық мағына деп атайды.

Өзге жеке адамдарға ұқсамайтын өзіндік ерекше сапалық қасиеті бар бірегей адам ғана тұлға бола алатыны белгілі. Яғни, елден ерек адам емес, тұлға талаптарына жауап беретін адам – тұлға. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тілдік тұлға да солай. Тұлға өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынаста, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылуы тиіс, таныла отырып тарихи тұлға ретінде белгілі болады. Демек, тұлға өмірінің мәні «қарым-қатынас құндылығы» деңгейінде ашылады.

«Тілдік тұлға» ұғымы қоғамдық қарым-қатынастар, мәдениет жүйесі арқылы анықталынатын және биологиялық ерекшеліктер себепші болатын саналы қызмет пен қарым-қатынастар субъектісі болып табылатын «тұлға» ұғымын тірек етеді. Тұлға – шығарманы жасаушы, сонымен қатар тарихтың, мәдениеттің әрі өнімі, әрі субъектісі. Адамның қажеттілігі таным, ойлау және қарым-қатынас құралы болып табылатын тіл арқылы қанағаттандырылады, сол себепті тұлға тіл арқылы, яғни тілдік тұлға ретінде ашылуы керек.

Әдебиеттер

1. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 311 б.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208 б.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.

ТҰРАҚТЫ СӨЗ ОРАЛЫМДАРЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Күштаева Майра Төлебайқызы
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аннотация. В статье рассматривается использование языка в прагматическом смысле слова, т.е. природа нового значения прагматики при использовании слова, фразы и общей языковой единицы.

Annotation. The article considers the use of the word in the pragmatic sense of the word, i.e. New Pronunciation of pragmatics when using words, phrases and common language terms.

Ключевые слова. Прагматика, языковые единицы, фоновое знание, пресуппозиция, импликация, фразеология и т. д.

Key words. Pragmatics, plain texts, phonology, resonance, hypics, phraseology, and so forth.

Прагматика - тіл мен оны қолданушы арасындағы байланысты зерттейтін ғылым саласы. Прагматика тілді адамның сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету мақсаты тұрғысынан қарастырады. Тіл бірліктері қолданысқа қарай прагматикалық мәнге ие болады. Яғни прагматикада сөздің, сөз тіркесінің, жалпы тілдік орамдардың, қолданыс үстінде жаңа мәнге ие болу табиғаты түсіндіріледі. Бұдан прагматикалық аспект тіл деңгейлерінің барлық бірліктеріне тән екендігін білеміз. «Тіл бірліктерінің «прагматикалық қабілеті» жұмсалым үстінде айқындалады»[1, 34]. Сонда прагматика тілдік орамның тура мағынасынан басқа барлық мағыналарын қамти отырып, айтылымынан тыңдаушының қандай пікірге келіп, қандай әрекет жасайтындығын қоса зерттейді деуге де болады.

Кейінгі жылдары қай ғылым саласында болмасын, көтерілетін мәселенің адамға қатысты жақтарын кеңірек ашып, тереңірек көрсету мақсат етілуде. Өйткені халықтың өзін-өзі тануы оның тарихы мен рухани дәстүрлерін білуі арқылы жүзеге асады. Сондықтан да қазіргі кезде тіл мәселесі тек филолог мамандарды ғана емес, адаммен байланысты барлық мамандық иелерін толғандыруда. Олай болса, тіл мамандарының тілдік болмысты таныммен сабақтастырып, адамға қатысты біртұтастықта талдап, зерттеуі табиғи құбылыс болып саналады.

Тілді антропоцентристік бағытта зерттеуден шығатын қорытынды: тіл мен таным арақатынасының адамға қатысты мәселені шешумен түйінделуі. Өйткені кез келген тілдік құбылыстың табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана зерттеп тану тілдің бай мазмұны мен ішкі мәнін жан-жақты ашып, өз дәрежесінде таныта алмайды. Сондықтан да тіл білімінің бүгінгі күндегі көздейтін мақсаты -- тілдік құбылыстардың табиғатын жүйелі түрдегі кешенді бағытта зерттеуді дамыту. Бұл бағыттың негізгі арқауы тілді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесінің қалыптасуымен тығыз байланыста қарау болып табылады. Сонда тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымын, ойлауды, сананы қалыптастырып дамытуға қызмет ететін күрделі құбылыс екендігі еш дәлелдеуді қажет етпейді. Тілді мәдениетпен, таныммен байланыста зерттеуші А.Вежбецкая былай дейді: «... язык антропоцентричен: Он предназначен для человека, и вся языковая категоризация объектов и явлений внешнего мира ориентирована на человека; это общая черта всех языковых» [2, 21].

Қазақ халқының мәдени өмірінің көрінісі паремиологиялық қор мен фразеологиялық қорынан ерекше байқалады. Өйткені тілдегі тұрақты тіркестер - халық өмірінің айнасы. Бұдан ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады. Бұл ретте ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда фразеологиялық материалдар ұлттық мәдени маңызы бар деректерден тұрады. Яғни тіл-тілдегі тұрақты тіркестерден мәдени ақпар беретін халықтың қалыптасқан дүниетанымы мен ұлттық ерекшелігін аңғаруға болады. Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының (мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Көнелікті ең көп сақтаған “жаны сірі” сөздерінің небір шоғырлары алдымен, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған дауге болады. Тілдегі осындай оралымдардың мән-мағынасын кейінгі ұрпақ түсініп-білу үшін халықтың өткен тарихы мен мәдениетінен, рухани дүниесінен хабардар аялық білім негізі болу керек..

Аялық білім (фоновое знание) әр халықтың дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты. Бұл (аялық білім) -- халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі, қалыптасқан ұғым-түсінігі. Е.М.Верещагин мен В.К.Костомаров аялық білімді былайшв атап көрсетеді: «В них входят, прежде всего, общечеловеческие знания: не все жители торпиков, например, знают, что такое снег. Наконец, третий вид фонофых знаний -- те сведения, которыми располагают все члены определенной этнической и языковой общности» [3, 210]. Жалпы тіл білімінде аялық білімді зерттеу лингвоелтанымның арнасында көптен бері жүргізіліп келеді. Бұл туралы Е.М.Верещагин мынандай ой түйеді: «Қарым-қатынас актісіне қатысушылардың белгілі бір дәрежеде жалпы әлеуметтік тарихы болуы керек. Адамның әлеуметтік тарихы деп нақты әлеуметтік топтың өмірде көрген-білгенінің тәрбие барысында көрінуі сипатын, кеңірек айтқанда -- тілдік ортаны түсінеміз. Оған адамның мінез-құлқы, оның дүниетанымы, этикалық бағасы, эстетикалық талғамы және ең бастысы -- білім қорының басым бөлігі жатады» [4, 13]. Аялық білім тілдің семантикалық құрылымын сипаттайды. Бұл арқылы пайымдаудың ақиқат немесе жалғандығын айқындауды емес, айтылымның негізгі мағынасын ашуды көздейтін пресуппозицияның лингвистикалық мәртебесін анықтай аламыз. Себебі пресуппозиция -- сөйлеуші мен тыңдаушының айтылып отырған ойды түсіне алатын білім аясы. Психолингвист А.Н.Крюков

сананың тілдік (вербальды) және тілдік емес (вербальды емес) деген екі түрлі деңгейін атап көрсетеді де, аялық білімді сана-сезімнің вербальды емес деңгейіне жатқызады. [5, 25]. Шынында да, адам ой-санасының мазмұндық, мағыналық деңгейін құрайтын аялық білім тілдік тұлғада түрлі логикалық импликациялар мен пресуппозициялар арқылы беріледі.

«Пресуппозиция» ұғымы тіл біліміне айтылымның шынайылығы мен жалғандығын айқындайтын философиялық тұжырымдамалар (концепция) негізінде енген. Айтылымның ақиқат немесе жалғандығы -- логикалық ұғымдар, олар экстралингвистикалық қатынастармен байланысты. Семантика теориясына алғаш «пресуппозиция» ұғымын енгізген Г.Фреге болды. Ф.Кифер пресуппозицияның экзистенциональды түрінің бар екендігін атап көрсетеді [6, 14] Экзистенциональды пресуппозиция сөздің шынайы өмірдегі затдерегінің (денотат) болуына негізделеді. Мысалы, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен сыр беретін, материалды мәдениет көзінің бірі «тары» лексемасының затдеректік белгісі, біріншіден -- дәнді дақыл, екіншіден -- тіршілікке қажетті азық.

Пресуппозиция тіл бірліктерінің қолданыстағы мән-мағынасын анықтаумен қатар, олардың семалық қабатында болатын өзгерістер мен астарлы мәнді ашуға көмектеседі. Демек, лингвистикалық пресуппозицияның анықтайтын нысаны мен қолданылуында өзіндік ерекшелігі бар. Логика-философиялық концепциялардың негізінде тіл біліміне енген пресуппозиция қазақ тіл білімі үшін де қажетті ұғым екендігі анық. Өйткені пресуппозиция адерсат пен адресанттың кез келген тілдік бірліктің мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін аялық біліммен тығыз байланысты. Яғни пресуппозицияны сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу жағдаятында қолданылатын аялық білімдерінің негізінде жеткізілетін хабарды, оқиғаны жіктеп, талдауға мүмкіндік беретін шарттардың жиынтығы деуге болады. Қазақ тіл біліміндегі пресуппозиция салыстырмалы түрде айтсақ, яғни шетел және орыс тіл білімдеріне қарағанда, соңғы жылдары қолданысқа енді. Пресуппозиция идеясының сындарлы рөлі логикалық семантика мен қазіргі лингвистиканың арасын ұштастыратын «көпір» секілді қызметінде жатыр. Тіл білімінде «пресуппозиция» ұғымы адамдардың қатысым қызметіндегі логикалық, психологиялық және әлеуметтік аспектілердің тікелей қатынасуы арқылы тілдегі «жасырын параметрлерді» іздеуге байланысты пайда болған.

Орыс тіл біліміндегі пресуппозиция теориясының аспектілерін зерттеуші В.В.Лазарев: «Теория их пресуппозиции как теория «скрытых параметров» речевой деятельности самым теснейшим

образом связана с исследованием структурных элементов и их отношений в языковой и речевой парадигмах», - дей келе, пресуппозиция табиғатын анықтайтын ұғымдарға имплицитті, эксплицитті мәндерді жатқызады [7, 77].

Имплицитті айтылымда ой саналы түрде жасырын беріледі. Айтылымның имплицитті, яғни астарлы мәнде берілуі кей кезде белгілі бір себептермен ойды ашық, эксплицитті түрде түрде бере алмауға да байланысты. Сөйлеуші имплицитті тұлғаны айтайын деген ойын тек қана жасырын мәнде астарлап беру үшін ғана емес, сонымен бірге тура, ашық түрде берілген ой, бір жағынан, хабарды нақты әрі толық жеткізе алмайтындықтан қолданады. Астарлы мазмұндағы айтылым қабылдауға күрделі, әрі қандай да бір мөлшерде толымсыз түрде берілуі мүмкін, сол себептен имплицитті компонентті тыңдаушы өз бетінше айқындап, түсіне білуі керек.

Халқымызға тән қасиет айтайын дегенін тура емес, жанамалап, астарлап жеткізуінде. Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы тілдік орамдардың молдығы халықтың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни тіліміздегі сан мыңдаған тұрақты тіркестер ұлт танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты. Бұл тілдік орамдар -- ұлттық менталитетті танытатын тілдік көрсеткіштер. Осы ойды «құда» сөзіне қатысты тұрақты тіркестерге байланысты да айта аламыз. «Құда түсу» концептісімен байланысты мақал-мәтелдердің қыр-сырын тануда, оның когнитивтік сипаты мен танымдық қызметі кеңінен ашыла түсетіндігі анықталды. Аталған концептімен байланысты, оның когнитивтік өрістерімен келетін мақал-мәтелдер тақырып жағынан да, концептілік өріс жағынан да өте мол. Мысалы, Алыс жерге құда болсаң, түйе-түйе ас келер.жақын жерге құда болсаң, түйе-түйе сөз келер.Құда болғанша түп-тегіңді сұрас, құда болған соң қол қусырып сыйлас.Құда — мың жылдық, күйеу — жүз жылдық.Құданың құдасы,құнан қойдың сорпасы.Құдаң құрдасындай болсын, құдағиың сырласындай болсын. Құда — туыстық атау. Ерлі-зайыптылар туыстарының арасындағы жекжаттық қатынастарды білдіреді. Жекелей алғанда, жігіт пен қалыңдықтың туған-туыстары, аталас, рулас ер адамдар бір-біріне құда болады. Жігіттің де, қыздың да әке жағынан жақын туысы, беделді ағайыны “бас құда” деп аталады. Жігіт пен қыздың әкелері бір-біріне “бауыздау құда” болады. Сондай-ақ мал бауыздалғанда бата берген кісі де “бауыздау құда” деп аталады. Дәстүр бойынша, алдымен ақ жол тілеп, бата жасап, құдалық берік болу үшін бір мал шалынады. Дәстүрлі қазақ қоғамында бауыздау қаны құйылған ыдысқа екі жақтың сөзін сөйлейтін бас құдалар найзаларының ұштарын батырып немесе саусақтарын батырып

серттесу ырымын жасаған. “Қанға қан, жанға жан қосылды”, енді туыс болдық деген ишарат білдірген, “құйрық-бауыр” жесіп, айрылмас Құда болмаққа серттескен.

Құда дегенде туыс-жақындық, тектілігік, татулылық туралы аялық біліміміз болса, жоғарға мақалдың пресуппозициялық мағынасын тез түсінеміз.

Пресуппозиция тілдік бірліктің мазмұнын анықтаса, импликация жасырын мәнді тұспалдай. Ипликация ауызша немесе жазбаша мәтінмен байланысты қалыптасады. Импликация логикалық операция болғандықтан, оған объективтік тән. Ал пресуппозицияға объективтіліктен гөрі субъективтілік тән болып келеді. Себебі ол сөйлеушінің тәжірибесіне тәуелді. «Сөйлеу актісіне қатысты пресуппозиция ұғымын қолдану оның сөзбен, сөйлеммен, мәтінмен, экстралингвистикалық біліммен байланысты екенін көрсетеді. Пресуппозиция сөйлесімнің табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Астарламаға тән басты ерекшелік жеке адамның индивидуальды білім қорына қатысты тәуелсіз сипатқа ие. Бұл әлеуметтік тұрғыдан сұрыпталған, сол тілде сөйлеушілер үшін тұрақты сипатта санада модельдер түрінде қалыптасқан, ойды тұспалдап жеткізуші сөйлесім түрлері» [1, 153]

Тұрақты тіркесті айтылымдардың астарлы мәнді жеткізуі оларға тән жинақтаушы мағынаның болуымен байланысты. Ол жалпы жинақтаушы мағына пресуппозициялық мәнді жеткізеді. Бұл жерде сөйлеушінің тілді білу деңгейі де үлкен рөл атқарады. Себебі тілді білу дегеніміз -- берілген тілдің жүйесін біліп, оны дұрыс қолдана білу. Сонда ғана сөйлеуші өз ойын анық жеткізе алады. Тілдік орамның астарлы мағынасын түсіну дегеніміз де сол тілді терең түсіне аларлық аялық білімінің болуына келіп тіреледі.

Тіліміздегі тұрақты тіркестердің, соның ішінде мақал-мәтелдердің, пайда болуы жайдан-жай болатын құбылыс емес екендігі бәрімізге аян. Ал осы мақал-мәтелдердің әрі қарай өріс алуы оның қоғамдағы тәрбиелік рөл атқаруында жатыр.

Әдебиеттер

1.Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі. -Алматы: 2001. -194 б.

2.Вежебская А. Язык. Культура. Познание. -Москва: Русские вари, 1996. - 416 с.

3.Верещагин Е.М., Костомаров В.К. Язык культура: новострановедение в преподавании русского языка как иностранного. -Москва: Русский язык, 1990. -246 с.

4.Верещагин Е.М. Вопросы теории речи и методики преподавания и иностранных языков. -Москва: Москв.универ., 1969. -211 с.

5.Крюков А.Н. Фоновые знания и языковая коммуникация. –Москва, 1999. –315 с.

6.Кифер Ф. О пресуппозициях. // Новое и зарубежной лингвистике.– Москва. Наука, 1978. Вып №3. –314 с

7. Лазарев В.В. Некоторые аспекты теории пресуппозиции проблемы семантического синтаксиса. –Пятигорск, 1975. –220 с.

ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ ТАМДЫ СӨЙЛЕНІСІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚ СӨЙЛЕНІСТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Қанаатов Е.Е.

**Магистр, Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік
университеті, Нөкіс қ., Өзбекстан
awada@mail.ru**

Аңдатпа. Тамды ауданы – карақалпақ халқының байырғы мекендерінің бірі. Бұл орта халқы ежелден шаруашылықпен айналысқан. Осыған орай Тамды карақалпақтары сөйленістерінде мал шаруашылығы лексикасы мол сақталған. XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдан басынан бастап бұл өңірге қазақ халқының өкілдері көптеп көшіп келе бастаған. Олардың көпшілігі Қазақстанның қазіргі Ақтөбе облысы территориясынан, Аралдың солтүстік және солтүстік-шығыс өңірлерінен қоныс аударған. Осының нәтижесінде Тамды карақалпақтарының Қыр қазақтары өкілдерімен араласуы басталған. Бұл үдеріс XX ғасырдың екінші жартысы кезіндегі орталықтандыру саясаты тұсында тағы да күшейген. Осы себепті Тамды карақалпақтары тіліне қазақ тілінің батыс сөйленістеріне тән сөздер де енген. Мақалада осындай тілдік фактілер диалектологиялық материалдар және автордың дала жазбалары негізінде қарастырылады.

Аннотация. Тамдынский район – один из древних мест каракалпакского народа. Народ этого региона издавна занимался скотоводством. По этой причине в говоре тамдынских каракалпаков сохранилось большое количество скотоводческой лексики. Начиная с конца XIX века и в начале XX века эту территорию начали населять казахи. Многие из них переселились из территории Актюбинской области Казахстана, северного и северо-восточного берегов Аральского моря. В результате этого началось смешивание тамдынских каракалпаков с представителями степных казахов. Этот процесс ещё более усилился во второй половине XX века, в период политики централизации. В связи с этим в язык тамдынских каракалпаков вошло несколько слов из западного говора казахского языка. В статье такие языковые факты рассматриваются на основании диалектологических материалов и полевых записей автора.

Annotation. Tamdy district – is one of the ancient neighbors of the Karakalpak people. The people of this region have long been engaged in cattle breeding. For this reason, a large number of cattle-breeding vocabulary has remained in the dialect of

the Karakalpaks of Tamdy. Beginning at the end of the 19th century and at the beginning of the 20th Century, this territory was populated by Kazakhs. Many of them moved from the territory of the Aktobe region of Kazakhstan, the northern and north-eastern shores of the Aral Sea. As a result, mixing of Karakalpaks of Tamdy with representatives of Steppe Kazakhs began. This process was further strengthened in the second half of the twentieth century, during the policy of centralization. In connection with this, several words from the western dialect of the Kazakh language entered the language of Karakalpaks of Tamdy. In the article such language facts are considered on the basis of dialectological materials and field records of the author.

Тірек сөздері. Тамды қарақалпақтары, сөйленіс, өзара байланыс, лексикалық құрам, сөз.

Ключевые слова. Тамдынские қарақалпақи, говор, взаимосвязь, лексический состав, слово.

Key words. Karakalpaks of Tamdy, speech, relationship, lexical composition, word.

Тамды – Сырдария мен Әмудария аралығында жайласқан Тауелібай (Нұр) өлкесінің үлкен бір аймағы болып саналады. Тауелібай жері ертеде өз алдына тәуелсіз аймақ болған. XVIII ғасыр басында бұл жердің халқы алдымен Бұқар хандығының, соңынан Маңғыт әулеті билеген Бұқар (Бұқара) әмірлігінің қарамағында болған. 1873-жылдан бастап Патшалық Ресей құрамындағы Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдария уәлаятына, оның Әмудария бөліміне қараған. 1918-жылдан Әмиўдәрья уәлаяты, 1924-жылдан Қарақалпақ автономиялық облысы (1930-жылдан Қарақалпақстан АССР-ы) Қоңырат округіне қарасты болған. 1928-жылдан Тамды ауданы болып құрылған. Қарақалпақстанның бұл ауданы 1943-жылы Бұқар облысына уақытша жайылым есебінде берілген. 1981-жылы жаңадан ашылған Науайы облысына қосылған. 1988-1992 жылдары Самарқан, кейін ала қайтадан Бұқар уәлаятына өткен. 1992-жылы Науайы уәлаятының қайта ұйымдастырылуымен оның құрамына қосып берілген. Қазір жер көлемі бойынша республиканың ең үлкен аудандарының бірі. Аудан халқының түпкілікті тұрғындары қарақалпақ және қазақ халқының өкілдері [3; 13; 26].

Осынау ұланғайыр аумақта жасаушы қарақалпақтар өзінің тілі, дәстүрі бойынша Аралбойы қарақалпақтарынан және туысқан халықтардан біршама ерекшеленіп тұрады. Тамды қарақалпақтары өзінің бай лексикалық қорына ие [7, 12, 24]. Бұл әсіресе, осы уақытқа дейін жиналған фольклорлық материалдардан айқын аңғарылады. Өкінішке орай, қазірге дейін Тамды қарақалпақтары сөйленісі арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ. Сондықтан осы мақалада Тамды қарақалпақтары сөйленісі және оның Ақтөбе облысы қазақ

сөйленістерімен байланысының кейбір жақтарына назар аудармақшымыз.

Тамды қарақалпақтары ортасына қазақ халқы өкілдерінің келе бастауы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған. Белгілі диалектолог ғалым Б.Бекетов қазақ халқы өкілдерінің оңтүстік өңірлерге орналасу тарихы жөнінде: «...Біріншіден, үнемі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін жылы жер, жақсы жайылым қажет болса, Қарақалпақ территориясының оңтүстігі осындай қажетті өтеуге лайықты орын. Екіншіден, қазақтардың өз ішінде кездесетін сол кездердегі ру тартысы нәтижесі – іргелі рудың орнында қалып, әлсіз, аз рулардың ығысып, басқа жақтан, бөтен ел ортасынан мекен іздеуіне ділгер болған...», - деп көрсетеді [4, 10].

Тамды территориясына қоныс тепкен қазақтардың дені Қазақстанның батыс аймақтарынан келген. Алайда қоныс тебушілер бірден жаппай көшіп келмеген. Шежірелік деректерге қарағанда, алғашқы уақытта (XX ғасырдың екінші жартысында) Кішіжүз ішіндегі алаша руының бірер атасы келіп, қарақалпақтың қыпшақ және қоңырат арыстары ортасынан орын алған [24, 2]. Одан кейін келген шөмекей тайпасының кейбір аталары да қарақалпақ қоңыраттарымен тамыр болып, осынау аймаққа қоныстана бастаған. Ол кезде Тамды қарақалпақтарының басым бөлігін қоңыраттар құраған. Қоңырат арысының қолдаулы, сандаулы, қәндекті, арыслы, шәужелі, бөгежелі, тобықлы т.б. да тайпалары Тамды өңірінің едәуір бөлігін иелеп тұрған [2; 13, 95]. Осыдан кейін Аңғара би басшылығындағы шөмекейлердің үлкен бір бөлегі келіп, жергілікті билік иелерінің келісімімен қарақалпақтың қытай-қыпшақ елдері орналасқан өңірлерге қоныстанады [20, 157-158].

Шөмекей тайпасы руларының ірге тебуінде қарақалпақ халқының сол ортадағы аса ірі тұлғасы Бұқыш бидің қызметі ерекше болған [11, 28-33]. Шөмекейлердің соңғы келген топтары қарақалпақтың қаңлы және қазаяқлы тайпалары жайлаған аймақтарға, мүйген иеліктеріне, сондай-ақ, іргелі екі арыс ел: кенегестер мен маңғыттардың байырғы қоныстарына жайласады. Ал керейіттер болса, қият тайпасының ескі мекендеріне келіп орнығады [9, 14; 26]. Қазақ халқы өкілдерінің келу дәуірінде қарақалпақтың жергілікті ру-тайпаларының біразы Жызак өңірінің таулы-қыратты, далалық өңірлеріне қарай ойысады. Назар аударарлық тұсы сол, Тауелібайға қоныстанған Кішіжүз руларының барлығы да негізінен Ақтөбе жерінен келген [13, 24].

Алайда, Қырдан келген елдермен жергілікті қарақалпақ рулары бірден араласып кетпеген. Олардың етене араласуы, XX ғасырда, Кеңес үкіметі жылдарында басталған. Оған шейін қарақалпақтар да,

қазақтар да ру-ру болып бөлек отырған және өз ұлтының ішінен ғана қыз алысып, қыз беріскен. XX ғасырдың екінші жартысында қарақалпақ мектептері мен сыныптарының жабылуы себепті, қарақалпақ балалары да қазақ тілінде тәлім ала бастаған. Осындай мәдени араласулар, қарақалпақ тілінің Тамды сөйленісіне қазақ тілінен, ал жергілікті қазақ сөйленістеріне қарақалпақ тілінен сөздердің ауысуына себеп болды. Әрине, мұндай лексикалық бірліктер қарақалпақ тілінің Тамды сөйленісінде жалпыламай қолданылмаса да, туыстас екі халықтың көршілес және аралас отырған орындарында анық байқалады.

Осы орайда біз қазақ сөйленістерінен енген және енуі мүмкін болған кейбір сөздерді көрсетпекшіміз:

1. **АРДА.** Жергілікті тілде екі қойды тел емген қозыны «арда» деп атайды. Бұл сөз қарақалпақ тілінің арқа диалектісінде «телі», қазақ әдеби тілінде «тел» түрінде қолданылады. Әдетте, қазақ әдеби тілінде «арда» («арда емген») деп екі жылға дейін сүттен шықпаған құлынды айтады [10, 1].

2. **ӘЙДІК.** Тамды қарақалпақтары сөйленісінде бұл сөздің «айдық» деген варианты да бар. Қазіргі кезде «айдық» сөзіне қарағанда, соңғы «әйдік» вариантының қолданылуы жиілескен. «Әйдік» сөзінің жергілікті сөйленісте «дәу», «кәтте», «үлкен» секілді синонимдері де параллель қолданысқа ие [12, 128-131]. Қарақалпақ халқының сөйлеу тіліндегі синонимдері: «тайнапыр», «нәхән», «нәмнаған», «гидиман», «ұлқан», «ұлайқан», «кәтте» және т.б. [15, 78; 21, 120; 8, 120].

3. **БОЗЫМ.** Түйенің айыр өркешті түрі Тамды қарақалпақтары сөйленісінде де, жергілікті қазақтар сөйленісінде де, Ақтөбе қазақтары тілінде де осылай аталады [22, 252].

4. **ЕБЕЙ.** Қарақалпақ тілінің Тамды сөйленісінде «ебей» сөзі бірнеше ұғымды аңғартады. Біріншісі, қарақалпақтың жабы (ябы) руының бір атасы; екіншісі, дөңайбат; үшіншісі, шүлдік ойынында ұтылып қалушы. Сөздің соңғы мағынасы Ақтөбе қазақтары тілінде де осылай қолданылғандығы аян [22, 246].

5. **ЖЫЛМА.** Түйе сүтінен жасалған тағамның бір түрі «жылма» деп аталады. Тамды қарақалпақтарының әлпештеу поэзиясында:

Жылама, бөпем, жылама,

Жылма құйып берейін..., - деп басталатын өбектеме (*жұбату жыры*) айтылады. Тауелібай қарақалпақтары сияқты түйені көп ұстайтын Маңғыстау адайлары арасында мұны «балқаймақ» деп атайды. Ақтөбе облысы қазақтары тілінде де осы сөз «жылма» түрінде кездеседі [22, 247].

6. **КӨРТ.** Нар түйенің жасық түрі «көрт» немес «күрт» деп аталады. Тамды сөйленісінде «көрт» вариантының қолданылуы басым. Осы сөз Тамды қазақтары сөйленісінде және Ақтөбе облысы тұрғындары тілінде де қолданылады [22, 252].

7. **ҚОРЫМ.** Тауелібай өлкесі қарақалпақтары тілінде «қорым» сөзі негізінен таспен қоршалған киелі жерлерді білдірген. Қазіргі уақытта бұл ұғым «мола» сөзі орнында қолданылмақта. Қазақ тілінің кейбір сөйленістерінде «қорым» сөзінің осы мағынасы сақталған [6, 460].

8. **ОҚ АҒАШ.** Қос ат жегетін арбаның ортадағы жетегі «оқ ағаш» делінеді. Оны қарақалпақ әдеби тілінде «арыс» деп атаса, қазақ тілінде «терте» дейді [16, 104; 22, 250].

9. **МОЙНАҚ.** Жергілікті өңірде «мойнақ» сөзі екі ұғымды білдіреді: біріншісі, осы аттағы ру бөлімі болса, екіншісі, түйенің мойын терісінен жасалған ыдыс. Ақтөбе қазақтары тілінде де «мойнақ» сөзі соңғы мағынада қолданылып келген [22, 250].

10. **НӘРЕГЕЙ.** Сөйленісте малдың әлжуаз болып туған төлі «нәрегей» деп айтылады. Қарақалпақ әдеби тілінде бұл мағынада «нәренжан» сөзі қолданылады [18, 349; 21, 91]. Қазақ тілінің Ақтөбе сөйленістерінде де толық жетілмеген төл «нәрегей» деп аталады [22, 252].

11. **СЕНЕК.** Тамды қарақалпақтары сөйленісіндегі көнерген сөздер тобына кіретін «сенек» ұғымы жабаның кішкене түріне айтылады. Жергілікті сөйленісте бұл ұғымның «кәлте жаба», «айырша», «пешақа» тәрізді синонимдері бар. Қазақ әдеби тілінде «сенек» сөзі «дәліз» (*«ауызғы үй»*) мағынасын білдірсе, Ақтөбе облысы қазақтары тілінде «айыр» түсінігі орнында қолданылады [6, 584].

12. **ҰЙЫҚ.** Тамды ауданындағы қарақалпақтар тілінде қалың киізден жасалған аяқкиім «ұйық» деп аталады. Қарақалпақ әдеби тілінде бұл атау орнына «байпақ» сөзі қолданылса, қазақ әдеби тілінде оны «пима» деп атайды. Шығыс Қазақстан қазақтары сөйленістерінде шұлықты «ұйық» деп атаса, Ақтөбе облысы қазақтары тілінде де ол сөз – етік сыртынан киетін киізден тігілген аяқкиімді білдіреді [6, 662; 22, 249].

13. **ҮШЕН.** Малдың үш төл тууы жергілікті сөйленісте «үшен» немесе «үшең» делінеді. Қазақ әдеби тілінде оны «үшем» деп атаса, Ақтөбе облысы қазақтары тілінде «үшен» түрінде де қолданылады [23, 168].

14. **ШАҒЫР.** Тауелібай қарақалпақтарының жалпы сөйлеу тілінде жусанның биік болып өскен түрі «жігіт жусан» деп айтылса, Тамды сөйленісінде оны «шағыр» деп те атайды. Зерттеліп отырған сөйленісте «шағыр» сөзінің ру атауы және «шегір» (*«шегіркөз»*) деген

мағынасы да кездеседі. Қарақалпақ әдеби тілінде «шағыр» деп майда жұмыр тастарға айтылады [19, 494]. «Жусан» мағынасындағы «шағыр» сөзін Ақтөбе облысы қазақтарының сөйлеу тілінде де қолданылады [22, 253].

Әлбетте, қарақалпақ тілінің Тамды сөйленісінде байқалатын бұл құбылыстар қарақалпақ әдеби тілі материалдарында кездеспейді. Мысалдардан айқын болғанындай, назарымыздағы жергілікті тіл ерекшеліктері қазақ және қарақалпақ халықтарының өзара байланыстары нәтижесінде жүзеге келгендігі күмәнсіз. Өз кезегінде Тамды қарақалпақтары тілінен жергілікті қазақ сөйленістеріне де *жансебіл, тұяна, мәтіби, жаламай, арқайын, айырым, ілгек, құйы, қапы, кәт, пісент* т.б. да ондаған, тіпті жүздеген, мыңдаған сөздер кіріп, осылайша бірін-бірі байытып отырған [1, 173-174; 12, 128-131; 13]. Біз Ақтөбе облысы қазақтары тілінің диалектологиялық материалдарымен танысқанымызда, бұл өңірдегі сөйленістерде қарақалпақ әдеби тіліне тән болған азбар (*төбесі ашық қора*), ардап (*нәрсіз азық*), атауыз (*қысқыш*), байпақ (*валенки*), басқалдақ (*саты*), биһая (*қазымыр*), гүләпсан (*сужара*), дайы (*нағашы*), деңгене (*серне*), қажар (*жігер*), қарабура (*албар*), қардар (*зәру*), кодырен (*жабайы*), құрсақшашу (*құрсақтой*), қызалақ (*қыз бала*), майқан (*қызыл қырман*), нашар (*әйел заты*), тақта шай (*кірпіш шай*), толайым (*жаппай*), сүзекі (*сүзгіш*), шөбіре (*шөп қиқымы*), іскенже (*ұста құралы*) т.б. да көптеген сөздердің бар екеніне көз жеткіздік. Бұл мысалдар өткен ғасырдың 50-60 жылдары жиналған диалектологиялық материалдардан алынды. Соны да ескерген орынды, осы ғасырдың басында Тамды ауданынан көшіп, өз тарихи отанына оралған, яғни Ақтөбе жеріне қоныс аударған қазақ халқының өкілдері арасында олармен аралас-құралас болып келген қарақалпақтар да кездеседі. Тамды ауданынан барған оралмандардың арасындағы қарақалпақтар негізінен *ақсүйір, бексиық, жабы, майлыбалта, көлеген, сарытостын, таушық, төлеңгіт* т.б. да рулардың өкілдері болып есептеледі. Солай екен, бұл араласулар тілдік құбылыстарға да тиісінше ықпал ететіні сөзсіз. Сондықтан да соңғы кезде қазақ тілінің лексикалық құрамына өткен мұндай сөздік ауыс-түйістердің және де молайғаны байқалады.

XIX ғасырда қазақ руларының Тамды аймағына келуі өңірдің этникалық картасына ғана өзгеріс енгізіп қоймай, олардың жергілікті қарақалпақтармен көрші тұруы, тұрмыс-тіршілігінің бір болуы, тығыз қарым-қатынасы, мысалымызда байқалғанындай тілдік ерекшеліктердің де жүзеге келуіне өз әсерін тигізген еді. Ендігі мәселе, байқалған диалектологиялық құбылыстарды жан-жақты үйреніп, әр

салаға байланысты сөздіктер құрастыру, тілдік байланыстарды мейлінше терең зерттеу міндеттерінен тұрады.

Әдебиеттер

1. Айдаров Т. Проблемы диалектной лексикологии и лингвистической географии. – Алматы, 1991.

2. Әмирлан С.Е. Тамды аймағының тарихый этникалық картасы. – Нөкіс, 2011.

3. Байниязов А.О. Из истории Тамдынского района // Вестник ККОАН РУз. – Нукус, 1999. - №1.

4. Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. – Алматы, 1992.

5. Бектұров Ш. Қарабұтақ ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер туралы / Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. – Алматы, 1963.

6. Диалектологиялық сөздік. – Алматы, 2007.

7. Доспанов О., Насыров Д. Қарақалпақ тилинің диалектологиялық сөзлігі. – Нөкіс, 1983.

8. Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы, 1981.

9. Кенгеслер / Топлаған: Н.Дәулетбаев. – Кенімек, 2000.

10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I том. – Алматы, 1959.

11. Қанаатов Т. Дала дилуары. – Нөкіс, 1997.

12. Қанаатов Т. Тамды қарақалпақтары тилине тән лексикалық белгілер // ӨзРИА ҚҚБ Хабаршысы. – Нөкіс, 2007. -№3.

13. Қанаатов Т. Тауелибай тарихынан там-тум сыр. – Нөкіс, 1993.

14. Қарақалпақ – Қоңырат: Қыятлар / Топлаған: Т.Бийсенов. – Кенімек, 1994.

15. Қарақалпақ тили бойынша изертлеулер. – Нөкіс, 1971.

16. Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. I том. – Нөкіс, 1982.

17. Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. II том. – Нөкіс, 1984.

18. Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. III том. – Нөкіс, 1988.

19. Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. IV том. – Нөкіс, 1992.

20. Қарақалпақ фольклоры. 79-том. – Нөкіс, 2014.

21. Қәлендеров М. Қарақалпақ тили синонимлеринің қысқаша сөзлігі. – Нөкіс, 1990.

21. Нақысбеков О. Ақтөбе экспедициясының материалдарынан / Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. – Алматы, 1963.

23. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы, 1989.

24. Тамды қарақалпақтары тили бойынша диалектологиялық материаллар // ӨзРИА ҚБ Қарақалпақ гуманитар пәнлер илим-изертлеу институтының қарақалпақ тили кабинети, 12-бууа.

25. Шұйит шежиреси / Топлаған: О.Мәмбетов. – Дөңгелек, 1994.

26. Эл.-ресурс – <http://www.kazakh.ru/talk/mmess.shtml?id=136334>

ТІЛ МЕН ГЕНДЕР БАЙЛАНЫСЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР

Буранкулова Эльмира Темірбайқызы
PhD докторанты, Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, Ақтөбе қ.,
Қазақстанelmira.burankulova@inbox.ru

Андатпа. Бұл мақалада тіл мен гендердің өзара байланысы қарастырылады. Сонымен қатар, философиялық тұжырымдар жасалып философиялық көзқарастар және ойлар көрсетілген. Гендерлік зерттеулер батыстық ғалымдардың зерттеулерімен тікелей байланысты екені анықталды. Гендерлік зерттеулердің кезеңдерінің қалыптасуына 3 кезең ажыратылып көрсетіледі.

Аннотация. В этой статье рассматривается взаимосвязь между языком и гендером. Также, философские выводы, взгляды и идеи выявлены. Гендерные исследования очень связаны с исследованиями западных ученых. В формировании гендерных исследований 3 этапы были выявлены.

Annotation. This article considers the interrelation between the language and gender. As well as, philosophic results, points of view and ideas are determined. Gender investigations are very connected with the investigations of west scholars. In the formation of gender investigations 3 stages are shown.

Тірек сөздері. Гендер, тіл, философия, кезең, жыныс, гендеризм, теория.

Ключевые слова. Гендер, язык, философия, этап, пол, гендеризм, теория.

Key words. Gender, language, philosophy, stage, sex, genderism, theory.

Конференцияның мақсаты Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдық мерейтойына арналғандықтан шығармашылығына қысқаша тоқтағым келеді. Өтежан Нұрғалиевтің туындыларын 3 кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңінде лирикаға арналған жинақтары көп, екінші кезеңде тылда қалған құрбандарды сипаттайды, соңғы кезеңдегі туындалары философиямен байланысты. «Афинская школа» атты поэмасында ақын грек философиясының тарихын өлең жолдарымен жеткізген. Сондықтан бүгінгі жазып отырған мақаламыз философиямен тікелей байланысы бар, батыстық ғылымнан бастау алған тіл мен гендерді байланыстарған гендерлік зерттеулерге тоқталамыз. Гендерлік зерттеулер батыстық гуманитарлық ғылымдардан бастау алып, кең тараған. Оның пайда болып, дамуына таным мәселесіне деген жаңа көзқарас, ғылыми философия, әлеуметтік философия, тұлғатану философиясы мен психологиясы, әлеуметтану мен антропологияның қарқынды дамуының сәйкес келуі кездейсоқтық емес.

Ғалымдар (Т. Парсонс, Дж. Мид) гендер мәселесін әлеуметтануда кең тараған әлеуметтік құрылымдау және символдық интеракционизм идеяларымен байланыстыра қарайды. Т. Парсонс

ізбасарларының бірі И. Гоффман жыныстың мәдени-әлеуметтік мәнін ашып көрсету мақсатымен гендеризм және гендерлік дисплей терминдерін енгізді. Оны жыныстың мәдени құрылымын негіздейтін гендерлік таптаурындар, жыныстық рөлдік нормалар мен жыныстың рөлге сәйкестілігі арқылы түсіндіруді көздеді.

Жыныстық рөлдік нормалар қоғамда қалыптасады. Ол тұлғаның гендерлік әлеуметтенуі үдерісімен тығыз байланысты. Әлеуметтендіру, яғни тұлғаның қоғамға бейімделуі отбасы, мектеп, дін, саясат, бұқаралық ақпарат құралдары және еңбек нарығы сияқты институттар арқылы жүзеге асады. Олардың әрқайсысы өз кезегінде гендерлік типтенуге, гендерлік таптаурындардың қалыптасуына негіз болады. Әлеуметтену барысында адам (балалық шақтан бастап) қоғамда белгіленген мінез-құлық нормаларын игереді, соған бейімделеді. Сөйтіп, тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруі негізінде гендерлік сәйкестілік қалыптасады. Ол адамның мінез-құлқына жас ерекшелігі сәйкестілігінен гөрі едәуір күшті ықпал етеді. Тіпті күнделікті өмір қажеттіліктерінің параллельдігі – еркек және әйел киімдерінің бөлімі, еркектерге және әйелдерге арналған журналдар, қыздар мен ұлдарға арналған ойыншықтар - барлығы гендерлік ерекшеліктерді құрайды. Ол адам өміріне етене еніп, жыныстың мәнін айқындайтын мұрат(идеал) ретінде сіңісіп кеткен.

Ғалымның тұжырымдауынша, гендеризмнің қозғаушы күші – жыныстың институттандырылуы мен жоралануы, дәстүрленуі (ритуалдануы). Ал институттандыру мен жоралау гендерлік дисплейдің негізін құрайды. Гендерлік дисплей дегеніміз – әрбір адам өзінің жаратылысына қарай(әйел, еркек) дәстүрлі (әйелдік/еркектік) мінез-құлық үлгілерін меңгеріп, соған бейімделуі. Кез-келген қоғамға белгілі бір гендерлік таңбалар жүйесі(семиотика) тән, сондықтан гендерлік өлшемдер таңба жүйесін зерттейтін пәндерде, оның ішінде лингвистикада қолданылуы тиіс [1, 10].

Жыныс мәселесіне қатысты сан алуан ғылыми пікірлер мен көзқарастарды саралай келе, С. Ушакин үш түрлі теорияны бөліп көрсетеді [2, 35]:

1) биологиялық фундаментализм теориясы. З. Фрейдтің «Анатомия - бұл тағдыр» деп келетін пікірі ең алдымен жыныстың биологиялық негізіне қатысты айтылған;

2) құрылымдық немесе рөлдік фундаментализм теориясы. Оның негізін қалаған американдық ғалымдар Т. Парсонс пен М. Мид жыныс мәнін әлеуметтік құрылым тұрғысынан қарастырған жөн деп санайды. Әлеуметтік құрылым негізінде жыныстық рөлдер туындайды, ал әлеуметтену сол рөлдерді меңгеру болып табылады.

Сөйтіп, жынысқа ие болу дегеніміз– дәстүрлі әйелдік не еркектік мінез-құлық үлгілерін қабылдап, оларды жүзеге асыру;

3) символдық фундаментализм теориясы. Бұл – француз ғалымдары Мишель Фуко, Жак Лакан, Жак Деррида еңбектерінде ұсынылған, постмодернистік философияның бір тармағы. М. Фуконың пікірінше, барлық ұғымдар, сонымен қоса жыныс ұғымы да, жеке адам алдында табиғи түрінде емес, дискурстың нәтижесі ретінде танылады. Жыныстың және оған қатысты әрекеттердің тілдегі көрінісі (вербалдануы) ерте дәуірлерден бастау алады. Жыныстың биологиялық мәні де әлеуметтік сипатқа ие. Ендеше, ол табиғи құбылыс ретінде емес, мәдени құбылыс ретінде қарастырылуы керек дейді (М. Фуко). Бұл келтірілген философиялық ізденістер мен зерттеулер гуманитарлық ғылымдар аясында постмодернистік тұжырымдарға негізделген гендерлік зерттеулердің туындауына себепші болды. Бұл ретте тілдің басымдылығы неде десек, әлемдік лингвистикада қалыптасқан гендерлік бағыт бір жағынан, таптаурын белгілердің (фемининдік, маскулиндік) тілдегі көрінісін, екінші жағынан, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіндегі гендерлік ерекшеліктерді зерттеуді нысанаға алды. Гендерлік зерттеулердің философиялық тұжырымы мен әдіснамалық негізі лингвистикалық білімдердің дамуындағы тарихи факторларға тікелей қатысты. Ж. Деррида швейцар ғалымы Фердинанд де Соссюрдің тілдік таңбалардың еркіндігі туралы қағидасына сүйене отырып, «defferance» терминін қолдану арқылы мәтіндегі мағынаның еркіндігін түсіндіреді. Ғалым бейқұрылымдық талдаудың мақсаты – философиялық мәтінді оның формалық құрылымында зерттеу, оның мәтінді типтерінің өзгешелігін және көп нұсқалығын көрсету, философиялық мәтіннің сахналық кеңістігін, оның синтаксисін ұғыну деп түсіндіреді. Гендерлік зерттеулердің батыстық дәстүрінде гендердің дерридиандық бейқұрылымдық талдау идеясы – негізгі әдіс [3, 15].

Бейқұрылымдық талдау – бұл философиялық ілім, ол мағынаның мәтін тілінде қалай құрылатынын анықтайды. Ницше мен Хайдеггер идеяларын дамыта отырып, Деррида ақиқатты танудың дәстүрлі философиялық әдістерін сынға алады. Ол ойдың барлық жүйесі бір ғана орталыққа негізделген, қазіргі заман адамын қалыптастыруда еркектік бастаулардың, идеологиялар мен құндылықтардың басымдығы (жынысқа қатыссыз) ықпал етеді. Барлық мәтін иерархиялық дуализм элементтеріне, жұптық қарама-қарсылықтарға негізделген деп, олардың шынайы элемент ретінде қарастырылатынын айтады. Бейқұрылымдық талдауларда нақты

мәтіндердің тиянақты зерттелуіне және басқа да мәтіндермен сәйкестендірілуіне баса назар аударылады. Қазіргі психоаналитикалық талдауларда да (Поллак) бейқұрылымдау әдісі қолданылады.

Психоаналитикалық тәсілдің мақсаты баланың бастапқы дамуындағы дәстүрлі тұжырымданудың бейқұрылымдануын анықтаудан тұрады. Бұл жерде сынға ұшырайтын мәселе– жеке адамның гендерлік сәйкестілікке ие болу әрекетіндегі әлеуметтік жағдайлардың абсолюттенуі. Сондықтан гендер психологиясын зерттеудің жаңа тәсілдері бір жағынан, психологиялық субстратты айқындаушы гендерлік сәйкестілікті, екінші жағынан, белгілі бір гендерлік рөлге жеке адамның парапар болуын қарастырады [4]. Бұл теория философия, тіл білімі, тарих, әлеуметтану, өнертану, т.б. ғылым салаларында қолданылатын жаңа әдістерді қалыптастыруға септігін тигізді. М. Фуконың билік қатынасын қолдау, қалыптастыру, өзгертудегі тілдің қызметі туралы философиялық идеялары тіл білімінің жаңа бағыттарының, яғни тілді сыни тұрғыдан зерттеудің (ал оның бір бөлігі– тілді феминистік сын немесе сыни дискурстық талдау тұрғысынан зерттеу) негізіне айналды. Бұл бағыттың мақсаты – әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі жасырын ниеттер мен мүдделерді айқындау үшін әлеуметтік тілдесімдерден құралған лингвистикалық талдау жүргізу және олардың бұл жүйеге тигізген ықпалының нәтижесін анықтау. Бұл бағыттың өкілдері Н. Ферклоу, Т. ван Дейк, Р. Водак, т.б. тілді түрлі әлеуметтік мүдделерді (таптық, нәсілдік, этникалық, гендерлік, т.б.) үнемі карама-қарсы тұратын экспликациялар ортасы ретінде қарастырады. Олар тілдің құрылымдық тұжырымдамасын қайта қарастырудан және әлеуметтік, мәдени мән-мәтіндерден тыс жүйені зерттеуден бас тартты. Осылайша тілді дискурс, әлеуметтік тәжірибе ретінде ұғыну тұжырымы келді. Бұл тұжырым әлеуметтік құрылымдармен негізделген (детерминденген) және оларды біруақытта қалыптастырып, жүзеге асырады.

Тілді сыни тұрғыдан зерттеудің негізгі мақсаты– тілде көрініс тапқан билік пен бақылаудың, үстемдік ету мен кемсітудің айқын, жасырын құрылымдық қатынастарын талдау. Бұл талдау әйел мен еркектің тілдік теңсіздігі көрінісін қарастыратын тілдік зерттеулерге сәйкес келеді. Бұл гендерлік зерттеулер тарихи кезеңдестіру барысындағы алғашқы екі кезеңге тән: «дүрліктіру» (алармистік) кезеңі (дәстүрлі патриархат идеологиясын әшкерелеу кезеңі) мен «феминистік пайымдау» кезеңі (постмодернистік теория шеңберінде феминистік бағыттың қалыптасуы) [1, 27].

Сонымен, постмодернизм идеологиясының ықпалымен батыста гендерлік зерттеулердің қарқынды дамып, лингвистикада жаңа білімге жол ашу мүмкіндігі пайда болды. Постмодернизм идеологиясында жыныс мәселесі маңызды орын алды. Мұнда тұлғаның экзистенционалды мәртебесі ең алдымен жас пен жыныс категорияларына байланысты қарастырылды. Ж. Дерриданың идеясына сәйкес, болмысты тану, құндылықтар жүйесін игеру адам санасына әбден сіңісті болған сыңаржақты (жынысқа қатыссыз) яғни ер адамдық көзқарас тұрғысынан қабылданып, бағаланады. Бұл идеяның кең таралуына Симона де Бовуардың «Второй пол» («Екінші жыныс»), М. Фуконың «Воля к знанию» («Білімге талпыныс») еңбектері себепші болды. Олар әлеуметтіктің биологиялық жынысқа үстемдік етуі ежелден сақталып келе жатқан ер адамдық дәстүр деп көрсетеді. Феминистер қоғамда орын алған патриархаттыққа, яғни ер адамдық құндылықтардың мәтіндер мен дискурсивтік тәжірибеде жеке адам санасына күштеп енгізілуіне наразылық білдірді (Борнеман) [5].

Ілгеріде келтірілген философиялық ізденістер мен зерттеулер гуманитарлық ғылымдар аясында постмодернистік тұжырымдарға негізделген гендерлік зерттеулердің туындауына себепші болды. Бұл ретте тілдің басымдылығы неде десек, әлемдік лингвистикада қалыптасқан гендерлік бағыт бір жағынан, таптаурын белгілердің (фемининдік, маскулиндік) тілдегі көрінісін, екінші жағынан, еркек пен әйелдің сөйлеу әрекетіндегі ерекшеліктерді зерттеуді нысанаға алды.

Қазіргі кезеңде гендерлік зерттеулердің өз ішінде бірқатар тұжырымды бағыттар орнықты. Олар авторлардың идеологиялық мақсаттары мен гендерлік зерттеулердің тарихи дамуына қатысты. Тарихи тұрғыдан келгенде, гендерлік зерттеулердің қалыптасуының үш кезеңі ажыратылып көрсетіледі:

1. «Дүрліктіру» кезеңі. Қоғамдық ғылымдарда орын алған андроортаттық ауытқуларға назар аударылды; ер адамдық көз-қарас тұрғысынан мазмұндалған әлеуметтік теорияларды сынға алды; дәстүрлі патриархаттық эпистемологияның (ғылыми таным теориясы) кемшіліктері айқындалды.

2. «Феминистік тұжырымдану» кезеңі. Феминистік теория мен практиканың бағыт-бағдары анықталды. Феминистік психология, феминистік лингвистика ғылыми бағыттары қалыптасты.

3. «Постфеминистік» кезең. Ерлерге қатысты зерттеулер жүргізіле бастады, әлеуметтік қатынастардағы гендер мәселесін зерттеу екі жыныс өкілін де қатар қамтып, олардың түрлі деңгейдегі

қарым-қатынасын талдауға көшті [6, 156]. Ілгеріде келтірілген пайымдаулар мен жинақталған деректер негізінде гендерлік тұжырымдар жасалса да, оның ғылыми бағыт ретінде қалыптасуы постмодернизм тұсында ғана жүзеге асты.

Әдебиеттер

1. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999. 189 с.
2. Ушакин С.А. Поле пола// Женщина. Гендер. Культура. – М., 1999. С. 35-45.
3. Гриценко Е.С. Язык. Гендер. Дискурс. Нижний Новгород: Изда-тельство ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2005. 267 с.
4. Клецина И.С. Психология гендерных отношений: Теория и практика. – СПб.: Алетейя, 2004. 408 с.
5. Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистике и теорикокоммуникации: Учебное пособие. – М.: Российская политическаяэнциклопедия, 2004. 252 с.
6. Кандиоти Д. Эволюция гендерных исследований. Обзор// Женщиныи социальная политика(гендерный аспект). – М.: ИСЭПН, 1992. С.156-163.

ШЕШЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Наренова Асия Болатқызы

**Аға оқытушы, Қ.Жұбанов ат. АӘМУ, Ақтөбе қ., Қазақстан
narenova60@list.ru**

Андатпа. Шешен сөйлеу мәдениетінің дамуы шешендік сөздер - ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағасы болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздер.

Аннотация. Развитие ораторской речевой культуры - это способ выразить себя на пути людей, поэтов, ораторов, мудрецов, мудрых, священные слова.

Annotation. The development of speech culture is a way to express oneself in the way of people, poets, chechens, wise men, wise, sacred words.

Тірек сөздері. Шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау, сөйлеу, қанатты сөздер.

Ключевые слова. Ораторская преданность, словесное конфликт, словесная речь, речь, крылатые слова.

Key words. Oratorical devotion, verbal conflict, verbal speech, speech, catchwords

Сөйлеу мәдениетінің ең жоғары формасы – шешендік. «Өнер алды-қызыл тіл» екенін білген адам сол шешендік өнерді білуді құлшынады, бірақ жұрттың бәрі даңқты шешен бола алмайды. Әркімнің білім дәрежесі, ақыл-ойы, парасаты әр түрлі болатыны сияқты, жалпы тіл мәдениетінің, әсіресе шешендік өнерінің дәрежесі де түрлі болады. Шешендікке ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер-ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Сөйлеу мен тілді зерттеуде адамзат өмір сүрген барлық кезеңдерде Платон мен Аристотель заманынан бастап, осы кезге дейін қызығушылық болып отырған. Платон өзінің еңбегінде: «сөз-оқыту мен мәнерді таратудың құралы» - деген. Сонымен бірге, ол сөздердің формасы кездейсоқ емес, ол оның функциясы мен мазмұнына байланысты деп есептеген. Аристотель Платоннан басқаша түсіндіреді. Ол жаратынды түрінде емес, конвенциялық (шартты) ұстаным жағынан қарастырып, тіл адамдар арасындағы келісім жемісі деп санаған.

Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы ерекше бағаланып, М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» - атты еңбегі бұл өнердің Ресейде қалыптасып, дамуының мотиві болды. Қазақ халқының шешен сөйлеу мәдениеті, оның дамуы сонау ежелгі сақ дәуірінен, Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен бастау алып, орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің бәрі- біз үшін ұрпақтан ұрпаққа берілетін тарихи мұра. Қазақтың шешендік сөйлеу мәдениетінің дамуы XII-XIII ғасырларда Майқы би мен Аяз билерден басталып, ал XIV-XV ғасырда Жиренше шешен, Асан қайғы есімдерімен қатысты қалыптасып, дами түсті. XV- XVIII ғасырларда Шалкиіз, Бұхар, Дулат, Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке биге жалғасып, шешендік өнер қарқынды дамыды. Бұл кезең қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді [1, 12-186].

XIX-XX ғасырларда сөйлеу өте қарқынды зерттелді. Ғалымдар В.Вундт, Ф-де Соссюр, И.П.Павлов, А.Г. Смоленский, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов т.б. зерттеулері құнды болды. Олардың қорытындылары бойынша, сөйлеу таным құралы ғана емес, сонымен бірге жоғары психикалық процестерді реттеуші құрал болып табылады. Зерттеушілердің қорытындысында адамның маңызды психологиялық функцияларының қатарында тіл қатысымен сөйлеудің алатын орны

ерекше екендігі дәлелденді. Сөйлеу арқылы адам өзінің ішкі дүниесін сыртқа шығарады, оны басқалар түсіне алады. Сөйлеудің мағынасы сананың ағымдық бағыттарын баяндайды. Сөйлеу психикалық феномендікті психологиялық өнімге айналдырады, яғни ой тіл арқылы көрініс табады. Сөйлеу адамның дербестік санасының феномені болып табылады. Психология мен лингвистика сөйлеу мен тіл айырмашылығын мойындайды. Ф-де Соссюр деген тіл маманы сөйлеуді психологиялық құбылысқа жатқызады, өйткені ол қарым-қатынастық ситуацияға байланысты, ал тілді әлеуметтік құбылыс деп есептейді, себебі лингвистикалық жағынан зерттелуге жатады.

Атақты тарихшы, түрік тарихын түп негізіне дейін зерттеген Л.Н. Гумилев: «... дұрысын айтсақ, қазақ халқының мәдениеті, олардың тіл байлығы, жауапкершілігі, суретшілігі, мүсіншілігі, зергерлігі, музыкантылығы басқа халыққа үлгі боларлықтай» десе; Италиян ғалымы Марко Поло «О разнообразии мира» деген еңбегінде қазақтың намысқойлығына, қайтпас кара нардай зеректігіне, кара сөзге шеберлігіне әнші-күйшілігіне таңдай қаққан [2, 23-28 б].

М.Арын «Бес анық» мақаласында («Серпін»-«Резонанс» газеті, 12.08. 1994жыл) Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты-тіл. Тіл дегеннің өзі бүкіл бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы сияқты. Қойма дегенде ойға оралады, сол жиналған рухани өмірін жаңадан бастаған болар еді...

Ұлт пен тіл еш уақытта ажырамайтын, бірінен-бірі кірігіп, бөліп алуға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті- қабілетінде, ал қабілет-ойлаумен байланысты, өз кезегінде ойлау дейтін нәрсені құрайтын-тіл. Ұлттың рухы тілдің мазмұнын рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл- тіл емес деген. Ел бастайтын көсем, жұртты аузына қарататын шешен болмаса да әрбір мәдениетті кісінің қоғамда атқаратын қызметіне сәйкес шешендік өнері болуға тиіс. Сондықтан сөйлеу мәдениеті – алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормасын меңгеру. Сонымен бірге, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай, сөйлеу мазмұндылығы мен мәнерлілігін сақтай отырып қолдана білу. Қазақ сөз қадірін білген халық. Шешендікті жоғары бағалап өз ойын, өз пікірін шебер түйіндеп, ұтқыр, әсерлі етіп айта алатын, естігені, көргені көп, соның бәрін халық мүддесіне, парасаттылық пен әділдікке пайдалана білген адамдарды қатты қадірлеген, жастарға үлгі еткен. Әсіресе, XV-XVII ғасырларда Тәуке хан тұсында халықтың шешендік өнеріне қатты мән берілген. Хан Тәуке қазақтың жырауларының, шешендер мен

шежірешілерінің басын қосып халықтың мақал-мәтел, аңыз, жырларын жинатқан. Оның төңірегінде ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты аты аңызға айналған адамдардың болуы да Тәукенің сөз күдіретін, шешендікті жоғары бағалағанын байқатады. Қазыбек би Тәуке ханның тапсырмасымен Жоңғар ханына барғанда өзінің қандай мақсатпен келгенін былай баяндайды: «Сен темір де мен көмір, еріткелі келгенмін. Екі еліктің баласын теліткелі келгенмін. Егесетін ел шықса, иілткелі келгенмін. Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенмін. Жаңа үйреткен жас тұлпар, шабысқалы келгенмін. Танымайтын жаттарға, танысқалы келгенмін. Қазақ-қалмақ баласы, табысқалы келгенмін. Табысуға тұрмасақ, тұрысатын жерінді айт, сен қабан да мен арыстан, алысқалы келгенмін». Осындай өткір де төкпе сөздермен халқының мақсат мүддесін оның басқа жұрттан, тіпті де кем емес, терезесі тең екенін, тату болып табысам десең де, жау болып шабысам десең де қарсы алдында лайықты халықтың өкілі тұрғанын анықтап, ашық айтады. Қазақтың шешен билері, «Тура биде туған жоқ» дегендей, ханнан қаймықпаған, пара алмаған шешен, билер сөзге шебер болумен бірге елдің шежіресін, тарихын, ел басынан өткен ұлылы-кішілі оқиғаларды, дау-жанжалды, айтыс-тартысты реттеудің тәртібін, әдет-ғұрып заңдарын жетік білген. Осындай әдет-ғұрып қарым-қатынас ережелерін қалыптастырған Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» халықтың жадында күні бүгінге дейін жасап келеді. Халық оның ережелері мен талаптарын мақал-мәтелге айналдырып, ұмытылмай есте сақталатын ұшқырда уытты сөздермен ұғымды етіп айта білген. Мәселен, «Әділ билік –алтын таразы», «Жетпеген билік жеті ұлықтың есігін ашады», «Қара қылды қақ жарған әділдік», «Батыр айғақ, балуан куә», «Сорғалаған қан, сойдақтаған із», «Ханға хандық, биге билік», «Алдына келсе атаңның құнын кеш», «Жан алып жат болма», «Судың түбін шым бөгейді, даудың түбін қыз бөгейді» деген сияқты тамаша тапқырлықпен айтылған сөздер арқылы қазақтың билері мен шешендері заңға, адамгершілік нормаға қатысты ережелер мен құқықтарды жұртшылық санасына орнықтыруға күш салған [3, 36-48б].

Қазақ сахарасының шешендері мен билерінің ақылды аталы сөздері, өнегелі өсиеттері мақал-мәтелдердің тууына себепші болған. Халық даналығынан туған мұндай қанатты сөздер, мақал-мәтелдер ескірмей, тозбай жұртшылық зердесіне ерте замандардан бері сақталып келеді. Олардың көбі мәнін күні бүгінге дейін жойған жоқ. «Күн түспеген жер көгермес, көсемі жоқ ел көгермес», «Кереге бойы кар жауса, жұтамайды сауысқан, қанды қалпақ кисе де қиыспайды

туысқан», «Қарын қамын ойлаған қаралықтың белгісі, халық қамын ойлаған даналықтың белгісі»- деген сияқты халқымыздың даналығы мен шешендігінің үлгісі болып табылатын мақал-мәтелдер мен аталы сөздерге қазақ жері кенде емес. Сөз байлығы-сөз сапасының аса маңызды белгілерінің бірі. Бұл қасиет шешеннің жалпы мәдениетіне, біліміне, оқыған-тоқығаны мен топ алдында сөз сөйлеу тәжірибесіне байланысты. М.Балақаевтың пікірінше, қазақ тілінде жүз мыңдай сөз болуы керек. «Әрбір тілдің сөз байлығына сол халықтың өміріне, тіршілігіне, тұрмысына керекті, солардың негізінде танымал болған заттардың аттары енеді де, іс-әрекет, тіршілігінде керек болмаған, танылмаған заттардың аты бола бермейді» дейді. Сөз байлығының тағы бір құралы-дауыс екпіні, интонация. Дауыс екпіні мен әуенін шебер өзгерте отырып сөйлеген шешен табысқа жетуге бір табан жақын тұрады. Демек, актерлік қабілет те белгілі бір дәрежеде шешеннің ажырамас серігі болып табылады. Шешендік сөз тыңдаушының ақыл-ойына, сана-сезіміне әсер етеді. Демек, шешен сөзі қызу қанды, әсерлі сезімге толы болғанда ғана тыңдаушының жүрегіне жетіп, өтімді болмақ. (Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді). Ғалымдар мұндай сөз адамның ойына, жадына, назарына оң әсер ететінін анықтаған. Шешен тыңдаушысын қандай көңіл-күйге бөлеп, оның жүрегінде қандай сезім оятқысы келсе, соны алдымен өз жүрегінен өткізіп, өзі шынайы сезінгені абзал [4, 16-27.].

Сонымен шешен сөйлеу мәдениетінің дамуы шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағасы болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздер. Қазақ ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздерді мазмұнына қарай: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш топқа бөлуге болады, өлеңмен айтылған шешендік сөздер-термелі, қара сөзбен айтылғандары пернелі деп аталынады. Арнау шешендік сөздері: әзіл, сықақ, сын, бата, алғыс, естірту, көңіл айту. Шешендік толғау: өсиет, насихат. Шешендік дау: жер дауы, жесір дауы, мал дауы, ар дауы. Шешендік сөздер халықтың түсінік сөздерімен баяндалады. Ол түсінік (кіріспе) сөздердің құрылымының көркемдік дәрежесі шешендік сөздерден төмен болуы мүмкін, дегенмен түсіндірме сөздер шешендік сөздерді жеткізе айтудың құралы болып табылады. Жиын-тойда, мәжілістерде, бас қосу рәсімдерінде сөз жүйесіне шешендік сөздерді арқау етіп сөйлеу-қазақ қариелерінің дәстүріне айтылған құбылыс. От басында ата-ана бала тәрбиесіне үлгі етіп шешендік сөздерден мысал келтіріп, баланы

әңгімеге тартып, ойын оятып отыруға міндетті, шешендік сөздерді от басында оқуды әдетке айналдырып, әдеттен дағды, дағдыдан дәстүрді қалыптастыру ләзім. Қазіргі кезде ел аузында көбірек айтылып жүрген «қанатты сөздер» де шешендік сөздердің бір түрі болып табылады. Сондықтан халықтың шешендік үлгілерін тәрбие ісіне пайдалана білудің маңызы ерекше. Шешендік сөз шешендікке үйретеді, адамгершілікке тәрбиелейді, ұлттық мақтаныш сезімді оятып, ұрпақтың тілді, асыл сөздерді қадірлеу борышын баянды етеді [5, 22-28.].

Әдебиеттер

1. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: «Қаржы-қаражат», 1995, 195б
2. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991, 200б
3. Оразбаева А.С. Шешендік өнерге тарихи шолу. «Этнопсихология және Этнопедагогика» сериялы ғылыми жинақ ХVІІІ шығуы. Алматы 2009.
4. Фрумкина Р.М. Психолінгвистика. – Москва: «Академия», 2001, 350б
5. Берікұлы Н. Жантану. – Ақтөбе: «NOBEL», 2006, 307бет

МАЗМҰНЫ

Ердембеков Б.А. Алғы сөз	3
--------------------------------	---

I. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫ ЖӘНЕ ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Пангереев А.Ш. Қазақ поэзиясы бір ғасыр бедерінде	5
Аймұхамбет Ж.Ә. Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы соғыс және қазақ ауылының тағдыры	13
Коч К. Өтежан Нұрғалиев және Тевфик Фикрет өлеңдеріндегі сабақтастық	18
Ниязова Ғ.М. Туған жердің бір уыс топырағы (Өтежан Нұрғалиевтің лирикасындағы туған жер келбеті)	24
Балтымова М.Р. Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы отансүйгіштік сезімнің бейнеленуі	31
Қамарова Н. Өтежан Нұрғалиев өлеңдеріндегі азаматтық сарын	36
Сұлтанғалиева Ж.С. Ө.Нұрғалиев өлеңдеріндегі ұлттық рух	44
Тлеулесова А.Ш. Өтежан Нұрғалиев өлеңдерінің мазмұн мен түр ерекшелігі	51
Ұлықпанова Ә.Ж. Болмысы бөлек ақын... (Өтежан Нұрғалиевтің философиялық толғаныстары хақында бірер сөз)	54
Ұлықпанова Ә.Ж., Жасанова А. Ақиқаттың «алдаспанына» айналған ақын	61
Обаева Г.С. Ө.Нұрғалиев шығармашылығының үйрену, кемелдену кезеңі	64
Жұмағалиева Р.Р. Өтежан Нұрғалиев туындыларындағы лирикалық кейіпкер мәселесі	70
Тәңірбергенова Г.К. Өтежан Нұрғалиев лирикасының көркемдік сипаты	74
Тәшімбаева С.Ж. Өтежан Нұрғалиев – лирик ақын	79
Жалғас А. Өтежан Нұрғалиев шығармашыларының тақырыптық ерекшелігі	82
Бекеева Т., Рахметова Т. Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы көркемдік ізденістер	87
Егембердиева Р., Ускенбаева Ж. Ө. Нұрғалиевтің қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі	90
Жакупова К., Бектемирова Г. Өтежан Нұрғалиев шығармаларының көркемдік ерекшелігі	93
Имашева Г., Ыбыраева Д. Ө.Нұрғалиевтің өлең-жырларындағы дәстүр жалғастығы	96
Кулжабаева Ж., Сейтмағанбетова К., Елемесова А. 1960-90 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ізденістер	100
Ыбраева Д. Өтежан Нұрғалиев өлеңдеріндегі туған жер тақырыбы	103

II. ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕСІ

Миров М.О., Сәрсембин Ү.Қ. Өтежан Нұрғалиев шығармашылығындағы ұлттық идея	107
Дүйсенбаев А.Қ., Казбекова А.Ж. Өтежан Нұрғалиевтің шығармаларындағы руханият мәселелері	111
Қондыбай К.Ә. Өтежан ақын жырларындағы ұлттық таным	115

Жубатканов К.Ж. У.Нурғалиев и его вклад в советскую и современную казахскую поэзию	120
Әмірлан С.Е. Қазақ және қарақалпақ халқының ырым-дарымдары (Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы мысалында)	123
Елеусинова Г.Е. Қазақ руханиятындағы тектілік өлшемдері	130
Нугуманов Е.С. Өтежан Нұрғалиев шығармаларындағы табиғат дүниетанымы	137
Бақытова А.С. «Соғыстың соңғы жазы» немесе «қарапайым адамдары еңбектің...»	140
Даутова Г.Ж. Ө.Нұрғалиев поэзиясы – жас ұрпақтың сырлы симфониясы	144
Серикқалиева А. Өтежан Нұрғалиевтің өмірі мен шығармашылығын жас ұрпаққа танытудың маңызы	148

III. АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ АСПЕКТІ

Бораш Б.Т. Әдебиеттегі қазақ-жапон рухани байланыстары	152
Orhan Söylemez-Samet Azap. Muhtar Avezov'un "Kökserek" hikayesi ve milli kimlik	159
Султангареева Р.А. Башкирское сказительство: национальные особенности исполнительской культуры и пути развития в современности	164
Аминова В.Р. Сопоставительное исследование жанров: вопросы методологии ..	171
Каюмова Г. Ценности татарской и казахской литератур и культур	178
Спивак-Лаврова И.И. Возможности функционирования метафоры в английской и русской литературе первой трети XX века (на материале малой прозы В.Вулф и Ю.Олеша)	181
Салихов А.Г., Хуббитдинова Н.А., Юлдыбаева Г.В. Современное состояние арабиграфических письменных памятников	189
Галиуллин Р.Р. Проблемы жанра и антижанра (на примере утопии и антиутопии в татарской литературе начала XX века)	196
Қапасова Б.Қ., Елікпаев С.Т. Талғамы биік, танымы терең	203
Ментебаева А. А.Алтай романдарындағы жалғыздық тақырыбы	210
Алиев Б.Б. Нұрпейіс Байғанин мұраларының зерттелуі	217
Тәжіғалиева С.О. Әбубәкір ақын шығармаларындағы азаматтық рух	222

IV. ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ПАРАДИГМАСЫНДА

Садирова К.Қ. Ақын Өтежан Нұрғалиев өлеңдерінің синтаксистік құрылымы ..	227
Кушқимбаева А. Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы лингвомәдени бірліктер мәні	235
Аширова А.Т. Тілдегі эмоцияның мән-мағынасы	240
Мұратбек Б.Қ. Тілдік тұлға парадигмалары	246
Күштаева М.Т. Тұрақты сөз оралымдарының прагматикалық сипаты	250
Қанаатов Е.Е. Қарақалпақ тілі Тамды сөйленісінің Ақтөбе облысы казак сөйленістерімен байланысы	256
Буранкулова Ә.Т. Тіл мен гендер байланысы: философиялық тұжырымдар	263
Наренова А.Б. Шешен сөйлеу мәдениетінің психологиялық мәні	268

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көрнекті ақын
Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығына орай өткізілген
«ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ:
ӘДЕБИ БОЛМЫС ЖӘНЕ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
19 қазан 2018 жыл**

МАТЕРИАЛЫ
**Международной научно-практической конференции
«ТВОРЧЕСТВО ОТЕЖАНА НУРГАЛИЕВА:
ЖИЗНЬ В ЛИТЕРАТУРЕ И ПРАВДА ЭПОХИ»,
посвящённой 80-летию известного поэта Отежана Нурғалиева
в рамках программы «Рухани жаңғыру»
19 октября 2018 года**

MATERIALS
**of international scientific-practical conference
«CREATION OF UTEZHAN NURGALIYEV:
LIFE IN LITERATURE AND REALITIES OF THE ERA»,
devoted to the 80th anniversary of prominent poet UtezhanNurgaliyev
in the framework of the program «Rukhani zhangiry»
Oktober 19, 2018**

Тапсырыс № 1056
Көлемі 17,25 баспа табақ. Таралымы 100 дана

Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
«Жұбанов университеті» баспа бөлімі
(Ақтөбе қ., Ә.Молдағұлова даңғылы, 34)